

Баянғали Алимжанов



**МАҚАЛАЛАР, ЛЕБІЗДЕР
ИНТЕРВЬЮ, ФАКТЫ**

Қазақ, орыс тілдерінде
На казахском и русском языках

Баянғали Алимжанов

Мақалалар, лебіздер

Интервью, факты

*Қазақ, орыс тілдерінде
На казахском и русском языках*

2014 жыл

УДК 821.512.122
ББК 84\Қаз\
А 44

А 44 Алимжанов Б.
Мақалалар, лебіздер. Интервью, факты.
\\Б.Алимжанов Б. –Көкшетау, 2014. – 264 б.-қазақша-
орысша.

ISBN 978-601-231-752-7

Бұл жинақ ақын Баянғали Әлімжановтың сан қырлы шығармашылығынан сыр шертеді.
В этом своеобразном сборнике собраны самые интересные факты творческой жизни поэта Баянғали Алимжанова.

УДК 821.512.122
ББК 84\Қаз\

ISBN 978-601-231-752-7

©Алимжанов Б. 2014.

Баянғали Әлімжанов

МАҚАЛАЛАР

Біржан туралы бірер сөз

1. Біржан сал – қазақтың ең атақты, аса көрнекті тұлғаларының бірі. Ұлттық өнердің жарық жұлдызы. Оның есімі қазақ елінің өте ардақты адамдарымен қатар ең жоғары деңгейде, барлық энциклопедияларда, тарихи оқулықтарда үлкен құрметпен аталады. Біржан бабамызды соншалықты биікке көтеріп, алаш аспанында шарықтатқан – оның Құдай берген табиғи таланты, асқақ әні, ойлы, сезімді өлеңі, аңызға айналған әншілігі. Оның әндері бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы кең-байтақ даламызда үзбей айтылып келеді. Радиода, теледидарда, концерттерде, конкурс, фестивальдарда Біржан әндері ұдайы, күн сайын шырқалып, талай ұрпақтың рухани азығына айналды. Оның мұрасы тірі. Ол – халықпен бірге жасай беретін бай қазына. Кез келген тарихи тұлғаның қадір-қасиеті – көпірме мақтау сөз, жарнама-дақпыртпен емес, оның жасаған ісімен, еліне, адамзатқа сіңірген еңбегімен бағаланады. Түптің түбінде, таразыға еңбек тартылады. Ал, Біржан салдың еңбегі – оның өнері, қалтқысыз адал, таза, асқақ, шалқар, терең мазмұнды әндері мен өлендері. Ол әлі күнге тірі! Ел аузында! Халық жадында, ұрпақ санасында! Ұлтымыздың рухани әлемінде! Өйткені, оның жаны бар, қаны бар, жалпы адамдық мазмұн-маңызы бар!

Өз дәуірінде Сегіз сері, Нияз серілердің дәстүрін жалғастырған Біржан сал Арқада тұтас әншілік мектеп қалыптастырып, қазақ музыкасын жаңа биікке көтерді. Оны ұстаз тұтқан өнердегі шәкірттерінің өзі бір-бір тұлға! Халқымыз Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Иманжүсіп, Жаяу Мұса, Естай және басқа да ақын, әнші, композиторлардың есімін қашанда үлкен құрметпен атаған. «Біржан-сал-сері, әнші-композиторлардың бәрінің әкесі, ұстазы!» – деп еді жарықтық Ғафекең, Ғафу Қайырбеков, 1994 жылы, Біржан салдың 160 жылдығына арналған әншілер фестивалінде. Атақты академик Ахмет Жұбановтың өткен ғасырдың орта шенінде айтқан: «Біржан – қазақтың халықтық музыка мәдениетінің алыбы... Өнер қайраткері, азамат Біржанның аты қазақ музыкасының тарихында алтынмен жазылады» деген аталы сөзі шындыққа айналғалы не заман!

2. Біржан сал – сан қырлы талант. Оның қарапайым қалыпқа, жалпақ ұғымға сыя қоймайтын жұмбағын біз әлі толық танып-біле қойған жоқпыз. Ертеректе Москвадан келген совет ақын-жазушыларына академик ағамыз Мұхамеджан Қаратаев Біржандай құбылыстың құпиясын ары айтып, бері айтып түсіндіріп бақса керек. Бірақ, қанша айтса да, жоғарыдан келген, жер-жаһандық өлшемдерге үйренген өр кісілер сахара сал-серісінің сырын ұғына алмайды. Сонда Мұхаж: «Вы Пушкина знаете?» – депті. «Да, конечно!» – деп шу ете түседі олар. «А Чайковского?» «Естественно, да!» «Надеюсь, Шаляпина тоже знаете?» – дейді ағамыз бастырмалатып. «А как же его не знать?» – дейді москвалықтар бұрқырап. Сонда Мұхаж: «Так вот, Биржан сал есть Пушкин, Чайковский, Шаляпин в одном лице!» – депті салмақты сабырмен.

Меймандар ойын-шыны аралас ойлы сөзге тоқтаса керек. Бұның үстіне Біржан бабамыздың классикалық ақын-импровизаторлығын, айтыс дүлдүлі екендігін қосып көріңіз!

3. Біржан сал әндерін қазақтың дарынды, даңқты әншілерінің қаншама буыны асқақтата салды десеңізші! Өзін қазақтың дәстүрлі әншілік өнерінің заңды өкілі санайтын өрелі әншілердің Біржанға соқпағаны, өз мүмкіндіктерін Біржан әндерімен сынап көрмегендері кемде-кем шығар. Абайды оқымаған кісі нағыз қазақ ақыны бола алмайтыны сияқты, Біржанды білмеген адам да нағыз қазақ әнші бола алмайды. Біржан әндерін шырқаған әншілерді ойша бір шолып өтсек, көңіліміз ризашылық сезіміне толады. Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Қосымжан Бабақов, Байғабыл Жылқыбаев, Қали Байжанов, Кәрім Илиясов, Жаналы Қалиев, Сайран Мағзұмов, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, Еркін Шүкіманов, Жоламан Құжыманов, Иран Тасқара, Совет Балмұқанов, Әбсалық Салықов, Қажыбай Жахин, Саян Мұхамедияров және басқа да көптеген дарынды әншілер оның әндерін әрқайсы өзінше әрлендіріп, жаңа қырларын ашып, жаңғырта жырлап, жұртшылықтың жанына жақсы әсер беріп, алғысқа бөленгені бір бөлек құбылыс. Алтын қордағы асыл дауыстарды жинап, түгендеп, бүгінгі һәм келешек буындарға тыңдатып, таратып отыру да – маңызды шаруалардың бірі.

4. Біржан туралы бірталай көркем шығармалар жазылған. Біржан – кейіпкер, герой ретінде де ақын-жазушыларды үнемі қызықтырып келеді. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында Біржан салдың Абай елінде қонақ болып, ұлы ақынмен сырласып, қаншама асқақ әндерді шырқап, аттанып бара жатқанда жана ән шығарғанын, оған Абайдың «Қозыкөш» деп ат бергенін айрықша ілтипатпен суреттейді. Мұқан Төлебаевтың әйгілі «Біржан-Сара» операсының өзі неге тұрады! Ал, кезінде жерлесіміз, атақты «Жас қазақ» әнінің авторы Рамазан Елебаев жоғарғы оқу орнына түсерде емтихандық жұмыс ретінде «Біржан-Сара» деген музыкалық пьеса жазған екен. Біржан туралы шығармаларда оның бейнесі әр суреткердің дүниетанымына орай әр қырынан бедерленіп, тіпті кейде қайшылықты, даулы қалыпта көрінеді. Көркем әдебиетте де, сурет, мүсін өнерінде де солай. Ал, бұның өзі Біржан салдың күрделі, кесек, терең тұлға екендігін дәлелдей түседі. Сондықтан, өзімізге ұнамаған дүниенің бәріне үрке қарамай, оның бәрін тарихи Біржан деп емес, Біржанның сан қырлы көркем бейнесі деп қабылдап, мұқият жинақтап, танып-біліп, түсінуге тырысқанымыз жөн. Асқар Сүлейменовтың «Адасқақ» повесі, Досхан Жолжақсынов пен Таласбек Әсемқұловтың «Біржан сал» көркем фильмі, Ерік Асқаровтың «Біржан сал» драмасы, Ғалихан Ахметовтың алты томдық романы, т. б. арғы-бергі, ірілі-уақты көркем шығармалар Біржан тағдыры, Біржан образы арқылы аса дарынды өнер адамының күрделі көркем бейнесін жасауға деген қызығушылықты, ізденісті аңғартса керек. Ал, Біржанға арналған өлең-жырлар бір төбе. Қазақтың көрнекті ақындарынан бастап бүгінгі жастардың жазған жырларының басын құрап, түбінде бір кітап қылып шығарсақ, құба-құп.

Мүсінге келетін болсақ, атақты Төлеген Досмағамбетовтың еңбегі ерекше еді. Ол кісі Біржан салдың Көкшетау қаласындағы ескерткіші мен Степняктағы бейітінің басындағы бейнесін жасаған. Бұл жерде бір назар аударатын жағдай бар. Осы күнге дейін Біржан салдың суреті деп кітаптарда, энциклопедияларда жарияланып жүрген сурет анық Біржан атамыздың суреті емес. Көзі тірісінде

суретке түсті ме, жоқ па – оны қазір ешкім де білмейді. Анығы – бізге жеткен фотосуреті де, портреті де жоқ. Ал, өткен ғасырдың орта кезінде жоғарыдан Біржанның суретін табу керек деген нұсқау келеді. Партия-совет басшылығының тапсырмасы қалайда орындалуға тиісті. Содан, аудан азаматтары жандары қысылып, әрі-бері ойланып, елден сұрастырады. Жоқ суретті кім тауып бере қойсын! Сол кезде ауданда идеология, мәдениет жағында қызмет істеп жүрген Әшкен Аужанов деген азамат өз атасының ұлттық киіммен түскен, ескіріп, сарғайған фотосын әкеліп береді. Бұл сөзді мен Әшкен Аужановтың өз аузынан естідім. Сол фотосурет пе, әлде суретшілердің соған қарап, ұқсатып салғаны ма, әйтеуір Біржанның суреті болып кең таралып кеткен қыр мұрынды, қырқа сақалды нұсқаның жайы осы. Ал, мүсінші, нағыз суреткер Төлеген Досмағамбетовтың мүсіндеуі бұдан мүлде басқаша. Сірә, қарымды, дарынды мүсіншінің ішкі интуициясы сездірген болар, ол жалған суретке жоламай, Біржан бейнесін баласы Теміртастың суретінен, немересі Мұхаметқали Теміртасұлының келбетінен іздеп, суреткерлік қиялымен суарып жасаған. Соны жалғастырған Манарбек Бұрмағанов бауырымыздың жасаған ескерткіші де құрметке лайық.

Ескерткіш демекші, Көкшетау қаласындағы, Мәдениет сарайының алдында тұрған, Төлеген Досмағамбетов жасаған бейнеге байланысты даулы, кейісті пікірлер де айтылып жүр. Оның түйіні «Біржан бабамызды неге мұнша жәбір-жапа шеккізіп, қол-аяғын байлап, домбырасын сындырып бейнелеген?! Атамызды әсем әбзел-тұрманды сәйгүлікке мінгізіп, құндыз бөрік, әдемі жібек шапан кигізіп, үкілі домбырасын ұстатып, асқақ қалпында көрсету керек едіге» – саяды. Әрине, плакаттық, ұраншыл талғамға сүйенсек, солай да болар еді. Алайда, суреткер Досмағамбетов аса көрнекті тарихи тұлға, дара дарын тағдырының трагедиялық сәтін арқау ете отырып, бұғаудағы рухтың азаттық аңсауын, байлаудағы өнердің бостандыққа талпынуын көркем бедерлеп, ой толғағанын сезіне алсақ, бұл ескерткіштің қаншалықты терең сырлы, құнды дүние екенін түсінер едік.

Біржан бейнесіне қатысты тағы бір қызықты әңгіме бар. Біржан сал орта бойлы, ақсары кісі болған екен деген сөздер айтылып та, жазылып та жүр. Сірә, ақсары деп, оның руы Ақсары Керей болғасын айтылып кетті ме екен, кім білсін? Ал, үлкендерден естіген аңыз-әңгімелерге қарағанда, Біржан сал қарулы, балуан адам болған. Бір жолы мейманасы тасыған, қайратына мастанған бір жас жігіт Қожағұл ауылына келіп, ат ойнатып, «қане, ер болсаңдар, менімен күреске шығындар!» – деп, өзеуреп қоймапты. Тіпті болмағасын, Біржан өзі шығып, әлгі жігітті көтеріп алып соққанда, оның құйрығы жерге кіріп кетіпті! Саздау жер болды ма екен, кім білсін? Қалай болғанда да, атамыз алысқанның артын жерге тығып жіберген деп, айызың қанып айтуға жақсы!

1998 жылы Қызылту ауданының Бірлестік ауылына құдалыққа бардық. Сонда Уәли Оразбаев деген шежіре қариямен кездестік. Руы – Керей, жасы жетпістердегі ақсақал көрген-баққанын, естіген, түйгенін жазып жүреді екен. Біраз әңгімесін тыңдадық. Сол кісінің айтуы бойынша, Ресей патшасы Романовтардың таққа отырғанына 300 жыл толуына арналған тойына біздің елден баратын атқамінерлер Балуан Шолаққа күреске түсіңіз деп қолқа салыпты. Сонда Балуан Шолақ: «Менің жасым ұлғайып қалды. Оразалы балуанды апарындар, бір жықса сол жығады!» – депті. Оразалы балуан, руы Бәсентіін, сол тойға барып, күресіп, жеңіп келіпті.

– Оразалы балуанды мен қартайған кезінде көрдім, – деді Уәли ақсақал. – Әңгімелесе келе балуан: «Біз – әнші, балуан, ақынның бәрі Біржанның айналасында болатынбыз. Біржан біздің ағамыз, үлгі беруші ұстазымыз болды!» – деді. Сөздің реті келгенде: «Біржанның тұлғасы қандай еді?» – деп сұрадым. «Осы маған тақау болып қалар», – деді Оразалы балуан.

Уәли ақсақалдың мына сөзіне қызыққаным сондай, енді Оразалы балуанның тұлғасын жобалай қойғым келді. Қасымда белгілі өнер қайраткері, режиссер, әртіс Мұратбек Оспанов бар еді. Оның бойы – бір метр сексен бес сантиметр, салмағы 105 келі тартады.

– Оразалы балуан мына біздің Мұратбекпен салыстырғанда, қалай еді? – деп сұрадым.

– Оразалы балуанның жанында Мұратбегің бала ғой! – деп күлді Уәли ақсақал.

Ар жағын өздерің жобалай беріңдер!

Ал, атақты әнші, аяулы ақсақал Кәрім Илиясов ағамыздың өз аузынан естіген бір әңгіме: Кәрекең бала күнінде, 1930 жылдары Степнякта тұрған екен. Сонда Біржан салдың баласы Теміртастың тізесінде отырып, әнін тыңдапты, өзі де ән салыпты, Теміртас атамыздың батасын алыпты. «Біржан салдың баласы Теміртастан алған сол батаны Нұрлан баламызға бердім!» – деп, біздің Нұрланға ақ батасын беріп еді жарықтық ақкөңіл ағамыз Көкшетауда, біздің үйге келгенде.

– Теміртас – ұзын бойлы, ірі денелі, өте күшті кісі болатын. Атқа мінгенде, созылып отырса, екі аяғы жерге тиетін. Қиянатшыл келімсектермен көп төбелесті. Қалың тобына жалғыз өзі төтеп беріп, жайпап тастайтын. Ақыры, сондай өшіккендер ақкөңіл адамды ақша жеп қойды деген жаламен жазықсыз соттатып, итжеккенге жер аударып жіберіп тынды ғой! – деп, өзегі өртене сыр шертетін Кәрім ағамыз.

Ал, дүние, – деп, Біржан атамыздың өзі айтқандай, «Теміртас» әні қандай қасіретті болса, Теміртастың тағдыры да сондай қасіретті болған. Теміртастың баласы Мұқаметқали ақсақалмен талай мәрте кездесіп, әңгімелестік. Ол кісінің айтуынша, Теміртас сол кеткеннен елге орала алмай, бостандыққа шыққанша қайтыс болып, топырақ сол Сібірден бұйырған. Балалары боранды, аязды күндердің бірінде адасып кетіп, содан аман келгені жалғыз Мұқаметқали. Ол кісі ұзын бойлы, ірі денелі, қара торы, келбетті, кесек, қайратты адам еді. Жасы сексеннен асқан шағында да білектері сойылдай берік, сіңірлі, сом болатын. Шопыр болып жұмыс істеген, қоңыр даусымен ептеп өлең де айтатын. Мұқаметқалидың төрт баласы, олардан тараған ұрпақтары бар.

Бұған қоса, тағы бір сөз: Біржан салдың домбырасы Алматыда, республикалық тарихи-өлке тану мұражайында сақтаулы тұр. Сол домбыраны мен қолыма ұстап, шертіп көрдім – созған қолым басына зорға жетті! Бойы ұзын, құлашы кең, мол жаралған адамның мұрасы екені көрініп тұр. Ал, енді Бүркіттінің басынан шырқаған әні айлы түнде алты қырдан асып, аспанға кеткен кісінің кеудесі де біраз бар шығар-ау!

5. Біржан туралы жазылған зерттеулер, ғылыми еңбектер тіпті көп. Айтылған пікірлер де баршылық. Оның барлығы Біржантануға қосылған үлес деп білуіміз керек. Сол еңбектердің, пікірлердің басын құрап, тиянақтап жинап, жас ұрпаққа танытып, насихаттап отыруға тиіспіз.

6. Біржан шығармалары сонау ақ патша заманында жариялана бастаған. Біржан-Сара айтысы революцияға дейін сегіз рет жеке кітап болып басылып шыққан. Ал, осы күндері оның кітаптарын іздеп табу оңай емес. Ең соңғы рет қашан жарыққа шыққанын да ұмытқан сияқтымыз. Аудандық кітапханада 1959 жылы шыққан Біржан әндері кітабының жалғыз-ақ данасы қалыпты. Біржанның ән ноталарын түгендеп алайын деп, іздеп әуре-сарсаң болып жүргенімде, 2012 жылы Алматыдан шыққан «Сарыарқа әндері» жинағын әнші Еркін Шүкіманов, 1983 жылы «Өнер» баспасынан шыққан Біржан салдың «Ләйлім шырақ» кітабын менің жиенім, домбырашы-ұстаз Тәстенбек Смағұлов тауып берді-ау әйтеуір! Біраз жылдан бері бабамыздың кітабын нотасымен, сөзімен, ұлы композиторларға лайықты классикалық түрде әдемілеп шығару мәселесін көтеріп келеміз. Төл шығармаларын жоғалтпай сақтап, жарыққа шығарып, мектептерде оқытып отырсақ – ақын-композиторға деген ең үлкен ескерткіш, нағыз құрмет сол! Бұның өзі біздің елдің, біздің ауданның бетке ұстар мәдени паспорты, меймандарына ұсынар қымбатты сыйлығы десек те артық емес.

Біржан салдың ескерткіш-кешені ашылу салтанатында айтқан осы ұсынысымызды ауданның бүгінгі әкімі Абай Сәдуақасұлы дұрыс түсініп, құлшына қолдап, соның нәтижесінде осы кітап жарыққа шығып отырғанын атап көрсетіп, бұл іске атсалысқан барлық азаматтарға үлкен алғысымызды білдіреміз!

7. Біржан әндері қазақ музыка әлеміне ерекше әсер еткен қуатты құбылыс. Оның шығармалары басқа өнер туындыларында да (*кино, опера, драма, т. б.*) кеңінен қолданылған. Әйгілі Біржан-Сара операсында Біржан әуендері тұнып тұр. Өткен ғасырдың 70-жылдары шыққан «Алые маки Иссыккуля» деген атақты қырғыз киносында Теміртас әнінің лейтмотив ретінде алынып, нақышына келтіре орындалуы кезінде елеулі мәдени оқиға болды. (*Әнді орындаған – академик Өмірзақ Айтбаев*). Сол сияқты, «Қазақфильм» туындысы «Біржан сал» фильмінде де біраз әндері шырқалады. (*Әндерді орындаған әнші Еркін Шүкіманов.*) Біздің «Паң Нұрмағамбет» киностудиясы 2010 жылы Степнякта түсірген «Аран» көркем фильмінде де бас кейіпкердің мұнайған кезде «Теміртас» әнін сүйеніш қылып айтатыны бар. (*Әнді орындаған Баянғали Әлімжанов*).

8. Бүгінде Біржан есімі құрметсіз емес. Оның атында республикада, облыста оқу орындары, көшелер бар. Тарап кеткен совхоз да болған. Тіпті, осы Еңбекшілдер ауданына атын беру де көптен сөз болып келеді. Бұл әңгіменің өзіміз көрген-білген тарихы былай: 1990 жылдары Еңбекшілдер деген (*дұрысы – еңбекшілер*) әрі жазылуы қате, әрі кеңестік саясаттың солақай, мағынасыз атауының (*бұл аудан еңбекшілер ауданы болғанда, басқа аудандар немене, жалқаулар немесе билеушілер, қанаушылар ауданы ма?!*) орнына бұл ауданға Біржан сал атын беру мәселесі көтеріле бастады. Бұл жөнінде әртүрлі деңгейде айтылып, республикалық, облыстық, аудандық газеттерде ел азаматтарының, ішінде мен де бармын, мақалалары жариялана бастады. 1995 жылы біздің ауданға Президент Нұрсұлтан Назарбаев келді. Ол кісі Әбсәләм қажының мешітіне кіріп шыққан соң, Біржан салдың басына барып, құран оқытты. Зират басында ардақты ел ақсақалдары ауданымызға Біржан сал атын беру жөніндегі ұсыныстарын айтты. «Ұсыныңыздар, қолдаймыз!» – деді елбасы. Содан кейін қағаздары дайындалып, әйтіп-бүйтіп жүргенде он шақты жыл өтіп кетті. Ақыры, Еңбекшілдер ауданына Біржан сал атын беру жөнінде Ақмола

облыстық мәслихаты шешім қабылдап, республикалық ономастика комиссиясы қаулы шығарып, енді үкіметтің бекітуіне жіберген кезде, елді мекендерге жеке тарихи тұлғалардың есімін беруді тоқтату туралы концепция шықты да, бұл мәселе тағы шешілмей қала берді. Облыстық мәслихат шешімі ол концепцияға дейін шыққандықтан, заңды күшіне енуі керек қой деген уәжімізге ешкім де құлақ аспады. Алайда, елдің тілегімен, елбасының қолдауымен қабылданған шешім түбінде оңынан бір оралар деп ойлаймыз. Оған қарамастан, халық арасында біздің аудан Біржан елі атанып кеткелі қай заман!

Беу, Біржан!

Қан тамған қылышынан хан емессің,
Байлық пен мансап қуған жан емессің,
Аққу боп қалықтадың көк жүзінде,
Соңынан ілестің де ән елестің.
Әндерің жұлдыздармен сырласады,
Көнбейді ыңғайына әр өңештің.
Сенің орның мәңгілік аспанда тұр,
Ешкімнің қаулысына зар емессің!

9. Осы Еңбекшілдер ауданында Біржан сал музейін ашудың да уақыты келген сияқты. Онда Біржан туралы арғы-бергі барлық еңбектерді, материалдарды шоғырландырып, аудио-видеоларға жазылған әндерін жұртшылыққа тыңдатып, көрсетіп отырса, қандай тамаша болар еді! Оған қоса, Рамазан Елебаев, Мұхамед-Сәлім Кәшімов, Әбілқайыр Досов, Шәймерден Қосшығұлов және басқа да ауданымыздың айтулы адамдарының есімдері мен еңбектерін жинастырып, зерделеп, елге танытудың айрықша мәні бар.

10. Біржан-Сара айтысы туралы дау-дамай талай уақыттан бері үзілмей жалғасып келеді. Негізінен екі пікір бар. Бірі – Біржан мен Сара айтысқан дейді, екіншісі, олар айтыспаған, айтысты Әріп Тәңірбергенов жазып шығарған дейді. Екі жақтың да дәлелі мықты, материалдары мол, ойлары қисынды. Бұл мәселеге әлі нүкте қойылған жоқ, қойылатын түрі де жоқ. Қалай болғанда да, бұлжымайтын бір ақиқат шындық бар. Ол – «Біржан-Сара айтысы» деп аталатын қазақ әдебиеті мен мәдениетінің классикалық ғажайып мұрасы бар екендігі! Және, ол мұраға Біржан сал бабамыздың автор ретінде болсын, немесе кейіпкер ретінде болсын, басты тұлға ретінде қатысатындығы! Тіпті, айтыстың Әріп жазған нұсқасы болып, оған кейіпкер болған күнде де, Біржан сал тұлғасы биіктей түспесе, төмендемек емес. Өйткені, осындай жауһар шығармаға басқа атақты ақындарды емес, Біржан салды басты тұлға етіп алуының өзі – оның қаншалықты қадірлі болғандығын көрсетсе керек. Әлем әдебиетіндегі әйгілі әдеби кейіпкерлерге кейбір елдерде ескерткіш қойылып, әспеттейтін әдемі жағдайларға ой жүгіртіп көріңіз. Ал, жеке өз басым Біржан мен Сара кездесіп, айтысқан деген әңгіме шын болса екен деймін. 1993 жылы Жетісуда Сара Тастамбекқызының 115 жылдығы тойланды. Сонда Ешкіөлмес тауында, Баянжүрек деген жерде Біржан мен Сара осы жерде айтысқан деп ескерткіш тас қойылды. Біржан атам барған, Сарамен айтысқан жерге барып, сол тойдағы айтыста Сараның қазіргі замандағы дарынды сіңділері: шымкенттік Әселхан Қалыбекова, талдықорғандық Қаныша Райысовалармен айтысып, Сара атындағы бас жүлдені жеңіп алғанымға шүкіршілік қыламын.

11. Біржанның дерті де жұмбақ. Бір жерден оқыдық па, естідік пе, әйтеуір біреулер оның ауруына диагноз қойып, медицина терминімен атапты. Қазір

неше түрлі ғажаптар шығып жатыр ғой, әйтпесе бір ғасырдан астам уақыт бұрын өмірден озған адамға диагноз қою қандай қисынға сыяды? Чезаре Ломброзонның атақты «Гениальность и умопомешательство» деген кітабында өте талантты адамдардың әпенделіктері, ақылға сыя бермейтін ерекше мінез-құлықтары мен қылықтары, психикалық ауытқулары туралы айтылады. Оның айрықша талант пен (*гениальность*) ақыл-естің ауытқу, шалықтауы бірге жүреді деген пікірін ақиқат деп қабылдасак та, жаны бар сөз екендігін жоққа шығара алмаймыз.

Алпыс бір мүшеліме келгенімде,
Құдайым берді науқас ғаріп басқа! – дейді Біржан.

Ел кездім кертөбелмен арықтатып,
Жақсыға сөз сөйледім анықтатып,

Алпыс бір мүшеліме келгенімде,

Біржанды қойғаның ба шалықтатып?! – дейді тағы да.

Кейде алпыс үш мүшеліме келгенімде деп айтылып та, жазылып та жүр. Бұл ақынның алпыс үш жасында қайтыс болғанына дәлдеп айтылса керек. Әйтпесе, қазақта алпыс үш деген мүшел жас жоқ, алпыс бір мүшел екені әмбеге аян. Ал, ақынның осынау жан сырынан шалықтау дертіне шалдыққаны және оны Құдайдың бергені деп бойсұнғаны, арман-мұңы айдан анық көрініп тұрған жоқ па? Бұрынғы Кеңес дәуірінде қалыптасқан ұғым бойынша, оны әлеуметтік әділетсіздіктің құрбаны болды, озбыр үстем тап өкілдері таяқпен басына ұрып, ауруға шалдықтырды, солардың зорлығына күйінгеннен зарлап өтті деп жазды. Тіпті, оның бауырлары Ержан мен Нұржанды Біржанға сырқат деп жала жауып, байлап-матап, қорлықта ұстаған қатыгез, құбыжық етіп көрсетуге дейін барды. Кеңестік идеологияның сол салқынынан әлі де арыла алмай келе жатқанымыз құпия емес. Ал, ақын-әнші-композитордың дүниенің сырын толғаған реквиемі-классикалық «Теміртас» әніне үніліп, түсініп көрсеніз, онда ағайынның зорлығынан ауырдым, басымнан ұрды, қорлық көрдім деген бір ауыз сөз жоқ. Дерт Құдайдан дейді. Және шалық дейді.

Алайда, өнер адамдарының, әсіресе, аса дарынды данышпандардың табиғаты, жаратылысы бөлек болатындығын көпшілік біле бермейді, білсе де жете мән бере бермейді. Жалпы ұғымға сыйдырып, жалпақ сөзбен сипақтата салатыны да бар. Өнер адамдары мен билік өкілдерінің, дарынды тұлғалар мен қалың халықтың арасында алшақтық, түсініспеушіліктердің болуының бір себебі де осы дүниетанымдағы, рухани әлемдегі, жан-дүниедегі өзгешеліктерде жатса керек. Біржан – ғарыштық құбылыс, гений, оған Құдай аса мол дарын берген. Ол бір заманға, қоғамға сыймайды. Ол дүниенің сырын, мәнін іздейді, оның рухы жер мен көктің арасында ұшып жүреді. Қарапайым тіршілік ұғымдары, қоғамның шартты заңдылықтары ол үшін онша маңызды емес. Осы бір мәңгілік мәнді іздеу жолындағы рухани арпалыстары, ән-елестің соңынан ұшуы, бәлкім, былайғы жұртқа шалықтау болып көрінуі де ықтимал. Қалай болғанда да, нағыз таланттың жаны өнерінде десек, Біржан салдың қалдырған ән-өлендерінің рухы сау, таза, мағыналы, өміршең екендігінде дау жоқ. Сондықтан оның сырқатын сан-саққа жүгіртіп, саудаға салуды орынсыз деп білеміз. Жалпы, кейінгі уақытта басқа да тарихи тұлғалар сияқты, Біржан салдың да өмірі жайлы қилы-қилы, алыпқашпа, әрі тарт та, бері тарт қисынсыз әңгімелер көбейіп, әркім өзінше жаңалық ашып жатқанын көріп те, естіп те жүрміз. Негізінде, ұлы адамдардың пенде ретіндегі тірліктерін қазбалап, өсек-

аяң денгейіне түсіп, «аннан естіген, мыннан естіген» ұсақ-түйек, өтірік сөздерді ойланбастан оңды-солды гулете беру – парасаттылыққа да, адамгершілікке де жатпайтын ұят нәрсе. Ондайдан бойды аулақ ұстап, тарихи адамдардың еңбегін әділ бағалап, асыл мұрасының рухани мазмұнына бойлап, түсінуге, рухани нәр алуға ұмтылғанымыз абзал!

12. Біржан елінің адамдары және Біржан әндерінің насихаты мен оқытылу жайы қандай деген сұрақ та маңызды секілді. Басқа басқа, тап осы ауданда Біржан шығармалары әр мектепте, әр класта оқытылып, әр үйдің төрінде тұруы керек! Мектеп программасына енгені еніп, еңбегенін кластан тыс, қосымша сағаттарда оқыту керек! Ән сабақтары Біржан әндерімен басталуға тиіс. Бұл ауданның кез келген адамы Біржанның бірер әнін шырқап, бірер шумақ өлеңдерін жатқа білмесе – ұят-ақ! Бір жаққа бара қалса да, сырттан қонақ келсе де «Біз Біржан еліненбіз!» – деп, әндетіп тұрса, ғажап емес пе?! Түптің түбінде, бұл ұлттық рухани байлығымызды, ана тілімізді, елдігімізді ардақтау деп білеміз!

Жарықтық Ғафекең

Жарықтық Ғафекең, Ғафу Қайырбеков адамның бір дүлдүлі еді.

Тұр-тұрпаты құлан сияқты болып көрінетін маған.

Аңызға ден қойсақ, Құлагер көкке шапшыған көркем жылқы болмаған. Салбырап, бойын жасырып тұрады екен.

Ғафекең де топқа түсерде шаршаңқылау қалыпта елеусіздеу тұратын.

Апырмай, қалай болар екен деп қасына барып қалсам:

– Айналып кетейін Баяшым, менің арқам бар ғой, топты көргенде дүр ете түсіп, көтеріліп кетемін ғой! – дейтін.

Содан ортаға шығады...

Ақ самалдай аңкылдап, ақ сұңқардай саңкылдап, ағыла сөйлеп кеткенде жұрт ұйып тыңдайтын.

Шап-шағын тұлғасына біткен неғылған зор дауыс, неғылған мол қуат!

Бір қызығы, таңды таңға ұрып, талмай сөйлесе, түбі көрінбейтін терең еді.

Өзін де, өзгені де көтере сөйлейтін биік еді.

Ойлы сөз Ғафекеңе әуеден келіп құйылып жатқандай көрінетін...

Қанша сөйлесе де жұрт жалықпай тыңдап, тағы да айта түссе екен деп, бір рахат күй кешетін.

Қазақтың табиғи шешендігін қадір тұтқан небір зиялы заңғарлардың өзі риясыз көңілмен: «Сөйлесе, Ғафу сөйлесін!» деп сүйсініп, таңдай қаға тыңдаушы еді.

«Мұндай да адам болады екен-ау, ә!» – деп, бір көргендер бір жасап қалатын.

Негізі, ақын сөзінің түбін ағын сөзімен байланыстырады ғалымдар. Шынында, ағын су, өмірдің ағыны, энергияның ағыны, ғарыштық ағындар деген қандай қызық әрі киелі ұғымдар!

«Ағын суда арамдық болмайды» деген атам қазақ!

Шалқар ойларды орайын келтіре, шырайын кіргізе шарықтатып, шуақты күлкісі ізгі сезімдерді оятып, кісілік болмысы адамның қашанда адам екендігін

еске салып, жанталасқан жалғанда жан жылуын мольнап төгіп, жан-жағын жадыратып жүретін еді жарықтық!

1992 жылы Кенесары ханның 190 жылдығында Көкшетауда үлкен жиын, конференция болды. Ғафекең дәл сол кезде Бурабайда, Оқжетпес санаторийінде Бәдеш апаймен бірге демалып жатыр екен. Кенесарының хабары құлағына тиген соң конференцияға келді. Хан демекші, Кенес заманында «Басқаның патшалары бәрі жақсы, біздің хандар қалайша жаман болған?!» деп, өлең жазып, сол үшін біраз дауға қалған Ғафекең, енді тәуелсіз ел болып отырғанда, қалай үндемей қалсын?!

Конференцияға дайындалып келген небір ығай-сығайлар тамаша сөйледі.

Бірақ, ең керемет сөзді демалыс үйінен келген Ғафекең айтты: «Кенесары қазақтың ең соңғы ханы – одан кейін қазақтың жеке хандығы біржола құлап, отар елге айналған!

Кенесары қазақтың ең бақытсыз ханы – хандығының рахатын көрмей, азабын тартып өткен!

Кенесары қазақтың ең батыр ханы – басқаны қойып, алып империяның өзімен алысқан! – деп, хан тағдыры мен халық тағдырын тарата талдап, тереңнен толғай келіп: «Кенесары – халқының азаттығы үшін құрбан болған қазақтың ең сүйікті ханы! Әйтпесе, осы күні қай бастық халық үшін басын беріп жатыр?!» – деп, Президиумға бір қарап қойып, ағыла берген...

Біржан салдың 160 жылдығына арналған әншілер фестивалінде, 1994 жылы Степняк қаласында, Ғафекең тағы да Оқжетпестен келіп, қазақтың әнші-ақындық, сал-серілік дәстүрі туралы ой ұшқындарын жарқырата шашып еді. Даңқты әнші-композитор-ақындарды әспеттей келіп: «Біржан сал – солардың бәрінің ұстазы, әкесі!» деп, бір-ақ түйген...

Жезқазғанға бір шығармашылық сапармен барғанымда ақын, тарих зерттеушісі Қуаныш Ахметов екеуімізді ақын ағамыз Сайлаухан Нәкенов қонаққа шақырды. Дастархан басында сөзден-сөз шығып, Сайлаухан аға бір әңгіме айтты.

– Бір жолы Алматыда бір топ ақын – Мұқағали, Шәміл, Сағи, тағы біраз ақындар бар, бәріміз Көктөбеге барып, думандатып отырдық. Дастархан басында Ғафекең ағылып, жалғыз өзі сөйледі. Біраздан соң бір шаруалары болып, ертерек кетіп қалды. Содан кейін ғана басқалар сөйлей бастады. «Ғафудың алапасы артық қой!» – деді Мұқағали. Аруағы күшті дегені ғой! – деп, Сәкең бір сәт үнсіз қалды...

Шынында да, жарықтық Ғафекең қызық адам еді. Ол кісінің өлеңі де, өмірі де тұнып тұрған поэзия болатын. Поэзиядағы ақындық әлемін біз әлі толық танып, түсіне қойған жоқпыз. Көбіне ұтымды, тапқыр сөздерін қағып алып жүрміз. Ал арғы иірімдеріне, ақындық қуат-қайнарына, поэтикалық байлығына, ой-сезім әлеміне тереңірек бойлап көрсек, табиғи қазақ жырының тұңғыық сырларына қаныға түсер едік. Ғафекеңе тән туабітті төкпелік жазба поэзияның биік те нәзік әуенімен үйлесіп, жарасым тапқан кезде өзгеше бір сарын, ерекше бір дүние жаратылатын.

Мен ол кісінің өн бойынан есіп тұратын ежелгі эпостардың, дала жыраулары мен шешен билерінің, ақпа-төкпе ақындарының ағыл-тегіл энергетикасын, алаш арыстары мен алыптарының ақыл-ой қуатын, дәстүр-тағлымын сезінетінмін.

Бірде музейден Гетенің бюстін көргенім бар. Бір жақын адамымды көргендей күйге түстім. Иә, «мұнда да отыр Ғафекең!» – деп, Жарасқан Әбдірашев әзілдегендей, біздің Ғафекең бір қырынан қарағанда, тіпті Гетенің өзіне де ұқсап кететін!

Өмірге ақын болып туған талант нағыз ақын болып өтті!

Пенде ғой кісі

Кей-кейде шенді көздедім.

Болсам деп бірі

Биікте жүрген өзгенің.

Есімде менің

Сол арманға да жақындап,

Бола да жаздап,

Болмай да қалған кездерім!

Қосақтап саған

Дүниенің өзге кәсібін,

Таппаспын опа,

Осы ғой менің жан сырым.

Өтермін сені,

Өтермін сені ардақтап,

Өлеңім менің –

Өмірдей ынтық ғашығым! – деп, өзі айтқандай, оның поэмалары, өлеңдері барша қазақ баласына танымал болды. Ол бүкіл қазақ даласын жырлады, барған сапарынан жырлар топтамасын, тіпті кейде тұтас кітапты төге салатын. Көкшетаудың көркі мен серілерін, Маңғыстаудың мұңы мен мұнараларын, Алатау мен Алтайдың ақиықтарын жырлады, туған жері Торғайдың қасиетті топырағына тәу етті. Мәшһүр Жүсіптің кесенесінде Ғафекеңнің «Қазақтың пайғамбары Мәшһүр Жүсіп!» – деген бір ауыз өлеңі тасқа қашалып жазулы тұр. Ал қазақ поэзиясы тарихындағы ең көркем шедеврлердің бірі «Ана туралы жырына» баға жете ме! Шәмші Қалдаяқов екеуінің тағдыр үндестігінен, талант үйлесімінен туған таңғажайып «Ана жыры» – анадан туған адамзат барда шырқала беретін асыл дүние!

Соғыстан кейінгі кездің кең таралған махаббат әні – «Алматыда көшесі бар Гогольдің...» деген өлеңі ЖенПИ-дің қыздарына, оның ішінде тұп-тура Бәдеш апамызға арналған. Ал, Бәдеш апай екеуінің махаббат сезімі, бір-біріне деген ілтипат, құрметі жастары ұлғайған шағында да әдемі әзілден, көзге көрінбес нәзік иірімдерден үнемі, үзілмей, үздіксіз есіп тұратын... Бір жолы бір беделі зор баспа Ғафекеңнен жастарға өнеге ретінде үлгілі отбасы туралы публицистикалық толғау, очерк сияқты кітап жазып беруін өтініпті. Ал, ол кісінің ақындық шабытпен жазған кітабы шын мәнінде өміршең махаббат тарихын көркем бейнелеген дидактикалық повесть, педагогикалық поэма болып туа қалған.

Мен ол кезде «Жұлдыз» журналының проза бөліміндемін, ағамыз журналға ұсынған қолжазбасын алдымен маған оқытты. Оқып біткен соң жақсы пікірімді айта келіп:

– Мына Бәден деген кейіпкеріңіз Бәдеш апамыздан аумай қалыпты, ал анау Әбу деп отырғаныңыз өзіңіз емес пе?! Бұл шығарма сіздердің махаббаттарыңыз туралы баршаға әсерлі, әсіресе қыз балаларға тәлімі мол көркем дүние болып шығыпты! – дегенімде:

– Сен оны қалай байқап қойдың, ә?! – деп кәдімгідей толқып кетті. – Менің Бәдешті қалай жақсы көретінімді білсеңдер ғой, шіркін!

Айтса айтқандай, Бәдеш апамыз қазақ қыздарына үлгі болатындай көргенді, көрікті, көрнекті кісі, Сәбеңнің, Сәбит Мұқанов атамыздың ардақты зайыбы, ғасыр жасаған Мәриям апамыздың өнегесін алған, жолын жалғастырушы аяулы қазақ аналарының бірі! Жалпы, Ғафекеңнің отбасынан да, өз басынан да ақындық пен адамгершіліктің қазақы дәстүрі анық байқалып, жаныңды жылытып тұратын.

Бір жолы бір жастардың тойына баратын болып, Бәдеш апай тойға апаратын сыйлық іздеп, бөгеле берсе керек. Сонда Ғафекең: «Бол, кеттік енді, білген адамға мен өзім падаркі емеспін бе!» – деген екен...

Өмірдегі осындай қызықтарына қарап отырып, байырғы араб, шығыс елдерінің шалқып өткен шайырлары мен көне дүние – Европаның бекзада ақындарының аңыз боп кеткен ғажайыптары Ғафекең болып біздің заманға көшіп келіп, қасымызда жүргендей көрінетін. Ол кісі тіршіліктің әрбір сәтін, тіпті, шарап ішудің өзін керемет өнерге, поэзияға айналдырап жіберетін.

Ғафекеңді көргенде жабырқап жүрген жандардың өзі бірден жадырап, өз-өзінен күле бастайтын. Өйткені Ғафекең ақын ретінде ғана емес, адам ретінде де талант еді!

Қалижан Бекхожин жетпіс бес жасқа толарда ғалым Әбділхамит Нарымбетов мақала жазып әкеліпті. Мен онда сын бөліміндемін, мақаласын оқып шықтым. Негізі дұрыс, Қалекеннің өмір жолы, өлең-поэмалары түгел қамтылған. Бірақ, хрестоматиялық ыңғайда жазылған, ғылыми кітапқа лайықты болғанымен, журналға, мерейтойлық мақалаға келіңкіремейді. Жастығым ғой, мен осы пікірімді Әбекеңе тура айта салайын! Жасы менен көп үлкен кісі қызарандап, ренжіп қалды да, екеуміз сөзге келе жаздадық. Әбекең қолжазбасын алды да шығып кете барды. Сәлден кейін редактор шақырады. Барсам Әбекең отыр. Бекежан ағамыз жұмсақ мінезді кісі еді ғой, биязылап менен жағдай сұрады.

– Иә, Баянғали, Әбекең ренжіп келіп отыр, мақаласын неге дайындап бермейсің? – деді.

Шегінетін жер қалған жоқ, «Әбекеңнің мақаласы журналға жарамайды!» – дедім. «Сен маған қалай жазуды үйретейін деп пе едің?!» – деп Әбекең қып-қызыл болды. «Үйретпеймін, бірақ бұл күйінде жарамайды!» – деп мен де қайнап тұрмын. Екі ортада Бекең ыңғайсызданып отыр.

Сол кезде Ғафекең кіріп келді!

Есіктен кірген бойда жағдайды айтпай түсіне қойды. Бірден төрге озды да:

– Айналып кетейін Әбеке, сен дейтін доктор науқ, прапессір, қазақ әдебиетін, соның ішінде Қалекеннің шығармаларын көптен зерттеп жүрген адамсың, о кісі туралы сенен артық кім жазады? Мына әкелген мақалаңыз бізге таптырмайтын дүние! А бірақ... мен жаңа Қалекенмен сөйлесіп келдім. Біз жетпіс бес жылдыққа өзінің бір топ жаңа өлеңдерін және бес-алты бет Хамаңның, Хамит Ерғалиевтің құттықтау сөзін беретін болдық! Баяғы жағдайдан кейін ақсақалдардың бұлайша жарасып жатқандары тіпті дұрыс боп тұр! Ал, сен мақаланды басқа жерлерге апарсаң, қуана-қуана басады ғой! – деді.

Бәріміз де жадырап сала бердік. Бекең жымың-жымың етеді. Әбекең күлімдеп, «е-е, бәсе!» – деп, бізбен қол алысып, татуласып, қолжазбасын көтеріп кете барды.

– Әне, мен болмасам бір төбелестің үстінде отыр екенсіңдер! Айналып қана кетейін Баяшка, мен жүрген жерімді өстіп жарастырып жүремін ғой! – деп, бір күлдірген Ғафекең.

Бір жолы Тұрсын Жұртбаев бір жақсы повесть жазып, «Жұлдызға» ұсынады. Біраз уақыт өткен соң, повесінің жайын сұрамай ма? Сөйтсе Ғафекең: «Сен бір ғаламат повесть жазған екенсің, соны қол қойып, нөмірге жіберейін десем, рүшкі ұстауға әлім келмей отыр!» – депті. Повесі мақталған соң Тұрсекеңде тұрыс бола ма, «Қаламгер» кафесіне Ғафекеңді алып келеді. Біраздан соң Ғафекең темекісін рахаттана бұрқ еткізіп қойып: «Айналып кетейін Тұрсынжан, баяғыда біткен шаруа ғой – повесің баспаханаға кетіп қалған!» – деп қарап отыр дейді... Не деген тонкий, емкий юмор! Басқа біреулер болса: «Ауырып тұрмын, басымды жаз, повесіңді жу, жолын аш» – деген сияқты бірденелерді айтып, сөздің құнын кетіретін еді-ау! Осындай әдемі күйге бөленіп, көңіл шарықтаған кездерде, Ғафекеңмен ішкен ащы судың өзі керемет тәтті болып кететін!

– А бірақ... – дейтін жарықтық. – Ғафу ішіп жүр екен деп өсек қылмандар, жандарым! Өсек қылғанда да маған неғыласыңдар? Мен қандай жағдайда келсем де, таңғы алтыдан тұрып, жұмысқа барғанға дейін жазуымды жазамын!

Шынында да өте еңбекқор еді. Жұрт аңыз қылады, Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» атты кітабын аударғанда, бір сөзін екі рет жазбай, сызбай, тап-таза қолжазбаны бір-екі аптаның ішінде бітіріп алып келгенінде, баспадағылар «Ғафеке, мынауыңыз шынымен аударма ма, жоқ Ғамзатовтың кітабын жай көшіріп шықтыңыз ба?!» – деп, таңғалғаннан талып қала жаздаған екен. Серік Тұрғынбекұлы қызды-қыздымен, көркемдік жағынан Ғафекеңнің аудармасы Ғамзатовтың түпнұсқасынан да күшті деп, қараптан-қарап қызылкенірдек болып жүреді.

Қасым Аманжолов ауырып жатқанда, жарыққа шығатын кітабы баспа тарапынан біраз өңдеуге, күзеп-түзеуге ұшыраса керек. Сонда ол кісі Ғафекең: «Мейлі, осылай-ақ шыға берсін, қазір менде хал жоқ, маған ақшасы керек! Бірақ, түпнұсқасын сақтап қой, кейін кезі келгенде түзетіп шығарарсың!» – деп, тапсырып кеткен ғой. «Мен Қасымның аманатын орындап, кейін сол кітабын түзетіп шығардым!» – деп Ғафекеңнің айтқаны есімде. Қасым Аманжоловпен өте сыйлас, рухани туыс болған Ғафекең ол кісі жайлы да талай әңгіме шертетін.

– Қасекең думан-тойдың ертесінде ауырып тұрып, бір стақанды тартып жібергесін: «Дүние неткен жап-жарық, Осындай ма еді бұрын да!» – дейтін! Сөздің сөлі «осындай ма еді бұрын да» дегенінде тұр ғой! – деуші еді Ғафекең.

Тағы да Қасымның бір қызық өлеңін келтіретін: «Тобылғы торы сыраны, толқытып ішер күн қайда, тобылғы менді сұлуды...» – деп кете беретін.

Ғабең, Ғабит Мүсірепов туралы кітабы да шебер жазылған. Ғабеңнің әңгімелерін де қызық қылып айтушы еді.

– Ғабеңнің мінезі ауыр еді. Патша келсе қозғалмайтын. Мақтауға тіпті сараң.

Бірақ, Ілияс Омаров туралы бір сөз айтты. «Ұлттың мәйегі болатын адамдар болады, олар ұлтты ұлт қылып ұйытып, ұстап тұрады, ондай адамдар өте сирек, бәлкім бес-алты-ақ адам болады, мына Ілияс Омаров сондай адам!» – деп, өзін сол санаулыларға қоспайтынын сездіргендей болып еді Ғабең! – дейді Ғафекең. – Бір күні Ғабең бір жерге баратын болды, қасында тағы ақсақалдар бар. Бірақ,

көлік жоқ! Жаңадан «Москвич» алған кезім: «Мен апара қояйын!» – дедім. «Рөлде кім?» – деді Ғабен. «Өзім» – дедім. Ғабен үндемей, амалсыздан мінді машинаға. Құлдырандатып алып келдім. Түсе бергенде, «Ғафу, рахмет!» – деді Ғабен шегелеп. «Ғабе, сіз туралы кітап жаздым, рахмет айтқан жоқсыз! Өлеңдеріме де рахмет айтқан жоқсыз! Енді неғып айтып қалдыңыз?» – деп сұрадым. «Қорықтым, айналайын!» – деді Ғабен. Содан, көп ұзамай Бәдеш апан машинаны сатқызып құтылды, менің шопырлығымнан шошып!

Қолтаңба бергені де қызық еді. Кітабын ұсынған адамнан аты-жөнін сұрап алатын да, қолма-қол бір ауыз өлеңді жаза қоятын. Және шетінен тапқыр өлеңдер! Қолмерген батырлар мылтығын сілтеп қалса, нұсқағанын қағып түседі дегендей, Ғафекең қаламын сілтеп қалса, бір қызық шумак топ ете түсетін. Айтқандайын, ол кісінің руы да Мерген еді.

Манғыстауға барған бір сапарымда Жұмасай деген прокурордың үйінде қонақ болдық. Әңгіме-дүкен үстінде Ғафекеңнің кітабын алып келді.

«Айналайын Жұмасай,
Атыңа затың құба сай.
Жомарт жанға ұқсайсың,

Бермесең де семіз ет пен құла шай!» – деген қолтаңбасы тұр.

– Ана жылы келгенде кездесуге әдейі барып, қолтаңба жаздырып алдым. Атымды сұрады да, сарт еткізіп жазды да берді. Уақыт жетпеді, әйтпесе үйде қонақ қылар едік! Енді, Ғафекеңе бере алмаған дәмді сіздер келіп татып отырсыздар! О кісіге сәлем айтыңыздар! – деп, үй иесі аңқылдап жатыр.

– Айтамыз, сіздің өлеңіңіздің қаламақысын ішіп-жедік дейміз, – деп, әзілдеп аттандық...

Сағат Әшімбаев ағамыз айтып еді: «Ғафекең уникал, қайталанбас адам ғой. Бір жолы, Жазушылар одағының партия ұйымының хатшысы болып тұрғанда Совет аудандық партия комитетінен бір нұсқаушы телефон соғып, бір қағаздарды тез арада дайындап әкеліңіз деп талап етеді. Небір дөкей деген партия-совет басшылары үлкен құрмет көрсетіп жүрген ақын райкомның қатардағы нұсқаушысы қатаң талап қойғанына көнбей, қатты-қатты сөзге келіп, аяғында «Иди к черту!» деген ғой. «Аяғы айқай болып, райкомға барып, кешірім сұрап келе жатырмын», – деген екен Ғафекең бір күні жолығып қалғанда.

Иә, Ғафекең өз заманының – Кеңес заманының перзенті. Әуелі, шыр етіп дүниеге келгеннен қорасан ауруына шалдығып, ажал аузынан қалған. Соғыс уағында елде қызмет істейтін адам жоқ, он бес жасар бала азық-түлік көршікесін беретін бюроны басқарады. Сол кезде бір мәселелер болып, аудан басшысы кәріне мініп: «Картбюроның бастығын алдыма алып келіңдер, қазір сотқа беремін!» – дейді. Бала Ғафу есіктен имене кіріп, бұрышта елеусіз тұрады. Қаһарлы райком оны көргенде қаршадай балаға қара нардың жүгін артқызыған соғыс қасіретіне қабырғасы қайысып, соттатпақ түгілі, өзі жылап жіберіп, кейіннен оқуға жіберген ғой...

Жастайынан өмірдің ауыртпалығын көріп өскен ол қиындықтардың бәрін жеңіп, еліміздің аса көрнекті ақыны болды. Жақсылығы да, жамандығы да араласып жатқан, қайшылығы көп кеңестік дәуірге біржақты қарап, бір сөзбен сыза салу, ойып алып тастау мүмкін емес, өйткені ол – тарих, ел тарихы. Сол заман аясында өмір сүріп, адам боп өткен, ақын боп өткен ағаларымызға саяси қайраткер, күрескер болмадың деп кінә тағудың өзі жөн-жобаға сыймайды.

Ғафекеңді Құдай тағала ақын қылып жаратқан, ол – талант, оның қазақ халқына жасаған қызметі де сол ақындығы, ана тілінде жауһар жырлар жазып, ата дәстүрін сақтап, молайтып, жалғастырып кеткендігі!

Мен Ғафекеңмен бірге «Жұлдыз» журналында 1983 жылдан бастап қызмет істедім. Сол кезде Жамбыл облысының Талас ауданында «Жұлдыздың» дөңгелек үстелі өтетін болды. Ғафекең Бәдеш апаймен, жазушы Кәрібай Ахметбеков төртеуіміз бардық. Талас ауданы – елу алты Социалистік Еңбек Ері шыққан, қаракөл қойын өсіретін атақты аудан. Ел азаматтары Қаратаудың бір қойнауында екі күн қонақ қылды. Аупарткомның бірінші хатшысы Рақыжан Ерсейітов Ғафекеңмен құрдас болып шықты. Одан басқа облатком төрағасының орынбасары Елубай, аупартком хатшылары Амангелді, Нілзия, ауатком төрағасы Әбілқайыр деген кісілер, әншілер, комсомолдың басшы қыздары болды. Өңгіме-дүкен, мәжіліс, өлең-жыр, тамаша думан өмірдің қайталанбас бір сәттері ғой, шіркін!

Далада, жиналмалы кереуеттерге таңға қарай қисайып, ұйықтаған сияқты едік, шыққан күнмен бірге:

Сен бізді бастап келген Кәрібайсын,
Туған жерде жолыңнан жаңылмайсың,
Тұр-тұрдан хабар келсе, мазан кетер,

Бәрібір енді ұйқыға жарымайсың! – деп бас жағымызда саңқылдап ағамыз тұр! Таза ауада тынығып қаппыз, атып-атып тұрдық...

Сонымен, екі күннен кейін таудан түсіп, аудан орталығына бару керек болды. Аупарткомда бірінші хатшы атақты шопандарды жинап, сағат он бірде «Жұлдыз» журналының Талас ауданындағы дөңгелек үстелін өткізуге дайын отыр!

Сағат он бірде Ғафекең Қаратаудың қойнауында мәжіліс-думан құрып отыр! Арада пәлен шақырым жол жатыр!

Оны ойлап жатқан ешкім жоқ! Өңкей дөкей қызметкерлер Ғафекеңнің иіріміне кірген, қайтып шыға алатын емес. Бір тілекке бір тілек жалғасып кетіп жатыр.

Бір кезде біреуінің есіне түсті-ау!

– Айтпақшы, ауданда біз дөңгелек үстел өткізуіміз керек қой! – деді.

– Өй, айналып кетейіндер сол, мынау үстел дөңгелек емес пе? Осыдан артық қандай дөңгелек үстел керек сендерге? – деп еді Ғафекең, ешкімнің де кеткісі келмей қалды.

Содан не керек, Бәдеш апай есебін тауып, жолға шықтық-ау бір кезде. Біраз азаматтар қимай қоштасып, жол-жөнекей ауылдарында қала берді. Аудан орталығына келген соң да, қызметкерлердің көбі екі күнгі «демалыстан» кейінгі демалысқа кетіп, аупарткомға бір-екі-ақ адам жетті бізбен бірге. Сағат бірден асып кеткен. Бірінші хатшы Рақыжан Ерсейітов қабағын түйіңкіреп:

– Ғафеке, қасыңыздағы кісілеріңіз азайып қалыпты ғой! – деді, қағытып.

– Өй, айналып кетейін Рақыжан, біз бір жүзіп келе жатқан кемеміз ғой...

Жолдан біреулер сәлем беріп мінеді де, бірер сағаттан соң сау бол деуге де жарамай, түсіп қала береді. Біз ілгері қарай жүзе береміз! Менің кісілерім түгел, сен өз кісілеріңді мен кеткен соң Қаратаудың қуыс-қуысынан теріп аларсың! – деді Ғафекең. Бәріміз күліп жібердік. Манадан күтіп тұрған қойшылармен әңгімелесіп, кейін толықтырып, дөңгелек үстел материалдарын журналға жақсылап жарияладық.

Содан, дөнгелек үстөл аяқталған соң, бірінші хатшы аудан орталығындағы бір жаңа, сәулетті тойханада қонақасы берді. Ол тойхана тек ұлттық тағамдар ғана ішілетін орын екен. Дастарханда құстың сүтінен басқаның бәрі бар, бірақ арақ-шарап қойылмаған. Күн ыстық. Күйіп барамыз. Ғафекеңде үн жоқ, ыстық сорпаны сораптап қояды. Бірінші хатшы ауданның шаруашылық табыстары жөнінде шабыттана әңгіме айтып отыр. Қаракөл қойы негізінен егіз туады екен... жүз қойдан жүз он төрт қозы алған қойшыны жұмыстан шығарып жіберген екен ... қозыны туған бойда сойып алған тері шапшынай деп аталады екен... алтынмен бағаланады екен... бірақ, байқауымша, бұл сөздер Ғафекеңнің құлағына кіретін емес. Бір кезде орнынан тұрды да, шығып жүре берді. Тындаушылық рөлді Бәдеш апай алды да, мен ағамыздың артынан жетіп бардым.

– Маған ана потребсоюздың председателін шақыршы! – деді ақырын ғана.

Аудандық тұтынушылар одағының төрағасы Мәдіомар деген кісі болатын, шақыра қойдым. Екеуі күбір-күбір сөйлесіп, ары қарай бір қуыстарға кіріп кетті.

Дастархан басындағылар ештеңе байқаған жоқ, әңгімелесіп отыр. Бір кезде Ғафекең кіріп келді. Баяғы Ғафекең!

– Ал, айналып кетейіндер, – деп бастады. – Сендер мына жерге Көктөбедегі сияқты бір ғаламат ресторан салып, оған жақсы заң енгізген екенсіңдер. Мен келді деп заңды бұзуға бола ма? А бірақ... Менің тамырым тарылып, жүрегім қаға бастады. Сендер оны байқамадыңдар. Содан кейін мен мына жаққа барып, ұрлық қылып келдім!

Жұрт тым-тырыс.

– Мен ақын адаммын ғой, жасырмай ашық айтып жүремін ғой, мына Мәдіомармен барып, ана жақтан бір стақан коньяк ішіп келдім!

Жұрт не күлерін, не жыларын білмей қалды.

– Бұл потребсоюз дегенің бір керемет екен ғой, мен кешеден бері райком, райисполком деп жүріп байқамаппын ғой, дүниенің кереметі потребсоюзда екен ғой!

Қарағым, айналайын Мәдіомардан,

Шығарды-ау қысылғанда бір құмардан.

Жарқырап екі көзім шыға келді-ау,

Шіркін-ай, кең екен ғой мына жалған! – деп қарап тұр!

Жұрт ду күліп, қол соғып жіберді.

Кешке мәдениет сарайына лық толған аудан халқымен әдеби кездесу өткіздік. Оның сценарийін дайындап, жүргізіп отырған ақын Нарша Қашағанов бір жаңалық болсын деді ме екен, кездесуді бастаған бетте: «Ғафеке, Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» жырын сіз керемет айтады деп естиміз, кешімізді сол әнмен бастап беруіңізді өтінеміз!» – деді. Өзі де тықыршып әрен отыр екен, Ғафекең: «Айналып кетейін сол, бұл маған сөйле дегенің ғой!» – деп, ағыла жөнелді де, арғы-бергіден небір аталы сөздерді төкті дейсің. Өлең де оқыды, ән де айтты, қысқасы, кештің аяғына тақау бір-ақ тоқтады. Жұрт овация жасап, қызық кездесу болған сөйтіп...

Содан кейін «Ойық» кеңшарына келіп, директор Ералы Дадабаевтың үйінде қонақ болдық. Ералы ағамыз тұлғалы, келісті азамат екен. Әйелі де мол денелі, топ-толық, мақта сияқты үлпілдеп тұрған кісі. Ғафекең сөйлеген сайын Ерекең қасында отырған әйеліне: «Түрегел!» – дейді. Әйелі үлп етіп ұшып тұрады. Біз

қайранбыз. Сөйтсек, Ерекеңнің заңы бойынша, әйелі Ғафекеннің сөзін түрегеп тұрып тыңдуға тиіс екен! Ертеңіне жеңгей екі аяғын баса алмай әрең жүрді!

Ерекең бір дәптер мен қаламын әдейі дайындап қойған екен – Ғафекеннің айтқан сөздерін жазып алмаққа! Бірақ, бірер сөзін түртіп үлгерді де, доғарды. Өйткені, пулеметтің атқан оғын санау мүмкін бе! Сол үйде сатирик ақын Оспанәлі Иманәлиев бірге болды. Бір кезде елінде демалып жүрген Рафаэль Ниязбеков ағамыз жеңгей екеуі кіріп келді. Арқа-жарқа амандық-саулықтан кейін Ғафекен:

– А-а, бұл Рафаэльмен бірге бір сапарда болып едік, – деп, тағы бір қызықты бастады. – Мен бұған: «Ы-ра-фа-эль, Бар болса, ұйымдастырсайшы бір-екі әйел!» – деп әзілдесем, бұл да дайын тұр екен... – деп, бір күлдірді. Бәдеш апай жұртпен бірге күліп жатыр. Рафқаң кәдімгідей қысылыңқырап қалды. Жеңгейдің әдемі жүзі бұзылыңқырап кетті. Сөйтсе, Ғафекен:

– Өй, айналып кетейін келінжан, ойыңа да алма, баяғыда болған шаруа ғой! – деп, одан сайын төндіріп қойсын. Сонда барып қалжыңға бұрып, рахаттана күлді бәрі...

Өстіп шалқыған сәттерде:

– Ал, енді Баяшым жырласын! – деп, маған домбыра ұстатып, жырлатады, «Манасты» айтқызады. Кейде менің айтып қалған сөздеріме күліп алып:

– А-а, бұ да менің айтқан сөзім бе! Мен өстіп жүрген жерімде із қалдырып, шашып жүремін ғой! Өй, айналып кетейін Баяшка, памитың жақсы екен! – деп, шегімізді қатыратын...

Сол сапарда ақын Ғафу Қайырбековтың атын да, жырларын да бүкіл елдің өте жақсы білетіндігіне, басшылардың да, халықтың да алдында атақ-абыройы зор екеніне көзім жетті. «Ана жырын» бүкіл халық өз жырындай айтатыны баршаға белгілі ғой, ал ақынның одан басқа да шығармаларын, кітаптарын әр үйдің төрінен, кездесуге келген жұрттың қолынан көріп, риза болдық. Ол кісінің атақ-даңқын, әсіресе, тапқыр сөздерін, қызық мінезін естіп-біліп, бір көруге құмар болып жүрген жандар көп кездесті.

Өрине, сөйлей білген ақын тыңдай да білетін, әрдайым айналасындағы адамдарға зер сала қарап, ден қоя тыңдап, аталы сөзді қағып алатын құймақұлақ еді. Дүрілдетіп жүріп-ақ, көрген-баққанын, естігенін ұмытпай, қаншама тамаша жолжазбаларды дереу жазып тастайтын.

Сол сапардан кейін біз бір туғандай болып, бауырласып кеттік...

1987 жылы менің анам Бәтима дауасыз дертке шалдықты. Ата-анама қарау үшін елге көшетін болдық. «Жұлдыз» журналының ұжымы құрметтеп, жиын өткізіп, бас редактор Бекежан Тілегенов, жауапты хатшы Ахат Жақсыбаев, Маршал Әбдіхалықов, Софы Сматаев, Кәрібай Ахметбеков, Ұзақбай Доспамбетов, Жарасқан Әбдірашев, Төлен Қаупынбаев, Шөмішбай Сариев, Тұрсын Жұртбаев, Тұрсынжан Шапаев сынды ақын-жазушы ағаларымыз жылы сөздерін айтып, арқамнан қақты. Серік Тұрғынбекұлы ағамыз маған арнаған бір тамаша өлеңін оқып берді. Тағы да жарықтық Ғафекен қызық жасады.

– Баян-сапар. Інім Баянғали Әлімжановқа, – деп, өлең оқыды.

«Жұлдыздың» кенжетайы, сүйкімдісі,
Мың күнге азық болған бір күнгі ісі.
Жан-жағын дауылдатқан, дабыл қаққан,
Келгенде қыранға ұқсап сілкінгісі.

Шабыттың шын перзенті, төл баласы,
Ежелгі жүйріктердің олжаласы.
Қызметке туған жерге шектің сапар,
Қолдасын жолдың пірі, жол данасы.

Көзінде жарқыраған болашағың,
Алдыңда болар шағың, толар шағың.
Қалықта аспан жердің арасында,
Тұрмыста саз кешпесін толарсағың!

Рахмет «Жұлдызға» еткен еңбегіңе,
Жұлдыздай шыға бер сен ел көгіне,
Оранып мауқынды бас, бала қыран,
Көк майса Көкшетаудың жөргегіне!

Даланың данышпаны, ол да ағасы,
Қазақтың ортасында мол бағасы.
Көкшеге қанат болып алып ұшсын,
«Жұлдыздың» жырмен жазған жолдамасы!

Әрине, сендей жанды көз қия ма,
Ұқсаған бойы биік боз қияға.
Махаббат, шапағатты қатар жинап,
Қайтарсың аман-есен өз ұяңа!

– Ойбай-ау, Ғафеке-ау, мынадай өлең арнасаңыз, біз де ауылға көшіп кетер едік! – деп жіберді бір қаламдастар әзіл-шыны аралас.

Жиын тарап, шығып бара жатқанымызда, Ғафекең мені қолтықтап алып:

– Айналып кетейін Баяшым, мен сені баламнан, Бақытымнан кем көрмеймін ғой! Өлең деген жүректен туады ғой, әйтпесе, басқа біреулер көшіп жатса, мұндай өлең қайда-а! – деп қояды!

Бұл өлең Алматыдан алақандай ауылға көшіп келген маған қиналып жүрген кездерімде үлкен рухани сүйеніш болды. Ата-анам да қайталап оқытып, ақын ағама алғыстарын жаудырып отыратын.

Ал Ғафу ағам оның үстіне өз ниетімен Көкшетау обкомының бірінші секретары Мақтай Сағдиевке хат жазып берген. Не жазғанын білмеймін, конвертке сап, желімдеп, қолыма ұстатты.

– Осыны Мақтайға берсең, сені хан көтереді! – деді.

Елге келген соң, Көкшетауға, обкомға барайын. Бірінші хатшының көмекшісі Сағынтай Шәріпов біздің ауданның, Құдықағаштың жігіті екен. Жылы қарсы алды, бірақ Сағдиевқа кездестіре алмады. «Кейін хабарласып, келерсің, сәті түскенде жолықтырамын!» – деп шығарып салды. Кейін де әнеміне болып кетті, ең бастысы, бірден қабылдай қоймаған жерге қайта келуге онша көңіл хошым болмай қалды. Сөйтіп ол хат ашылмаған күйі сандығымда жата берді де, ақыры Мақанның қолына тиген жоқ. Соны білгенде: «Әй, Бәдеш, мынау менің Мақтайға жазып берген хатымды әлі бермепті, неғылған адам әй?!» – деп шыр-пыр болып еді.

Сонымен, анамыз біз келген соң он бір айдан кейін, 1988 жылы өмірден озды. Біз әкеміз Тақанмен бірге Кеңашыда тұра бердік. Жаздыгүні Ғафекең мен Бәдеш апай арнайы біздің ауылға келіп, анамыздың басына құран оқып, бата қылды. Ол кісі келді деген соң, облыс қозғалып, аупарткомның бірінші хатшысы Қызыр Жұмабаев бастаған аудан басшылары тік тұрып, құрмет көрсетіп, кездесу өткізді. Сол кезде Біржан сал зиратына интернационал аупартком, ауатком қызметкерлерімен бірге барғандағы бір жағдай есімнен кетпейді. Ғафекең зиратқа қарап, тік тұрған қалпы үн-түнсіз көбірек бөгеліп қалды. О кісі қозғалмаған соң, жұртта да үн жоқ. Қасында тұрғанмын, кенет сезе қойдым, жарықтық ішінен құран оқып тұр екен!

Біздің ауылға, Кеңашыға осы келген сапарында әкемізден бастап, туған-туыстарымызға дейін кітаптарын қолтаңбасымен сыйға тартты. Әкем Берлинге дейін барған соғыс ардагері, совет заманында отыз тоғыз жасынан бастап намаз оқыған кісі еді, былай деп жазыпты:

Әрі әке, әрі сүйеу Баян салға,
Тірегің күндіз-түні таянсаң да.
Әулеттің қара шаңырақ әулиесі,
Сыйладым құран білгіш тақиялы шалға!

Үлкен апайымыз Ләйла тәтемнің жолдасы Өсербай жездеміз ұзын бойлы, ірі денелі кісі болатын. Есіктен кіріп келіп, сәлемдескен бойда, атын атап, «Өсербай жездеміз» деп таныстырғаным сол еді:

– А-а, Өсербай деп өссін деп қойған екен, бұл да сол атын ақтап өскен екен! – деді...

Ең кіші жездемді: «Ауылға келгелі Алматының жартысын жоқтатпай, жанымнан табылып жүрген жайсаң жездем Талғат!» – деп таныстырып едім, «Өмір оттары» кітабына:

Жігіттің ең жақсысы жан аңсары,
Арман-ау соған көңіл жалғасқаны.
Баяштың сүйенетін бәйтерегі,
Аман бол, айналайын Талғат сары! – деп жазды да берді.

Алпыс жылдығына орай арнайы шығарылған қос томдық шығармалар жинағының бір томын маған, бір томын әйелім Әлияға әдейілеп атап тұрып жазып берді: Маған:

Айналдым жалын, өрттей Баянымнан,
Жүргендей серік болып баяғыдан.
Бір өзің бір өлкедей бауырым едің,
Тағдырдың сақта Құдай таяғынан! – деп, Әлияға:

Әлия, қамал болшы азаматыңа,
Шабатын күнде тұлпар, қазанатыңа.
Осынау бір баланы сақта, қалқам,
Түбінде тұлға болар қазақ атына! – деп жазыпты.
Ол да бір көңілге ыстық, қайталанбас күндер екен ғой!

Жарықтық Ғафекеңнің маған деген ағалық, тіпті әкелік ықылас-мейірі осындай бір рухани жағдайлардан, жақсы сөзі мен жоғары бағасынан ылғи да байқалып тұратын.

«Ақынның жанын түсіну керек! Ақын адам сәл нәрседен қанаттанып кетсе, сәл нәрседен сынып қалады. Ақын жанына абай болу керек!» – деп аялап, арқамнан қаққан алақан табын әлі күнге сезініп келемін!

Бір күні, мүлде кездейсоқ «Егемен Қазақстаннан» «Манас» эпосының мың жылдығына орай жазылған Ғафекеңнің «Манас пен манасшылар» деген мақаласы көзіме түсті. Ойымда ештеңе жоқ, жүгіртіп оқып жатырмын. Кесек-кесек ойларын кестелеп келтіріп, бір кезде былай деген екен: «... Және біздің қазір Көкшетаудағы жас ақын Баянғали Әлімжанов сол «Манастың» бірнеше тарауын қырғыз тілінде керемет орындайды. Қайда жүріп үйренгенін Құдай білсін! Тіпті Қырғызстан манасшылар жиынына қатынасты-ау деймін. Қазақтағы манасшы Баянғали – сирек құбылыс. Өттең, соған мән беріп жатқан біз жоқ. Ау, қанша туыс болғанымен, басқа ұлттың тілінде бүкіл бір қиссаны жатқа айтқан кім бар? Орыстар мұны феномен десе керек.»

Өн бойымды тоқ соғып өткендей болды!

1994 жылы Ғафекең мен Бәдеш апайды Бурабайдан, өзінің жылда демалатын сүйікті «Оқжетпес» санаторийынан Степнякқа, Біржан салдың 160 жылдығына арналған әншілер фестиваліне алып келдім. Рөлде өзім. Менің шопырлығыма қарап отырып, өзінің шопырлығы есіне түсті-ау деймін, Бәдеш апайға қарап күліп қояды. Ақыры, біздің үйде, Кеңашыда қонақ болып, түнде қайтарында директор Қалиасқар Әйткеновтен шопырымен машина сұрап алды.

– Біздің Баяшканың шопырлығы күндізге ғана жарайтын шопырлық екен, соған да рахмет! – деді күліп.

Сол жолы біз үйде атам Біржанның тойы деп, фестивальге келген көкшетаулық ақын-жазушыларды, өнер адамдарын, мәдениет қызметкерлерін – қырық шақты адамды қонақ қылдық. Ішінде Естай Мырзахметов, Болат Бекенов, Төлеген Қажыбаев, Тасболат Алпысов, Иран Ильяшев, Базарбай Кәкенов сынды ағаларымыз, аудан әкімі Кенес Мұқатов, орынбасары Сансызбай Балтабеков, ауылдас көршіміз Молдабай Кешуов сияқты азаматтар бар, әкеміз бәрі төргі үйде Ғафекеңмен әңгімелесіп отырған. Ары-бері шаруа қамымен жүргенде, құлағым шалып қалады. Өңгіме айтып отырған Ғафекең арасында: «Әзер болса қызыл қасқа сиыр кетер дегендей!» – деп қояды. Жұрт ду күледі. Күлген сайын мен қысылып барамын. Ақырындап әкемнен «Сіз айтып қойған жоқсыз ба?» – деп сұраймын. «Айтқам жоқ!» – дейді әкем. Қонақ күтумен әбігер боп жүрген Әлияға: «Сен айтып қойған жоқсың ба?» – деймін. Ол басын шайқайды танданып.

Менің таңғалғаным, осы тойдың қамымен бір қызыл қасқа сиырымызды кеңшарға өткізіп, жігіттер ақшасын қолма-қол алып берген. Ол кезде ақша да, бәрі де дефицит, таршылық уақыт болатын, әйтеуір, азаматтардың көмегімен, әлгі қызыл қасқа сиырдың ақшасына дастарханға керек-жаракты түгендеп қойғанбыз. Енді келіп, Ғафекең «әзер болса қызыл қасқа сиыр кетер дегендей» деп соғып отыр!

Сөйтсем, жай бір сөздің мәтелі екен...

Бірақ, дәл осы жерде неғып айтыла қалды десейші!

Ғафекеңнің осындай бір адам түсінбейтін қасиеті болатын!

Және оны өзі сезіп, білетін еді.

Кей-кейде ғана, өте жақын адамдарына жұмбақ жағдайларды сыр ғып айтатын...

Сонымен, біздің ауылдағы әлгі жиында Ғафекең ел атынан ат мінгіздік. Алғысын айтып, разы боп аттанған...

Қараша айында қайтыс болды деген хабары келді.

Таңертең Көкшетауға, аэропортқа барғалы жолға шықсам, жер аппақ, алғашқы қалың қар жауып, жылмықтанып, қайта қата бастаған. Сұмдық көктайғақ! Қасымда балдызым Тұрар, ауылдас Бауыржан, Мұратхан деген жас жігіттер бар, үш рет жолдан ұшып кетіп, екі рет теріс қарай айналып кетіп, әйтеуір, жеңіл «Жигулиді» төртеулеп итеріп шығарып алып, тайғанақтап, 150 шақырым жердегі Көкшетауға әупірімдеп бес сағатта аман-есен жеттік-ау! Сөйтіп, ұшақтан қалып қойып, мен топырақ сала алмай қалдым.

Қыркына бардым. Әлгі атты сойып, пойызбен апардым... Құран оқып, дұға қылдым...

Жарықтық Ғафекең

Мен жалғыз қала бердім таяқ ұстап

Ежелгі ескі бақтың күзетшісі!

(Ғафу Қайырбеков. Сырбай Мәуленов дүниеден озғанда.)

Ескінің бағы...

Есіңе түссе

Жүрек сыз...

Ғафекең кетіп,

Қалғандай енді күзетсіз.

Арынды жырдың,

Ағынды сөздің шешені,

Бүгінде қалай

Үндемей қалмақ...

Ретсіз...

Құдайсыз қоғам

Қинаған жанды бояусыз.

Құрығын салып,

Құландай жырға аяусыз.

Дәуірмен бірге

Дәурені көшкен дүлдүлдер,

Дүркіреп өткен

Дүние қандай баянсыз!

Мұнайды қырлар

Құланы кеткен азайып.

Ақынға болмас

Айта алмай кеткен сөз айып.

Бәрін де көрген

Елменен бірге Ғафекең

Ғайыптан келіп,

Ғайып боп кеткен ғажайып!

Ананың жырын
Даланың жырын ардақтар.
Ағаның сырын
Ұға алдық па екен аңдап бар.
Ағады дейтін
Өкпесі күйіп өлгенше,
Тұлпар боп туған
Санаулы ғана саңлақтар.

Байырғы дала
Өлеңмен баурап сүйгені.
Қанына біткен
Көненің кие- күйлері.
Ғафудың рухы
Ғарышты көздей ұшқанда,
Кетіпті күйіп,
Электр желі үйдегі!

Шуағын жанның
Аямай төгіп жалғанда.
Аттанып кеткен
Бақилық биік арманға.
Жердегі шам да
Көрсеткен шығар құрметін,
Жарықтық Ғафу,
Жұлдыз боп көкте жанғанда!

Қарағайлы Қорғанбек

«Қорғанбек Аманжолов деген бір керемет шығыпты, мектепті бітірерде шығарманы өлеңмен жазыпты!» – деген сөз аяқ астынан дүңк ете түсті. 1970 жылы Степняк қаласындағы Абай атындағы орта мектептің тоғызыншы класын енді бітіріп жатқан біз аузымызды аштық та қалдық. Әдебиет пәнінен сабақ беретін Көпенова Қайыржан апайымыз екпіндете сөйлеп, Зеренді ауданынан түлеп ұшқан балапанды әбден әспеттеп, оның өлеңмен жазған шығармасы облыстық «Көкшетау правдасы» газетінде басылғанын айта келе, бір-екі ауыз үзіндісін де сөз арасында қыстырып жіберді.

Мен мұндай «данышпан» баланы көруге құмар болдым.

Сол жылы немере ағам Жарылғасын Әбішев мектеп бітіріп, Алматыға, КазГУ-дің филология факультетіне оқуға аттанды. Бір күні одан хат келді. Хатында Алматының әсемдігі, университет пен ұстаздары туралы жаза келіп: «Қорғанбек Аманжоловты көрдім, дәл қасында тұрдым!» – деп түйіпті аяғын.

Мен де оны көргім-ақ келді, бірақ «данышпан» қолға түсе бере ме, неше жыл университетте оқып жүргенде де, кейін де онымен кездесудің сәті түспеді. Баспасөз бетінен де оның жырларын көп байқай қоймадым. Қорғанбекті көру дегенің қар адамын көрумен бірдей болды сөйтіп.

Күндердің күндерінде, «Жұлдыз» журналының сын бөлімінде қызмет істеп жүрген кезім еді, есіктен бір иман жүзді қарадомалақ біреу ақырын басып кірді.

– Баянғали, мен сенімен әдейілеп танысайын деп келдім, мен Қорғанбек Аманжоловпын! – деді. Ұшып тұрып, құшақтай алдым.

– Әй, сен баяғыдан қайда жүрсің? Мен сені мектептен бері іздеп келемін ғой! – деп, әлгі тарихтан сыр шертіп, арқа-жарқа болдық та қалдық. Бірақ, бала күнімнен қол жетпестей көріп жүрген «данышпанымның» қарапайым ғана қарадомалақ болып шыққанына көңілім кәдімгідей қоңылтақсып қалғанын да жасырмай, қалжыңға айналдырып, Қасым Аманжоловпен кездесу бұйырмаған соң, Қорғанбек Аманжоловқа да шүкіршілік қыламыз ғой деп, – қолтықтасып «Қаламгерге» тарттық. Содан бері жұбымыз жазылмай, көңіл жарастығымыз бұзылмай, дос, бауыр болып келе жатырмыз. Айтқандайын, Құдай бергенде, Қорғанбектің ата-тегі Қылды Қарауыл – менің нағашым екен, құрдастығыма жиендігім қосылғасын қоямын ба, оны көрсем не телефонмен сөйлесем болды, өз-өзімнен еркелігім ұстап, қиястанып шыға келемін. Ал, әзіл-қалжыңды былай қойып, оның рухани еңбегін шындап таразылап, сарапқа салсақ, шығарманы өлеңмен жазған арманшыл баланың асқар алпыс асуына халқының жырын жырлап, жоғын жоқтап, ақиық ақын, қабырғалы қаламгер, қайраткер тұлға болып толысып келгендігін, яғни, кіші Аманжолов үлкен Аманжоловтың лайықты ізбасарларының біріне айналғандығын көрер едік.

Оның мектеп қабырғасында шығарманы өлеңмен жазуы тегін емес қой, Құдай берген ақындық дарыны ерте оянуына ауыз әдебиетінің, әсіресе батырлар жырының қайнарынан қаршадайынан қанып ішкендігі ықпал еткені даусыз. Бала Қорғанбек Қобыланды батырдың Қазанның қырлы-сырлы қамалынан Тайбурылмен қарғып бара жатқан суретіне қадала қарап отырып, қиял дүниесіне әбден-ақ батады екен. Сол кезде оның кіршіксіз сәби сана-сезімі болашақта алатын қамалдарынан найза ұстаған батыр болып емес, қалам ұстаған ақын болып қарғитынын бағамдады ма екен, кім білсін!? Анығы сол, мектеп қабырғасында жүріп жазған балауса өлеңдерінен бастап бүгінгі есейген шағындағы есті жырларынан есіп тұрған адамға тән мұң-шерін, сағыныш-арманын, махаббат сырларын, шаттық-қуанышын сезіне алсаңыз, оның нағыз ақын екендігіне қалтқысыз иланасыз. Ол тұнып тұрған лирик, ақпа-төкпе табиғи ақын. Оның поэзия әлемі мөлдір, таза сезімге толы. Қорғанбекті оқығанда сан-алуан күй кешіп, көңіліңде бір нәзік толқындар оянып, ойың қозғалып, қиялың ақынның балалық шағын, туып-өскен жерін, «мешітті ғаламын» кезіп кете береді.

Мешітті ғалам – туған үй,
Мекенім едің тал бесік.
Ертегі назды думан күй,
Еркелеп өстік ән кешіп.

Талқанның дәмі – таңдайда,
Аласыз көңіл алқаған.
Алақан табы – маңдайда
Қамқор қол қаққан арқадан...

Бұйырып бақыт аздаған,
Періште пәки күйімде.
Мейірім ғана маздаған,

Мешітті ғалам үйімде...

Алдынан сол бір баланың,
Ашады дүние араның.
Мешітті менің ғаламым,
Мен сені қайдан табамын?!

Асылы, адам поэзияны логикалық қисындардан гөрі, жан-дүниесімен, өзгеше бір сезім күйін кеше отырып қабылдайды ғой! Осы өлеңді зер сала, үңіле оқып көрсеңіз, біраз жерді шарлап қайтасыз да, кеудеңізді сағыныш кернеп, туған үйге ораласыз ...

Ақынның дала туралы, сұлу Көкше жайлы жырлары туған өлкенің таңғажайып жанды суреттері іспетті. Зеренді ормандарының ішінде Қорғанбектің «Зеренді қарағайлары» деген өлеңін үлкен полотноға жазып, екі қарағайға арқанмен кере байлап, әуеге іліп қойған. Бұл табиғи жыр мен табиғаттың әдемі табысып, туысып кеткеніндей көңілінді шуаққа бөлейтін, тиын сауған құйын заманда да адамдарға поэзияның керектігін айғақтап, сөз патшасы өлеңнің қашанда өз биігінде тұра беретіндігін байқатқан бір керемет көрініс болды! Ал мына басынан аяғына дейін су жорғадай төгілген сұлу өлеңді қараңызшы:

Көктерек, Қызылегіс, Қарашілік,
Ортағаш – ойды бөлген таң асырып.
Төрт ауыл – төрт бауырым,
Көңілімнің
Көгіне көтерілген дара шығып.

Туған жерге деген махаббаттан туған, ой мен сезімге бай, өлең ырғағы, сөз музыкасы жаныңа рахат сыйлайтын осындай өлеңдер Қорғанбек поэзиясына тән көп жақсы қасиеттерді аңғартады. Міне, менің бала күнгі «данышпаным» қазақ поэзиясы айдынына мөлдір бұлақтай сылдырлап құйылған мүлтіксіз жырлар сыйлап, көзі тірі кемел ақындардың алдыңғы қатарына даңғазмақтаусыз-ақ қосылып жүре бергелі қашан!

Айта берсек, Қорғанбек туралы ауыз толтырарлық сөз аз емес. Адам ретіндегі ізгілігі, азамат ретіндегі ірілігі, баспасөз қызметкері ретіндегі қаққан қазықтай нығыздығы, жорналшы ретіндегі деректі шығармаларының елдік маңыздылығы, аудармашы ретіндегі шеберлігі, табанды еңбекқорлығы тарау-тарау әңгімеге лайықты. Әсіресе, қарасөзбен жазылған қалың-қалың кітаптарында халқымыздың басынан өткен қилы-қилы тарихи оқиғалар жайында нақты деректерге сүйеніп, адам тағдырларын арқау ете отырып, үлкен ойлар толғайды. Ол еңбектері танымдық, тағлымдық мәні жоғары, оқушысына мол мағлұмат, ақпар, білім беретін бағалы дүниелер екенін де бір тұжырымдап қойсақ, артық болмас. Сондықтан да, алдағы қараша айында қазақ елінің руханиятына зор еңбек сіңірген көрнекті ақын, Көкше жерінің кемел азаматы Қорғанбек Аманжоловтың алпыс жылдық мерейтойын ел болып көркейтіп атап өтсек, әбден жөн болар еді.

Сағынышқа толы өлеңдерінде ақын ес білгеннен әлденені сағынып жүреді. Өскен соң да сағынады. Өлі сағынып келеді. Не нәрсе екенін өзі де білмейді, түсінбейді. Белгісіз бір нәрсе... Байлық па, бақ па, атақ па, даңқ па, ... Жо-жоқ, тіпті де олай емес сияқты. Ал сонда не? Жауабы жоқ... Тек қана үздіктіретін,

жанға маза бермейтін бір сағыныш бар жүректе. Сағынады ақын, аңсайды әлденені... Адам көңіл-күйінің бір терең, нәзік иірімі... Иә, шынында да адамдар дүниеде қолға ұстатпайтын, көзге көрінбейтін бір белгісіз, сәулелі үмітті аңсап жүретіндей... Өмір сонысымен қызық, сонысымен мағыналы, бәлкім!

Аңсарың таусылмасын, жан-жарың, балаларың аман болып, сәулелі үмітің алға бастай берсін, қара нардай Қорғанбек, қарағайлы қара ормандай Қорғанбек!

Қарағай

(Қорғанбекке)

Зеренді көлді жағалай,
Көмкере біткен қарағай.
Көркіне көңлі мас болып,
Керілген кербез ағадай.

Дыңылдап ырғақ санамай,
Самалды сүйген саралай.
Серуендеп еркін сенгірге,
Секіріп шыққан баладай.

Тас жарып өскен толағай,
Бойлаған көкке қарағай.
Шайырлы иісі бұрқырап
Қайқайған төре- қарадай.

Құмары күндіз тарамай
Тұнжырап түнде қалардай.
Сәулеге бөлеп сезімді,
Күмістен сырға тағады ай.

Зеренді көлді жағалай
Мүлгіген қалың қарағай.
Түбіне көлдің үңіліп,
Көп ойға батқан данадай.

Тоқтаусыз уақыт ағады-ай
Куә боп оған қалады-ай.
Көк мұнар мұңға малынған,
Мәңгілік жап-жас қарағай!

Арман дүние-ай...

Талғат туралы бір-екі ауыз сөз айту мұнша қиын болар деп кім ойлаған!

Биыл ғана алпыс үш жасқа толып, зейнеткер атанса да, қызметінен қол үзбей, Еңбекшілдер аудандық пошта торабын басқарып жүріп жатқан.

Қырық жылдан астам уақыттан бергі адал еңбегі лайықты бағаланып, аудандық мәслихаттың шешімімен «Еңбекшілдер ауданының құрметті азаматы» деген атақ беріліп еді. Тәуелсіздік күнінде тапсырылады екен, тойлаймыз деп қуанып жүрген ...

8 қараша күні таңертең жұмысқа барғалы жатып, аяқастынан, бір-ақ сәтте бақиға өте шықты. Жай қыңқыл-сыңқыл болмаса, өмірі шындап ауырдым деп дәрігерге барып көрмеген адам. Жүректен...

Төбеден жай түскендей боп қала бердік...

Міне, енді қырқы ...

Жарықтық Талғат жездем елінің сүйкімді, сыйлы азаматы еді. Көңіл айта келген кісілер «Талғатпен бір кездесіп, бес-он минут әңгімелесіп, әзілдесіп қалсақ, біразға дейін жанымыз рахаттанып жүруші едік! Талғат өмірден өтті, енді арамызда жоқ дегенге сене алар емеспіз!» десіп, қимастық сөздерін айтып жатты. Белгілі журналист, ақын Бакберген Амалбек Талғат Досымбеков алпыс жасқа толғанда «Егемен Қазақстан», «Арқа ажары» газеттеріне жазған мақаласын «Жан-жағын жадыратып жүретін жан» деп атауында біраз мән жатыр.

Ол өзінің азаматтық парызын адал атқарды. Қай салада болса да, жұмысына жан-тәнімен беріліп істейтін. Онда бір үнемі биікке ұмтылып тұратын арманшылдық, өмірге құштарлық бар еді. Қайнап жатқан қызметтің бел ортасында жүріп, қоғамдық міндетін орнымен, артығымен атқара жүріп, айналасындағы адамдардың мұң-шерін бөлісуге де, көңілін көтеріп, демеп, сүйеп жіберуге де үлгіретін.

Талғат жездем алпысқа толғанда:

Өмір-өзен ғой,
Адамдар қонақ кемеде.
Уақыттың желі тоқтауға сірә көне ме,
Сексенбай атаң, Мәнзила апаң мәпелеп,
Көтеріп еді бота деп сені төбеге.
Аруақты жерден, әулетті елден өркендеп,
Қазақы орда,
Көнеден алдың өнеге...

Сақтаған дінін,
Тілі мен дәстүр, салтымды,
Степняк біздің атақты жер ғой,
Тонналап алған алтынды,
Алтыны қайда, кеткен бе көшіп дегенде,
Міне деп айтам,
Алтындай жарқын халқымды!

Өсетін елдер бір-бірін сыйлап ардақтар,
Еңбегін ердің сарапқа салып салмақтар,
Емес пе нағыз самородный сары алтын,
Жарықтық Ғазиз,

Сапура менен Талғаттар!

Солдатқа барып,
Шөл кезіп құмнан аттадың.
Көк шаймен басып түркімендердің аптабын.
Содан ба екен, әйтеуір ыстық болатын,
Кушқадан жазған Кеңащыға сәлем хаттарың!

Жұмысқа кірдің алатын бүркіт төстеніп,
Әкімдер менен әпкеме ғана честь беріп.
Фотокорр болып түсірген өзің суреттер
Шежіре ғұмыр, тарихи нағыз естелік!

Жігерің менен білігіңді билік таныпты,
Қызметтің түрлі қиырына да салыпты.
Баспахананы,
Поштаны түгел реттедің,

Бір тиын жемей, басқардың Халық банкті! – деп жазған өлеңімде оның өнегелі өмір жолының сәулесі бар.

Біз жезде-балдыз болғалы қырық жылдан асып бара жатыр екен. Егіздің сынарындай болып кетіп едік. Әр кездескеніміз бір хикая, жарасымды әзіл-қалжың, өлең-жыр еді. Оның біразы менің «Деген екен» атты кітабыма еніп, Талғатты өмірі көрмеген кейбір оқырмандар оның есіміне сырттай қанық болып жататын.

Біздің елге келген сапарында Ғафу Қайырбеков ағамызға, жарықтық Ғафекеңе: «Ауылға келгелі Алматының жартысын жоқтатпай, жанымнан табылып жүрген жайсаң жездем Талғат!» деп таныстырғаным әлі есімде. Дәмдес болып, бір күн мәжіліс құрғаннан кейін жездемнің жақсы қасиеттерін дәл таныған көреген ақын «Өмір оттары» атты кітабына:

Жігіттің ең жақсысы жан аңсары,
Арман-ау соған көңіл жалғасқаны.
Баяштың сүйенетін бәйтерегі –

Аман бол, айналайын Талғат сары! – деп ағалық көңіл, разылықпен ақ тілегін жазып беріп, бір көтеріп қойған.

Оның өмірге құштарлығы сондай, жан-жақты адам еді. Ағайын-туыстың ұйтқысы, бауыр-туыстарының қамқоршысы болатын. Кітап, газет-журналды мүмкіндігінше қамтып оқып, әр саладан хабардар болып жүретін. Спортқа да қатты қызығатын, дойбыдан, шахматтан, мылтық атудан облыстық жарыстарға да қатысып, жүлдегер де болған. Тіршілікте жілік соғу, гир көтеру, қарт ойнау сияқты сайыстарға да қызу араласып, бәсекенің көрігін гулете қыздырып, өзінің табиғи тура қойылған саңқылдаған даусымен жұртты еліктіріп әкететін. Қызақыза келгенде, домбыраны ала салып, келсін-келмесін суырып салып өлең шығаратын және оның өлеңдері баяғы аңыз болған Қиясбайдың өлеңіне көбірек ұқсаңқырап кетіп, жұртты қыран-топан күлкіге батырып, думан-тойда көңіл көтеруге әбден жарап жататын. Сұлушаш апайымыз екеуі туған-туыс, жолдас-жоралардың той-томалағын қол ұстаса басқарып та жүре беретін, және пәлен сағат, тіпті құдалықтарда бірнеше күн тік тұрып жасаған қызметтеріне көк тиын да алмайтын, тіпті ол туралы сөз де болмайтын. Және соның бәрін рахаттана жүріп жасап, ойын-тойдың гүлі мен сәніне айналған, қос аққудай жарасқан,

шын ғашық болып қосылған апа-жездеміз елдің шынайы алғысына бөленуші еді. Сол ризашылық, шынайы құрметтерін көрсеткен қалың ел, берісі аудан мен облыс, арысы Астана мен Алматыдан келген туған-туыс, құда-жегжат, дос-жаран қабырғасы қайысып, Талғатты ақтық сапарға шығарып салды. Алладан рахмат, пайғамбардан шапағат, Талғат жездеміздің жаны жәннатта болсын, артында қалған бала-шаға, немерелеріне, бауыр-туыс, ел-жұртына жақсылық, ғұмыр берсін!

СҰХБАТТАР

«Ешкімнің биігіне таласпаймын, Өзімнің жолым жатыр тарау-тарау...»

Өткен жұма күні редакциямызда болған жүздесуге Көкшетау халқының ардақ тұтып, мақтан ететін аяулы перзенттерінің бірі, айтыс өнерінің дүлдүлі, манасшы, жазушы, сатиралы драматургия жанрында жемісті еңбек етіп жүрген қаламгер Баянғали Әлімжановты шақырған едік. Осыдан 11 жыл бұрын гүл шырайлы ару Алматыдан, өзін алақанына салып аялаған аға толқын зиялы қауымнан, құрбы-құрдастарынан жыртылып айырылғандай болып, кіндік қаны тамған Еңбекшілдер ауданына, оның ішінде Кеңашы ауылына табан тірегенінен дүйім ел хабардар. Сөзін де, ісін де әмсе жүрек әміріне бағындыратын Баянғали бауырымыздың осынау қадамының өзі-ақ оның перзенттік ақ-адал болмысынан сыр айтып тұрғанын былайғы жұрт біле бермейді. Сондықтан, әуелден шын сөйлейтін, сыр сөйлейтін Баянғали бұл жолғы сұхбатын сол бір қадамы хақындағы әңгімеден бастады.

– Мен әке-шешемнің сүт кенжесімін. Алдымда үш апайым, екі ағам бар-тын. Солардың аялы құшағы мен нұрлы мейіріміне жан жүрегімді тосып, еркелеп жүрген шағымда сол дәуреннің бас айналтып, көңіл елтіткен қызығынан күрт айықтырған ауыр жағдай болды. Ол – анамның айықпас ауыр дертке шалдығуы. Ести салысымен Көкшетауға келіп, Мұрат Калинин деген дәрігер азаматпен сөйлесем, ол кісі: «қатерлі ісік ауруы, көп болса, бір жыл өмірі қалды» дейді. Анығын ашып айтуды сұраған өзім едім. Сең соққан балықтай сенделіп қалдым. Кеңашыдағы үйге келсем, өмірдің көп тауқыметі жігерін жасыта алмаған, сырт көзге біртоға момын, бірақ қайратын ішіне жинайтын арыстай әкем жарықтық қосағының қайғысынан мүжіліп -ақ қалған екен. Өншейін сыр бермей, қайраттанған болады. Бірақ бүкшиіп, бір үйде жалғыз қалғанын көріп, жүрегім ауырды. Алматыға қайтып келдім де, келіншегім Әлияға айттым. «Жер жаннаты Жетісуды – туып-өскен алтын бесік төркін жұртымды қайтіп қиып кетем» деген жоқ, бірден Көкшетауға көшіп баруға келісім берді. Аңқылдаған ағайын ақ пейілін мұнда да танытқан; сол кездегі «Көкшетау правдасының» редакторы Жанайдар Мусин ағамыз мені осы газеттің Еңбекшілер ауданындағы меншікті тілшісі етіп жұмысқа қабылдағанын білесіздер.

... Анам болса күнен-күнге сөніп бара жатты. Бірақ, тумысынан өр, намысқой, есті еді, қашан демі үзілгенше сол қасиеттілігінен айнымады.

– Құлыным, жұмысың қағаз ісі ғой, бірде алда боларсың, бірде артта боларсың, оған ренжіме, – деді маған. Сонсоң:

– Кешегі кәмпеске кезінде бір үш ағайынды жігіт болыпты. Балапан – басына, тұрымтай – тұсына тоз-тоз болған шақта ағасы кенже інісіне айтқан екен:

Қарағым, айналайын, інішегім,
Алдымда екі ағам деп сенуші едің.
Мал-мүлкің бір өзіңе қалды қарап,
Шырағым, тастағайсың еріншегің!

Сол айтқандай, сүт кенжем – әке ордасының ендігі адалбақаны өзіңсің, тек арақ деген өзәзілден аулақ бол, – деді.

Үшінші айтқаны, жан қосағы әкем болды:

– Мені аттандырған соң егер орныма біреуді кіргізем десе, әкелгізбе, – деп бір-ақ түйді.

Әкем жарықтық та қосағының өсиетіне қылдай қиянат қылған жоқ, анамды арулап қойғаннан кейін де тоғыз жыл бізбен бірге тұрып, өз қолымыздан ол кісіні де құтты жеріне қондырдық. «Балаларыммен бала болып отырамын» деп, үйленбеді.

Әкем төсек тартып жатқанда, қызмет бабымен Қырғызстанға кетіп едім. Үйге келсем, келіншегім Әлия әкейді аппақ қылып жуындырып ақ төсекке салып нәрестедей аялаған екен. Әкем: «Құлыныма, Әлияма рахмет!» деді. Әке тағдыры мені әркез толғантады. 1995 жылы Алматыда өткен айтыста;

Менің әкем Тақанның,
Ерлігі көп айтатын.
Жау тылынан тіл іздеп,
Түн ішінде жортатын.
Тоғыз танк талқандап,
Таң атқанда қайтатын.
Бейбітшілік заманда,
Қолтықтап-ап шалдарды,
Бір телешке шөп сұрап,
Конторға қарай жортатын.
Сөйтіп жүрген батыр шал,
Менің шешем Бәтима
Марқұмнан жаман қорқатын.
Менің әкем Тақан шал,
Фашистке ойран салыпты.
Берлинге дейін барыпты,
Қиратушы ед оны да,
Қырық шақырым қалғанда,
Соғыс бітіп қалыпты.
Гитлер менен Геббельс,
Тақаң келсе болмайд деп,
Жағдай енді оңбайд деп,
Атылып өліп қалыпты.
Менің әкем секілді
Қара шалдар жасасын,
Халық қылған халықты! – деуімнің мәнісі осында.

... Әкейді құтты орнына қондырған соң ана жылдары Кеңашыдан Көкшетауға көшпекші болдық. Шындап шашылсақ, қаладан бір баспана сатып алуға болар еді. Бірақ атымды сатып, өнерімді саудалап, билік басындағылардан сауға сұрауға бармадым. Осыдан 11 жыл бұрын Алматыдан Көкшетауға аттандырып тұрып қайран Ғафаң, Ғафу Қайырбеков марқұм:

– Мен сені балам Бақыттан кем көрмеймін, – деп еді. Сонсоң ағалық ақ мейіріммен батасын беріп:

Махаббат, шапағатты қатар жинап,

Қайтарсың аман-есен өз ұяңа, – деген.

Ғафаңның дуалы аузынан шыққандай, Кеңашы маған қайырсыз болған жоқ. «Махаббат пен шапағат тапқан» құтты мекен болды. Өзім Степнякта, Бұлақбасында туғанмын. Бірақ қайран елдің құшағы кең, мейірімі мол; сол бауырмал аңқылдаған ақ пейілмен Кеңашының жомарт көңілді қауымы бізді осы жолы қимастықпен Көкшетауға аттандырып салды.

Баянғали Әлімжанов есімі аталған жерде көз алдыңа айтыстың ақтангер тұлпары елестейді де, асау арынды, қуатты ақын жыр сәйгүлігінің жалына қол артып, аяғын алтынды ердің үзеңгісіне аяғын іліктірер-іліктірместе жүйткі жөнелетіндей сезіледі. Сондықтан ендігі сұхбат айтыс өнері төңірегінде өрбіді.

– Мен айтысты тұңғыш рет 1980 жылы теледидар арқылы тамашалаған жанмын. Ол кезде айтыс ақыны атанып, жыр додасының ортасында жүремін-ау деген ой болған жоқ. Тек Алматыда сөз қадірін танитын текті ортаның тентегі атанып жүрген балаң кезімде реті келіп қалғанда ойымды өлеңмен суырып салып, айтып тастайтын шақтар болушы еді. Сол қылығым күндердің күнінде Мәдениет министрлігінде жұмыс істейтін Шәрібек Алдашев ағамыздың құлағына жетіпті. Әуелі «Айтысқа түс» деп қолқа салды. Көнбедім. Одан кейін «Аққу» кафесіне алып барып, екеуара көңіл хошы кемеліне келді-ау деген тұста: «Сен айтысқа түсуге қорқып отырсың» деп салды. Намысқой, шамшыл мінезімді жақсы білетін болу керек. «Қорқақсың» дегеннен артық қорлық бола ма? Сол сол-ақ екен, көнбей отырған басым Шәрібек ағайдың құрығына қайтіп ілінгенімді білмей де қалыппын. Бірақ соның аяғы жаман болған жоқ.

«Айтыс» атты аруақты өнер әлемінің алтын босағасынан «Алла, жар» деп осылай аттаған Баянғали – қазір оның төріне озған текті өнер иесі. Ұлттық айтыс өнеріндегі дара дарын. Өзі айтқандай, сонау 1980 жылдан бастап күні бүгінге дейін 154 рет айтысыпты. Соның ішінде неше дүркін бас жүлдеге ие болған, 16 рет ат мінген. Бас жүлдеге әбден лайық болса да, қазылар алқасының қаламы мүлт кетіп, одан қағылып қалған кездері де жоқ емес. Сондай өкінішті сәттердің бір куәгері – мен өзіммін.

... 1992 жылы Тама Есет батырдың 325 жылдық тойына арнайы шақыртумен Ақтөбеге барғанбыз. Ақтөбеліктер осы айтулы тойдың құрметіне алдында тағыз бір айтыс өткізген. Онда біздің Баянғали бас жүлдені жеңіп алған.

Тойдың атаулы күніне әбден сайланған айтыскер топты жыр бәйгесіне тағыз бір салып, Тама Есет батыр аруағын тағыз бір дүр сілкінтпек ойлары бар көрінген. Айтыс жүріп жатыр. Қазылар алқасының құрамында мен де отырмын. Батыстың жарқыраған, шаңытқан ыстық шуақты аспанының астында айтыс додасын тамашалаған ақтөбеліктер аңызға қаталаса да табан аудармай, күні бойы тапжылмастан отырды.

Төкпе жыры көпшіліктің көңілінен табылатын, аруақты өнері дүйім елге рух беретін Баянғали сол жолы да өз биігінен табылды. Алайда, амал не, ұпай санын есептей келгенде, бас жүлде басқаға тиді. Пікірімді ішке түйіп, қатар отырған «әріптестерімнен» – қазылардан Баянғалиға қаниша ұпай бергенін сұрастырдым. Көпшілігінің ұпай саны – өзімнің қойғанымдай. Ең жоғары ұпай. Сол арада қазылар берген ұпай санын жинап алып қорытындылайтын есепшіден бір қулықтың өтіп кеткенін жүрегім сезді. Тегінде: «Алдындағы айтыста бас жүлдені алған, соған риза болсын» деп, амалға барған болуы керек. Соны салмақтаған соң-ақ: «Бір тойда екі жарлық жүрмейді; Баянғали бас жүлдені алдыңғы бәйгеде топты жарып алып кеткен. Бұл жолы ол тіпті жүлде тимесе де саңлақ; біз өкпелемейміз, – дедім. Расында да сол жолы жұртшылық көрер көзге жасалған осы қиянатқа қатты шамырқанды. Сондықтан өз әділетсіздігі бір бүйірінде жатқан той иелері кінәсін жуып-шайып, Баянғалиға ықлас-пейіл көрсетіп жатты. Ал Баянғали өзінің ежелгі мәрттігіне басып, сол айтыстан алған жүлдесін Монғолиядан келген бір ағайынға тарту етті. Бұл – өзім шет жағасын байқаған жалғыз жайт. Ал осынау 14 жыл ішінде ақын түйген сыр, ақын сезген ақиқат, ақын ақтарған ағыл-тегіл, көл-көсір жыр маржаны қанишама!

– Айтыс бейнеті мен зейнеті қоса өрілетін киелі, аруақты өнер, – дейді ол. Және таза ұлттық, биік мәдениеттілікті қажет ететін, сүйегі асыл өнер. Сондықтан, ол шын мәнінде өлең-жырдың ақ-адал бәйгесі болуы керек. Айтысқа құдіреттің күшімен еніп, жүрегімен, бар болмысымен жанын салатын ақынның айтыстан кейін қалпына келуі оңай емес. Ал айтыстан табатын жан рахатың, ләззатың қандай! Сондықтан, осындай асыл текті өнерді бақталастықтың, басараздықтың, алауыздықтың жолына айналдырмау керек. Халық айтысты ақиқат сөз айтылатын алтын тұғырға балайды. Сондықтан ақын аузынан аталы, ірі сөз, кесек мінез, мәрттік пен тектілікті көруге ынтық. Қазақтың бүгінгі тамашасы, көңілашар алданышы, әдемі әсерге бөлейтін, рух беретін, үміті мен сенімі тоғысатын айтыс өнерінің қасиетті босағасынан аттайтын ақын осыны ақыл-парасатымен сараптаса laзым. Қазір біз, менің замандастарым, алдыңғы толқын легіне кірдік. Енді «жастарға бердім батамды» дегендей, кейінгіге үмітпен көз тастайтын кезге де шүкіршілік, жақындап келеміз. Оразалы Досбосынов, Бекарыс Шойбеков, Мұхамеджан Тазабеков, Аманжол Әлтаев сынды ылдидан шапса өрге озған, құлашы кең, от ауызды, орақ тілді жастар легі келеді. Мен соған қуанамын. Соңғы рет М. Әуезовтың 100 жылдығына орай басталған, бірнеше кезеңмен өткізіліп келе жатқан телеайтыста мені Оразалы Досбосыновпен бірге салды. Үш мың көрермен тамашалап отырды. Сахна төрінде бас жүлде – қызыл түсті жеңіл автомобильді көлденең тартып қойыпты. Намысқа басып, «Бас бәйгені сен алуға лайықсың» деп емеуірін танытқан қазылар да болды. Бірақ адалынан ақтарылсам, ел күйзеліп, аш-жалаңаш отырған осындай кезде алабөтен мырзалық көрсетіп, жүлдеге машина тігудің өзі көңіліме жақпады. Екіншіден, дүние көздің құрты ғой. Адам пенде, бірде болмаса бірде сол пендешіліктің жетегінде кетуі ғажап емес. Ендеше халықтың рухани жүгін көтеретін, адалдық пен тазалықтың, азаматтық ақыл-парасат, ірілік пен асқақтықтың туын көтереді деп үміт артып отырған баладай аңғал сенгіш ақын қауымды дүниеге бола бір-біріне алакөз етудің, жүз-жүзге, ел-елге бөліп, алауыздықтың дәмін себудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Сондықтан да жас жағынан алғанда баламдай Оразалымен сөз

салыстырып жатуды бойыма мін көрдім. Оған жолымды бердім. Ақын Ербол Ханбатыров және басқа да көп кісі, әсіресе жас ақындар, қолымды ұстап, разылық білдіріп: «Сіз өз биігіңізде қалдыңыз!» дегенді айтты. Оразалыға жол бергеніме жоғарыда айтқан үш мың көрермен куә.

Шын жүйіктің жүлде, атақ алмаса да шоқтығы әмсе биік. Ең әділ қазы – халық жүрегінің төрінен орын алып, соны өмірінің бас бәйгесіне балаған Баянғали Әлімжановқа күні бүгінге дейін «Халық ақыны» деген атақ та бұйырмай келеді. Журналистер әңгіме барысында осы мәселені де қозғады.

– Баяғыда «Халық жазушысы» атағын алғанда марқұм Тахауи Ахтанов: «Пережитки социализма» деген еді. Сол айтқандайын, хас өнердің нарқы мен парқын халық өзі біледі, бағасын халық өзі береді.

Талант атақ-даңқпен өлшенбейді. Баянғали Әлімжановтың «Халық ақыны» атағына екі-үш дүркін ұсынылғанынан хабардар едік. Бірақ сол құжаттардың ізі құрдымға сіңіп зайып болуы таңдантады. Ер мерейі – ел мерейі. Халық ақыны Көкен Шәкеев ағамыздың ізімен енді Баянғали да «Қазақстанның Халық ақыны» атанса, көптік етпесі хақ. Өйткені, Баян бауырымыздың алмастай жарқылдаған сан қырлы хас асыл өнердің иесі екендігі әмбеге аян зой. Баякеңнің қайталанбас қасиеті оның әлемдік эпостың інжуі «Манасты» меңгеруінен де аңғарылады. Біз сұхбат үстінде: «Манастың қазақ перзенті Баянғали Әлімжанов қалай дүнеге келді?» деген сауал қойдық.

– Осыған орай 1986 жылғы желтоқсан дүрбелеңінен кейінгі бір оқиға ойға оралады. Әнші Бекболат Тілеухановты, ақын Әбубәкір Қайрановты және мені комсомолдың Орталық Комитеті шақырып алып, тапсырма берді. ҚазМУ-не барып, студенттермен кездесу өткізуіміз керек. Үшеуіміз ақыл қостық. Жасып қалған жастарға қайрат берудің амалын ойластырдық. Әбубәкір «Дауыл», «Қасқыр» дейтін өлеңдерін оқитын болды. Бекболат Ақтамбердінің толғауын айтпақшы. Ал мен «Манастан» «Манастың Көкөтай ханның асына келуі» деген жырын толғамақ болдым.

Мен «Манасты» М. Әуезовтің редакциясымен жарық көрген үш томдығы арқылы бала кезімнен бастап білемін. Манас – содан бері менің жебеуші пірім, рухани серігім. 1995 жылы Манастың мың жылдығына үкімет делегациясы құрамында Қырғызстандағы тойға қатыстым. Назарбаев бастап апарды. Оның алдында 1993 жылы «Манасты» жырлаушылардың арасында өткізілген халықаралық сайыста бәйгеге тігілген үш бас жүлденің бірі – ақтайлақты қырғыз бауырларымыз маған берді. Оны Бішкектегі Қазақстан елшілігіне байлап кеттім. Жоғарыдағы «Манастың Көкөтай ханның асына келуі» деген жырын Манастың мың жылдығы құрметіне Алматыда 1995 жылы өткен, Ғылым академиясы ұйымдастырған конференцияда Шыңғыс Айтматовтың алдында жырладым. Шыңғыс аға «саған шоң рахмет!» деп, қолымды алды. Зейнолла Қабдолов ағамыздан «қазақ па, қырғыз ба?» деп сұраса керек.

Баянғалидың тереңінен маржасан теру үшін бір мақала тым аздық етеді. Сондықтан әңгіме арнасын оның тағы бір қырын қамтып қалу мақсатымен, Ш. Хұсайынов атындағы музыкалық-драма театрындағы қызметіне қарай ойыстырдық.

– Мұратбек Оспанов ініміздің шақыруымен Шахмет Хұсайынов атындағы музыкалық-драма театрына орнығып жұмыс істеп жатқан жайым бар. Осында келгелі бір драмалық туындымды жұртшылық назарына ұсынып үлгердім. «Құдалық» деп аталатын бұл комедияның өмірге келуіне Мұратбек ініміздің өзі

қозғау салды. Бірде ол: «Осы біздің ұлттық» деп айдар тағып жүрген салт-санамыздың арасында тозық дәстүрлер де аз емес-ау. Соны «Құдалық» арқылы бір көрсетіп берсеңіз қайтеді?» деген болатын. Ол өзімнің ойымда да жүр еді. 1995 жылы осы тақырыпқа сатиралық поэмалар бастап қойған болатынмын. Құдалық тақырыбына арналған өлеңдерім де бар. Мұратбек екеуіміз ой өре бастағаннан-ақ, сол жерде болашақ сахналық туындының жеке эпизодтары келе бастады. Бас-аяғы елу күн ішінде комедияны аяқтап шықтым. Бір ай дала жүзін көрген жоқпын, бейнетім зая кеткен жоқ. Спектакль премьерасы табыспен өтті. Қаламақы алған жоқпын. «Театрға сыйлығым» деп жас ұжымға байладым.

Елге айтыскер ақын ретінде танымал болғандықтан, ұлттық айтыс өнерінің алтынды туын көтерген ұлы Біржан салдың ұрпақтарына ағалық ақ тілегімді арнағым келеді. Көкше жерінде қазір Көкен аға бастап, Ерік Асқаров, Құдайберлі Мырзабеков қостаған қуатты топтың ізбасарлары, өнердің жас өркендері өсіп келеді. Олар Қайырлы Ғафуров, Берік Нұрғалиев, Қанат Қыдырмин, Бақытбек Нұралин. Өлең мен өнерге таласы бар жас өрендерге ақ жол тілеймін.

Райхан Сейітова.

«Көкшетау» газеті. 22 мамыр, 1998 жыл.

Баянғали: «Айтысқа 156 рет шыққан екенмін...»

Қазіргідей өтпелі кезеңнің бар ауыртпалығын иықпен көтеріп, еңсесін түсірмей, байбаламға салынбай, қайта ел рухын көтеруге ұмтылып, қолынан қаламын тастамай жүрген қазақ жазушыларының бірі – Көкшетаулық Баянғали Әлімжанов. Анау жылдары айтыстың жалауын желбіретіп, сатираның да садағын асынып көрген, қазақ драматургиясында да дарынын сынап, қырғыздың «Манасын» майын тамызып «ырлайтын» Баянғали – сегіз қырлы бір сырлы жігіт. Жазушының Маңғыстауға жолы түскенін пайдаланып, біз онымен өз оқырмандарымызды таныстырып өткенді жөн санадық.

– Баянғали, Маңғыстау өлкесіне бұл алғаш қадам басуыңыз емес шығар? Алдымен келу сапарыңыз туралы білсек.

– Маңғыстауға анау сексенінші жылдары марқұм Кемел Тоқаевпен бірге келгем. Жалпы, Маңғыстау жайлы, оның азаматтары жайлы бір кісідей білем деп ойлаймын. Анау Дүйсенбі Әріпов сияқты ағалар есімде. Мынау Светқали Нұржанов, Сабыр Адаев, Ғалым Әріпов секілді талантты жастарды жақсы танып, сырттарынан тілектес болып жүремін. Біраз жігіттермен жолдас та болғам. Ал бұл жолғы келуім туысқандық сапар десем болады. Құда боп келіп жатқан жайым бар.

– Бұныңыз да дұрыс екен, оң болсын! Сізді қалың жұртшылық айтыс ақыны ретінде де жақсы біледі. Әсіресе, айтыс өнері халқымызға қайта оралған анау сексенінші жылдары көзге көп түстіңіз. 1993 жылы қырғыздан түйе мініп те қайттыңыз ба, қалай?

– Иә, ақын есебінде 156 рет айтысқа шыққан екенмін. Қуаныштан танаурап қайтқан да, реніштен талаурап қайтқан да кездер болды. Ал Қырғызстандағы «Ақтаңдай» айтысы 1993 жылы болды. Ол айтыста үш бас жүлденің бірін алып, түйе мініп қайтқаным рас. Тап сол жолы қайтарда Ақтөбенің Шалқар ауданына соғып Есет Көтібарұлының асындағы айтыста бас бәйгені жеңіп алдым. Сөйтіп,

бір сапарда екі олжа байланған кездер де болды.

– Бәке, сіздің жазушылық қуәлігіңіз іспетті болған «Ұя» деген повесіңіз жадымызда тартымдылығымен ұялап қалды. Одан кейін шыққан «Қиқыматтың хикаялары» атты сатиралық кітабыңызды оқыған әр адам өзінің бойындағы келеңсіздігін әлгі кітаптан көргендей мырс-мырс күлер еді. Одан беріде жазылған шығармаларыңыз болса таныстыра кетсеңіз.

– Одан кейін өзің айтқан сықақ кітаптың жалғасы іспетті «Қиқыматтың қиссасы» деген повесім шықты. Қазір өзім Ш. Құсайынов атындағы Көкшетау облыстық театрында сахна шебері боп қызмет істеп жатырмын. Сол себеп болды ма, соңғы кезде драматургияға ден қоя бастадым. «Құдалық» атты пьеса жаздым. Ол қойылып та жүр. Осы жүргенде «Қожанасыр» пьесасын жазу үстіндемін. Мақсат – елді рухани тазалыққа шақыру.

– Е, мынауыңыз үлкен жаңалық екен. Сіз бұрыннан халықтың көне жыр қазыналарын қадірлейтінсіз. Бір жылдары Алматы теледидарынан «Бес ғасыр жырлайды», «Халық қазынасы» деген хабарлар жүргізіп, халқымыздың біраз мұраларын елге басқа қырынан танытқансыз. Қазақты қойып, туысқан халқымыз қырғыздың көне классикалық «Манас» эпосының бірнеше тарауын жатқа айтатыныңызды, жақсы «манасшы» екеніңізді білеміз. Қазақ жырларынан қандай жыр есіңізде?

– Қырғыздың «Манасы» күрделі туынды. Ал біздің қазақта ондай жырлар көп-ақ. Оның қайсыбірін атап жатуға болады? Бір ғана «Бақтыбайдың Тезек төреге айтқаны» неге тұрады? Ақынға тән тапқырлық, төреге тән қатыгездік пен талғампаздық келбеті дейсіз бе, байлықтың салтанаты дейсіз бе, бәрін осы шағын жырдан көруге болады! (Баянғали осы жерде қолына домбыраны ала сап, айтқан жырын орындап берді!) Жалпы біздің қыр мұраларымыз алтын қазына ғой. Оны қастерлеу керек.

– Қазіргідей қиын кезеңде ел-жұртқа не айтар едіңіз?

– Не айтамын?! (Ойланып!) Біздің халық талай қиындықты басынан кешірген халық. Қазір де бір сондай қиын кезең болып тұр. Мұндай кезде өнер адамдары, мәдениет қызметкерлері, жазушы, журналист сияқты шығармашылықпен айналысатын адамдар халықтың рухын көтерулері керек. Сынбау керек! Қазір сынсақ, қайтадан еңсе тіктеу қиын болады. Рухымызды мойытсақ, онда ішіп, не наркоман болып кетуіміз мүмкін. Сондықтан елдің рухын көтеріп, қиындықты бөлісуге, қиыннан шаршамай жол іздеуге тиіспіз. Еңсеміз биік, бойымыз сергек болсын!

– Бәрекелді, Бәке, сіз осы әңгімеңізбен, жаңағы жырларыңызбен-ақ бізді рухтандырып тастадыңыз. Рахмет! Тынымсыз еңбек үстіндегі жігітсіз ғой, қайратыңыз қайтпасын!

Зәкіржан Кәлкенбаев.

Маңғыстау г. 1998 ж., 18 тамыз.

Халық қазынасының қайнар бұлағы

ҰРПАҚТАР САНАСЫНА АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЕРЛІК РУХЫН, КІСІЛІК, АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИТТЕРІН СІңІРЕТІН БІРДЕН-БІР ҚАЗЫНАМЫЗ – БАТЫРЛАР ЖЫРЫ, ТОЛҒАУ, ТЕРМЕЛЕР. ОЛАРДЫ БІЗГЕ ЖЕТКІЗГЕН ЖЫРШЫ, ЖЫРАУЛАР ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. ЖАҚЫНДА ОСЫНДАЙ ӨНЕРДІ ӨМІРІНІҢ ӨЗЕГІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН ЖАНДАРДЫҢ БІРІМЕН

КЕЗДЕСУДІҢ СӘТІ ТҮСКЕН ЕДІ. ТӨМЕНДЕ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ БІРГЕ ЖАСАСЫП, БІРГЕ ҚАЙНАСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІН НАСИХАТТАУДА КӨП ЕҢБЕК СІҢІРІП ЖҮРГЕН ЖЫРШЫ БАЯНҒАЛИ ӘЛІМЖАНОВПЕН БОЛҒАН ӘҢГІМЕНІ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

– *Рухани экспансия жүріп жатқан қазіргідей уақытта ұлттық өнерімізге тиісінше мән беріп, оны жаңғырту мақсатында үкіметке хат жолдағаныңыздан хабардармыз. Жерге қаратпас жайсаң ағаларымыз барда халқымыздың тауы шағылып, сағы сына қоймайтыны хақ. Әңгімені осы төңіректен бастасаңыз.*

– *Атадан қалған көне өнерімізді жаңа заманға үйлестіріп, сахнаның талабына қарай бейімдеп, халыққа қызықты етіп жеткізе білуіміз керек. Өйткені, бүгінде жасыратыны жоқ, көп халықтар мұндай ескі жыр айту өнерлерін жоғалтып алды. Ал, біздің қанымызда болғандықтан, Құдайға шүкір, өзімізбен бірге бұл өнер де әлі жасап келеді. Міне, осыған мемлекеттік тұрғыдан мән берілсе екен деген тілек білдіріп, Иманғали Тасмағанбетовтың атына хат жолдаған болатынымын. Мәдениетіміздің үлкен жанашыры, қайраткер бауырымыз бұл істі қолдап, соның нәтижесінде жақында Астанада тілдер фестивалінің аясында Республикалық жыршы-жыраулардың өнер байқауы өткізілгелі отыр. Бұл мемлекетіміздің жыршылық өнерге мән бергендігінің белгісі деп есептеймін.*

– *Бір кездерде теледидардан «Халық қазынасы», «Терме» деген цикл, жекелеген жыршылар туралы хабарлар беріліп жүрді. Бұл біздің зиялы қауымның бодан ел боп тұрған кездің өзінде тілімізді, дәстүрімізді жоғалтпауға бағытталған жұмысы еді ғой. Қазір осы мәселелерге тиісінше мән берілмей қалған сияқты ма, сіздің ойыңызша қалай?*

– *Сөзіңіздің жаны бар, ата-бабаларымыз аңсаған армандарына қолымыз жетіп, тәуелсіздік таңы атқан тұста осы батырлар жыры, мүлде ұмытылып, шетте қалып қойды демеймін, дегенмен теледидардан көп көрінбей кетті. Ал жыршылардың бас қосуы оқта-текте өте қалса, сол жүрдім-бардым, жеңіл-желпі ғана мән беріліп келгені ақиқат. Мысалы, 1999 жылы Астанада «Алпамыс батыр» жырының 1000 жылдығына арналған жыр кешіне, мен рухани мазмұнын айтпаймын, жыршылар жақсы жырлады, ұйымдастырушылық жағынан келгенде өте бір көңіліміз толмады.*

– *Рас, бір кездері қазақ ауылдарында кешкілік астан кейін бәрі бірдей домбыра алып айтпаса да, батырлар жырын әуендетіп оқып отыратын дәстүр болды. Біз содан ауызданып өстік. Ал енді, өз басым осы халық қазынасының қайнар бұлағынан сусындап өскенімді жеке бақытым деп есептеймін. Ұлтты ұлт етіп көрсететін, айшықтайтын жыр тұрғанда қазақтың тілі де жасай бермек. Тек осы өнеріміздің өріс алып, дамуына жағдай жасауымыз керек.*

– *Таяуда Қызылорда қаласында «Ғасырлар үні» атты республикалық жыраулар конкурсының өткенін, онда сіздің жұлделі орындардың бірін жеңіп алғаныңызды жыр сүйер қауым жақсы біледі. Осы конкурс жайында айта кетсеңіз.*

– *Бұған республикамыздың түкпір-түкпірінен 24 жырау қатысып, үш кезеңнен тұратын үлкен жарыс болды. Осында біраз жігіттер өз өнерлерін көрсетті. Соның ішінде бас жұлдеге бұл дәстүрді жалғап жүрген жақсы*

жыршылардың бірі, ақтөбелік жырау Демеубай Жолымбетов ие болды. Бірінші орынды Серік Жақсығұлов деген жас жігіт, ал екінші орынды Майра Сәрсенбаева мен белгілі алматылық жыршы Ақан Әбдуәлиев жеңіп алды. Мынау Майра деген – атасы Сәрсенбай жырау, әкесі Алшынбек жырау, өзі бала жырау. Көрдіңіз бе, дәстүрді қалай жалғап келе жатқандарын, өзінің бөлек мектебі де бар. Ал үшінші орынды жыршылық өнерді өмірлерінің өзегіне айналдырған семейлік Дүйсен Нығметжанов пен ақтаулық Амандық Көмекұлы бөлісті. Жалпы, Қызылорда бұл шараны өте жақсы өткізді. Олар қаланың орталығындағы Қорқыт ата монументінен бастап жыраулардың шеруін жасады. Сол күні екі жақ көшеге лық толы халық шығып, орталықта үлкен жыр кеші болды. Ашық алаанның ортасында жырладық. Мәселен, осындай шеруді Астанада өткізсе. Қазақ жыраулары, қазақ жыршылары, батырлардың жыры келе жатыр деген қандай жақсы! Мұны Қызылорда облысының әкімшілігі, мәдениет басқармасы және сол жердің азаматтары, әрине, үкіметтің қолдауымен өткізді. Алдағы болашақта осындай тамаша іс-шаралар елордамызда да ұйымдастырылады деп ойлаймын.

– *Терме, толғауларды домбырадан ажыратып алып, кейбір әншілеріміз эстрадаға салып, өзгертіп айтып жүр. Осыған көзқарасыңыз қандай?*

– Бұл дәстүрді бұзғандық емес, керісінше, мұны құптау керек. Өйткені, осы арқылы ұрпақтың санасына аталарымыздың сөзі жетіп жатыр ғой. Қандастарымыздың құлақтары жынды сөздерден гөрі, өз еліміздің құнды сөздерін көбірек ести берсе, одан қашпау керек. Қазір баяғы заман емес қой. Терме, жырларды адам бәленбай сағат бойы тындап отыра алмайды. Оған уақыт та жетпейді. Сондықтан, жұртты жалықтырмайтын жағын іздестірген жөн.

Бүгінде жапондар каратэсін, қытайлар кунг-фу – у-шуын айтады, корейлер таэквондасын танытып жатыр. Бізде таза сипаттағы ұлттық өнерімізді осы заманға лайықтап, үлкен бір рухани құрал ретінде қолдануымыз қажет. Өзіңіз айтып өткен «Халық қазынасы», «Терме» деген хабарлар циклін жандандырып, жаңаша түрлендіріп теледидарға шығару – кезек күттірмейтін жұмыстардың бірі. Сонымен бірге мектептерде Қобыландының, Алпамыстың, Қозы Көрпеш-Баян сұлудың мазмұнын тереңдетіп оқыту керек. Астанада өткелі отырған байқаудың негізгі мақсаттарының бірі де осы – жас кезінен балалардың санасына халық қазыналарын сіңіре беру. Өйткені, бұл дегеніміз рухани нұр ғой...

– *Өзіңіздің тікелей атсалысуыңыздың арқасында қаламызда ұйымдастырылып отырған байқауға сізден басқа тағы да кімдер қатысады деп күтілуде?*

– Бұған республикамыздың ең таңдаулы жыршы-жыраулары шақырылып отыр. Оған Алмас Алматов, Сардарбек Қожағұлов, Елікбай Исаев, Эльмира Жаңабергенова, Демеубай Жолымбетов, Майра Сәрсенбаева, 13 жасар қарағандылық Дидар Камиев және тағы басқалар қатысады. Осы арқылы ауыз әдебиетінің інжу-маржандарының ұмыт болмайтындығын, қайта келер ғасырдың қазынасына айналатынын айғақтағымыз келеді.

*Гүлбаршын Өкешқызы
«Астана ақшамы». 2001 ж. 11 қыркүйек.*

«Суып қалған қандарды, қыздырғалы келгенмін...»

Көзі ашық, көкірегі ояу қырғыз-қазақтың ішінде айтыс өнерінің ақтаңгері, жырышы, манасшы, драматург Баянғали Әлімжановты танымайтын кісі кемде-кем. «Елудегі ер – ел ағасы» демекші, сол ағамыз жақында елуге толды. Елуге ерен еңбегімен жетті. Үстіміздегі жылы, яғни мерейтой қарсаңында ақынның Көкшетау, Астана, Омбы, Новосибирск қалаларының баспаларынан «Әзіл шуағы», «Алаш пен Манас», «Ауылдың ақ самалы» кітаптары жарық көріп, оқырман қолына тиіп үлгерді. Осынау үш кітап Байекеңнің елге жасаған, өнерсүйер қауымға жасаған үлкен сыйы іспеттес. Қаламын қару еткен қаламгерді мерейлі жасымен құттықтай отырып, толайым табыстар тілейміз.

Кешегі Біржан сал бабасы секілді ел-елді аралап, жүрген жерін күлкіге көміп кететін Байекеңнің көргені, көкейіне түйгені көп екені айдан анық. Бүгінгі әңгімемізге ақынның бұрын айтыла қоймаған ой-пікірлері арқау болады.

– Баян аға, оқырмандарға айтар ойда жүрген түйінді пікірлер де көкейде бар шығар-ақ.

– Ондай ойлар бар. Солардың бірі – Біржан салдың бүгінгі жарияланып, ұсынылып жүрген бір суреті жөнінде. Партия-совет кезеңінде жоғарыдан «Біржанның суретін табындар» деген бұйрық түседі. Оның суреті салынды ма, фотоға түсірілді ме, жоқ па, ол беймәлім. Содан, тапсырма алып сасқан бір басшы өзінің үйіндегі әкесінің бе, атасының ба, біреудің ұлттық киіммен түскен суретін «Міне таптым» деп алып барған... Ал, оны көргендерден қалған естелік әңгімелерге қарағанда суреттегі Біржан мен мына Біржанның арасы жер мен көктей дерлік. Әуелі оның ұлы, кәдімгі «Теміртас» әнінің кейіпкері Теміртастың атқа отырғанда аяғы жерге тиетіндей алып денелі адам болғанын еске алайық. Қазір Бурабайда тұратын Біржан немересі, Теміртасұлы Мұхамедқали да еңгезердей ірі адам. Енді мен сізге Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов (бұрынғы Қызыл ту) ауданындағы Өндіріс ауылында тұратын Уәли Оразбаев деген ақсақалдан естіген әңгімемді айтайын. 1913 жылы Ресейде патшалық құрған Романовтар әулетінің таққа мінгенінің 300 жылдығына орай сол жақта бір күрес болатын болады. Содан Балуан Шолаққа қолқа салады. Ол айтады: «Менің жасым ұлғайып қалды, одан да Бәсентиін Оразалы палуанды апарындар, бір жықса, сол жығады», – дейді. Айтқанындай Оразалы палуан абыроймен оралады. Сол Оразалы айтып отырады екен, «Інісі, шәкірттері болып Біржан сал төңірегінде, жанында жүрдік», – деп. «Тұлғасы қандай еді?» – деп сұрағанда: «Біржан сал да мендей болып қалар, маған таяу еді», – дейді екен. Енді мен өз кезегімде Оразалының қандай болғанын анықтай түскім кеп, жанымдағы Ш. Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ драма театрының директоры Мұратбек Оспановты нұсқаймын: «Мына Мұратбектен қалай?». Олай дейтінім – Мұратбектің бойы –185 см, салмағы – 105 кг, ірі жігіт қой. Сонда Уәли Оразбаев мырс етіп: «Оразалының жанында Мұратбегің бала ғой!», – деп салған. Осыдан кейін Біржан атамыздың қандай болғанын ойлай берініз. «Орта бойлы, ақсары кісі еді» – деп жазып жүргендер, оның руының Ақсары болғанын арқау етіп жүрсе керек. Ал мүсінші, марқұм Төлеген Досмағамбетовтің Степняктағы Біржан бейіті басындағы және «Көкшетау» Мәдениет сарайы алдындағы екі ескерткішінің де бет-әлпеті әлгі ұсынылып жүрген суреттегіге келмейді. Небір ғаламат туындылар қашаған талантты Төкен Біржан бейнесін оның ұлы Теміртас кейпінен іздесе керек.

– Электрониканың, техниканың тұрмысымызға дендеп кеткен заманында

ата-бабамыздың көне өнерін ұстанып, жыр айтатыныңыз таңғалдырады. Және магнитофон мен теледидардың «наушниктерінен» құлағы тұнып, миы ашыған жұрт жырыңызды тамсанып отырып тыңдайды. «Батыр Баянды» не себепті жырлап кеттіңіз?

– Атам Әлімжан хиссашы, жырларды жатқа айтатын болыпты. Осы өңірдің жұрты Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамырын» кезінде менің анамның ауызынан естіген екен. Өзім 4-класс оқып жүргенде «Жазушы боламын» дейтінмін. ҚазМУ-нің филология факультетінде оқып жүрген кезім еді. Бір күні арнайы курс өткізіп тұрған Рымғали Нұрғалиев: «Мағжан Жұмабаев деген қазақтың великий ақыны болған. «Батыр Баян» деген поэмасын 1922-23 жылдары Ташкенттен шыққан «Шолпан» журналы басқан. Пушкин атындағы кітапханадан тауып алып оқуларына болады. Мағжан он бес жылдан соң ақталады» – деді, сосын маған қарап: «Сенің өзіңнің де атың Баян екен, сенің тауып оқығаның дұрыс», – деді. Расында да Мағжан он төрт жылдан соң ақталды. Ғұлама ұстазым бір-ақ жылға қателесіпті! Содан мен Пушкин атындағы кітапхананың сирек қолжазбалар қорынан «Шолпан» журналын, одан Мағжанның «Батыр Баянын» тауып алып оқып, көшіріп алдым. Төте жазумен жазылған екен. Поэма бірден қатты ұнады, одан ерекше әсер алдым. 1975-76 жылдардан бері жырлап келемін. Өдеби орталарда айтып жүрдім, осы поэманы біраз адам менің аузымнан естіп, танысты. Ол кезде жырын жырламақ түгілі, Мағжанның атын да атай алмас заман еді. Келесі әңгіме, Мағжан ақталып, «Батыр Баян» баспасөзде жарияланып, жұрттың еш қиындықсыз оқуына мүмкіндік туды. Енді оны жырлаудың жұртқа керегі бар ма деп ойлағам. Олай емес екен! Ата-бабадан қанына сіңген қасиет, қазақ үшін жырды жыршының аузынан естудің жөні бір басқа болып шықты. Бір сағатқа жуық айтылған әсерлі жырды жұрт тапжылмай ұйып отырып тыңдайды. Сондықтан, жыршылық өнерінен алшақтауға болмайды. «Батыр Баянды» менің орындауымда республикалық, облыстық радио, республикалық теледидар жазып алды.

– *Баян аға, енді «Манасқа» келейік. Кезінде Ғафу Қайырбеков («Е. Қ», 22-қазан, 1992 ж.): «Қазір Көкшетаудағы жас ақын Баянғали Әлімжанов сол «Манастың» бірнеше тарауын қырғыз тілінде керемет орындайды. Қайда жүріп үйренгенін Құдайым білсін. Қазақтағы манасшы-Баянғали сирек құбылыс. Ау, қанша туыс болғанымен басқа ұлттың бүкіл бір хиссасын жатқа айтқан кім бар? Орыстар мұны «феномен» десе керек» деп баға беріпті. Осы жайтқа қысқаша тоқталып өтсеңіз...*

– Бұл тақырып талай талданып жазылды ғой. Мен бүгін басқа қырынан келейін, қызықтарын айтайын. Қырғыздың Асанбек Иманбаев деген журналисі «Қырғыз мәдениетіне қатысы бар қазақ азаматтары туралы» марқұм Сәбира Майқанованы, Мұзафар Әлімбаевты және мені түсіріп, телехабар дайындаған. Онда мен «Манастан» «Көкетай ханның асынан» ұзақ толғағам. Ол кезде «Жұлдыз» журналында қызмет істеп жүрген кезім еді, қырғыздың бес қызынан хат келіпті. Алғыстарын жаудырып, ризашылықтарын білдіріп, келіп қайт депті (күледі). 1993 жылы Бішкекте «Ақтаңдай-93» деген айдармен Қазақстан-Қырғызстан ақындарының айтысы болды. Бас жүлдеге маған түйе мінгізді. Оны мен қазақ елшілігіне байладым. Сол айтыста «Манасты» айттым. Қырғыздар дүркіреп кетті. «Қазақтың Манасты айтқаны қызық екен», – десіпті. Сонда Мәдениет министрлігінің орынбасары, «Манас-1000» дирекциясының директоры марқұм Шерімбек Шаршеев мені құшақтап: «Манастың мың

жылдық тойына арнайы шақырамыз, келіңіз!», – деді. Кейін 1995 жылы халықаралық конкурсына қатысып, арнайы жүлдеге ие болдым. Қырғыз манасшылары Назарқұл, Асанхан, Ұрқаш, Қаба, Шабай, Базарбай, Анарбек, т.б. «Ой, азамат!» деп алақандарына салды. Мен оларға: «Бұл конкурстарың мен қатысқан соң халықаралық болды, әйтпесе өңкей қырғыз өздерің өткізсеңдер, қалай болар еді?» дедім қалжындап. Сол сапарда Алматыға соғып, Қазақстан Ғылым академиясында, «Манас» жырының мың жылдығына арналған үлкен конференцияда жырладым. Шыңғыс Айтматов ағамыз қолымды алып: «Саған шоң рахмет!», – деді. Арада біраз уақыт өткен соң «Манастың» 1000 жылдық тойына шақыру келді. Таласқа ұшып келсек – қарақұрым халық. Қол бұлғап, құшақ жайып қарсы алды. Манастың күмбезіне құран оқыдым. Үш қабатты киіз үй тігіпті қырғыздар – тамаша! Киіз үйлерді аралап келе жатқанымда: «О, Баянғали! Кел, «Манасты» айт!» деп бір қырғыз тележурналисі бас салды. «Ағаларым сөйлесін!» – деп мен ыңғайсызданып қалдым. «Манастың Таласында тұрып, «Манасты» айтпай кеткенің болмайды!», – деп ол да қадалып тұрып алды. Содан таудай ағаларымның ортасында, Таласта тұрып «Манасты» айттым. Тағы бір топқа таяп келсек, Қытайда тұратын ұлы қырғыз манасшысы Жүсіп Мамайды көрдік. Аппақ сақалды, жүзінен нұр төгілген кісі екен, келіп сәлем беріп, қолын алғанымда үлкен бір рухани тазалықты, қуатты сездім. Таныстым. «Көкшетауда көк моншақ деген ел бар ма?» – деп сұрады. «Оны білмедім, бірақ қырғыздар бар», – дедім. «Олар Абылай заманында барған қырғыздар ғой, ал көк моншақ тарихы арыда жатыр, сұрастырып көрші!», – деп бір қойды. Кетерде «Манасты» ұмытпай айта бер!» – деп, жақсы-жақсы тілек айтып, ризашылық білдіріп, батасын берді. Жалпы қырғыздың «Манасы» – 1000 жылдық тарихы бар ұлы рухты, ерекше қуатты мұра. Бала күнімде ерекше әсерге бөленіп оқып, радиодан тыңдағам, қатты ұнатқанмын. «Манасты» жырлау үлкен махаббат, сүйіспеншілік, қастерлеуден, ақ пейіл, адал ниеттен туған деуге болар.

– Сіз 215 рет айтысқа түсіп, оның 22-сінен бас бәйге – «ГРАН-ПРИДІ» жеңіп алған, жүлдегер атанған айтулы ақынсыз. Дегенмен, осы айтыс кездерінде өкінген, қиналған кездеріңіз болды ма?

– Болды. Айтыс кезінде ақиқат сөзінді бұрмалап, ойынды теріске шығарып, өресіздік танытатын қазылар да, қарсыластар да болды. Сондай жайттар өкінтеді-ақ! Мәселен, бір кездері әйелдер босанатын үйге барып босануы үшін ақша төлететін заң шықты. Мұны мен өрескел қателік, аналар үшін, ел үшін ауыртпалық деп түсіндім. Үйінде босанып, қиналған жас аналар барын естіп жүрдім. Сосын бес-алты мың адам жиналған стадионда өткен бір айтыста осы ақша төлеуді тоқтату мәселесін көтеріп, жанайқайымды былай деп жаздым:

Махаббат сонда дағы маздап жатыр,

Ғашықтар көк көрпені қозғап жатыр.

Роддомға төлер ақша таппаған соң,

Келіндер қой қорада қоздап жатыр.

Сөйтсем, қарсыласым «біздің қазақ – батыр халық, оларға роддом керегі жоқ, олар ақ қар, көк мұздың үстінде босана береді, сосын да балалары батыр болады», – деп бұра тартты. Өкініштісі, аяқ астынан менің сөзімнің мәнісіне ой жүгіртіп үлгермеген жұрт оның жеңіл-желпі ажуасына қол соғып, гуілдеп кетті. Шынымды айтсам, сол сәт ішімде бірдене үзіліп кеткендей болды. Мен ол пікірімді іліп әкетіп, үкіметке, Денсаулық сақтау министрлігіне сын айтады, деп

үміттенгем. Кейде тіпті басқа жағдай болады. 1999 жылы Ақтөбеде өткен Көтібар батырға арналған тойда көмейіме келіп қалған соң:

Көтібар қас дұшпанын еңіреткен,
Ел үшін қан мен терін төгіп өткен.
Аждаһадай ажалға қарсы шауып,
Қайтпаған қылыш пенен зеңбіректен! – дедім.

Сөйтсем, айтыстан кейін көпшіліктен біреу: «Көкшетаудың ақыны тым әсірелеп жіберді-ау, әйтпесе кім жалаң қылышпен қарсы шауып, женуші еді?», – депті. Сонда оған алқалы жиында бір ғалым, профессор бұлтартпас жауап қайтарыпты. Ол кездегі патша әскерінің зеңбірегі бес-алты рет доп атқаннан кейін қызып кетеді екен де, қашан суығанша атпай күтіп тұрады екен. Соны біліп алған Көтібар олар кідірген сәтте шын мәнісінде жалаң қылышпен ат қойып, шауып алады екен. Әскерилердің «Көтібармен соғысқанда зеңбіректі абайлап пайдаланыңдар, әйтпесе опық жейсіңдер» – деген тұрғыдағы архивте құжаттары сақталған екен. Мұны айтқан жаңағы кісі Үкетай Байжомартов деген өте бір зиялы, білімдар адам, Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге оқыған кісі екен. Бұл енді қыза-қыза келгенде аузыма Құдай салғандай деген сөз.

– *Айтыс ақыны, жыршы, манасшы болғаныңызбен, жазба әдебиеттен қол үзіп кетпегеніңіз кәміл.*

– Әрине. «Шешендік сөздер, шешілмеген сырлар» деген мақалам 1973 жылы мен II курста оқып жүргенімде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Мұнда билердің авторлығын тану жөнінде мәселе көтердім, ол пікірімді газет бетінде үлкен ғалым Балтабай Адамбаев қолдады. «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында, «Қазақ әдебиеті» газеттерінде қызмет істедім. Әдеби сындар, интермедиялар, сценарийлер жаздым. «Құдалық», «Қожанасыр» атты пьесаларымды Көкшетаудағы Ш. Құсайынов атындағы облыстық сазды-драмалық театры соңғы бірнеше жыл бойы қойып келе жатыр. «Құдалықты» Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік Ғабит Мүсірепов атындағы академиялық Жастар мен балалар театры қойып жүр. «Жынды Қаратайдың қасіреті» атты кітабым шыққалы Семей, Өскемен, Астана театрлары осы кітаптан алып, кей шығармаларымды сахнаға шығарып жүрген көрінеді. 2000 жылы «Қайран кемпір-шалдар-ай!» пьесасын, соңғы кезде «Жолбарыс пен Пони», «Алтын ноқта» атты балаларға арналған екі пьеса жазып, аяқтадым.

– *Баян аға, әсерлі әңгімеңізге көп-көп рахмет. Мерейтойыңыз мерекелі болып, өмірде де, өнерде де тек қана жеңіске жете беріңіз!*

*Сұхбаттасқан Серік Жетпісқалиев
«Алаш үні» газеті, 2004 ж. 23 қараша.*

«Тамырына балта шабылған ұлт өмір сүруін тоқтатады...»

– *Сізді мемлекеттік тіл мәселесі қанишалықты толғандырады?*

– «Қазақ тілінің болашағы бар ма, жоқ па?» дейтіндер бар. Ондайда «мен тұрғанда саспандар! Мен барда қазақ тілі де жасайды» деп жауап беремін. Бәріміз қазақтың баласымыз. Біз жүрген жерде ұлтымыздың да мәдениеті жасай бермек. Құдайға шүкір, қазақша сөйлейтін жастар жеткілікті. Олар ана тілінің ғұмырын кем дегенде 50-60 жылға ұзартады. Әрбір қазақ мүмкіндігі жеткен жерге дейін туған тілін тарату керек. Біз Кеңес үкіметінің кезінде оқыдық.

Менің елім – Көкшетау облысына қарасты Степняк қаласы. Әйгілі Біржан салдың туған жері. Мен 1954 жылы тың игеру тұсында дүниеге келгенмін.

Тың төсін тілген кезде түренімен,

Қазақтың қан саулаған жүрегінен.

Рас қой? Түп-тамырымызды қиратып, қопарып кетті. Ескі ата-бабамыздың зиратын асты-үстіне аударып тастады емес пе? Сонда ана тілінің мәселесі алғаш рет алдымыздан шықты. 60-жылдары домбыра «ескіліктің сарқыты» деп қараланып, ұлттық аспабымыздың дауысын естуге зар болып қалдық. Соған қарамастан, оқушы кезімізде «оллаһи-биллаһи» деп ант су ішетінбіз. Ата-ананың тәрбиесі солай еді. Мұсылман діні үйде отырып-ақ партияның ұрандаған саясатын жеңіп шықты. Бір күні қаладан ауылға қыдырып маңдайы торсықтай бозбала келді. Бәріміз қонақты айналсоқтап жүрміз. Ол айтқан сөзімізді түсінбейді. Балакөңіл қазақтың «қазақша білмеймін» дегеніне нанғысы келмеді. Бойымызды ыза буып, оны соққыға жыққымыз келді. Табиғи заңдылықтың бұзылғанын ішкі түйсігіммен сезінгендей болдым. Өйткені, жылқы кісінейді, ит үреді, мысық мияулайды. Сол сияқты қазақтың да қазақша сөйлеуі заңды деп есептейтінмін. Адам дүниеге келгенде ана тілімен бірге туады деп ойлайтынмын. Мектептердің өзінде қазақ балаларын әртүрлі ұлттармен бірге орысша оқыта бастады. Қазақ мектептері бірінен соң бірі жабылды. Степняктағы алты қазақ мектебінен ең ақыры бір-ақ мектеп қалды ма, қалмады ма, оның өзі белгісіз. Кейінгі жылдары мен мекен еткен Кенәшты деген таза қазақы ауылдың балалары орыс мектебінде оқытылды. Сондай-ақ, «қазақ мектебінде оқитын оқушылардың деңгейі төмен» деген түсінік болды. Қолымнан келгенше жақсы оқыдым. Осылайша, миығынан күліп қарайтын орыс ағайындардың пиғылына тойтарыс бердік. Ол заманмен салыстырғанда қазір тәуелсіз елміз. Қазақ халқының тарихи тағдыры ерекше. Қос қапталымызда азуын Айға білеген екі империя (Қытай, Ресей) тұр. Әйтеуір, Алла қолдап, аман-есен осы күнге де жеттік.

Үйде «Қазақ эпосы» деген кітап жатты. Оның ішіне жеті батырлар жыры кіреді. Қыстың ұзақ кешінде әкем Тақан әлгі кітапты оқиды. Алпамыс батырды зынданнан қашан шығарасың деп жылайтынмын. Балалармен төбелесіп, таяқ жеп қалсам, батырлар жырын оқып-оқып алып, қайтадан сонда барып есе қайтаратынмын.

– *Еліміздегі әскери оқу-орындарға батырлар жырын жаттатса, нұр үстіне нұр болар еді. Сонымен қатар, патриоттыққа үндейтін мақал-мәтедерді оқытып, қыл аяғы байырғы қару-жарақты бөліктеп тұрып жас жауынгерлердің көкейіне сіңіру қажеттігі сөзсіз...*

– Бұл күнде жастар кітап оқудан қалды ғой. Сондықтан, жырларды дискімен тындатып, артистерге ойнатқан әлдеқайда ұтымды шығатын секілді. Оның рухани құны өлшеусіз. Нағыз ерліктің, батырлықтың көкесі сонда жатыр. Бұрын телеарнадан ұлттық рухты оятатын «Бес ғасыр жырлайды», «Халық қазынасынан...» деген секілді хабарлар жүргіздік. Ал енді тәуелсіздік алған уақытымызда жастарды дала дәстүріне тәрбиелейтін телехабарлардың болмауы ұлттығымызға сын ғой. Бұл мәселемен талай жерге хат жаздым, талай жерге табан тоздырып бардым да. Жоғары жақтағылардың біреуі селт етсеші... Телеарналардың басында қазақ балалары төл ертегімізді, төл аңыздарымызды көрмей, білмей өсуіне мүдделі топтар отыр ма деп те қорқамын.

– Соңғы кезде әркім орайы келген салада жұмыс істеуге бейім. Армандап түскен оқуы жолда қалып, қаражаты дұрыстау әртүрлі қызметке ауысып кететіндер көп. Өзіңіз таңдап алған мамандық бойынша жұмыс істеп келесіз бе?

– Менің екі арманым бар еді. Бірі – жазушы болу, бірі – футболист болу. Мектепті тәмамдаған соң, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқуға түспек ниетім көп кедергіге ұшырады. Үйдегілер «Қазақ тілінің болашағы жоқ» деп кері тартты. Мен де оңайлықпен райымнан қайтпадым. Шешем мінезді кісі еді, «көңілі қалаған оқуына барсын» деп батасын берді. Мен оқуға түскен 70-жылдары ҚазМУ-нің журналистика мен филология факультеттері қазақ руханиятының ордасы болатын. Сол кезде Алматыда қазақша жалғыз мектеп қана болды-ау деймін. Жастар ұлтымыздың өткені мен болашағы жайында сөз қылып егілетін, өз-өздерін қамшылап ширатытын. Сол азаматтар егемендікке қол жеткен жылдары белгілі бір дәрежеде әдебиетіміз бен мәдениетімізге елеулі үлес қосты да.

М. Әуезов атындағы драма театрында Кенен Әзірбаевтың жүз жылдығына байланысты айтыс өтті. Бұл тұңғыш рет домбыра ұстап, айтысқа шығуым болатын. Сонда ана тілі туралы былай жырладым:

Еліңе қылған енбегің,
Мақтаусыз кетер деймісің?
Жақсылық қылсаң халқыңа,
Ақтаусыз кетер демісің?
Төгіліп тұрған текті тіл,
Жоқтаусыз кетер деймісің?!

– *Парсы елінде ардақты ақындарының ескерткішінің түбінде сол ақынның өлеңдері оқылып тұрады екен. Жырауларға қойылған ескерткіш қасына арнайы техникалық құрылғы қойып, неге жұртты жырмен сусындатпасақ деген ой келеді кейде...*

– Оны қойшы. Біз тірілерге жырлап алсақ та жаман емес. Ата мұрамызды насихаттайтын арнайы мемлекеттік бағыт-бағдарлама жоқ. Әлемде жыраулық өнерді зерделеуге деген құлшыныс байқалады. Француздардың ең соңғы жыршысы осыдан 150 жылдай бұрын көз жұмған. Қандай озық ел болса да, ұлттық мұрасынан айрылып қалып отыр. Қазір Еуропа елдерінде жыраулық дәстүр мүлде жоқ. Шығыстың өзінде санаулы елдер ғана ұлы өнерін сары майдай сақтап қалған жайы бар. Менің Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын жырлауым өте қызық болды. Ұстазымыз Рымғали Нұрғалиевтың айтуымен Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар бөлімінен «Батыр Баянды» алғаш оқығандағы әсерімді сөзбен айтып жеткізу қиын. Ол кез Мағжанның әлі ақтала қоймаған тұсы еді. Содан поэманы жаттап алып, домбыраға қосып айтып жүрдім. Мағжан Жұмабаевтың 150 жылдығына сол поэманы пьесаға айналдырып, сахнаға қойдым. «Батыр Баян» – ұлт-азаттық жырлардың шоқтығы биігі.

– *«Зиялы бар ма, әлде жоқ па?» деген сыңайдағы әңгіме жиі айтылады. Ал сіз не дейсіз?*

– Уақытында бізге «бай-болыстардың бәрі жаман» деп үйретті. Саясаттың сандырағына сендік те. Осы күні зиялы қауымды қаралап, олардың арасына от тастап қоюға құмарлар табылып қалып жүр. Мұның да артында сұрқия саясат жатқандай көрінеді. Тамырына балта шабылған ұлт өмір сүруін тоқтатады.

«Сендерде қайраткер де, зиялы да жоқ» деген ұғымды сыналап санаға сіңіру түптің түбінде өзімізге қауіпті екенін түйсінетін кез әлдеқашан жетті. Әрине, орыстілділердің ел тізгінін ұстап отырғаны жаныма батады. Ел ортасына шыққан айтыста шенеуніктерді жақсылап тұрып сынап та аламыз.

– *Ақынның негізгі миссиясы да сол емес пе? Сытыра жырау, Асан қайғыдан бастап, Бұқарға дейінгі, одан бергі зар заман ақындары ел үшін еңіреп, егіліп өткен. Бетің бар, жүзің бар демей, ханның жүзіне тіке қарап тұрып айтқан толғауларын қалай ғана ұмытармыз...*

– Ой, айналайын-ау, бұлардың құлағына түк кірмейді ғой. Әйтпесе, сен жазған мақалаңнан бір шешім шығады деп күтіп жүрсің бе? «Сөз сүйектен өтеді» деген қазақ баласы едік. Қазір «айттым», «баяғыда айтып тастағам», «айтып жүрмін» дегеннен асқан кімің бар? Бүгінге дейін «айтып жатырмыз», «айтып жатырмыз», ал шын мәнінде істеп жатқан түгіміз жоқ. Өтірік деші!

– *Жырау мен жырышы сөздерін бірінің орнына бірін қолдану үрдіске енген секілді. Жырышы дегеніміз жырды орындаушы, ал жырау жыр тудырушы адам емес пе?*

– Негізі солай. Бірақ, біршама аймақта көне жырды орындаушының өзін «жырау» деп атайды. Жыр орындаушыларының көбі өз жандарынан өлең шығарады. «Жырау» деген әдемі сөзді олардан несіне қызғанамыз? Қазір «жыршы-жыраулар» деген сөзді қолданып жүрміз.

– *Айтыс өнерінен неге кеттіңіз?*

– Жас балалармен жүлдеге таласқандай болмайын деп ойладым. Сосын жастармен сөзіміз жараса қоюы да қиын. Мен сахнаға шыққанда қарсыласымды жеңуді көздеп, әдіс-тәсіл ойластырып жатпайтынмын. Әйтеуір, көкейімде жүрген аталы сөзді айтып қалуға мақсат тұтатын едім. Ең нашар деген айтысымда халықтың бір ауыз сөзін сөйлеп қалуға тырыстым. Менің айтысқа шығуыма себепші болған кісі – Шәрібек Алдашев. Ол Базар жырауды зерттеген адам.

– *Алдын ала өлең жаттап алып айтысқа шығатын кездеріңіз болды ма?*

– Бір ауыз өлең білмей шығатын кезіміз аз емес еді. Әйткенмен, алдын ала ойды жұптап та алған жөн. Құр жаттап алған айтыстан да мән қашады. Біздің алдымыздағы ағалардың дәптерін партия тексеріп, цензурадан өтсе ғана шығаратын болыпты. Ол заман өтті. Суырып салатын өнерің болмаса, айтыста шаршы алаңға шығудың да қажеті шамалы. Бір айтқан өлең жолдарын барған жерінде қайталап жүре беретіндер де жеткілікті. Кейде өзіміз айтқан сөздерді басқаның аузынан естіп жатамыз. Оған не дейсің, енді?

– *Осы күндері халықтың айтысқа деген көңілі суыған сыңайлы...*

– Мен өзім айтыс ақындарын сынауға қарсымын. Екеуміздің осы әңгімемізді өзгеріссіз қағазға түсірсең, көптеген сөйлемдердің дұрыс құрылмағанына көз жеткізер едің. Сенің қаламмен түзеп-күзеп жіберуге мүмкіндігің бар. Айтыскер сөз сайысына түсіп жатқанда түрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін. Оның бәрін жеңіп шығу ет пен теріден жаралған адамға оңай емес қой. Шәрібек ағам «жеке басыңның өкпесін емес, халықтың өкпесін айт» деп отырушы еді. Айтыста сол ұстанымнан айныған емеспін. Қарсылас ақынның жанына жара салып, абыройын түсіргеннен не пайда? Меніңше, сөз жекпе-жегіне шыққанда ойланбай айтып қалған сөздеріне өкінетін ақындар көп шығар деп ойлаймын. Кейінгі кезде «айтысқа тыйым салынғалы жатыр» деген әңгіме шықты. Сонда қалай болғаны?

– *Қыргызстанда өткен манасшылардың халықаралық конкурсына қатысып, жүлделі оралғаныңыздан хабардармыз. Ағайын ел қазақтың манасшысын қалай қарсы алды?*

– 1993 жылы айыр қалпақты ағайындардың елінде қазақ-қырғыз ақындарының айтысы өтті. Мен тұңғыш рет қырғыз жерінде «Манас» жырын жырлаған едім. Осы жолы Манас батырдың мың жылдығына шақырту алып қайттым. Ондағы жұрттың Манас десе, көңілі ала-бөтен. Манастың бізге жаттығы жоқ. Түбіміз бір көк түрік емес пе? Қала берді «Манас» жырын Шоқан Уәлиханов ең алғаш ел аузынан хатқа түсірген, Мұхтар Әуезов оны Кеңес үкіметі кезінде қорғап қалған, Әлкей Марғұлан зерттеген ғой. Қырғыздың мәдениеттанушы ғалымдары маған «Манастың» ең бір нәрлі жерлерін дәл тауып айтады екенсіз» деп баға берді. 90-жылдары ел қиын кезенді бастан кешірді. Сол тұста мен елді-мекендерді ақы-пұлсыз аралап концерт қойдым. Онда да ел сұранысы бойынша «Манасты» жиі жырладым. Қазір немерелерімді осы жырмен тербетіп жүрмін.

– *Драматургиялық шығармалаңыздан сатираның сарыны аңғарылады. Күлкінің өзінің алуан түрі бар. Сіз елді қалай күлдіргенді ұнатасыз?*

– Шығармаларымдағы әзілдер өмірдің өзінен алынған, ешқандай мысқылы, ішкі қыжылы жоқ. Сондықтан, қазақы қалжындар көңілге тек шуақ сыйлайды.

– *Әнге сөз жазады екенсіз...*

– Ермұрат Үсенов деген композитор Көкшетауға келіп қалды. Сонда ол «Композитор мен ақын жолыққан жерде бір ән тууы керек емес пе?» деді. Не керек, сол жолы «Сырлы Көкше» атты ән дүниеге келді. Одан кейін балам Нұрлан «Ай Көкше» деген өлеңіме ән жазды. Әкелі-балалы бірігіп шығармашылық жұмыс істей бастадық. Мен өлең жазамын. Нұрлан ән шығарады. Бір күні балам «Айым атты қызға ғашық болып қалдым. Маған «Айым» деген өлең жазып беріңізші» дейді...

– *«Ғажайып күй» атты әндеріңіздің үшінші шумағы көңілге қонымсыз екенін айта кеткен абзал болар...*

– Республика деңгейінде жақсы тараған «Азия» тобының орындауындағы «Ғажайып күй» деген әніміз бар. Бірде Нұрлан хабарласып айтады: «Топ құрамында үш жігіт болғандықтан, өлеңге үшінші шумақ керек болып тұр» деп. Мен бір шумақ өлеңді оларға жолдағанымша, «Азия» тобының жігіттері үшінші шумақты өздері жазып жіберіп, содан ол сахнаға шығып кетті.

– *«Ән мен анаша» деген музыкалық комедия түсіріңіз. Кино өнері үлкен күш-қуат, қаржы-қаражатты талап етері өз-өзінен түсінікті. Осы мәселені қалай шештіңіз?*

– Бір кездері «Қазақфильмде» жұмыс істегенмін. Онда ұлттық тақырыптағы бірнеше деректі фильмнің сценарийін жазғанмын. Марат Нәбиев деген кәсіпкер азаматпен таныстығым бар еді. Сол кісіге хабарласып, ойымды жеткіздім. Қарсы болмады. Киностудияға әйгілі Балуан Шолаққа бата берген Паң Нұрмағанбеттің атын қойып, айдар тақтық. Марат камерасын, қажетті құрал-жабдықтарды алып берді. Киностудияның кеңсесі өз үйімнің ішінде. Шопыры да, сценарийсі де, режиссері де, бәрі – өзім. Бұған негізі Ақмола облысы театрының әртістері түсті. Басты рөлде Нұрлан ойнады. Ол өзі білім алып жүрген өнер академиясының бірінші курсында оқитын Жансая Байдарбекова деген қызды кинодағы басты рөлге дайындап жатырмын деді. Басты кейіпкерді көрмей таңдау деген режиссура тарихында болмаған шығар. Не де болса,

балама сендім. Бір күні Нұрлан «Кино түсірілімі аяқталған соң Жансаяға үйленсем қайтеді?» деп қарап тұр. Мен қалай қарсы болайын. «Онда кино түсірілімі басталмай тұрып қосылып алыңдар» деп екі жастың некесін қидық. Қысқасы, бір мезгілде киноны да түсірдік, келінді де түсірдік. Одан кейін «Жер шоқтығы – Көкшетау» деген деректі фильм «Паң Нұрмағанбет» киностудиясы арқылы көрермендерге жол тартты. 1932 жылғы қазақ халқының тарихи трагедиясы – ашаршылық туралы «Ашаршылық жылғы махаббат» көркем фильмінің сценарийін жазып бітіргеніме де бірнеше жыл болды. Қазақтың кереметтігін паш ететін «Ұлы даланың аңыздары» деген киноның сценарийі жазылып бітіп қалды. Ал сценарийге «жан бітіру» – болашақтың үлесі. Тіпті қазақ ертегілерінен көркемфильмдер түсіруді де көптен армандап жүрмін.

*Әңгімелескен Арман Дубәкір
«Түркістан» газеті.*

«Екі дүниенің иесі қытай емес – Құдай!»

Ақын, жыршы, театр және кино драматургы Баянғали Әлімжановтың шығармашылығы көзіқарақты оқырман үшін бейтаныс дүние емес. Қара домбырасын арқалап, ауыл жайын, қоғам, адам жайын сөзбен өрген айтыс ақынының маржан жолдары да көрерменнің жадынан шыға қоймаса керек. Қырғыздар «манасчы» деп баға берген Баянғали Әлімжанов – қазақ жыршылық өнерінде де жұлдызы жарық тұрған тұлға. Оған қоса, ауылдан Алматыға келіп, қала көрген, ару Алматысын қиып ауыл барған, одан аймақта тұрақтап қалған, содан соң Алматысымен қайта қауышқан, қысқасы, «Алматы мен Астанадан» алыста деген жобаның лайықты кейіпкері. Ауыл мен Алматы арасында жүргендегі көкейге түйіп, жүрегіне жизанын ақтарған ақынның сөзі сізді де бей-жай қалдырмас, құрметті оқырман.

– Соңғы уақытта сізді мазалайтын нендей нәрсе? Сұхбатымызды осы сауалдан бастағымыз келеді.

– Қазір әлемді қаптаған идея. Күнде біреу жаңалық ашады, күнде біреу жаңа жол тауып жатады. Сән қуғандар үстіндегі киімі тозбай жатып, жаңаларын алуға құмар. Сол секілді, төпелетіп лақтыра берген жаңа идеяларды да бір түртіп көрмесек, көңіліміз көншімейтін болды. Шетелдің ана жазушысы мынадай тақырыпты, ана киносы анадай тақырыпты көтеріп жатыр екен деп талпақтаймыз келіп.

Мысалы, неше түрлі ұятсыздықты әйгілеу, кино қылып түсіру белең алып барады. Әжептәуір жасқа келген әртістеріміздің өзі сахнада елді күлдірем деп бір-бірінің мықынынан тартып жатқанын көрсететін болды. Ұят емес пе? Біздің «жаңалық ашқыштар» анайылықты ел алдына, экранға алып шығуды ұят деп есептемейді. Қандай жаңа идеямен бүркемеленсе де, әдемі сөзбен көмкерсек те, ұятсыздықтың аты – ұятсыздық, имансыздықтың аты – имансыздық. Қазір «сәнқой» қыздарымыз кіндігін көрсетіп жүруді де «осыным ұят-ау» деп білмейді. Шығыста сұлтандар өзінің гареміндегі биші қыздардың кіндігін ашып жүруін міндеттейді екен. Себебі, кіндігі ашық жүргендердің бала көтеру мүмкіндігі азаятын көрінеді. Кіндіктен бір қарыс төмен жерде «өмір орталығы» орналасқанын да медицина мойындап отыр. Ондайларды шығыс даналығы «қарғыс» дейді. Сол «қарғысты» бүгінгілер «мода» дейтін болған. Сырттан келген осындай жақсылы-жаманды жаңалықтарды мемлекет тарапынан да тежеу керек емес пе?!

– *Ол тежеу – цензураға айналып кетпей ме?*

– Жоқ. Ол – басқа дүние. Анайы көріністерді көрсететін киноларды түсіруге қаржы бөлеміз. Сонда ондай киноны көргісі келмейтін ұяты бар қазақтың құқығын шектеп отырғанымызды неге сезінбейміз? Бекболат бауырымыз бұл туралы шырылдап жазды. Толық қолдаймын. Міне, мені толғандырып жүрген нәрсе осы. Тағы бір сөз. Дүниежүзінде қанша ұлт болса, баршасы өзін ең жақсылардың қатарында санайды. Санай берсін. Реніш жоқ. Эскимосқа «Сен-ақ адам сияқтысың» десең, ер-тоқымын бауырына алып тулайтын көрінеді. Ақ адамдар дүниежүзін билеп отырмыз деп алшандайды, ал, эскимос ақ нәсілдіден өзін артық санайды. Ол – оның табиғи сезімі. Якуттар тайгада жүрген орыстарды: «Үйсіз-күйсіз жүр ғой, бізге қонақ қой», – деп мүсіркейді екен. Өздері сол орыстардың бодандығында отырғанында жұмысы жоқ. Иншалла, біз де жақсы халықпыз. Қазақ өз тарихында ешбір халыққа зорлық-зомбылық көрсетпеген. Ешкімнің жерін тартып алмаған, ешкімге басқыншылық жасамаған. Қайта, өз жерімізге бар әлемді сыйдырғанбыз. Біздің жолымыз – мейірбандық, жақсылық жолы. Бірақ, мейірбан екен деп бізге де тиісе берудің, мейірбандығымызды сынап берудің қажеті қанша? Бірде, теледидарды қоссам, Қытайдың ыдысын, ойыншықтарын көрсетіп жатыр. Бедеулікке алып келу мүмкіндігі мол екені анықталып, былтыр он бір рет қытай тауарын қайтарып жібергенбіз дейді сарапшылар. Өтіп кеткені қаншама? Неге ондай қауіпті заттарға шекараны ашып қоямыз? Бұл тікелей мемлекеттің, Қауіпсіздік комитетінің шаруасы емес пе? Біздің экономикалық байлығымызға көз алартып отырғандар енді рухани дүниемізде де танбасын қалдырғысы келеді. Мен осыған күйінемін. Бізге осындай теріс пиғылдар көбейген уақытта, қаншалықты мейірбан, кең халық болсақ та, біз де ренжиміз...

– *Демек, қоғамға көңіл толмайды...*

– Бірақ, осыған бола тым түніле берудің де қажеті жоқ шығар деп жұбатып қоямын өзімді. Себебі, екі дүниенің иесі Қытай емес, Құдай ғой.

– *Мұндай қоғамдық мәселелерді алдын ала бақылап, байқап, ескертіп отыратын тұлғалар жайлы не айтасыз?*

– Иншалла, қазақ дана ұлдарға да, қыздарға да кенде емес. Бірақ, көңілге қаяу салатын бірдеме бар. 1932 жылдары қазақтың ұлы деген қайраткерлерінің бәрінің көзі тірі тұрды. Солардың бәрі қазақты қалайша аштықтан алып қала алмады? Қолдарынан келмеді, демек. Бүгін де біз мақтайтын үлкен-үлкен ағаларымыздың да қолдарынан ештеме келмей отырғанын көзіміз көрді. Абылай хандар, Кенесарылар өткен соң бодандық қамытын кидік те, саясат дегенмен айналыспай кеттік. Қоғамдық ой-пікірімізге, санамызға хандар, батырлар, билер, болыстар жаман деген сөз сінді. Қайта, ақын-жазушы, өнер адамдарын әспеттеп, солар жақсы дегенге келтірді. Өз көзқарасымда ақын да, жазушы да, өнер адамы да тарих жасамайды. Олар рухани дүниенің ғана жасаушылары. Әрине, өз рөлі бар. Бірақ, шешуші, жетекші рөлді солар ойнайды деп адасып жүрміз. Бізге үлкен-үлкен саясаткерлер, саяси тұлғалар керек. Мемлекеттік барлаушылар, мықты ҰҚК қызметкерлері, мықты дәрігерлер, эпидемиологтар, санитарлар, мықты әскер қажет. Осы күні солдатта жүргендерді байлардың қорасын тазалауға апарады дейді. Одан кейін ол солдат қайтіп Отанын қорғайды? Баяғыда патшаның киімін киіп келе жатқан солдатты қатты қадірлеген, патшаның киімін киген солдат болу – арман болған. Патша таққан орден-медалін соғыста жүрсе де кеудесінде тағып жүреді екен. Бізде не –

полициямызды да боқтап кетеміз, басқаны да мазақтап өтеміз. Әрине, полиция қызметкерінде де, әскерге баратын азаматтарда да сондай сана болуы керек.

Ақын-жазушылармыз көп деп мақтанамыз. Құдай көп көрмесін. Барлығы аман жүрсін. Баяғыда Тұрсынбек ағамыз: «Әдебиетте ақша көп, оның үстіне, сөз деген қазаққа жақын. Қолынан келсін-келмесін, әдебиетке ағылып келіп жатыр. Талантты мен талантсызды ажырата біліндер», – деп үйрететін. Ақындыққа, әдебиетке жақындығы бар адамдар жақындығы бола жүріп, басқа салада қызмет ете берсе, сонысы бізге пайдалырақ. Біз, мысалы, саясат дегенді көп игермеген халықпыз. Қазіргі замандағы саясатқа Махамбеттен гөрі Макиавеллилер керек. Макиавеллиді білесіз, ол өзі қу, айлакер болған. Екінің бірі саясатпен айналыса бергені де дұрыс емес, саясатпен саясаткерлер, ұлттық рухы бар, саналы азаматтар, ұлтының мүддесін қорғайтын, есесін жібермейтін адамдар айналыссын.

– *Биліктің кем-кетігін түзеп, жақсылығын қолдап отыратын да солар болмақ демексіз ғой.*

– Біздің биліктің де үлкен қателігі бар. Сын пікірге құлақ аспайтын болды. Кім үкіметтің саясатын сынаса, соны жау көреді. Олай емес қой. Қытайдың бір философиясын айтайын. «Таудан мыңдаған бұлақ ағады. Соның біреуі ғана өзен болып, мұхитқа құяды. Мұхитқа құятын бұлақ бәрінен төмен ағады. Ол бәрінен төмен болып, бар бұлақтың суын құйып алады да, өзенге айналады». Ал біздікілер тасқа шыққан теке құсап, ештеңені көрмейді. Тасқа шыққанды неғып ұнататынын да білмейсін.

– *Өткен жылы «Тіл туралы» Заңның қабылданғанына 20 жыл толды. Өзгерген ештеме жоқ, «баяғы жартас, бір жартас...» күйінде қалды деп күйінеді саратшылар. Сіз не дейсіз?*

– Тіл туралы бәріміз де жырладық. Алла әр халыққа ерекше түрін, тілін берген. Алланың жаратқан тілін басқаның жоюға қандай хақысы бар? Бірақ, осы біз «тіл, тіл» дегенді көп айтып кеткен жоқпыз ба? Мұны кейде теріс пиғылдылардың бізге қолданып отырған саясаты ма деп ойлап қаламын. Осы мәселені әдейі ушықтырып, бар қазақтың ойы, назары осы мәселеге ғана аусын деген саяси ойын болуы да мүмкін ғой.

1989 жылы қазақ тілі Мемлекеттік мәртебе алғанда Шәймерден Дәуренов деген досымыз: «О, тағдырым ризамын, енді өлсем де», – деп жазған. Сол күні автомобиль апатынан қайтыс болды. Мұны тілдің жолындағы құрбандық деп ойлаймын. Материалистердің, атеистердің көзімен қарасаң, бұл түсініксіз нәрсе болуы мүмкін, бірақ, мұнда да Жаратқанның бір құпиясы, бір сыры бар.

Одан бері тәуелсіз ел болдық. Қазақ баласы аман тұрса, тіл де аман. Енді бір мәселе, бар тілді үйрете алмай жатып, қазақша жаңа сөз жасауды әдетке айналдырдық. Достоевский орыс тіліне бір ғана «стусеваться» деген сөзді енгізіпті. Соған «Мен орыс тілін бір сөзге байыттым» деп мақтанады екен. Ал, бізде екінің бірі келіп, жаңа сөз тықпалайды. Бәріміз де ұлт тілінің патриотымыз. Бірақ патриот екенбіз деп сөзді жөнді-жөнсіз аударуға бола ма? Қазір терминком не түрліні тықпалап жатыр. Халықаралық терминдерді аударудан абай болу керек. Адам түсінбейтін сөздерді қапталтық. Орыс тілінің көптеген сөзі өзге тілден енді, одан ештеңе құрып қалған жоқ. Сол секілді, қазақ тілі де шетелдің сөзін өз заңдылығына салып алса, ол – қазақ тілінікі болып кетеді.

Орыстілді бауырлар жайында. Олар – отарлау саясатының құрбаны. Араласа келсек, қазақтың кәдімгі қаракөздері. Сонда біз олардан безуіміз керек пе? Бір үлкен ғалым ағамыз бар. Балалары, немерелері қазақша білмейді. Сол кісінің мерейтойында шөбересі келіп, қазақша ән салды. Яғни, олар түптің түбінде қазақшасына оралады бәрібір.

– *Ал оралмаса ше?*

– Түптеп келсек, ол да қазақтың балалары. Қазақтың «қазақ тілін білмейтін», «қазақ тілін білетін» болып бөлінуіне қарсымын. Орыстілді қазақ балаларымен жақсы сөйлесемін. «Сен кімге керексің? Қазаққа. Сен өлсең көметін де – қазақ. Қиналсаң көмек беретін де – қазақ. Өз еліңді тап», – деймін. Кейде сол балалардың ішінде сіз бен менен гөрі ұлтжандыларын кезіктіресің. Қазақтың күйін тыңдап, көзінен жас төгілген орыстілді қазақтарды да кездестірдім. Менің айтарым, беттен қағу, сыртқа тебу – оңай. Түсіну қиын. Кетісу оңай, қайта табысу қиын.

Баяғыда Шудың бойында бір ингуш майоры наша тасушының ізіне түседі. Ақыры әлгі қылмыскерді қолға түсіріп, оның да ингуш екенін біледі. Майор ингуштің нашасын, артық ақшасын тартып алып, өзін қоя беріпті. «Неге өйттіңіз» дегендерге: «Біз азбыз ғой. Өзімізді-өзіміз ұстап берсек, неміз қалады», – дейтін көрінеді. Осы күні кейбір азаматтарда әлгі ингуш майорының санасындай сана болса ғой деп күйінесің. Қазір «жемқор» деген жаламен бес мың теңге алған қазақты да, жүз мың теңге алған қазақты да жапа-тармағай қамайтын болдық. Оны көрсетіп беретін де – қазақ. Неге өзімізді-өзіміз аямаймыз? Ана бір жолы бір полицеймен сөйлесіп қалып: «Ішпейтін, жемейтін ешкім жоқ. Іш, же. Бірақ қазақтың мүддесі саудаға түскенде, таразыға салынғанда қазақты сатпа. Оныңды ешкім кешірмейді» дедім. Қарапайым қазақ ретіндегі менің бір пікірім осы.

Енді бір мәселе бар. Қазір заң бойынша адам қай ұлтқа, дінге жатамын десе, құқығы бар екен. Мен ондай заңды мойындамаймын. Қазақ болып туған ол біз үшін мұсылман қазақ. Қалай ол басқаға айналмақ. Осы адам құқығы деген өзгелер үшін ең бір жақсы нәрсеге айналды. Мәселен, Тәуелсіздік алған уақытта секталар келді ғой. Олардың түсінігінше, адам құқығы бойынша, әркім келіп өзінің дінін насихаттауға құқылы екен. Сонда менің мемлекетімнің, қазақтың құқығы қайда қалады? Олардың менің үйіме келіп баламды аздыруға құқығы бар да, мен өз баламды ондай діннен азғын алыс ұстауға, сектаның азғыруынан алып қалуға құқығым жоқ болғаны ма? Қысқартындар, халықты аздырмандар деп неге тыйым салмаймыз? Оларға тыйым салғаны үшін басқа мемлекеттер ат құйрығын кесіп кетпейді ғой.

– *Әңгімеміздің басында түрлі бағыттағы өнер, әдебиет ағымдары туралы сөз бастап қалдыңыз. Сол пікірге қайта оралсақ.*

– Әдебиет жеке әлем. Біреу гүл егеді, біреу ағаш, біреу тікен өсіреді. Адамзаттың бойындағы ізгі сезімдерді, қасиеттерді оятады, жақсылыққа бағыттайды. Қазір сол әдебиетіңізде неше түрлі ағымдар шықты. Адам бойындағы жыртқыштық сезімдерді оятатын, шамадан тыс мұңға батыратын дүниелер пайда болды. Франс Кафканың өзі: «Мен өлген соң дүниелерімді жағып жіберіндер», – деген. Сол Кафка бір кезде Еуропада мода болды. Оны оқымаған кісі жазушы, әдебиетші емес деп танылды. Ервин Кош деген югославтың сатирик-жазушысы: «Мен де Кафканы оқып көрдім. Бірақ, дүние одан да қасіретті ғой. Оның үстіне, ананың қорқынышын, қайғы-қасіретін оқып

неге жындануым керек?», – дейді. Бізде де сондайды үлгі қылу бар. Мысалы, жас ақын-жазушылар келеді. Өмірді жаңа бастап жатыр, шын қайғы-қасіреттің не екенін білмейді, білмей-ақ қойсын, бірақ мұң, қайғы-қасірет іздеп аласұрады. «Қожанасыр» деген пьеса жаздым. Оған хан: «Әй, данышпандар өмір өткінші, өмірде мән жоқ деп жатады. Ал, сенікі не күлкі», – дейді. Сонда менің кейпкерім, «Алдияр, ақыры өледі екенбіз, жылап өлгенше, күліп өлгеніміз жақсы емес пе?» – дейді.

Көп күле берсең, тағы жынды болып кетесің...

Көшедегі адамдардың түріне қараңызшы, шаршаған, қажыған халық көресіз. Тіршіліктің қиындығы жүйкені жеп қояды. Прозамыз, поэзиямыз, пьесамыз не беріп жатыр халыққа? Өзің шаршап барасың театрға. Одан жылап шығасың. Немесе, өзің қалжырап келесің, өлең оқысаң, ол тағы жылауық.

Сондай ауыр мұң әсер еткен бе, қазір қит етсе, ойпырмай, елдің бәрі сарнап қоя береді. Қиянат көрмеген кісі жоқ. Өзі қиянат істемеген, бірақ оған барлығы қиянат жасаған. Өз басым көп адамнан жақсылық көрдім. 17-ге толмаған кезде ҚазМУ-нің филфагіне оқуға түстім. Сол шақта да «қазақ тілі құриды екен» деген сөз болған. «Физика-математикаға бар. Қазақ тілінің болашағы жоқ» дегендердің сөзіне құлақ аспай, айтқанымнан қайтпадым. Бірінші емтихан – шығармадан үш алдым. Екінші емтиханға келсем, әдемі, қасқабас азамат, қасында көрікті келіншек отыр. Маған «С. Дөнентаевтың өмірі мен творчествосы» деген сұрақ келіпті. Дөнентаевтың қай кезде өмір сүргенін білгенім болмаса, не істеп, не қойғанынан хабарым жоқ. Бірақ, шығармашылығымен таныспын. Мен үшін ақын – ақын, жазушы – жазушы. Оның мансабы, мандаты қызық емес. Сонымен қолымды көтердім де: «Аға, С. Дөнентаевтің өмірі мен қызметін білмейді екем, творчествосын айтуыма бола ма?», – дедім. Бір сәт өлі тыныштық орнады. Бір орынға он бала таласып тұр. «Бар, айналайын, келесі жылы оқып кел» деуге толық моральдік қақысы бар ана кісінің. Бірақ, сәл кідіріп барып: «Божалыста», – деді. Қуанып кеттім. Ал бір сарнайын сосын. «Бозторғай зорлық көріп тұрымтайдан...» деп бастап, ал кеп соқтым. Риза болып кетсе керек, «Шығармадан үш алыпсың ғой, бес қоя алмаймын, төрт қоямын», – деді күліп. Сол қасқабас кісіңіз – өзіміздің Тұрсынбек Кәкішев. Қасындағы апайдың фамилиясы – Түрікпенова. Үшінші емтихан – тарихтан. Экзаменаторлар бір ер адам мен бір әйел баласы екен. Фамилиясы не Ықсанов, не Ысқақов. Самбырлап жауап беріп жатырмын. Ол кісі емтихан қағазымды ашты да: «Шығармадан үш алыпсың ғой, бес қоя алмаймын, төрт қояйын, өтіп кетерсің», – деді. 17-ге толмаған мен қалай істегенімді өзім де білмеймін, қағазды қос қолыммен басып қалдым. «Аға, – дедім, – не екі қойыңыз, не бес қойыңыз. Төртіңіздің керегі жоқ». Сасып қалған ол қасындағы келіншекке сұрақ қойғызды. Бірдеме деп жауап бердім. Ана әйел жауабыма қанағаттанбады. Сол кезде экзаменатор ашудан қып-қызыл болып кетіп: «Мына баланың көзінде от бар ғой. Ол оқымағанда, кім оқиды?» – деді де, қолымдағы қағазды жұлып алып, нығыздап тұрып бес қойып берді. Сөйтіп, ылғи төрт алғандармен ұпайым теңесті. Төртінші емтихан – неміс тілі. Сөздік береді екен. Судыратып бірдеме оқып едім, сұрақтың астына алды. ГДР туралы сұрасын. Германияны мен қайдан білейін? Әкем марқұм соғысқа барған ғой. Берлинге қырық шақырым жетпей майданнан оралған. Сол кісі «Лейпциг» деген қаласында зоопаркін көрдім, Дрезденде галереясы бар деп отыратын. «Дрезден галерей» деп бір соқтым. «Лейпциг зоо» деп екі соқтым. Содан «Зоо»-

дан аңдарға түстім ғой. Германияның аңдарға не қатысы бар. Бірақ мен аңдар туралы немісше бірдеме білем, соны шатып-бұтып айтып, емтихан алушы жас жігіт пен қыздан бес ала алмасам да, төрт деген баға қойдырып шықтым. Осы жақсылық па? Жақсылық әрине. Егер сол кезде «Сау бол, айналайын, десе» мен филфакқа қайта айналып келер ме едім, жоқ па, Құдай біледі. Кезінде көп адамдардан жақсылық көрдім. Қазіргі заманның өзінде адамдарды бұзылып кетті деп жатады. Иншалла, жақсы адамдар да, жақсылық та бар қазір.

– Демек, жақсылықты жырлау керек дейсіз ғой. Өзіңіз не жазып жүрсіз?

– Біз халыққа рух беретін, рухани нәр беретін дүние жазуымыз керек деп ойлаймын. Өзім де батыр бабаларымыз жөнінде шағын дастандар жаздым. Ата-бабаларымыздың жыраулық дәстүрінің негізінде қазіргі поэзияның үлгісінде «Байғозының жебесі», «Балуан шалақ пен Иманжүсіп», «Жұмабек батырдың жұлдызы», «Марал ишанның аманаты», «Бекет атаның үйі», т.б. шығармаларыммен көпшілік таныс болар.

Шығарманың халыққа тарауы да қызық қой. Жыр-дастанды айтқанда, айтысқа қатысқанда өнерінді халық қалай бағалағанын өзің де көріп отырасың. Ал, жазылған кітаптің, шығарманың тағдырын сен біле бермейсің. Сендердің бас редакторларың Жүмекеңнің өзі айтып еді. Баяғыда Жүмекең ауылдас ағайыны ауырып жатқан соң, көңілін сұрай барыпты. Өлгі кісінің төсегінің бас жағындағы менің «Хикматтың хикаялары» деген кітабымды көреді ғой. Сөйтсе, әлгі сырқат жан осы бір жақсы кітап, оқысаң, көңілің көтеріліп қалады деп сүйсініп отыр екен. «Деген екен» деген кітабым шықты. Балам Нұрлан Өнер академиясында оқып жүргенде, ұстазы Амангелді Сембинге беріп жібердім. Қойнына салып жүріп оқыпты. Кейде сабақтан тыс уақытта, мұғалімдерді шақырып алады екен де, шаршап барасың ғой, кел сенің көңіліңді көтерейін деп, қойнындағы кітабын шығарып, қызық бір оқиғаны оқып беріп, өзі де күліп, өзгені де күлдіреді екен. Бір-бірімізді көруге дәм жазбады. Бірақ ол кісінің өнерін мен де сырттай сыйлап жүрдім.

– Жыршылық өнеріңіз де бар. Оны кімнен «жұқтырдыңыз»?

– Өзім – солтүстіктің жігітімін. Жастайымыздан орыстың балаларымен төбелесіп өстік. Сондайда, жеңіліп бара жатсақ, үйге келіп, батырлар жырын оқып-оқып алып, төбелеске қайтадан кіріп кете беретінбіз. Сондықтан жыраулар дәстүрінің, жырының адам бойына ерекше қуат, нұр беретінін білеміз. Бірде, сахнада жыр айтып отырсам, бір әже келіп, маңдай терімді қол орамалымен сипай сүртіп, немереме жұғысты болсын деп баласының маңдайына жағып, «айналайын рухымызды оятып, делебемізді қоздырдың ғой» деп батасын берген еді. Шығарманың рухани нұр беруі – үлкен баға. 90-жылдары ауылға ешкім келмейтін кезде ауылдарды аралап, концерт қойдым. «Батыр Баянды», «Жанақтың Рүстем Төреге айтқанын», Қасымның «Өзім туралысын», «Манасты» айтамын. Халық сондайда еңсесі көтеріліп, нұрланып кетеді.

Атам Өлімжан қиссашы екен. Марқұм шешем Бәтима «Қалқаман-Мамырды» Шәкәрім ақталмай тұрған уақытта жатқа айтатын. Шәкәрім ақталған тұста қайтып кеткені, өкінішті. Өзімнің алғаш оқыған жырым – «Қобыланды батыр». «Манастың» қазақшасын бала кезден, «Батыр Баянды» 1975 жылдан, Мағжанның атын атауға болмайтын кезден білемін. Рымғали Нұрғалиевтан жазып алып, айтып келемін. Жырдың арқасында біраз жерді араладым. Негізі, жыршы, жыраулық өнер – әлем халықтарының бәрінде бар.

Мысалы, француздардың соңғы жырауы 150 жыл бұрын қайтыс болып кеткен. Соны тірілте алмай жүр француздар. 3-4 жыл бұрын Қырғызстанда әлем халықтары эпостарының бірінші дүниежүзілік фестивалі болды. 28 ел қатысты. Аланда тұрып жырладық. Ескі дәстүрді әлем қатты іздеу үстінде. Оны саяси саудаға салып жатқандары да бар. 2009 жылы Қалмақстанда «Әлем халықтары эпостары – Жанғар ұрпақтарының жерінде» атты үшінші халықаралық фестиваль өтті. Башқұрттар, осетиндер, адыгейлер, буряттар, қырғыз-қазақ, т. б. ұлт өкілдері қатысты. Біздің эпостың бәрінде батырлар қалмаққа қарсы күреседі ғой. Қандай ел екен деп барсақ, өзіміз секілді, тағдырлас халық екен. Енді-енді есін жиған. Әсіресе «Жоңғар» деген жырын қатты насихаттайтын көрінеді. Олардың да аспаптары домбыра деп аталады. Біреулері «Торғауытпын», келесісі «Дүрбітпін» деп қояды. Эпостан естіген тірі дүрбіт, тірі торғауытты көрдік. Соғыс кезінде 120 мың қалмақты бірақ жер аударған. Соның жартысы қырылып, қалғаны арып-ашып қайта келген. «Белгісіздер» деген ескерткіш қойыпты. Жаның ауырады. Бізде де аштықтан үш млн. қазақ кетті ғой. Оларды да солай дәріптесек, қанеки?

– *Сіз ауылда туып, Алматыға келдіңіз. Қайта ауылға оралдыңыз. Облыс орталығында қызметте жүрдіңіз. Осының барлығы шығармашылығыңызға қалай әсер етті?*

– Мен әуелі ауылдан Алматыға оқуға түсуге келіп, осында 16 жыл тұрақтаған адаммын. Ол кезде маған Алматыға сыю қиын тиді. Ауылда өскен балаға Алматы сондай салмақты, сондай білімді, сондай қорқынышты, қайшылықты болып көрінді. Бірінші жылы тіпті жаңа жылға дейін қар жаумай қойды. Солтүстіктің қысын сағынып біраз қиналдым. Келе-келе үйреніп кеттім. Үлкен-үлкен ұстаздардан сабақ алдым, одан Жазушылар одағында жұмыс істедім, қазақтың көзі тірі үлкен-үлкен ақсақалдарын көрдік. Замандас қатарларымызбен сыйлас болдық.

Ауылға перзенттік парызым алып келді. Анам Бәтима төсек тартып жатып қалды. Ағам – қалада, апаларым – тұрмыста дегендей. Елге барсам – шешем қаладағы ауруханада, әкем үйде жүденкіреп қалғандай. Жарым Әлиямен ақылдасып, ауылға көшуді жөн деп санадық. Ауылдан қалаға үйрене алмаған басым, енді ауылға көндіге алмай біраз қиналдым. Газет-журналдарда, теледидарларда жарқырап жүрген адамға ауылға сыю оңай ма?

Не болса да, жеңгең екеуіміз қол ұстасып, елге кеттік. Ұлым – Нұрлан кішкентай. 11 айдан соң шешем қайтты. Әкеймен он бір жыл тұрдық.

Кеңес уағында бәрі жақсы. Мектеп, балабақша бар. Отын тегін. Мал көп дегендей. Алайда, ағайынның ұғым-түсінігі, білімі Алматыдағы мәдени ортадай емес. Бірақ, адамгершілігі, бауырмалдығы – ыстық. Тез бауыр басып кеттік. Кезекпен қой бағамыз, малдың алдынан шығамыз, сиыр сауамыз, мал соямыз. Сөйтіп жүріп-ақ өнер сапарына шығып тұрдық. Ауыл шығармашылығыма көп тақырып берді. Айтыстарда ауыл тақырыбын көп жырладым. Бір кітабымды «Ауылдың ақ самалы» деп атадым.

1994 жылдардан ауыл жағдайы төмендей түсті. Оны да көрдік. Ақша құнсызданды. Мал таусылды. Жағдай қиындады. Теледидар, радио, газет-журнал, жарық жоқ. Жарықта жазатыңызды жазасың, мал жайлайсың. Кешке далаға шықсаң, қап-қараңғы түн, қап-қараңғы ауыл. Қозғалыс жоқ. Тып-тыныш.

– *Сол кезде басыңызға небір түнек ойлар келген болар?*

– Әкем төсек тартып жатты сол шақта. Ол кісі соғыс кезінде осындай қап-қараңғы түнде, қардың үстінде жатты. Және жай жатқан жоқ, соғысып жатты. Әйтеуір бізді ешкім оқтың астына алып жатқан жоқ қой деп жұбаттым өзімді. Әйтпесе, керемет қиын болды. Тассу деген іргеміздегі ауыл тұрғындары түгел қалаға қаңғыды. Тек зираттары қалды қаңырап.

Кенес үкіметі кезінде ауыл тұрғындарының жиған ақшалары да күйіп кетті. Молдабай деген ағайынымыздың 17 мың сом ақшасы бар екен. Бір күні Көкшетаудан телефон шалып: «Жаңа «Москвич» келіп тұр, аласыз ба?», – дегенде: «Жигули» аламын», – деп бас тартқан еді. Екі айдан соң «Жигули» де, басқа да жоқ, ақша құнсызданды. Қалғаны Қызылордаға құдалыққа барып келуге ғана жарады. Іргелес совхозда бір ақсақал 30 мың сом ақша жинаған екен. Күйіп бара жатқан соң совхозға келіпті ашуланып. Парторгтың қолында не бар, жандары ашып: «Мына холодильникті ала ғой», – десе, қария: «Не айтып отырсыңдар, маған машина керек», – деп бас тартыпты. Бір айдан соң холодильник 160 мың сом болып кетті. 30 мың соммен жер құшып ақсақал қалды. Оны да көрдік. Қабдеш Ермағамбетов деген екі мәрте Ленин орденін алған жылқышы ағамыз болды. Сол жылдары Қабдеш ағамызбен жолығып қалсам: «Мал азайып барады», – дейді. Облыс орталығына бір барып келу үшін жанармайды бір ірі қараға айырбастайды. Бармасқа тағы болмайды. Сонымен, бітті ауылыңыз.

Астананың біздің жаққа тиген бір пайдасы – дөкейлердің біразы барды да малдың бағасын көтерді. Жылқы 10-16 мың теңгеден 1000 долларға қымбаттады. Соған шүкір дедік.

Жазушының, ақынның еңбегі, өнері қайда отырғанына байланысты емес қой. Қаламы мен қағазы болса, тізесіне де қойып жаза береді. Мен ауылға осы сеніммен барғанмын. Жақсы шығарманы ауылда, Алматыда, Америкада отырып жазасыз ба, бір Алла біледі.

Әкеміз қайтқан соң, балалар Алматыға оқуға аттанған соң, ауыл-аймақтың ризашылығын алып, елмен қоштасып, Көкшетауға келдік. Көкшетауда біраз жыл тер төктік.

– *Енді Алматыға қайта келдіңіз...*

– Қайта келдіңіз дегенде... Бұл ұлымыз Нұрланның отауы ғой. Біздің үй Көкшетауда. Қазіргі Алматы – орны ерек қала, әрине. Біздің кезіміздегі Алматыдан өзгерген. Басқа дәуірдің адамдары едік. Басқа дәуірге келдік. Біз де өзгерген шығармыз. Бірақ сол кездегі Алматы әдемі секілді. Ауыл да ыстық. Бірақ мен енді қайтадан ауылға барамын деп тағы айта алмаймын.

Әңгімелескен Қарагөз Сәділ.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 2010 ж., қаңтар.

«Ата жырда аруағы бар қазақтың...»

Даңғайыр жырау Нұрпейіс Байғаниннің 150 жылдығына арналған екінші республикалық жыршы-жыраулар сайысын жүргізу үшін арнайы Алматыдан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қырғызстанның А. Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлығының лауреаты, жазушы, белгілі айтыс ақыны, жыршы, манасшы Баянғали Әлімжанов келді. Екі күнге созылған шараны әдемі жүргізіп, шырайын кіргізген, арасында өзі де «Манастан» үзінді

жырлап халық ықыласына бөленген Баянғалимен бірер ауыз тілдесудің сәті түсіп еді.

— Ал, Ақтөбеге қош келіңіз! Нұрпейіс атамыздың тойына орайластырылған жыршы-жыраулар сайысының тізгінін өзіңіз ұстадыңыз, не түйдіңіз?

— Жыршы-жыраулардың сайысы деген бір тамаша думан ғой, Нұрпейіс атамыздың тойына арнайы шақырған адамдарға рахмет. Бұрын-соңды Ақтөбеде болып жүрмін. 1989 жылдары айтысқа келдім, одан Тама Есет Көкіұлының, Есет Көтібарұлының тойларына қатыстым. Қобыландының тойында келдім. «Ақынға қарасөзден өлең оңай» демекші, әңгімемді осы той барысында ойыма оралған жыр жолдарымен бастағым келіп отыр:

Нұрпейіс атын
Естігем бала күнімнен.
Жырларын оқып,
Жаттаушы ем таза көңілмен.
Суреті оттай басылушы еді көзіме,
Жүзінен нұры,
Жүректен жыры төгілген.
Даланы кезген сақалы желмен желбіреп,
Аңыздардағы абыз аталардай көрінген.

Мәңгіге кеткен
Батырып мұңға мұнартып.
Мыңдаған жылдан
Аманат жырдан жүк артып.
Балбал тастарды
Шыққандай жарып қоңыр үн
Қазақтың сөзін
Ғасырға келер ұзартып.

Дүние, ғалам
Жайында кеткен ойға көп,
Жыраудың жыры
Жерге де, көкке, айға дөп.
Жынданып жатқан
Жан-жаққа кейде қараймын,
Нұрпейіс атадай
Нұрпейіл жандар қайда деп?!

Нұрпейісті көрген қазақтың атақты ақын-жазушылары Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Дихан Әбілев, Қуандық Шаңғытбаев жырау жайында керемет естеліктер қалдырған. Жалпы көрсе көз тойғандай сымбатты, мәдениетті кісі болған ғой. Өзінің «Нарқызы» мен «Ақкенжеден» басқа қаншама жырларды жырлаған ұлы жырау. Біз бала күнімізде мектептен атын біліп, «Ер туралы жырын» жаттап өстік. Енді осындай халық ақынының мерейтойында жыршы-жыраулардың республикамыздың түкпір-түкпірінен келіп бас қосуы бір ғанибет болды. Сайысқа қатысушылардың жасына шек

қойылған жоқ, соның өзі шараның сәнін кіргізді. Сонау Семейден келген қарт жырау, кәнігі жыршы Нығметжанов Дүйсенғазыдан бастап он үш-он төрт жастағы жас талап жыршылардың келуінің өзінде өнегелік мәні бар. Жыршылар жасы ұлғайған сайын кемеліне келіп, жыр қорларын молайта береді, орындау шеберліктері жетіле түседі. Кейінгі толқын үшін мұның маңызы зор. Көзімен көріп, құлағымен естіп, талай нәрсені көңілдеріне түйіп қайтады.

Осы сайыстан байқағаным – жыршы-жырауларды тыңдайтын халық бар екен. Соған қуандым. Өйткені жырды екінші бірі түсіне бермейді. Бұл да дәстүрдің үзілмегендігінің көрінісі. Сайысқа қатысқан жастардың сөзді түсініп айтуы, әуен тандай білуі, домбыра тартыстары жақсы, бұлардың қай-қайсысы да осал емес, республикалық сайыстарға бұрыннан түсіп жүргендер.

Облыс әкімі Елеусін Наурызбайұлы тойда жұлдеге екі автокөлік қосты, бұл да Нұрпейіс атамызға деген, осы бір киелі өнерге деген құрмет деп білемін.

«Жыраулық өнер неге керек?» деп те ойлайтындар бар. Интернет бар, басқа да дүниелер олардың орынын ауыстырып жатыр дейміз ғой. Бірақ ғасырдан ғасырға жеткен жыраулық өнердің орны бөлек екенін естен шығармауымыз керек. Бұл – атадан балаға мирас болып қалған өміршең өнер. Жырлардың энергетикалық қуаты мықты. Нұрпейіс, Мұрын жыраулар жырлаған тарихи жырлар ұрпаққа аманат, оларды ілгері жеткізу – біздің міндетіміз. Жасымыздан өлең-жырға құмартып өстік. Бала күнімізде әкем Тақан «Қазақ эпосы» деген кітаптағы 7 жырды мәнерлеп оқып отырады. «Алпамысты зынданнан қашан шығарасың?» деп жылайтынмын. Осы батырлар туралы жырлар бойымызға қуат беріп, жігерімізді жаныды. Қазір жыраулық өнер сияқты атамұрамызды насихаттайтын мемлекеттік бағдарлама жоқ. Әлемде жыраулық өнерді зерттеп-зерделеуге деген құлшыныс сезіледі. Француздардың ең соңғы жыршысы бұдан бір жарым ғасыр бұрын дүниеден өтіпті. Өркениетті ел болса да, ұлттық мұрасынан қол үзіп қалып отыр. Ал Еуропа елдерінде жыраулық дәстүр мүлде жоқ. Сондықтан біз осы жыраулық өнердің өркендеуіне үлес қосуымыз керек, қолда барды қадірлеп, одан айырылып қалмауымыз керек.

— *Баянғали, сізді айтыс ақыны әрі манасшы ретінде халық жақсы біледі. Бұрынғы-соңғы айтыстар хақында өз көзқарасыңызды білдірсеңіз. Қазір айтысқа қатысып жүрсіз бе?*

— Бұл бір ұзағынан толғайтын әңгіменің тақырыбы. Талай жерде айтып та жүрмін. Атүсті айтылатын нәрсе емес, кейін бір реті келгенде айтармын.

Айтыс туралы қысқаша айтсам, оны елуге келгеннен кейін қойдым. Бас-аяғы 216 рет айтысқа қатысқан екенмін. «Алаш пен Манас» деген кітап шығарып, соның ішіне 40 айтысымды енгіздім. Олардың арасында Ақтөбеде өткен айтыстардан да бар. Осы жылы «Аңыз бен аспан» деген кітабым жарық көрді.

Қазір немен айналысып жүргенімді айтсам, өзімнің шағын киностудиям бар, кино түсіріп жүрмін. «Ән мен анаша» деген көркем фильмді бұрынырақта түсіргенмін. Жақында «Аран» атты фильмімді аяқтадым. Жемқорлық туралы осы фильмімнің су жаңа дискісін Ақтөбеге алып келдім. Драматургияда да өзімді сынап көрген адаммын, бұл фильмнің сценарийін де өзім жаздым, режиссер ретінде өзім түсірдім, әрі рольге де өзім түстім. Фильмнің қаншалықты дәрежеде шыққанына баға беретін көрермен, сондықтан қалған әңгімені солардың еншісіне қалдырдық.

— *Айтыс ақыны, жыршы Баянғалидың кино түсіргенінен хабарымыз жоқ еді, мұныңыз қызық жаңалық екен. Ақан Сатаевтың «Ағайынды» фильмінде ойнаған үш ағайынды жігіттің бірі, Кука роліндегі Нұрлан Әлімжановтың сіздің ұлыңыз екенін білеміз. Бүгінде көркем келбетімен, өнерімен көрермендердің көзайымына айналған киноактер, сазгер балаңыз туралы бір-екі ауыз айтсаңыз.*

— «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген қағиданы ұстанамыз ғой. Баламның өмірдегі, өнердегі қадамдарына қуанамыз, «тәубе» дейміз. Өзі елгезек, еңбекқор, тіл-көзден аман болсын. Жұрт баланды танып жатса, жақсы көріп жатса, ата-ана үшін одан артық қуаныш бар ма? Алматыда баламмен бірге тұрамыз, немерелеріміз бар, шүкір. Жастайынан халықтық өнерге сусындап өскен Нұрлан екеуіміз шығармашылық адамдары ретінде бір-бірімізді түсінеміз, біріміз әнін, біріміз сөзін жазып жүрміз. Қыздарымның кішісі Ақкенжем де өнер саласында, актриса, «Хабарда» телебағдарлама жүргізеді.

Ал менің кино саласындағы жұмыстарыма таңданатын ештеңесі жоқ. Бір кездері «Қазақфильмде» жұмыс істегенмін. Ұлттық тақырыптағы бірнеше деректі фильмнің сценарийін жазғанмын. Марат Нәбиев деген кәсіпкер азаматтың көмегімен шағын киностудия ашып алдым. Оған әйгілі Балуан Шолаққа бата берген Паң Нұрмағанбеттің атын бердік. «Ән мен анаша» атты музыкалық комедиядан кейін «Жер шоқтығы – Көкшетау» деген деректі фильм түсірдік. Басқа да дайын сценарийлерім бар. Қазақ ертегілерінің желісі бойынша көркемфильмдер түсірсем деген ойым бар.

*Ардақ Қонақбаева.
«Ақтөбе», 30 қыркүйек, 2010 ж.*

«Кино мен келінді қатар түсірдім...»

– *Сіздің бір басыңызда сан қырлы өнер бар. Айтыстың ақтаңгерісіз. «Манасты» таңды-таңға қосып жырлағанда, алдына жан салмайтын жыршысыз. Сатира сардарысыз. Жазушы-журналистігіңіз тағзы бар. Бір сөзбен айтқанда, сегіз қырыңыз түгел. Кино саласында қайдан жүрсіз?*

– Бір ғана айтыстың өзінде 216 рет сөз қағыстырыппын. 22 рет бас жүлдеге ие болдым. Пьесаларым қойылып, кітаптарым басылып жатыр. Иншалла, ауыл-елді аралап, осы абыройыма малданып жүре беруіме болар еді. Бірақ қандай жақсы кітап, керемет ой болсын, оны оқитын адам ғана оқиды. Ал экранның құдіреті үлкен. Сол жерден өз ұлтымыздың мұраларын насихаттап, халыққа тәрбие беретін дүниелер көрсетпей, неге кеңістігімізді біреуге беріп қоюымыз керек. Бойында қазақтың қаны, намысы бар азаматтар өз мәдениетімізді өзіміз байытуымыз керек. Шетелдің атыс-шабысын түсіріп, оны аударып, елді есінен тандырып жатқандар мен сияқты екі аяқты, бір басты адам баласы шығар. Менің олардан қай жерім кем?! Жастардың, балалардың санасын сырттан келген сериалдарға неге былғатуымыз керек. Өзімізде көрсететін батыр жоқ па, ақын жоқ па? Қазақы болмыстағы, мұсылмандық тұрғыдағы туындыларды түсірсек, ғажап емес пе?! Неге осыны қолға алмаймын, мұны мен істемегенде, кім істейді деген ойдан туды. Әйтпесе, кино шығарамын деген мақсатым жоқ еді. Баяғыда жас кезімізде көп ақын ағаларымыз «Баянғалидың түр-әлпеті киноға қай жағынан болса да келіп тұр» деп күлетін. Мен де барлық бала сияқты кішкентай күнімде киноны жақсы көрдім. Қиялымда актер болуды

армандадым. Қазір кішкентай ғана фильммен үлкен мәселе көтеруге болатынын түсіндім. Сөйтіп, тәуекел деп кірісіп кеттім.

– *Қаражатты қайдан таптыңыз?*

– Астанада тұратын Марат Нәбиев деген кәсіпкер көмектесті. Керек-жарағымызды түгендеп берді. Төрт бөлмелі үйімнің бір бөлмесінен киностудия аштым. Балуан Шолаққа бата берген Паң Нұрмағамбеттің атын қойдым. Директоры да, көркемдік жетекшісі де, сценарийін жазушы да, қоюшы режиссері де, шопыры да, есепшісі де, актері де – өзім.

– *Одан бері төрт жылдан асты. Осы уақыт ішінде қазақ киносының алтын қорына қандай үлес қостыңыздар?*

– Ең бірінші «Ән мен анаша» музыкалық комедиясын түсірдік. Мұнда қазіргі заман тынысы, жастық, махаббат тақырыбы әнмен қатар өріледі. Сондай-ақ, өмір туралы ойлар лирикалық сезім мен сатиралық тілмен астарлап жеткізілді. Рөлдерде Көкшетау театрының артистері және өз ұлым Нұрлан ойнады. Негізінен, Нұрланның әндеріне құрылған. Балама «Бас кейіпкерді сомдайтын қыз бала тап» дедім. Ол бір күні «Жансая Байдарбекова деген қызбен келістім, әке» деп хабарласты. Қызық болғанда, кино мен келінді қатар түсірдік. Жансаяны келін етіп, түсіру жұмыстары біткен соң құда шақырып, той өткіздік.

Одан кейін «Жер шоқтығы – Көкшетау» деген 45 минуттық деректі фильмді өмірге әкелдік. «Ұлы дала аңыздары» және «Ашаршылық жылғы махаббат» көркемфильмінің сценарийі дайын. Бірақ қолға алуға әзірге қаражат табылмай тұр. Сондықтан аз қаражат талап ететін, бірақ мағыналы туынды жасасам деген ойым болды. Сөйтіп, жақында «Аран» фильмі жарыққа шықты.

– *Фильм өзегіне қысқаша тоқтала кетсеңіз.*

– Бұл – өмірде қызметте жүрген жақын адамымыздың басында болған оқиға. Оның басына нақақ іс түсіп, түн ішінде телефон шалып, көмек сұрағаны, тығырықтан шығар жол іздеп шырқырағаны, оған жасаған зорлық-зомбылық, қорқыту, бопсалау әрекеттері қатты әсер етті. Әйтеуір ол іс өмірде сәтте шешім тапты. Аман-есен құтылды. Осы жайтты көркемдеп, кино тілімен сөйлеттік. Ішкі жанайқайыммен айналамыздағы кісі ақысын аяусыз жеп жүргендерді оятқым келді.

– *Неге «Аран» аталды?*

– Әу баста «Жемқор» деп қоюға бел байлағанмын. Кейін ойлана келе «Аран» деп өзгерттім. Мағынасы кең, ауқымы үлкен сөз ғой. Баяғыда терең ор қазып, аңдарды соған жан-жағынан қуып әкеп, қамайды екен. Аранға түскен аң шыға алмай, тыпырлап, аңшылардың құрығына ілінеді. Оның үстіне, қазақта «Аузын арандай ашты» деген сөз бар ғой. Бір сөзбен айтқанда, тойымсыздық, қанағатсыздық деген мағынада.

– *Бас кейіпкердің рөлін өзіңіз сомдағаныңыз қалай?*

– Мен де өнердің бір өкілімін ғой. Бір кездері «Қазақфильмде» жұмыс істегенім де бар. Бірақ көп ойландым. Халық артисін шақыруға шамам жетпеді. Кім сонау Степняк ауылына барып, киноға түсіп жүреді. Оған жағдай жасап, бабын тауып, қасында қас-қабағын бағып жүру керек. Сондықтан күй талғамайтын өзім түсуіме тура келді. Мұнда кәсіби артистер төрт-бес адам ғана. Төлеубек Қоңбайұлы, Айбек Құсайынов, Елтай Мұстанов, Гүлмира Жакелина, Маржан Бөкешова. Өмірдегі апайым Сұлушаш Досымбекова кинода апайымды, құдам – құдамды ойнап шықты. Халықтық кино болады деген үміттемін. 10

мың доллар қаржы жұмсалды. Он алты күн ішінде аяқтадық. Мұхтар Ержанов, Валерий Балаков, Ержан Досымбековтің де еңбегін ерекше айта кеткен жөн. Музыкасы – таза қобыз бен домбыраның үні. Бала күнімде қобызда ойналатын «Қоңыр» күйін қатты жақсы көретінмін. Сол күйді кейіннен ұзақ іздедім. Біреу Қорқыттікін, бірі Сүгірдікін алып келеді. Бір күні радиода жұмыс жасайтын Мұхамедқұл досыма біраз дәстүрлі музыка көшіріп беруін өтіндім. Сөйтсем, мен таппай жүрген «Қоңырды» Әбікен Хасеновтің орындауында жазып әкеліпті. Қуанғанымнан, жылап жібере жаздадым. Сөйтіп Қорқыттың, Тәттімбеттің, Әбікеннің, Біржанның мұраларын енгіздім. Қазір бейнетаспа арқылы таралу үстінде. Жабайы түрде де сатылып жатқанын көріп, екі түрлі сезімді бастан өткердім. Біріншісі – менің жеке мүлкімді біреу ұрлап алғандай әсер қалдырды. Екіншісі – жілік майы татитын, бюджеті орасан кинолармен бірге менің еңбегімнің де насихатталып жатқанына риза болдым.

– Алматыға көшіп келгенсіз бе?

– Жоқ, екі қаланың ортасында жүрмін. Осында келіп, немерелерімнің қасында жиі болғанды тәуір көремін.

– Әдебиетте не жазып жүрсіз?

– Былтыр «Аңыз бен аспан» деген кітабым шықты. Батырлар туралы жыр-дастандарым басылымдарға басылды. Пьесаларым Көкшетау, Семей, Павлодар, Алматы театрында сахналанды. Былтыр «Батыр-Баян» пьесамды Солтүстік Қазақстан театры қойды. Жыршы ретінде Қазақ радиосының «Алтын қорына» «Батыр Баян», «Манас», «Бақтыбайдың тезек төреге айтқаны», «Жанақтың Рүстем төреге айтқаны» сияқты тарихи жырларды және өз шығармаларымды жаздырдым. Бұл халықтың мәдениетіне кішкентай болса да қосқан үлесім ғой деп ойлаймын.

Әңгімелескен

Қаншайым БАЙДӨУЛЕТОВА

«Айқын» газеті. 14 қаңтар, 2011 ж.

Эпос Әйфелі

Биыл Бішкекте өткен манасшылардың бірінші халықаралық фестивалінде Қырғызстанның А. Малдыбаев атындағы халықаралық сыйлығының лауреаты, жазушы, ақын, драматург, жыршы, манасшы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Баянғали ӘЛІМЖАНОВ Қырғызстанның «Мықты мәдениет қызметкері» төс-белгісімен марапатталған еді.

Жиырмаға тарта танымал манасшының басын қосқан өнер сайысының басты ерекшелігінің бірі – Манас рухы халықаралық деңгейде ұлықталды. Бұл дерек ұлы эпостың Алатау асқарынан биіктеп, бүкіл адамзаттық құндылыққа айналып отырғанын аңғартады. Төменде манасшы-жыршы көне жауғардың қазақ даласындағы жаңғырығы туралы ойларымен бөліседі.

– *Қырғыз халқының батырлық эпосының негізгі идеясы – бостандық пен бірлікке, бақытты тұрмыс жолындағы қаһармандық күреске саятыны жазылғанмен, тұрмыс-салт пен ата-баба наным-сенімдерінің өнеге-өрнектері сақталған туындыға қазақ ғалымдары да қадым заманнан көз қадап келеді. Мысалы, Ш. Уәлихановтан бастап көптеген белгілі ғалымдар мен әдебиет майталмандары байтақ туынды туралы кесек-кесек кереметтерді дүниеге*

келтірді. Ал жасампаз жыр рухына мұндағы жұрттың қазіргі көзқарасы мен сүйіспеншілігі қалай екен, Баянғали Тоқанұлы?

– Шоқан 1856 жылы Ыстықкөлге барған сапары кезінде «Көкөтайдың асын» алғаш рет қағазға түсіріп, орысшаға аударса, 1862, 1869 жылдары В. В. Радлов «Манастың» түрлі нұсқаларын ғылыми айналымға түсіруге талпынды. Эпостың 60-тан астам үлгісі ел аузынан жазып алынды. «Манасты» зерттеуге М. Әуезов, Ә. Марғұлан сияқты қазақ зиялылары еңбек сіңірсе, кейін қаламгерлер «Манасты» аударуға барынша атсалысты. Тіпті, қалам ұстаған тұлғаның ұлы эпосқа соқпай кеткені аз деу қиынды. Жыр алыбы Жамбыл «Манасты» той-жиындарда айтса, Кенен өзінің жыр-дастандарында сюжеттерін жиі қолданғаны мәлім. Сол сұрлеумен келе жатқан кейінгі толқынның өкілі ретінде қырғыз топырағына алты жылдан кейін аяқ басып тұрмын. Мені, әсіресе, фестивальді ұйымдастырушылар мен демеушілердің патриотизмі таңғалдырды. Баткен Шерниязов есімді отаншыл азамат пен манасшы Рысбай Исақов басқаратын «Манас» қоғамдық қорын, Шайырбек Әбдірахманұлы жетекшілік ететін республикалық «Ел» телерадио корпорациясын, ақын Азамат Болғанбаев жетекшілігіндегі «Айтыс» қоғамдық ұйымын ұлт руханиятына қалтқысыз қызмет көрсеткені үшін ондағы жұрт өте қолдап, барынша қошемет білдіріп отыр. Бұл жобаға Қырғызстан үкіметінің айрықша қолдау көрсетуі сайысты бұрынғыдан да маңыздырақ ете түсті.

Бұның ең бір көңілге ұнағаны – балға үйірілген баладай құжынаған халықтың ынтасын біз телекөпір арқылы аңғардық. Бішкек, Ош, Талас өңірі манасшылары рет-ретімен «Манасты» айтса, ара-тұра ақын-жыраулар арнау жырларын орындап отырды. Таңғы сағат 10-нан түнгі 12-ге дейін бүкіл қырғыз айылы керемет әсерге бөленді. Осы дүбірлі оқиғаның ортасында болу мен үшін баға жетпес байлықпен тең. Алатаудың арғы бетіндегі айыр қалпақты ағайын Қазақ елінен қатысып отырған маған айрықша ықыластанып, төріне отырғызды. «Қазағымның «Манасты» айтатын баласы» деп айрықша құрметтеп, қимастық сезіммен әлдиледі. Маған олар: «Ортамыздағы жалғыз қонақсыз ғой, сондықтан бір мәрте айтып, демаламын десеңіз, еркіңіз білсін» деді. Сөйтсем, мен айтып болғаннан кейін жұртшылық телеарна басшыларына телефон соғып: «Қазақтың манасшысына рахмет! Өнері өрге жүзсін! Тағы да айта түссін!» деп алғыс-тілегін қарша боратқан көрінеді. Кешке тағы шықтым. Екі рет шыққанымды қосқанда, бас-аяғы 40 минуттей «Манасты» айттым.

– *Шоқанның «Ыстықкөл сапарының күнделігін» әр оқығанда бұрын кезікпеген тамаша олжаға тап бола бересіз. Сол сияқты, «Манасқа» қалам тартқан шетелдік басқа ғалымдардан кімдерді білесіз?*

– Кеше өзіміз көзін көрген Қаба Атабаев, Шабай Әзизов, сонымен қатар, Ұрқаш Мәмбетәлиев, Асанхан Жұманәлиев сияқты саңлақтар әлдеқашан о дүниелік болып, бүгінде көзі тірі, жасы 80-ге таяп қалған Сапарбек Қасмамбетов деген ақсақал қалыпты. Ол кісіден мен қызық әңгіме естідім. «Англияға барғанымда, – дейді қария. – Хаттон деген ағылшын ғалымы маған керемет жаңалық ашты. Шоқан атамыздың жазған нұсқасын, «Көкөтайдың ертегісін» ағылшын тіліне аударған екен! Әлгі ғалым: «Мен бақытты адаммын. «Манасты» зерттеуге бүкіл ғұмырымды арнадым. Енді, міне, көзі тірі манасшымен бетпе-бет кездесіп отырмын», депті. Мен де Шоқанның еңбегіне шетелдіктердің өзі соншалық құрмет көрсетіп жатқанына жүрегім толқып,

қуанып қалдым. Сондай-ақ, Назарқұл Сейдрахманов есімді тағы бір ірі манасшы бар, бұл кісінің жасы бізден сәл егделеу, бірақ шашасына шаң жұқпаған нағыз дүлдүл, «Манасты» түгел жатқа айтатын адам. Кейінгі жылдары дауысы аз-кем зақымданып, үні шықпай сыбырлап айтқанның өзінде сай-сүйегінді сырқыратып, жүрегінді тербеп жібереді. Ал Базарбай Сөлпиев Ош қаласындағы ауданда әкім болып қызмет істейді екен. Міне, бұл кісілерден кейін қазіргі манасшылардың арасындағы жасы үлкені мен болдым. Қырғыздың бүкіл манасшысы аға тұтып, алдыма түспей, інілік ізетпен иілді. 80-жылдар түлегінің ішінен тамаша талантты өрендер тау суындай тасқындап өсіп келеді. Өздері зыр жүгіріп осы тойда қызмет жасап жүр. Әлемдегі ең ұлы эпосты жырлаймыз деген олардың бойындағы ыстық махаббатқа ықыластана қарайсыз. Шаршап шалдықпай, қайта бойымыз тау самалымен сергігендей өте бір жеңіл жүрдік.

«Манастың» рухы дегенің тылсымнан тартылған күдірет екеніне иландыратын мұндай қасиеттің қазақ баласы мандайына бұйыруын Алланың сыйына балаған ағайындар: «Мынадай аламан бәйгеге қатысуға тіпті, мықтымыз дегендердің өзі жүрек жұта бермейді. Сіз нағыз азамат екенсіз. Қазақтан шыққан шоң батыр екенсіз» деп майын тамызып, мақтап, мадақтап жатыр. Назарқұл, Қуанышбек, Сәлімбаев, Рысбай, Замирбек, Кәміл, Самат, Ұлан, Тілек сияқты манасшылардың екпінді үндері нөсердей төкпелейді. «Өте жоғары деңгейде өнер көрсеттіңіз. Мың жаса, бауырым!» деген жүрекжарды лебіздер жан-жақтан құлағыма шалынады.

Екінші күні Тоқтағұл Сатылғанов атындағы мемлекеттік филармонияда гала-концерт өтті. Зал лық толы халық. Мәдениет министрі Сұлтан Раев, депутаттар, Ел батыры, жазушы Бексұлтан Жәкіев, мемлекет қайраткері, Қырғызстанның бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Дастан Сарығұлов деген кісілер келіп тамашалады. «Баянғали, бұл кешке мен сені арнайы көру үшін ғана келдім», – деп Таласта 2007 жылы Манасқа арнап шара ұйымдастырған манасерттеуші Д. Сарығұлов қимастық көңіл білдіруде.

Манастың ұлы Семетейден театрландырылған үзіндіні халық әртісі Зәмір Сауранбаев өте тартымды үлгіде ұсынды. Өзі Семетейдің рөлін ойнады. Осы қойылым бүкіл қырғыз баласының бір ауыздан «Манас! Манас!» деп ұрандауымен аяқталды. Зәмір Сауранбаевты не үшін айтып отырмын. Ол атақты Тыныбек манасшының немересі екен. Тыныбек туралы Шоқан да, Әлкей де жазған. Бірақ, Шоқан «Манасты» Тыныбектің аузынан жазып алды деген дерек жоқ.

Әлкей Марғұлан: «Бұлардың барлығына ортақ нәрсе, манасшы болардың алдында олардың түсіне Манас пен оның қырық шорасы кіріп, ақындық қасиетін олардың ауыздарына құяды-мыс. Содан «Манас» жыры оларға түсінде қонады» деген... Сол сияқты, Келдібек, Тыныбек, Сағымбай, Саяқбай сияқты манасшылардың бойындағы жыршылық өнер де сондай ерекше құпияда қонды деген әңгіме бар.

– *«Эпоста қырғыз бен қазақтың тағдырластығы суреттеле келіп, қазақ батыры Көкшениң Манасқа сенімді жақтас, тіпті, кей тұста өте жақын серігі болғаны терең сипатталады» деп жазады ғалымдар. Осы тұтастыққа жыр алыбы Жамбыл мен Кененнің ту тігуі – ғаламат өнер туындысының екі халыққа ортақ екенін білдіреді. Сол бүтіндікті жалғастырған кейінгі*

ізбасарлардан жұрт өзіңізді жақсы біледі. Әріптестеріңіз еңбегіңізді қалай бағалайды? Және «Манасты» қайдан, қалай үйрендіңіз?

– Қырғыздар қалжындап маған: «Сенің не әкең, не анаң жағынан біреу қырғыз емес пе?» деп сұрақ қояды. Өз достарым да: «Саған әлдененің шалығы тиген бе, әлде бойыңа өнердің киесі конды ма?» деп әзілдейтін. «Сен жазушы едің, айтысқа шықтың, жарайды, ал енді мына «Манасын» не, айналайын-ау?» деп марқұм Сабырхан Асанов айтып еді. Өзілсіз әңгімелесек, мұның себебі былай – бала кезімізден бастап ауыз әдебиетінің небір жауһар туындыларымен сусындап өстік. Біздің кезімізде кітап оқу мода болатын. Әкем Тақан майданға қатысқан адам. Анамның аты – Бәтима. Тұрған жеріміз – Степняк қаласы. Кешқұрым мал жайлап, үйге кірген соң не істейміз? Теледидар жоқ. Радионың үні еміс-еміс қана естіледі. «Қазақ эпосы» атты үлкен кітап бар еді. Үлкендерден бізге кезек тимейтін болғандықтан көбіне түннің бір уағына дейін қолшаммен оқитынбыз. 60-жылдары «Манастың» төрт томдық, мұқабасы сары кітабы жарық көрді. Мұхтар Әуезовтің алғы сөзімен. Қырғыздардың өздері біріктірген нұсқасы бар емес пе, дәл сол үлгіден аумайды. Марқұм Мейрамбай ағам алып келді. Оқыдық. Бір қарағанда, біздің жырларға қатты ұқсап кететін сияқты, ал енді бірде мүлде басқаша. Ұзақ, үлкен оқиғалар. Неге екенін білмеймін, ә дегеннен-ақ бұл жыр маған «Алпамыс», «Қобыландыдан» еш кем көрінген жоқ.

– *Алғаш рет «Манасты» қай кезде орындадыңыз?*

– Құдай айдап, бірде «Букинист» кітап дүкеніне бас сұға қалайын. Көп кітаптың ішінен көк кітап көзіме оттай басылды. Бізде жарық көрген қазақтың «Манасына» ұқсайды. Бірақ Бішкектен шыққан екі кітап та қырғыз тілінде. Бірінші, екінші томдары қатар тұр. Бағасы – сутегін. Көрген бойда сатып алдым. Аудармадағы нұсқадан мүлде бөлек. Оқып отырғанда құлағымға бір әуен келгендей тербелдім. Кей үзінділерін дастарқан басында, жазушылар арасында айта бастадым. 1984 жылы «Қазақстан» телеарнасына «Халық қазынасы» атты циклды хабарларды жүргізуге мені шақырды. Редактор, марқұм ақын Ерік Асқаров студияда өнер көрсетуге тиіс жыршы әлдеқандай себеппен келе алмайтын болып, кімге қолқа саларын білмей, жанұшырып отыр. Көп ақша күйіп кеткелі тұр.

Редактор маған: «Байеке, «Манасты» жазып жіберейік, бізді құтқар», деді. Мен: «Мұның не? Жоғары деңгейде айтуға әлі жақсы дайын емеспін. Өзім үшін айтып жүрген адаммын» деп ат-тонымды ала қашқаныма қарайтын түрі жоқ. «Жоқ, енді былай ғой, егер дұрыс шықпай қалып жатса, барлық кінәні сізге аудара саламыз, қырғызшаны онша дұрыс айта алмады деп құтыламыз», дейді. Сонымен, олардың айтқан сөздеріне көніп, «Манастан» тоқтаусыз бір сағат үзінді айттым. Мұны олар кейін қысқартып, 25 минуттік «Манас – қазақ жерінде» атты хабар жасап берді де жіберді. Осы уақытта бізге қырғыз театры гастрольдік сапармен келген еді. Мұны жұрт қонақтардың құрметіне берілген хабар деп қабылдапты. Бір күні қомызшы, күйші, «Қазақ елі», «Қырғыз көші» деген күйлердің авторы Асанбек Қыдырназаровтың «Социалистік Қазақстан» газетінде «Алатаудай алғыс айтамыз» деп аталатын алғыс сезіміндегі мақаласы шықты. Отыздағы жігітке тұтас бір халықтың атынан ақтарылып, алғыс есту қандай ғанибет десеңізші. Жаным марқайды. Осыдан кейін үзбей айтып келемін. Менің де түсімде Манас батыр аттың үстінен төніп келіп: «Мақамыңды түзе, әуенінді жөнде» деген. Атеистік тәрбиемен өскен ұрпақтың

мұндай аян, аруақ деген нәрселерге онша көп мән бермейтін әдеті дегенмен, әке-шешеміз әуелі бісмілләні айтуды үйреткен. Әкем 39 жасында намаз оқыған. Күнде мектепте құлағымызға «Құдай жоқ» деп құйып жатқанмен, жүрегіміздің түбінде Тәңірдің құдіретіне деген бір сенім сәуленің сөнбегенін сезетінбіз.

Қазақтың жырларын бір кісідей орындап жүрмін. Батырлар жырынан, айтыстардан репертуарымда біраз дүние бар. Мен «Манасты» олармен бірдей сүйдім. Бұл жыр жүрегіме махаббатпен орнықты. 93-жылы Қырғызстанда айтыс өтті. 5 қырғыз, 5 қазақ ақыны отырмыз. «Меймансыздар ғой, жол бірінші сіздердікі» деді. Бірінші болып қағазды алсам, Оразбек Құтманәлиев деген ақсақал ілікті. Сақалы дөңгеленген, қызыл шырайлы кісі екен. Қасына барып иіліп сәлем бердім. «Қай жақтың баласысың?» деді. Өйткені, айтысу үшін ақындарға ілік керек. Ал мен одан: «Мамандығыңыз кім?» деп сұрадым. Ол: «Мен төкпе ақынмын, кино актерімін», деді. «Қандай киноға түстіңіз?» – дегенімде, «Ақ кемеге» түстім», деді. Фильмде Оразқұл есімді бұзақы кейіпкер бар ғой, міне, сол рөлде ойнаған екен. Сахнада заулата жөнелдім:

«Киноға да түскенсің,
Бөшкелеп арақ ішкенсің.
Қатынның бәрін сойғансың,
Бұғының бәрін жойғансың».

Әлгі кісі риза болып, батасын беріп жіберді. Сөйтсем, оның өзі қазаққа жиен болып келеді екен. Маған әзілдеп: «Мына қарыстан сүйем жақын деген ғой. Басқа қырғыздан гөрі саған мен жақындауым! Анам қазақтың қызы» деп ағынан жарылды. Әлгі айтыстан мен түйе мініп қайттым. Айтыстың арасында қырғыздың ақыны Абылда Нұрғалиев «Манастан» үзінді орындады. Менің де білетін өнерім ішіме сыймай барады. Бірақ олардың ешбірі маған: «Ал, шық, айта ғой» деп қолқа салатын сынай танытпайды. Өзімнен өзім бастап кетудің амалын таппай дымым құрып тұр. Ақыры шыдамның да шегі бар дегендей, «айтамын» деп кестім. Біздің жігіттердің бірі сыбырлап жеткізіп қойған болуы керек, «айтыңыз» деген ишарат білдірілді. Мені бес-алты ауыз шумақпен шектеледі деп ойлаған болулары керек, ал мен тоқтамай 10-15 минут «Манастан» айттым. Залдағылар «қазір қазақтар «Манасты» қалай айтар екен?» деп демдерін іштеріне жұтып, көздерін қадап қалыпты. Мен айтып болған соң, дүркірете қол соқты. Айтыстан кейін шашын артына қарай әсемдеп қайырған, қырғыздың келбетті бір азаматы келді. Құшақтап: «Туғаным, бауырым. Мен Шерімбек Шаршеевпін – Мәдениет министрінің орынбасарымын, «Манас-1000» дирекциясының директорымын», деді. – «Манастың» мыңжылдығы өткелі жатыр. Біз сізді сол мыңжылдыққа шақырамыз. Ресми қағазыңызды кейін жібереміз. Дәл осы қазір шақырту алдым деп есептей беріңіз», деді. Онда мен Көкшетаудамын. Анам қайтыс болған соң, әкемді жалғыз қалдырмай бірге тұратынбыз. Содан 1995 жылы «Манастың» мыңжылдығына орай байқауға қатыстым. Тақырыпты билет сияқты үстелдің үстінен алдық. «Манас» түпсіз терең мұхит, эпопея десек, осының ішінен түрлі-түрлі сұрақтар қойылады. Қолыңды салып алған жерден бастап жалғастыра алмасаң, ары қарай жол келте кесіледі. Қырғыздардың өздері жарты жолда шаң жұтып, шарасыздық танытып жатыр. Біз ең соңында тұрмыз. Қазақстаннан менімен бірге екі адам қатысты. Олар осы тойға лайықтап жаттап алғандарын айтып жатыр. Қырғыздардың сегіз командасына біз тоғызыншы болып қосылдық. Ортаға мен шықтым. Қазір мен қырғыз бауырларымының айтпаған жерін айтамын деп әзілдей күлдім. Бір тур

өтті. Біраз адам сырғып сыртқа шығып қалды. «Тәуекел, – дедім. – қырғыздардың өзі жеңілгенін мойындап жатқанда, біздің еш жаситын жөніміз жоқ, бұйырғанын айтамыз», деп едім, біреуі: «Сіз, қонақсыз ғой, қалаған жеріңізді айта беріңіз», деп мені аяған сыңай танытты. Мен: «Қолымның тиген жерінен емес, көңілімнің сүйген жерінен айтайын», дедім. Бізге арнайы сыйлық берілді. Міне, менің манасшы ретінде қырғыздардың алдына алғаш шыққан жерім осы.

– *Эпостың мыңжылдығына қандай сый әзірлеп бардыңыз?*

– Елбасымыз Н. Назарбаев бастаған мемлекеттік делегацияның құрамында тойға қатыстым. Өмірбек Байгелді, Шерхан Мұртаза, Қалтай Мұхамеджанов, Бекен Жылысбаев, Кенжеғали Сағадиев, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Шаханов сияқты халқымыздың ардагер ұлдарымен бардық. Таласқа аттандық. «Манастың» күмбезіне аялдадық. Қалаған: «Ал енді араларыңда қайсысың құран оқисың?» – деді. Сонда жасымның кішілігіне қарамастан: «Рұқсат па?» – дедім. «Манастың» күмбезінің түбінде құран оқыдым. Таласқа қарай бет алған тұста қырғыздың азаматы: «Баянғали, Манасты айт, Таласта тұрып «Манасты» дариядай тасытпасаң жарамайды» деп қолқалады. «Алдымда менен де үлкен ағалар тұрған жоқ па, осы кісілер сөйлесін» деп шегіне бастап едім: «Жоқ, «Манасты» баста, «Манасты» айт» деп қадалған ойынан қайтпай тұрып алды. Аянып тұруға уақыт жоқ, жырды жорғалата жөнелдім. Міне, осы сапар көп түйінді шешкендей. Рас, біраз жылдар арадағы байланыс үзіліп қалды. Сөйтсе де, «Манасты» қалың қазақтың арасында қалтқысыз айтып жүрдім.

«Манастың» мыңжылдығында Базарбай Сөлпиев пен Асанхан Жұманәлиев екеуі: «Сен қазақсың, «Манасқа» салым қос» деді. Салым деген не нәрсе? Жырды өз тарапыңнан жаңғыртып, байытып қосып айтуды осылай дейді. «Сен, қазақ жағынан Ер Көкше атаңды жырла» деді. Ойланып қалдым. Бірақ тәуекел ете алмадым. Себебі, «Қалай мен жанымнан жыр қосып, «Манасты» өзгертемін?» деген ойдың шырмауынан шыға алмай отырып қалдым. Кейін, бірақ, «Айкөл Манас пен Ер Көкше» деген жыр шығарып, «Аңыз бен аспан» деген кітабымда жарияладым.

– *Жыршы, жырау мен манасшының айырмашылығы неде сонда?*

– Мысалы, Сағымбай Оразбақов, Саяқбай Қаралаев жүздеген мың жол жырды мұра ғып қалдырған, кітапқа түсірген. Ал олардың арғы жағында Тыныбек, Келдібек, Наймантай, Балықауыз деп жалғасып кете беретін есімдер қаншама. Қазақтың бұрынғы жыраулары да сондай болған. Ал «Манастың» кітабын біз аяқталған жыр деп есептейміз. Мұны бұзбай, бастапқы қалпын сақтап орындаудың өзі жеткілікті деп тиянақтаймыз. Шын мәніне келсек, бұл дұрыс емес. Оларда жаттап айтқан адамды манасшы демейді. Сондағы оқиғаларды сақтай отырып, оған өзінше бояумен үн қосқан, ары қарай жалғастыра білген адамды манасшы деп айтады. Қырғыз ағайындар: «Дүниежүзіндегі барлық эпостық жырлар әлі эпостар», дейді. Олар қағазға түскеннен кейін жолы аяқталып, ғұмыр дариясы тоқтаған болып саналады. Ал «Манасқа» келсек, бұл – әлемдегі дара да жалқы тұрған тірі эпос. «Манас» ғұмыры әлі күнге дейін жалғасып жатыр. Мұны сарқылмас сазбен, үзілмес үнмен әлі талай ұрпақ тоқтатпай шырқамақ. Демек, манасшы болуыңыз үшін алдымен оқиғаның бәрін санаңызға саф ауадай сіндіріп алуға тиіссіз. Одан әрі тағы бастапқы нұсқаға сүйеніп, өз тарапыңыздан баяндай отырып байытасыз.

Ең бастысы, болашақ манасшыға аян берілуі керек. Аян болмаса, қандай күшті ақындарға да «Манасты» айтуға болмайды деген сенім бар қырғыздарда!

Жоғарыдағы әңгімеге орай, мен манасшыларға: «Мысалы, сенің бүгінгі шығарған жырың мықтылардың сөзіндей асыл да маржан болмай жатса, жырдың сапасына нұқсан тимей ме, бұрынғы бастаулар бүлінбей ме?» – дедім. Біздің жыршылардың негізгі ерекшеліктері – төл мұралардың мұртын бұзбай мүлтіксіз орындауында, – дедім. – Ал мұндай ең байлықты өзгертуге хақымыз жоқ. Суырыпсалма ақындар үшін жырды орындап шығу өте жеңіл, бір сөзді ұмыта қалсақ, өз жанымыздан қоса саламыз. Мұны көпшілік байқай бермеуі мүмкін. Себебі, топ алдында тоқтап қалмау маңызды. Бірақ, аталардың асыл сөзін өзгертпей айту парыз!» – дедім. Бірақ, қырғыздарда жағдай мүлде басқаша. Олар: «Дұрыс айтасыздар. Мұны да айта білуіміз керек, сонымен қатар, манасшылар эпосты жалғастыруға, дамытуға үлес қосулары тиіс», – дейді. Тіпті менен: «Қазақта манасшы жігіт бар екен деп естіп, қуанып жатырмыз. Жаттап айтады екенсіз. Шынымен жаттағаныңызды орындайсыз ба?» – деп сұрады. «Жаттап айтпағанда, енді мені ойынан шығарады демексіздер ме? – дедім. – Менің ойымнан шығарған жырым сіздерге ұнай ма, жоқ па? Аталардың асыл сөзін айтып тұрып, арасында қысқартып өзімше толғаймын. Төл нұсқаларым бар».

– *«Манастың» ғұмырын ұзартуда қырғыз ағайындар тағы не істеп жатыр екен?*

– Қырғыз бауырларымыз қазіргі манасшылардың орындауында «Ұлы Манас баяны», «Ұлы елдің ұғылы – ер Манастың тұқымы, Семетей батыр баяны» деген екі альбом шығарыпты. Әрқайсысында үш дискіден бар. Мұнда осы заманғы манасшылар түгел қамтылып отыр. Әрине, «Манастың» бәрін қалдырмай қамту қиын іс дегенмен, алты дискіге топтап, үлкен жұмыс атқарылды. Оны шығаруға «Айгине» мәдени-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы Гүлнәр Айтбаева мұрындық болған. Гүлнәр өзімізбен қандас қазақтың қызы. Ата-бабасы 30-жылдары ашаршылық заманында қырғыз еліне өтіп кеткен. Әкесі – қазақ, шешесі – қырғыз. Мені көргенде: «Ой, ағамыз келді», – деп ардақтап, бүкіл қырғыздың арасында асқактатып отырды. Ол қырғыз мәдениетінің үлкен қайраткеріне айналған адам екен. Сол кісінің ұйытқысымен «Ұлы Манас баяны – ұрпақтарының аузында», «Ер Манастың тұқымы, Семетей батыр баяны» сияқты қазіргі заманғы манасшылардың айтуында дискісі шығарылған. Осыған қоса тағы бір айта кететін нәрсе, бізде де батырлар жырының мәтінімен және жыршылардың орындауымен жарық көрген дискісі бар. Көлемі өте үлкен. Жекелей Сағымбай Оразбақовтың, Саяқбай Қаралаевтың, Тыныбектің, Шапақ Рысмендиевтің орындауындағы, Қытайда тұратын манасшы Жүсіп Мамайдың жазуындағы «Манасты» том-том кітап етіп басып шығарып жатыр. Мысалы, Сағымбайдың кітабы 2 мың беттен тұрады екен.

– *«Манасты» жырламайды, негізінен айтады деген пікірді алға тартып отырсыз. Бұл екеуі екі түрлі нәрсе ме?*

– «Манасты» жырлайды деу өте қате ұғым, себебі, оны қырғыз бауырлар айтады деп түзетеді. Біз кейде өзіміздің сөзімізге салып, қырғыздар «ырлайды» деп қоятынымыз бар. Жоқ. Олай айту туралыққа жанаспайды. Турасы – «Манас» айтылады. «Манас» туралы айтады, жанынан қосып толғайды.

«Манастын» ұлылығы мен құдіреті – ғасырлар бойғы қырғыз халқының талантты ұл-қыздарының ақыл-ойы мен парасаты, рухани қуаты бір арнаға тоғысқан. Алып бір дүние, таудай, мұхиттай поэзия туындысы жаратылған. Өлемдегі ең ұлы, ең мәртебелі эпостардан артық демесеңіз, кемдігі сезілмейді. Көлемі жағынан «Манасқа» теңдесетін әлемде бірде-бір эпос жоқ. Мазмұн-қуаты, тағдыр-тайқысы жөнінен келіп сөйлесек, онда неше түрлі бейнелермен қатар Манастың тумай жатып қуғын-сүргін көргені, туған елінің ар-намысы мен азаттығы жолындағы күресі баяндалады. Өзі өмірден озғаннан кейін әйелі мен бала-шағасы шырылдап, Бұқарға дейін өтіп кетеді. Семетей жат елде ержетеді. Қырғыздың тарихын тапжылмай баяндайтын тарам-тарам оқиғалар мен тарихтар жатыр мұнда. Мен осыған кішкентай болсын, қатысым болғанына қуанамын.

– *Қырғызстаннан сырт аймақтарда «Манасты» айтушылар көп пе?*

– Қытайда біраз манасшы бар деп естідім. Бір әңгіме есіме түсіп отыр. Қытайда, Хайян өңіріндегі бір ауылда түгел қырғыздар тұрады екен. Бірақ, олар Қытайға әбден сіңіп кеткен. Себебі, аты-жөндеріне дейін қытайша. Сонда жасы егде тартқан екі кемпір тұрады. Біреуі қырғызша бірден жүзге дейін санауды біледі, ал екіншісі қырғызша екі жыр біледі-міс. Қызығы – «Манас» туралы әңгіме қозғалып, әлгілердің құлағына жетпей ме? Жүсіп Мамайдың шығарған «Манасын» тыңдап, ЮНЕСКО-ға енгендігін құлақтары шалған болуы керек. Қытай болып кетті деген қырғыздар мұны естіп: «Манас біздің атамыз екен. Неге бұл кісіні ұлықтап, ерекшелеп еске алмаймыз?» деп мәселе қояды. Қысқасы, сол жердегі тұрғындар бас қосып, мемлекеттік бағдарламаға енгізіп, ер Манастың ескерткішін тұрғызыпты. Не деген рух! Неткен халық! Мұны маған «Манас жаңғырығы» телекомпаниясының бас директоры Темірбек Тоқтағазиев айтып берді. Телеарна менен бір сағат сұхбат алып, аяғында «Манасты» айтқызды.

– *«Манас» жыры негізінен қандай музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындалады? Манасшылар музыкалық аспапты пайдалана ма?*

– «Манасты» орындау дегеннен гөрі, айту деген қисынды. Оны ешқандай аспапсыз, ақырын ғана отырып айта береді. Ал мен:

«Атамнан қалған жерімді,

Атасы басқа дұшпанға

Алдырсақ Құдай ұрмай ма?» – деп келетін жерін, Шоқан жазған үлгіні – «Көкетайдың керезін (қоштасуын)», «Манас батырдың Көкетайдың асына келуін», «Қосай дәу мен Жолай дәудің күресін» айттым. Талас сапарының шуағына жылына бергің келеді. Сондағы дискілердің бәрін көздің қарашығындай сақтап жүрмін. Өйткені, бұл кейін баға жетпес байлыққа айналуы мүмкін.

– *Соңғы уақытта кино өнеріне айтарлықтай тер төгіп жүрсіз... Қанша фильм түсірдіңіз?*

– Кейбір замандастарым «басқа өнеріңіздің бәрі дұрыс-ау, ал енді кинода неңіз бар?» деп қызық сұрақ қояды. Кітапты қазір біреу оқыса, біреу оқымауы мүмкін. Ал кино арқылы көп нәрсені айтуға болады, көп мәселені көтеруге болады. Қазір жаңа технологияның шарықтап дамыған заманы. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан мен де заулаған заманға ілесіп еңбек еткім келеді. Бірі тасада қалып қойғанмен, басқа біреуі іздеген жүректің ұясына қонарына күмәнім жоқ.

Операторлыққа ВГИК-ті бітіріп келген жігіттерді қабылдадым. Қазір кино түсіріп жүрмін. Жұмысым өзіме ұнайды.

Біздің студиямыздың өнімдері – «Аран», «Асау толқын», «Айхан» фильмдері көрермен көзайымына айналып үлгерді.

– *Отбасыңызда өнер жолын қуған кімдер бар?*

– Ұлым Нұрлан Әлімжанов, қызым Ақкенже Әлімжанова белгілі актерлер, көптеген фильмдерге түскен. Көрермен жақсы біледі.

*Әңгімелескен Қарашаш ТОҚСАНБАЙ,
«Егемен Қазақстан», 10 қазан, 2013 ж.*

Қанат ұиса қатаяды

Өнер жолын әуелде сыншылықтан бастаған Баянғали Әлімжановтың тындырғанын қазір ауыз толтырып айта қою ертерек болса да, бірақ талантының өткір қыры айқын аңғарылып қалғандығы даусыз. Кезінде баспасөз бетінде шыққан ойлы мақалаларымен танылған Баянғали сол рецензия ауқымында қалып қоймай, толғамды ой-пікір айтуға, өткір проблемаларды шешуге ұмтылған талапкер сыншы болатын. Оның осындай еңбектері «Уақыт және қаламгер», «Жастар жастар туралы» атты жыл сайын шығатын жинақтарда жарияланып, көзге түсті. Осындай қомақты да толымды ойларымен, эстетикалық талдауларымен, өзінің айшықты қолтаңбасымен көрінген Баянғали Әлімжанов соңғы екі-үш жыл көлемінде прозаға, сатиралық астары қалың психологиялық юморға ден қойып бара жатқандай көрінеді маған. Әрине, жас дарынның іздену дәуірінде әр қырынан көрінгені алдымен әдебиет игілігі ғой, алайда түбінде сынға опа бермей кетер ме екен деген күдігім де жоқ емес. Оған 1982 жылы жеке жинақ болып шыққан «Қиқыматтың хикаялары» атты сатиралық әңгімелері мен «Жұлдыз» журналының 1983 жылғы 12-санында жарияланған «Алмамбеттің әңгімесі» деген сатиралық повесі дәлел. Жинақтағы ірілі-уақты он жеті әңгіменің іштей бір желіге тартылғаны тек Қиқыматтың араласып жүруімен ғана емес. Ол циклдарда байқалатын көркемдік нақыш, яғни көзге көрініп тұрған олқылықты жайдақ шенемей, адамдардың психологиясы арқылы ашып, образ жасау тенденциясын ұстап отыруы орыстың классикалық әдебиеті мен қазақтың әдеттегі әзіл-қалжыңын аспанға көтеріп, талай бейнелерді көз алдымызға көлденеңдеткен Бейімбет Майлиннің дәстүрінен нәр алған, әсіресе Мырқымбайдың етегіне оралып өсіп келе жатқаны аңғарылып қалады. Жинақтағы жанды шымшылап, бетті дуылдататын, кейде ұялғаннан теріс қараттыратын детальдар шындығы, көріністер айқындығы жас қаламгерге еріксіз тілектес етеді. Қиқыматтың хикаяларын енді Алмамбеттің әңгімесімен аумақтандырып, іштей бір-біріне туыстық дарытып, әлеуметтік кесапаттармен күресуге бел шешіп шығуы да құптарлық қадам. Мұндай машыққа Баянғали реалистік әрі ара-тұра жылт еткен юморы мен әзіл-оспағы бар әңгімелерімен жетті. Оның «Ұя», «Біреудің шаруасы», «Ақталмаған үміт», «Есепті дос» деген әңгімелерінің биігі – «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Бақыттың бір үлесі». Онда автор біздің күнделікті өмірімізге еніп кеткен футбол ойынының өзінен өрелі ой түйіп, әр көріністі ажарлы штрихтармен бергендігін көреміз. Сондай-ақ «Қазақ әдебиетінде» жарияланған «Жеңіліс» әңгімесі де портреттік суреттілігінің айқындығымен, мансап үшін сүйген қызы түгілі ар-намысынан айрылған иілгіш, мойылғыш Сержандардың қазіргі кескін-келбеті, әрекет-қимылы психологиялық нанымды, сырттай әсерлі де ажарлы шыққандығын айрықша айтуды талап еткендей шынайы, көрікті.

Осы әңгімелері мен жинағы, тартымды повесі бір-бірімен құйрық тістесе шыққан кезден бастап менің күдігімнің күшейе түскендігін жасыра алман. Өзім сынның жоқтаушысы болғандықтан, айтып жатқаным ғой, әйтпесе әдебиеттің қай саласында болмасын өндіре жазып, жарқырай көрініп жүргені қуаныш екені

даусыз. Әлгі талданған әңгімелер мен повестің тартымдылығы, оқушы жүрегіне сыр табар сыршылдығы мен мөлдірлігі, сөз мәнерінің ойнақылығы мен бояуының әр алуандығы қуантады. Оның үстіне повесть-әңгімелерінде өмірді жаңаша көрудің нышандары айқын. Біздің бірталай жас жазушыларымыз өмірден көрген-білгендерінің аздығына байланысты көбіне өзінің ауылда өткен балалық шағын, мектепте оқыған кезін аңсай беретін шығарма тудырса, Баянғалидың кейіпкерлері қалада тұрып, жаңа тұрмыс құрып жатқан құрбы-құрдастары. Олардың қалтасында ЖОО-ның дипломы, алдында жұмыс столы, бірді-екілі перзенті бар жас желеңдер. Келіншегі де, күйеуі де өссек, жетілсек, елге пайдамызды тигізсек деген арманмен біріне-бірі сүйеу, тірек болып, қол ұстасып келе жатқан қазіргі қазақ жастары. Ара-тұра ойын-сауық, кинотеатрға барып, спортпен шұғылданып, футбол тамашалап, мәдени-рухани өсумен қатар Қиқымат дегендері ептеп тартып қоюды да теріс көрмейді. Әрине, арақ ішкеннің мақтарлығы да, құптарлығы да жоқ, бірақ соны қалай ішудің жолын, айла-амалын іздеп, талай «тапқырлық» жасап, өзін де, баласын да, әсіресе келіншегін де қиналатындай деңгейге жеткізбегенмен, ығыр қыла бастаған сәттердің психологиялық нанымдылықпен ойлы суреттелуі Баянғали қаламының алғырлығын, байқағыштығын сездіреді.

Баянғали өзінің шығармалары жайында толғамды пікір айтып жүргенде бір нәрсені, яғни А. Чехов шын таланттың жоралғысы ықшамдық екенін ұғып, оны қатаң сақтауға талаптанатыны көрінеді. Бұл қазіргі проза үшін айрықша қажет, өйткені роман-повестердің өзі бұрынғы ұзын әңгімелердің көлеміне түсіп жатқан заманда, ұлан-ғайыр баяндауға түсу, ежіктеп қайталау, сөз бояуын кірістіре алмаған соң әлемештей берудің әбестігін қатты ұққан. Іс-қимылы да, бояуы да динамикалы ықшам сөйлемдерді еркін және ажарлы құрап, оймен көмкеріп отыруға машықтанып келе жатқаны байқалады.

Жазушының құдіреті – сөз. Сол сөзбен сурет салып, сәулетті де салтанатты сарай орнату қажет. Осыдан жұрттың бәрі де дәмеленеді. Сөйлемді дұрыс құрап, ойын айта алмағандардың бәрі бірдей жазушы болмайды. Шүкіршілік, ондайлар қазір көбейді, «жүзден жүйрік» деген ғой, суырылып шығатындардың аяқ алысы ә дегеннен-ақ қылаң беруде.

Баянғалидың әңгімелері мен повесі сатиралық астарының қалыңдығы біраз көркемдік қуатқа түскені сөзсіз. Өйткені өмірдің олпы-солпысын сол күйінде беруге де болады, әзілдеп, қалжыңдай отырып, оқушыңды өзіңе жақтас ететін, жіпсіз байлайтын юморлық желінің бір ұшын мықтап ұстай отырып шығарма жазу және кейіпкердің түс-келбетін, портретін былай қойғанда, ішкі әлемін, психологиялық жан сырын алдына жайып, содан күлкілі жайлар табу, келеңсізден жирендіре бездіру тенденциясын білдірмей, ақыл үйретпей, насихат айтпай, нұсқау бермей-ақ оң жолға бастау жас жазушы Баянғали үшін аз олжа болмасқа керек. Түбінде сынға қол бұлғап қоштасып шыға келеді-ау дегенде, жалпы эстетикалық таным-білігіне емес, осындай көркемдік тәжірибесіне қарап айтып отырмын.

Әдебиетіміз өсіп, қаламгерлеріміз молайған сайын қуаныш-шаттық әкелетін құнарлы да сүбелі шығармаларды көбірек тілейтініміз анық. Оларды әрине, қанаты қатайған, жанары алысты шалатын қыран таланттар жасайды. Баянғали Әлімжановқа ұядан іркілмей ұшып шықтың, енді әдебиет аспанында еркін самғап, әрқашан биіктен мол олжамен көріну үшін тынымсыз еңбек ет деген тілек айтқан орынды.

«Қазақ әдебиеті», 1984 ж.

Мыңжылдық Манас

Бауырлас қырғыз халқының батырлық эпосы «Манас» жырының бүгінгі дәрежесіде сақталып, ұрпағына аман-есен, бүтін күйінде жетуіне егіз халықтың екеуі де ортақ. Шоқан Уәлиханов: «Манас» – бүтін бір халықтың шығармасы, соның көпжылдық творчествосының жемісі – дала Иллиадасы десе де болғандай» деп жырды алғаш хатқа түсірді. Заманынан озық туған дана Шоқан, көңілі өзінің Көкшесіндегі сара Шоқан ұйқылы-ояу сахарасын аралай жүріп, бір сәт бауырлас жұрттың ертеңгі баға жетпес қазынасына айналар, бары да, нары да, болар асыл жырды сөндірмей үрлеп, сақтап қалуға өз үлесін қосқандығын осыдан-ақ байқауға болар. Оны «төскейде малы, төсекте басы қосылған» Алатау жұрты оның күнгейі мен теріскейін ұмыта алар ма!

Қырғыз Республикасы Мәдениет министрінің орынбасары, «Манас» жырының 1000 жылдығын өткізу жөніндегі комиссияның бастығы Шерімбек Шаршаев 1946 жылы-ақ «Манас» жырының 1100 жылдығын өткізу жөнінде өкімет тарапынан арнайы шешім шығарылып, бірақ жылнамадан қате кеткен деп кейінге қалдырылғандығын айтады. Ал, 80-жылдары Шыңғыс Айтматовтың өзі бас болып, жырдың 1000 жылдығын атап өтуді қатты қолға алған. Бірақ тағы да қолдау таппаған, кедергілер кес-кестей берген. 1952 жылы 8 шілдеде «Манас» эпосын зерттеу жайындағы конференцияда сөйлеген сөзінде Мұхтар Әуезов: «Қырғыз халқына «Манас» эпосы керек пе, жоқ па?» деп мәселені төтесінен қойған. Сонан соң: «Қырғыздың халқына «Манастың» керек екендігі даусыз. Өйткені бұл жыр қырғыз халқының өткендегі рухани мәдениетінің бірден-бір ескерткіші» деп жырды басқа халыққа телуші қарсыластарының жолын кесіп тастаған. Конференцияда сөз сөйлеген А. К. Боровков баяндамасының 99 проценті эпосты жоққа шығаруға жасалған әрекет деп, кейбір жікшілдердің де адымын аштырмай тастаған («Уақыт және әдебиет», 1962 жыл).

Міне, биыл ғана ЮНЕСКО 1995 жылды «Манас жылы» деп атауға шешім қабылдады. Бұл қуанышқа қазақ елі де ортақ. Бүгінде «Манас» эпосы бүкіл бір халықтың мақтанышына айналған жәдігер. Жырдан үзінді оқи білмейтін қырғыз, әй, кемде-кем-ау. Данышпан Әуезовтың «Манасқа» ден қойғаны сондай – кәдуілгі манасшыларша ұзақты күн жырдан үзінді оқитын болған.

Өткенін қастерлеп ұстап, қадірлеп сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуге әрдайым шебер бауырлас ел үлкен де абыройлы шараны бастап та жіберген екен. Оған тайлы-таяғы қалмай атсалысып, бірін-бірі толықтырып, күн сайын жаңа бір іс бастау алады. Абыройлы аяқтау да басталған істің кең өлшеніп, келісімді пішілуінде болса керек.

– Қырғыз университеті мен Ғылым академиямыз «Манасқа» байланысты осыған дейін жарық көрген зерттеу мақалалардың басын қосып қайта шығармақ, – дейді Ш. Шаршаев әңгіме арасында. Бұрын бейнетаспаға түсіріп алынған атақты манасшылардың басқосуы, олардың нөпір жұрт алдына шығып бірнеше күн бойы «Манасты» жырлауы кейінгілерге үлгі-өнеге. Оларды да жамап-жасқап, бір арнаға түсірмекшіміз. Содан кейінгі игілікті дейтін істің бірі – эпосты оқытуды балабақшадан бастап жоғары оқу орындарының бағдарламаларына дейін кіргізу ойымызда бар. Қазір ешкімге құпия емес, біздің

«Манас» жырымызда да кеңестік дәуірдің сарыны бар. Содан арылту керек. Ол үшін көнекөз манасшылардың басын қосып, қайта жырлатып, шама келсе, қайта жасамақпыз. Әрине, көп күш, қаржы, ауызбірлік бұл жерде де керек-ақ. Алдымызда Шоқан Уәлихановтың он бес баспа табақ кітабын шығару жоспары да бар. Ал XIV ғасырда тұрғызылған Талас алқабындағы Манас күмбезі тұрған жерде қазақ-қырғызға ортақ Тарихи-мәдени кешен салынатын болады.

Жырдың 1000 жылдығын өткізер алдындағы ұлан-ғайыр дайындықты қырғыз ағайындар қазақ-қырғыз суырыпсалма ақындарының айтысын өткізуден бастауды жөн көріпті. Яғни, 1995 жылы өткізілер ұлы дүрмекке дейін жасалар барлық игілікті шараларға осы айтыс көшбасшы болып, семсердей жарып отырады деген сөз ғой. Бұл екі ел ақындары бұрын да талай-талай айтысып, біріндегі кемшілікті бірі ашып, игілігіне шын жүрегімен қуана білген. Сондықтан болар, қырғыз бен қазақ ақындарының бүгінгі сайысына өнерсүйер қауым ерекше ден қойды.

Ақындар айтысы қырғыз елі астанасының ең бір көрікті мәдениет орны – Тоқтағұл Сатылғанов атындағы Мемлекеттік филормониясында өтті. Екі елдің жарасымы мол, дәстүрлі айтысын қазақтың белгілі ақыны, қоғам қайраткері, Қазақстанның Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті өкілі Мұхтар Шаханұлы аша отырып, «Манас» эпосының мерейлі мыңжылдық тойына ел атынан басын иіп, тағзым етті.

– Бұл көнермейтін, уақыт өткен сайын жаңарып, жасара беретін ұлы жырды ғасырлар қойнауынан суырып, ел игілігіне жаратып, мақтаныш ете білген бауырлас қырғыз халқында арман жоқ шығар. Бұл екі елдің қыз-жігіттері ықылым заманнан-ақ талай-талай қиын-қыстау, ел басына күн туған талма сәттерде батырлықтың, ғажайып ерліктің, парасаттылықтың үлгісін көрсетіп, тізе қоса бірге қимылдап келеді. Соның бірі кешегі желтоқсан оқиғасы. Онда да екі ел ақындары бірі – домбырасын, бірі қолына қомызын алып, ерліктің не бір үлгілерін паш ете білді. Қырғыз елінің қыз-жігіттері «бауырларымыз қанға боялып жатқанда біз қалай тыныш жатамыз» деп Желтоқсан алаңына қарай асықты. Бауырлас қазақ елі оны әрдайым құрметпен еске алып отырады.

Сөзінің соңында Мұхтар Шаханұлы екі ел ақындарына табыстылық тіледі. Әрине, мұндай дүбірлі айтысқа қатысқан да арманда, қатыспаған да арманда емес пе! Бұдан соң сөз алған Қырғыз Республикасы Мәдениет министрінің орынбасары Шерімбек Шаршаев, Мемлекеттік филармонияның директоры Ахун Тоқтасартов ақындарға абыройлылық тілесе, қырғыз халқының ел ақыны Естемес Тұрсынәлиев ауыздарымен құс тістеген сөз зергерлеріне жолдары болсын айтып, батасын берді.

Сонымен... сонымен дүбірлі айтыс та басталып кете барған.

... Шымылдық ашылысымен сахна төрінде домбыралары мен қомыздарын сығымдай ұстап отырған ақындарға көзіміз түскен. Жұрт қошемет көрсетіп жатыр. Айтыс жеңіссіз немесе жеңіліссіз болмайды ғой. Бірақ, қазылар алқасының алдын ала келісімі бойынша бұл айтыста ақындарға бал берілмейтін болды. Жұрт өзі бағамдай жатар. Оның үстіне мұндай бір-ақ рет болар өнер сайысына екі елдің де мандайына біткен даралары қатысса керек-ті... Қазылар алқасының ішінде «Я, пірім» деп отырған ақын Қайрат Жұмағалиев пен «жақсы айтыссаң, бармағымды, қожырап бара жатсаң, шынашағымды шошайтамын» деп өзінің жарасымды әзілімен ақын інілері мен тұстастарының арқасынан қағып, көңілін көтеріп, сахнаға шығарып салған Толымбек Әлімбекұлын көзіміз

шалып қалды. Иә, дүниені дүркіретердей келгенде, сәл нәрседен сүрініп кетсең, оның несі жақсы дейсіз. «Манас» тойын екі ел болып бастап жүрейік деп ақындарын үзеңгі қағыстырғанда да «Манас» жырындағы:

Қорғаймын десең жаныңды,
Көтеріңдер ханыңды.
Бекер жатпай ендеше,
Тірі болсақ бәріміз
Бір төбеде болалық— деген өлең жолдары еске түседі.

Бұл үш күнге созылған, дүлдүлдер үшкүншілік жерге жеткен айтыста болат тұяқтары сахнаны дүрсілдетіп барлығы да дара келді. Айтыста бірінші, екінші... орын дегендер болған жоқ. Бірақ, екі жақтан қатысқан он ақынның оны да Манас аруағына бағыштап жыр шертті. Қырғыз сахнасында, қырғыз өнерсүйер, әнқұмар жұртының қалың ортасында қызылордалық Лена Әбдіхалықованың жебей салған күміс үні қалды.

Әсіресе ақын қызымыздың қырғыз ақыны Оразбек Құрманәлиевпен айтысынан кейін іле-шала орындаған осы автордың «Кешіккен махаббат» әні жұртты теңселтіп жіберген. Нақ осы әуенде бұл ән қайталанбайтын, ешкім қайталай алмайтындай екен.

Қырғызға күнде барып, қымыз ішіп қайтатын ақын Есенқұл Жақыпбековтың атақты Әшірәлі Айталиевпен айтысына да жұрт жоғары баға берді. «Еңбек жолын енді бастап» мұндай үлкен айтыста тұсауын кескізген Ермек Жұматаев, Серік Қалиевтердің де аяқ алысы жаман болған жоқ. Айтыстың үшінші күні Ермек Жұматаев қырғыз ақыны Оразбек Құрманәлиевпен айтыста тапқырлық танытқаны, ата сыйлай білгені үшін қадірменді ақынның он екінші баласы болып, тай мініп қайтты. Қырғыз елі «Манасты» қалай сүйсе, қазақ халқы да ер «Манасты» басына жастап, жаттап өскен ғой. Көкшетаулық ақын Баянғали Әлімжанов туралы дәл осылай деуге болады. Баянғалидың бұл 121 рет айтысқа түсуі екен. «Тек 58 айтыстан кейін Зайсан қаласында ат міндім» деп отыратын ақынның бүгінде 11 бас жүлдесі бар. Оның барлығы өзінің төккен тері, ел-жұртының қошеметі болса керек.

Қазақ айтыс ақындарының қарымын танытқан 1989 жылғы Халықаралық айтыс талай жампоздардың тұсауын кесіп, түндігін көтергені анық. Әңгіме реті келгенде осы сапар біз Баянғалидан сол айтысқа қатыса алмау себебін сұрап қалғанымыз бар. Сонда ақын күйзеле отырып «мен онда ауылда ағамның құлпытасын шауып, Алматыға жәутендеумен жүрдім емес пе» деген еді. Уақыт емші, бәрін де жазады. Баянғали бұл айтысқа ерекше шабытпен келіпті. «Манас» эпосын басына жастап өскен қазақ ұлдарының бірі менмін дегендей, бүгін оның нағыз бабына келген шағы екен, айтыс арасында жырдың басты-басты тарауларынан үзінді оқи жөнелгенде құдды қырғыз ба деп қалады екенсің. Жыр киесі Баянғали Әлімжановқа қырғыз топырағынан нар мінгізді. Оны ақын Қырғыз Республикасында енді ғана ашылған қазақ елшілігіне байғазым деп байлады.

Демеймін ешқашанда елден астым,
Келмейді және ешкімді белден басқым.
Бәйгені маған берсең, қалың қырғыз,
Аруағын сыйлағаның ер «Манастың».
Қазақтың өлең-жырын жырлай берем,
Манасты өле-өлгенше толғай берем.

Жол тартып жүректерге өлеңіммен,

Арасын қырғыз-қазақ жалғай берем! – деді ол толқып тұрып.

Өнерді өнер толықтырады, толқытады, толыққанды етеді дейміз ғой. Айтыс арасындағы үзілістерде көршілес Жамбыл облысы, Қордай ауданынан келген өнерпаздар көпшілік көңілінен шығып отырды. Аудандақ мәдениет үйінің жетекшісі Күміс Сәрсенбаеваның әулеті саған әні, Жамбыл қаласындағы «Айша-Бибі» халықтық би-ансамблінің бишісі Перизат Омарбекованың мың бұрала билеген биі, ағайынды Асхат, Мақсат Базарбаевтар мен Айдар Оспановтың орындауындағы «Уа, жеңгелер», «Кермаралдай» әндері өз нақышымен, бояуымен Алатау аспанында қалықтап тұрды.

«Жас алаш», 7 қазан, 1993 жыл.

Жұмабай Есекеев

Көкшенің бүгінгі Біржаны

1979-1981 жылдар. Алматының сол кездегі Жоғары партия мектебінде оқып жүрген кезім. Бірге оқыған, өзімнен көп кіші, бір бөлмеде тұратын Шымкент өңірінің тумасы Шәймерден Дәуренов (марқұм) алғашқы танысқан күні: «Бүгін Баян ініңіз келеді, білетін шығарсыз?» – деді. Бұрын білмеген соң «жоқ» демеі, не дейін? «Ім-м, қызық екен, осы жасқа келгенше «Көкшетаудың көкжалын» білмегеніңіз қалай?» деп көзін сүзе ақшаң ете түскені.

Содан, кейін Баянғалимен сөйлескенде: «Әй, Баян, сенің ағаңмен бір бөлмеде тұратын болдық. Сені сұрасам, білмеймін дейді. Сонысын ұнатыңқырамай тұрмын» депті.

Шәймерденді курстастары «Шахи» деп атайды екен. Баян екеуі университетте оқып жүргеннен жолдас көрінеді. Екі жыл бойы қадірлі іні болған, білікті азамат, ақын, әдебиетті жақсы білетін, сөзге өте шешен Шәймерден: «О, Баян түбінде бәрінен асады, оның өнері сегіз қырлы, одан бірдеңе шығады, айтпады деме» деп отырушы еді. Адамды тани, жақсыны көре білетін Шахидың аузы дуалы екен.

Сол тұста «Қазақ әдебиеті» газетінде істеп жүрген Баянғали бір сыпыра ұсақ әңгімелер жазып, сатирик жазушы атанып қалған. Сексенінші жылдарда оның алғашқы «Ұя», «Қиқыматтың хикаялары» атты кітаптары жарық көрді. Содан кейін Баянғали айтыскерлік, жыршылық екінші қырынан танылды. Осыған байланысты өзімен замандас белгілі ақын Жарасқан Әбдірашев жазған мына бір жыр жолдары оның өнердегі бейнесін айнытпай танытқандай:

Орыспен де санасты,

Қазақпен де санасты.

Қырғыз ба деп қаласың,

Орындаса «Манасты».

Қараса да қай тұсқа,

Қырандайын ол түлер,

Салсаң егер айтысқа,

Тұнып тұрған фольклор.

Мен мынаны асқақ айтып, асыра айтып, болмаса қосып айтып отырмын демес едім, бұл шынайы шындық, айқын ақиқат. Көзіміз барда көріп, құлағымыз барда естіп жүрген жай осы. Талай рет сапарлас, дәмдес-тұздас болған кезімізде оның

көсіліп кетсе, көсем, шешіліп кетсе шешен, айтысып кетсе, аса беретін сәттеріне куә болып жүрмін. Таңғаласың. Таңдай қағасың, ырза болып, айызың бір қанып қалады-ау шіркін! Ол айтысқа шығып төгілте жырлай жөнелгенде еңкейген кәріден есеймеген балаға дейін қуана қол соғып, қолпаштап, қуанатынын қайтерсің. Өзің де солармен бірге толқып отырасың, жәй емес шаттанып кетесің. Айтыстың ата қасиеті осында шығар, сірә. Ал бірақ бәрінде осылай бола бермейді. Айтыстың да айтысы, оның да құнарлы, құнсызы бар. Әлгіндей делебе қозу Баянғалилар қатысқан дүбірлі сөз жарысында болатынын айтқаным ғой.

Әйгілі Кенен Әзірбаевтың Алматыдағы торқалы тойы. Астана жұртшылығы, бүкіл Әулиеата әулеті үлкен тойға жан-жақты әзірлік жасаған. Әрине мұндай аталы аста ақындар айтысы тойдың шырайын кіргізеді. Айтыс Республика сарайында өтті. Баянғали біртүрлі қобалжып, жеңіл сезім діріліне бой алдырды. Ығы-жығы халық. Республикалық айтыс болғандықтан, әр облыстан шақырылған ақындар көп. Баянғалидың жұбына талай айтыстарда жүлде алған, Республикаға танымал болып қалған майталман айтыскер Әселхан Қалыбекова кезікті. Қобалжитыны сол. Айтысқа алғашқы жұптардың қатарында шықпақ. Әлі біраз уақыт бар. Сахнаға бүйірлес дайындық бөлмесіне сия алмай байыз таппаған Баянғали дәлізге шығып кетті. Іштей күбірлеп қояды. Онысы түптен тартылатын, көмейге құйылатын сөз сұрағандай. Бір ой мазасын алып барады. «Әй, Шәрібек-ай, бір қиқарлансаң қоймайсың ғой, сен айтысуың керек, жығылсаң нардан жығыл, түссең дөкейлердің өзімен түс деп болмадың ғой. Енді қарашы, қармағыңа қалай түсіп қалғанымды өзім де білмей тұрмын. Қинадың-ау, бауырым!» деген ой жетегіндегі Баянғалидың құлағына «Сахнаға келесі жұпты шақырамыз. Шымкент қаласының ақыны Әселхан Қалыбекова мен Алматы қаласының ақыны Баянғали Әлімжанов» деп айтыс жүргізушінің дауысы саңқылдап жетті.

Баянғалидың ірі-ірі айтыстарының ең тұңғыштарының бірі осылай басталған-ды. Оған жоғарыда айтқан ауыз әдебиеті мен фольклорды зерттеуші, өзі де бұрын ақын болған Шәрібек Алдашев себепші болған еді. Теледидарға түсірілген сол айтыстағы Баянғали бастаған алғашқы шумақтарын біз де жаттап алғанбыз. Сонда Баянғали:

Ассалаумағалейкүм, туған елім,
Абай, Жамбыл, Кенендер туған жерім.
Ұлы тойға шашу ғып шашады ұлың,
Жүрегін жарып шыққан өлеңдерін.
Жаяулап байдың қойын баққан Кенен,
Бәйгеге Көкшолақпен шапқан Кенен.
Теңсіздіктің талқанын әнмен шылап,
Өлеңмен өмір отын жаққан Кенен.
Арайлы Октябрьдің арқасында,
Алдынан бақыт таңы атқан Кенен.
Қайта түлеп самғаған қарт Жамбылға,
Ілесіп көкте қанат қаққан Кенен.
Осылай ұстаздарын айтқан Кенен,
Тамырын тым тереңге тартқан Кенен,
Қоспасыз алтыннан сөз соққан Кенен.
Аялаған елінің арқасында,
Аспанда жұлдыз болып аққан Кенен, –

деп қызып алды да, қызыл тілмен Әселханды ұрымтал тұстан буып тастап отырды.

Баянғали осылайша айтыс өріне құлаш жая самғады. Әуелде айтыс ақыны болам деп армандаған емес. Ойлаған да емес. Ол жас күнінде әдеби кітаптарды көбірек оқуға машықтанып, әсіресе ауыз әдебиетінің халықтық үлгілеріне деп қойған-ды. Асыл анасы – Қарауыл қызы халықтың жыр нұсқаларын жетік білетін, қисса-дастандардың үзінділерін өзіндік мақаммен жатқа айтып отыратын. Бала Баянғали сол қайнардан сусындап, ана әлдиімен соларды жүрегіне ұялатқан ақын.

Әрине, оның халық мұраларындағы тереңдік, батырлар жырындағы ой кестелері, образды сипаттар, тұлпарларды, сұлулықты, табиғатты суреттеу көңілін тебіrentетін. ҚазМУ-дің филология факультетіне түскеннен кейінгі студенттік қызығы мол думанды жылдарда да жас жігіт бойына жақсылық дарытып, ойына ұшқырлық пен мол білім орнықтырды.

Өзі туып-өскен Еңбекшілдер ауданындағы Бұлақ басында да ақылгөй, дана, сөз парқын білетін қарияларды, шежіре кісілерді, ән айтып, терме, жыр толғайтын жандарды да жиі кездестірген. Әрине, бұл жер қасиетті жер, құнарлы топырақ. Бұлақ басы деп отырғанымыз осы күнгі Степняк қаласының бұрынғы қазық қаққан алғашқы орны. Бұлақ басы десе дегендей. Үш жүзді әнмен қырған, қазақта айтыс өнерінің өлмес мұрасын тудырған ақтангер айтыс ақыны, дарынды композитор Біржанның Баянғалидай талай ұрпақтарына шын мәнісіндегі бастау болғанын тегін деп көр.

Баянғали әлі қырықтың жалынан енді ғана ұстайтын жалындаған жігіт шағына келді. Күш-қуаты мол, шабыты шарықтаған, жыр көгіне қыран құстай самғайтын кезге жаңа жетті. Әлі қылшылдаған жас десек те, айтыс өнерінде көтерілген өрі биіктеп кеткен. Осы кезге дейін-ақ ол 107 рет айтысқа түскен екен. Жасына, айтысты бастаған уақытына қарасаңыз, бұл айтыс тарихында бұрын-соңды болып көрмеген көрсеткіш. Ешкім елемесе де ол өзінің 100 айтысын атап өтіпті. Бұл айтыс өткен жылғы күзде Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа ұшқанына бір жыл толуына орай Қарағандыда өткен айтыс еді. Сол жолы ол үш бірдей ақынмен – Д. Сәтібековпен, Қабдыжәлел Сахариямен, Серік Құсанбаевпен айтысып, Тоқтар Әубәкіров атындағы жүлдені жеңіп алған-ды.

Баянғали қайда бармасын, кіммен айтыспасын, бәрінде де елін, жерін, өзінің табиғаты сұлу Көкшетауын, Біржан жұртын жырына арқау етіп, «Бізді ешкім жеңе алмайды ұмытпасақ, бір Алла, пайғамбар мен бабамызды» деп отыратыны қандай жақсы. Немесе, 1991 жылы Қабанбай батырдың 300 жылдық асында С. Құсанбаевпен айтысқанда:

Тойында Қабанбайдың ұлым енді,
Жырла деп атам Біржан жырын берді.
Оқжетпес, Бурабайым қолын бұлғап,
Қарағай, қызыл қайың бүрін берді.
Көкшенің тау- даласы дүр сілкініп,
Сексен көл тереңінен тебіренді.
Бурасы Абылайдың буырқанып,
Үңгірі Кенесары күңіренді,
Еске алып аруағын бабалардың,

Қазағым, елдік сәнің бүгін келді! – деген елге арқа сүйеген айшықты жолдарды, Көкшетаудағы Абылай тойында Ерік Асқаровқа жауап қайтарғанда:

Айтатын сөзіңді енді мықта, інім,
Талайды айтыстарда жыққан інім,
Ішінде айтыстардың ең алғашқы
Шетелге экспортқа шыққан інім.
Талайды айтыстарда жеңген інім,
Өленді қамшыдай ғып өрген інім,
Шетелге экспорт боп шығып кетіп,

Көкшеге импорт болып келген інім! – деп айтқан әдемі әзіл уәжін көп ақындар естерінен шығармай айтып жүр.

Баянғалидың 107 айтысының қайсыбірін айтып жатарсың, Исаның 90 жылдығына – Керекуде, Қазақстанның 70 жылдығына – Алматыда, Кенесарының 190 жылдығына – Көкшетауда, Есет батырдың 325 жылдығына – Ақтөбеде, Сырым батырдың 250 жылдығына – Оралда, Ілияс Омаровтың 80 жылдығына – Қостанайда, Қожабай ақынның 100 жылдығына – Жездіде, Шұбыртпалы Ағыбай батырға арналған – Ақадырда, Республика күніне арналған – Алматыда, кеншілер еңбегіне арналған – Жезқазғанда, тағы басқа жерлерде өткізілген республикалық аламан айтыстардың бәрінен де Баянғали абыройсыз оралған емес. Ол 9 рет бас жүлдені жеңіп алды. Бірінші, екінші, үшінші орындарды жеңіп алғанының өзі қаншама.

Мен де айтыскер ақын ретінде Баянғалимен бірге республика, облыс көлеміндегі талай-талай тойларға қатысып, облыс атынан солардың аясында өткізілген айтыстарға қатыстым. Біріміз аға, біріміз іні болып, бір-бірімізге ақыл қосып, сыйласып-құрметтесіп келеміз. Жоғарыда айтып өткен көп айтыстар әлі күнгідей көз алдымда. Солардың әрқайсысының орны бөлек-бөлек. Дегенмен, менің есімде қалғаны 1991 жылдың шілде айында Ақмоланың Ерейментау бауырында өткізілген қазақтың хас батыры Қанжығалы Бөгенбайдың 300 жылдығына орай өткізілген тойдағы айтыс еді. Баянғали айтысының бағы Ерейментаудағы осы аста ерекше ашылды десем, артық емес. Ол Құлагер құлаған Ерейментау етегінде ерекше шабытқа мінген еді. Алғашқыда Жадыра Құтжановамен айтысып, ұпайы жоғарғылар жұбына шықты да, соңында атақты айтыскер Қонысбай Әбіловпен айтысты. Сөйтіп дес бергенде, аруақ қолдап, бас бәйгеге тігілген құла атты Баянғали елге мініп қайтты. Осылайша Ерейменнен Көкшеге Құлагер қайтқандай болған еді. Сол жай маған қатты әсер еткен-ді. Содан бері имандай шыным, Баянғалиды айтыскер ақындардың Құлагері, жүлде бермес жүйрігі деп жүрмін.

Өзім білетін Баянғали тұла бойы тұнған дарын иесі ғана емес, сонымен бірге адамгершілігі мол, кісілігі көп, сыпайы, турашыл, дос дегенге, жолдас болғанға бөліп берер жүрегі бар жомарт пейілдің, намысты қолынан бермейтін, сүрінгенді демеп, жығылғанды көтеріп алатын мәрт мінездің жігіті. Сонымен бірге оның бойына айтыс ақындарына тән ұстамдылық та бірте-бірте қалыптасып келеді. Оның айтысқа шығардағы ұлттық киімі де оның өзіндік талғамымен тіктірілген.

Қайда той, ас өтсе, әңгіме болса, Көкшетаудың ресми орындары арқылы емес, тура өзіне, Кеңашыға шақыру қағаздары келіп жатады. Кеңашыдағы елге қадірменді әкесі Тақан ақсақал, Құдай қосқан қосағы Әлия мен мектепте оқитын ұлы Нұрлан осындай айтыстарға, сапарларға ата шаңырағынан, бақытты отбасынан тілекші болып шығарып салады. Ал Баянғали болса, бүкіл Көкшетау, Біржан елінің, Кеңашы ауылының намысына, абыройына дақ

түсірмей, халқының ақ тілегін орындап оралатын.

Ана бір жылдары Баянғали «Жұлдыз» журналында қызмет етті. Әке қасына, туған елге оралмақ ниетін айтып, журнал ұжымымен қоштасар сәтте өзімен қызметтес болған белгілі тарлан ақын Ғафу Қайырбеков мынадай өлең шумағымен жол болсын айтқан екен:

Рахмет «Жұлдызға еткен еңбегіңе,
Жұлдыздай шыға бер сен ел көгіне.
Оранып мауқынды бас бала қыран,
Көк майса Көкшетаудың жөргегіне.

Міне, содан бері ол туып өскен Кеңашы ауылында тұрады. Еңбекшілдер ауданының «Қазақ тілі» қоғамының бір жүгін көтерісіп, көмек көрсетуде, ел ішінде жас ұрпаққа тәрбие беретін ақындар мен термешілер, әншілер, өнер мектебін ашып басшылық жасауда.

Баянғали айтыс ақыны ретінде қазір толысу үстінде. Оның әрбір айтысы жұрттың рухани байлығына айналып жүр. Ендеше қалың қазақ таныған, үш жүзге аты мәлім болған жезтаңдай айтыскерді Көкшенің бүгінгі Біржаны деудің әбден орны бар.

«Көкшетау» газеті, 6 сәуір, 1993 ж

Болат Бекенов

Дарынды ақын, асыл азамат

Баянғалимен жүздесіп, араласып жүргенімізге төрт жылдай болды, бірақ сыйластығымыз ондаған жылдарға татырлық, кездесіп, араласып, сөйлесіп, сырласып жүретін орнымыз аудандық «Қазақ тілі» қоғамының отауы болатын. Ел, тіл тағдыры мәселесі сөз болғанда әр адамның азаматтық деңгейі, ой өрісі, сана-сезімінің аумағы анық көрінетін кезі ғой. Сол алғаш кездескеннің өзінде Баянғалидың адамгершілік пен азаматтық дәрежесінің биік екеніне әбден көзім жетті, тіл мәселесі сөз болғанда, айтар ойын орнынан тұрып барып қабағын түйіп, қазір орындай ғой дегендей, бір-екі сөзбен айтып, сосын ерсілі-қарсылы үндемей жүріп алатын әдетіне қарай, ішінің алай-дүлейін сезінетінмін, сол кезден біріміз аға, біріміз іні болып сырласып келеміз.

Баянғали талай айтыстарда алдына жан салмаған беделі зор айтыскер ақын, жазушылық, жыршылық манасшы өнері өз алдына бір сөз. Айтыстарда Баянғалидың сөз шеберлігі, ақындық дарыны, ұшқырлығы, әзіл, сықақ шеберлігі, философиялық өрнектері көз тартады, елең еткізеді.

Айтыс үстінде айналасына қарап, байқап қалған, көзі шалған өзгерістерді қолма-қол іліп алып сайрай жөнелгенде, отырғандар дүр етеді, ду күледі. Бұл нағыз айтыскер ақынның өнері. Оның сондай өткір, әзіл, сықақ шумақтары ел аузында «Баянғали айтқан екен» деген аңызға айналып барады.

Біздің Еңбекшілдер ауданын, Көкше өңірін Баянғали бүкіл Қазақстанға жария етті, үш жүзге әйгілі болған Біржан атасының өнерін жалғады, жаңа түр берді.

Баянғали, қырыққа қырықтар қосылып, бақытты өмір жолдары жалғаса берсін, бойындағы ақындық шабыт арылмай, өнерің шындала берсін, біз жерлестерің, табысыңа, азаматтығыңа әрдайым риза болып отыратын болайық.

Туған күніңмен, жақсы інім.

Еңбекшілдер ауданы.

Барыңа сенің мақтанам

Бұркылдап шабыт қайнары,
Желкілдеп жырдың айдары,
Өзінсіз өтіп көрген жоқ,
Алқалы ақын тойлары.

Көкше деп сен де сермедің,
Тұнығын жырдың тербедің.
Тайғақты тұстан тайынбай,
Намысты қолдан бермедің.

Біржаннан қалған көмейдей,
Сөйлесең кеттің бөгелмей.
Өлеңді сөздің өрнегін,
Өрімдеп тердің шебердей.

Жосылтып кетсе ақтабан,
Самғауға биік шақ қалам.
Базарлы тойдың бағланы,
Барыңа сенің мақтанам.

Дулатып қолды ұрғыздың,
Залдарды талай тұрғыздың.
Ыстықкөл төсін тулаттың,
«Манасын» ырлап қырғыздың.

Табысын тілеп Баянның,
Талай түн шошып ояндым.
Биігің алда, бауырым,
Мұзбалақ тұсқа таныдың.

Алмастай алғыр, беттім ау,
Қырыққа сен де жеттің-ау.
Олжасыз елге оралмас,
Құлагер тұяқ тектім-ау.

Самғатып шабыт қиялын,
Қылыштай қарпып қияқ үн.
Көкшенді көтер биікке,
Біржаннан қалған тұяғым!

Баян аға туралы бір үзік сыр

Қай заманның болмасын өз тұлпары, өз сұңқары, дара туған бұлбұлы, елден ерек тұлғасы болады. Халқымыздың тарихына үңілсек, қай салада болмасын ондай адамдар жетерлік. Бірақ, бәрінің бірдей жұлдызы жанып, ел ішінде олардың еңбегі мен ерлігі кеңінен танымал болды деп айту қиын. Бірін өскелең ұрпақ бұрыннан білсе, екіншісінің өміртарихын, әдеби мұрасын, елге сіңірген еңбегін енді танып, жаңадан жиып жатырмыз. Оған да шүкіршілік дейміз.

Қолыма қалам алып, ұзын сонар кіріспе жазуыма өткен уақыттың елесі емес, бүгінгі күннің әсері себепші болып отыр. Яғни, бүгінгі әңгіме біздің заманымыздың Біржан салы, асқан дарын иесі, жерлес ақын Баянғали Әлімжанов туралы болмақ.

Бірден ашығын айту керек, Баян аға өзін Біржан салмен тең қойғанын ұнатпайтынын біле отыра, осы теңеуді қолдануымның өз себебі бар. Өйткені халық даналығына сенсек, тұлпар жүрген жерде із қалады емес пе? Міне, жүз жылда бір туатын суырыпсалма ақын биыл қазан айында қырық жылдық мерейтойын тойлап отыр. Шынын айтсақ, ақынның ғана тойы емес, еліміздің тойы болар жөні бар еді. Амал нешік, заманның тарлығы, қалтаның тақырлығы мәжбүр қылып отыр емес пе!?

Б. Әлімжановтың шығармашылық жолы, жазған еңбектері мен айтыстардағы жұлделері туралы аудандық газетте бірнеше рет айтылды да. Оларды қайталаудың реті жоқ шығар. Менің айтпағым басқа. Біреулер Баян ағаны сахнадан көріп, оның суырыпсалма өлеңдерін естіп, соған риза болса, мен ақын, жазушы жерлесіміздің адамгершілік қасиетін көріп, оған тәнті болған жанның бірімін десем, артық айтқандық болмас.

Сексенінші жылдардың аяғында Баянғали Тоқанұлы Алматыдағы беделді жұмысын тастап, елге оралғандағы себебі де анасының денсаулығы, ата-анасына деген сүйіспеншілік еді. Жалпы ата-анасына құрмет, туған елге деген ыстық сезім оның бойындағы ақындық өнерінің оянуына себепші болуы да күмәнсіз.

Аудандық «Қазақ тілі» қоғамымен бірлесе отырып, ақын жерлесімізбен бірқатар ұжымдарда кездесу кешін өткізген едік. Сондай кездесулердің бірінде №2 Абай атындағы қалалық мектеп оқушылары: «Алғаш рет шығарған өлеңіңіз есіңізде ме?» деген еді. Сонда Баян аға сәл ойланып, балалық шағын есіне түсіріп:

– Жас күнімде «Бұлақ басынын» балалары жиналып, қыр астындағы аланда доп ойнаймыз. Бір жолы ойыннан келе жатып, қыр басына шыққанда айналаға, төбеден көрінген табиғат тамашасына қарап, ойыма бір өлең сияқты тізбектер келген еді, – деп жауап берген-ді. Жалпы, мектепте оқып жүргенде ол көп сөз жоқ, цифрлар тілімен ғана сөйлейтін математика пәніне жүйрік болған. Баянғалиды оқуға түсуге барғанда филология факультетін таңдауына да анасының аузынан естіген халық әндері, қисса, әңгімелері әсер еткені анық. Ал сатирик - жазушының ақындық өнерімен ел ішінде кеңінен танымал болуы да өз алдына бір төбе әңгіме.

Бұл әңгіме 1984 жылы болған еді. Айтыс өнерінің қайта өрлеу шағы. Жазушылар арасынан Алматыда өтетін айтысқа жіберетін өкіл іздейді. Сонда біреудің ойына Баянғалидың әзіл-оспақ өлең шығаратыны есіне түсіп, Баянғали

барсын айтысқа, – дейді. Бұл «бармаймын, мен ақын емеспін» дейді. Әріптестері «барасың, бармасаң, қатыннан қорыққан қорқақ болғаның» деп қайрайды. Баянғалидың қарсыласы шымкенттік белгілі, әйгілі ақын екен. Содан, соңғы сөзге намыстанған Баянғали алғаш рет айтысқа қатысып, жүлделі орынның біріне ие болады. Міне, содан бері 138 айтысқа қатысып, талай мәрте жеңімпаз, жүлдегер атанған. Алғашқы бас бәйгеге жеті жылдан соң, Зайсандағы қайырымдылық айтысында ие болды. Баянғали айтысына куә болған адамдар оның сөз шеберлігімен қатар, жан-жақты білімділігі, түйдегімен әзілді тастай отырып, адамды үлкен ойға жетелейтін, қайтарып тастап отыратын өзіндік ерекшелігі бар ақын екенін біледі деп есептеймін. Оның үстіне шындықты тіліп айтып, көңіл қалдырмаса да, тесіп айтатыны тағы бар. Ал мұндай мінез қазылар алқасының бәріне бірдей ұнай бермейтіні шындық. Алған бәйгелерінің бірін мініп, енді бірін қайырымдылық қорына беріп, екіншісін тағы біреуге байлап, жомарт қолын, ақ жүректігін де танытып жүрген абзал азамат. Мұны екіншісі бірі біле бермегендіктен болар, бір жиында шаруашылық басқарған азаматтардың бірі айтқан екен: «Баянғали, бәйгеге ат мініп жатырсың, жылқың көбейген шығар». Сонда Баянғали: «Құдайға шүкір, халқымның бергенін жеп жатырмын, бірақ үкіметті жегендей болмайды екен», – деп жауап беріпті. Жалпы қызғаныш, көре алмаушылық деген бұрыннан келе жатқан кесел ғой. Кешегі күнге үнілсек, Көкшетау өңірінің өнер адамдары өз өмірін трагедиямен аяқтаған: Ақан серіні жалғыз тастадық, Біржан салды «жынданды» дедік, Үкілі Ыбырайды итжеккенге айдатып, сүйегінің қайда қалғанын білмейміз. Өткеннен сабақ алатын күніміз жеткен шығар. Біржан сал басқан топырақта туған Баянғалидың еңсесін баспай, жұлдызын жарқыратып ұстауымыз біздің елдігімізге сын.

Жасыратыны жоқ, елге оралған алғашқы жылдарында, бір жерге жол жүре қалса, ел намысын қорғау үшін, қолына домбырасын алып, жол үстінде қол көтеріп, көлік тосып тұрған кездері де болды. Мұны еске алуымның себебі – өнер адамына деген көзқарасымыздың әлі де болса мешеу қалғанын ащы да болса айту. Жамбыл облысында Кенен Әзірбаевтың мұражайы, сәулетті ескерткіші сонау сексенінші жылдардан бері бар. Ал, біз Біржанның бейітін биыл көтеріп жатырмыз. Оның өзінде күнкіл сөз айтып, тар кеуделік танытып жүргендер арамызда баршылық.

Құдайға шүкір, ауданымызда өнерге деген көзқарас оң. Біздің әдетіміз бе, болмаса сын түзелмей, мін түзелмейді деген кешегі күн идеологиясының салқыны ма, адамды, әсіресе басшы адамды сынауға бейім тұрамыз. Ал оның жақсылығын айтсақ, жағымпаз болып көрінгендей боламыз. Әділін айту керек, Қызыр Ыбырайұлы аудан әкімі ретінде ел ақыны Баянғалиға көп құрмет көрсете отырып, өнерге деген көзқарасын танытты. Міне, сол кісінің көмек-қолдауымен ақынның тұрмыс жағдайы жақсарып, оның шығармашылық өнері ел ішінде кеңінен танымал болуда. Ақын ел еркесі деген халқымыздың бойына сіңген қоғамдық пікір қайта оралғандай.

Міне, ақын жерлесіміз Баянғали Әлімжанов қырықтың қырқасына шығып отыр. Ал ақындық өнердің жолына түскелі он жыл толып отыр. Осы мерейлі мерекесімен жерлесімізді құттықтай отырып, денсаулығының зор болып, қаламыңыз жүйрік, ақындық шабытыңыз тосылмай, халқың күткен қалаулы шығармалар туындай берсін деп тілек білдіреміз.

Баянғали Баяны

(Қазақтағы манасшы Б. Әлімжанов туралы сыр)

Қазақта «Манас» ауызға алынса, Баянғали ойға оралады, әңгіме арқауы Баянғалиға тірелгенде, көз алдымызда тұлғаланып «Манас» тұра қалады. Бұл қазақ ақынының қырғыз мұрасын қызынып қырық күн жырлар қыран мінезінен, егіз елдің ертеңін ойлар бауырмалдығы мен қоғамдық санаттың салтанатын сомдаған қайраткерлігінен өрбіп жатады. Бауырлас халықтың тарихи болмысын ғана емес, табиғи тыныс-тіршілігін, салт-санасын тұтастырған асыл жырын әспеттеуге арналған батылдық Баянғалиды бұдан да асқақтата түседі.

Аяулы Ғафу Қайырбеков ағамыз 1992 жылдың 22 қазанында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында былайша толғанады: «Қазір Көкшетаудағы жас ақын Баянғали Әлімжанов сол «Манастың» бірнеше тарауын қырғыз тілінде керемет орындайды. Қайда жүріп үйренгенін құдайым білсін. Қазақтағы манасшы-Баянғали сирек құбылыс. Ау, қанша туыс болғанымен, басқа ұлттың тілінде бүкіл бір қиссасын жатқа айтқан кім бар? Орыстар мұны «феномен» десе керек.»

Бір адамның бағын жандыра баға! Иә, қайда жүріп үйренген?

– Жамбылдың Сүйінбайға сыйынатындай жан елжіретерлік бар жерде кісі мақсатына бір табан жақын жүреді. «Манасты» жүрекпен сезініп жырлау үшін табиғи дарын қажет, – дейді Баянғали. – Таза қазақпын. Әкем Тақан – Керей, шешем Бәтима – Арғын қызы. Осы маңайдың азаматтары Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамырын» кезінде менің анамнан естіп тамсанған. Атам Әлімжан дүйім жұртқа белгілі қиссашы болыпты. Кіндік кескен жерім Біржан сал жерленген Бұлақ басы қыстауы екен. Дарын тұқым қуалағанымен, ел таңдамайды. Қазақ-қырғыз тамырлас, тағдырлас халық қой. Әдебиеті де, мәдениеті де қатарлас өрбіген. Біздің батырлар жыры мен «Манастың» үндес үйлесетіні сондықтан. Еліміздің ерлік жырларын жаттамаған қазақ кемде-кем шығар. Әке-шеше ел-аймақ басы қосылса, батырлар қиссасын бір қайырмай, тарасатынын көрген жоқпын. Бұл үрдіс бізді де баурап, үлкендердің алдында тақпақтата жөнелгенде, сол батырлардың жетегімен аруақтанатынбыз. Алпамыс, Қобыланды, Ер Тәуке, Арқалық батырлар туралы жырларды жұртшылықтың қолқа салуларын тоспай-ақ төгілдіретін жағдайда болдық. Ұлағатты ұстаз Рымғали Нұрғалиевтың ықпалымен «Батыр Баянды» толық жаттап, жұртшылыққа таратып жүргенімді мақтан тұтамын.

Бұдан түйгеніміз Баянғалидың ұлттық өнеріміздің жауһарынан сусындап, оны жанындай сүйіп қастерлейтіндігі. Осы қасиет оны Манас әлеміне жетеледі.

Бала Баянғалиды «Манасқа» өзінен бес жас үлкен ағасы Мейрамбай баулыды. Бесінші класта оқып жүргенінде Мейрамбай «Манастың» қазақша аудармасын алып келген. Жарыса жаттағанда, Баян алда болатын. Түн ортасы ауғанша кереуетте фонарик жарығымен оқып ұйықтайтыны есінде. Бұл Горькийге еліктегеннен емес, әрине. Радиодан «Манастың» үзінділері беріледі деп хабарлағанда, Мейрамбайдың алаөкпе күйде інісін іздегенін айтсаңызшы. Мәңгілік жыр құлағына мәңгілік құйылып қалды.

Миллион жолдан асатын (бұрынғылар алты ай жырлаған) «Манасты» ырғағынан жаңылмай, қарадүрсін қағылмай, жұртшылыққа жеткізу оңай ма?

Ғұлама Әуезов манасшылардың өзін бірнешеге бөліп, «жомықшыларды» ерекше бағалаған. Олар «Манасты» аруақ аян беріп, қолға алған деседі. Біз Баянғалиды жомықшылардың ортасына күмп еткізбегенімізбен, Қазақстандағы жалғыз ыршы ретінде олардан әсте кеміте алмаймыз. Бұған қырғыз ағайындардың өзі куә. Әсіресе, оны құрмет тұғырына көтерген Бішкектегі «Ақтаңдай-93» қырғыз-қазақ ақын-жазушыларының фестивалі болды. Талантты қырғыз ақыны Оразбек Құтманәлиевпен айтысып:

Байтақ әлем бұл күнде,
Қырғыз десе, Манас дейд,
Манас десе, қырғыз дейд.
Дәл Манастай қырғыздың
Қасиетін ешкім де

Бұл жалғанда білгізбейд! – деп бастаған Б. Әлімжанов бас жүлдені иемденіп, түйе мінді. Бұның алдында Асанбек Иманбаев қырғыз мәдениетіне қатысты қазақ азаматтары туралы телехабар жасаған еді. Онда Баянғали «Көкөтай ханның асынан» ұзақ толғаған.

Баянғали «Манасты» жырлап қана қоймай, оның мәртебесін өсіруге үлес қосып келеді. 1984 жылы «Жұлдыз» журналында жұмыс істеп жүрген Баянғалиды «Халық қазынасы» телехабарын жүргізуге шақырды. Қызық болғанда, хабарға қатысуға тиісті жыршы бір себеппен келмей қалып, тәуекелге бел байлаған Баянғали «Сөз басы» «Алмамбет пен Шуақтың ерегісі», «Түкті табын Түкібай мен шынашақтай Ер Ағыштың күресі» тарауларын 25 минут бойы жырлаған. Ол теледидардың «Алтын қорында» сақтаулы. Бұған риза болған қырғыз қомызшысы Асанбек Қыдырназаров «Социалистік Қазақстан» газетіне «Алатаудай алғыс айтамыз» атты мақала жариялады.

Б. Әлімжанов ізденісі мұнымен шектелмейді. Он жыл бұрын «Шоқан және Манас» атты телехабар жасағаны көрермен есінде. Ал былтыр Көкшетау теледидарының тапсырмасымен «1000 жыл жасаған «Манас» деген тағылымды хабар ұйымдастырды. Баянғалидың үш мемлекеттің Президенттері қатысқан Ордабасындағы жиынға «Манасты» жырлау үшін арнайы шақырылуы көкшеліктерге ғана емес, дүйім жұртқа биік мерей деп бағалаймыз. Міне, енді «Манастың» 1000 жылдығына арналған салтанаттарға арнайы шақыру алып отыр. Әлем назар тіккен тойда «Бабалар аруағы қолдасын, батыр Баян!» демекпіз біз де.

Жұрт аузындағы: «Баянғали қайда жүр осы?» деген сұраққа жауап алмай, мақаламыз түйінделмес, сірә. Біршама кітап шығарып, Алматыдағы алқалы топтан көз жазу оңайға тимеген көрінеді. Басты себеп – аяулы ананың қайтыс болып, қарт әкенің жалғыз ұлға аландауы. Шын дүлдүлге ауыл да алтын мекен. Бакең бір-екі кітаптың басын қайырып, қағазы жоқ, қадірі үлкен баспаларға өткізіп қойыпты. Әсіресе ел ішінде ақындық тынысы кеңі түсті. Соңғы жылдары 140 айтысқа қатысқан екен. Соның он бесінде бас бәйгені еншіледі, отызында жүлдегерлер қатарынан көрінді. Ұлы да қуаныш. Міне, ақын ауылда түлеп, ауыл абырой арқалады деген осы.

Баянғали айтыста жеңумен байып кетті деген бекер. Ардақтысын ауыл құрметтейді. Абайдың 150 жылдығына арналған қыр додасында лауреат атанды. Әкімдердің ұйғаруымен облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің меншікті тілшісі болып жүрген Баянғали «аудан ақынына» айналып, қызмет көлігіне «Жигули» берілді. «Кенашы» кеңшарының директоры Қалиасқар

Әйткенен төрі кең үй салып берді. Баянғали мен Әлия отауының озық тұруына таяныш болған Молдабай мен оның жұбайы Бақыт сынды құдайы көршісі бар. Облыстың ақын-жыршылар кеңесінің төрағасы ретінде шәкірттер тәрбиелеудегі жұмысы да жеміссіз емес. Дәл осы тұрғыдан алғанда Баянғалидың бай екені рас.

«Егемен Қазақстан», 1995 ж.

Сағымбала Сүлейменқызы

Көкшетаудағы «Құдалық»

Өткен бейсенбіде Шахмет Құсайынов атындағы Көкшетау қазақ музыкалық-драма театры сатирик жазушы Баянғали Әлімжановтың «Құдалық» спектаклімен өзінің үшінші маусымының шымылдығын жапты. Бұған дейін де бірнеше рет қойылған спектакль тағы да үлкен анилапен өтіп, көрермендердің ыстық ілтипатын тугызды. Сонымен, ашылғаннан-ақ талғампаз Көкше жұртын жарқын ізденістерімен тәнті етіп келе жатқан театр ұжымы демалысқа шықты. Өскекең өнерлерімен Көкшенің көркіне көрік қосқан ұл-қыздарымызды келесі маусымның ашылуына дейін сағына тосарымыз анық. Ал, бүгін ұжым мүшелерінің алдағы күндеріне жақсылық тілеп, «Құдалық» спектаклі туралы мақаламызды назарларыңызға ұсынамыз.

Нарықтық қатынастар заманында «театр киім ілгіштен басталады» деген мәңгі өлмес қағида «театр көрерменімен ғана театр» дегенді қосатын жағдайда тұрмыз. Театр, драматургия мен режиссура әлсіз бе, халық театр қызығына тойды ма, кім білсін, әйтеуір соңғы жылдары Қазақстан театрлары үшін көрермендер қасқалдақтың қанынан қат болып тұр. Яғни, өнер үшін ең үлкен проблема – көрермендер проблемасы. Көкшетау театрының басты бақыты мен қуанышы бюджеттен там-тұмдап бөлінетін тиын-тебен емес – көрермені. Театр құрылғаннан бері он спектакль қойыпты. Соның бәріне де адам көп жиналып, зал толып отырды. Көрермендердің бұл қолпашы актерлерді қанаттандыратыны өз-өзінен белгілі.

Мәдениет министрлігіне рахмет, жас театрға театр институтының бір жылғы түлектерін жіберіп, кадр мәселесін шешіп берді. Жас актерлердің шеберлігі жоғары, тіпті әлемдік стандартқа толық жауап беретін дәрежеде. Соған қарағанда біздің институттарымыз текке нан жеп отырмағандай. Егер бүгінгі таңда таланты ашылып, сахнада шындалып қалған жас актерлер Көкшетауды провинция көріп, астанада қалса, шеберлік шындауы, сахна төрінде мүмкіндіктерін толық көрсете алулары да қиын болатыны шындық. Қазір Сафуан Шаймерденов, Жанар Құсайынова, Жарас Қалдаров сынды жастар сомдаған образдар тәжірибелі сахна тарландарының өзін таңдай қақтырады.

Екі жылда театр қойған он спектакльдің негізін көрермен жақсы қабылдады. Былтыр жергілікті автор Төлеген Қажыбаевтың «Ұмытпа мені, Гәккуім!» трагедиясы зор табыспен өтті. Биыл Е. Асқаровтың «Біржан салы» қойылды. Театр өнер әлемінде өз қолтаңбасын айқындап келеді. Бүгін көкшетаулық көрермен өз театрларының, оның талантты жас актерлерінің сахна төріндегі

басқаға ұқсамайтын «почеркін» жазбай таниды. Демек театр өсу үстінде. Он спектакль аз да, көп те емес. Алайда, театрдың өз бейнесін, қолтаңбасын жасап алуға жететін мөлшер. Жобасы, Көкше театры да өзінің өзгеге ұқсамайтын бағыт-бағдарын, спецификасын құрып алған сыңайы байқалып қалды. Оған мынадай дәлеліміз бар. Театр оригинализмге бет бұрғандай. Аборигендік өнер туындысы қашанда шыншыл, өмірге жақын. Таяуда өткен Баянғали Әлімжановтың «Құдалық» спектаклі мұны айқын аңғартты да.

Жалпы, қазақ драматургиясы мен театры үшін этнографиялық салт-дәстүрлік тақырып етене жақын. Бейімбет Майлиннің «Неке қиярынан» бастау алатын бұл соқпақ бұл күні үлкен даңғыл жолға айналған. Алайда Би ағандай болу қайда... Біздіңше, бұл тақырыпқа жазылған ең сәтті драма да басында, яғни «Неке қиярда». Онан бергі жазылғандары алғашқы спектакльге шендесе алмай жатқаны да шындық. Амал қанша, Бейімбет бір ғасырда бір туатын тұлға.

«Құдалықтан» көкшетаулық қазақ «өзін» көрді. Оригинализм дегеніміз осы. Өз кемшілігінді, ағаттығынды театр сахнасынан көрсетіп отырса, неге күлмейсің. Сөйтіп, сәтті туындының арқасында біз өзімізге күлдік. Ал адамның өзіне өзі күлуі, кемшілігін білуі – үлкен прогресс. Бұл турасында талай тарлан айтқан да.

Кеңестік жүйе қазақтары... Одан кейінгі нарық кезеңінің даракылықтары... Қазақ қоғамына тән кемшіліктер... Ағыл-тегіл қазақы құдалық пен арақ-шарап теңізі... Өзге құдалар бір төбе, «Дөкей құда» бір төбе (актер Төлеубек Көнбайұлы). Ішпесіне қоймай емінетін күтуші жақтың асабасы Тапал (Сафуан Шәймерденов). Арақ ішуден жастардың өзін тәубесіне түсіретін бас құдағи (Қазақстан Республикасының Халық әртісі Жібек Бағысова). Өмірдің өзінен ойып алынған ең сәтті образ – жас құдағи (Жанар Құсайынова). Театр актерлері сомдаған осы образдарды біз Көкше ауылдарынан күнде көреміз.

Жанар Құсайынова бұл жолы көрермен көзіне бірден ілігіп, қалыптасып қалған маман екенін көрсетті. Сафуан мен Жарас ойнаған бұрынғы бас рольдерді де көрермен жылы қабылдаған еді. Әсіресе Тапал ерекше ұтымды шықты. Арақ ішпейтін құданың мойнына құйып жіберетін Тапалдар Көкше ауылдарында көп-ақ.

Қақ төрде құдалықтың айбарын шақырып төбедей болып Дөкей құда отырмаса, құдалықтың құдалық сиқы жоқ. Дөкей арақ-шарабынды шелектеп ішеді. Құдалық барысында ішпейтінді ішкізеді (Лөктір – актер Мендеш Шапихов), жемегенді жегізеді, демегенді дегізеді. Қазақ құдалығы солай, жалпы қазақ солай... «Қыстасақ, Құдайды да ішкіземіз..!» «Бұл үйдің домбырасы арақ ішпеуші ме еді. Әкел домбыранды, арақ ішкізем..!» Дөкей, осылай сөйлейді.

Жалпы, спектакль – сәтті туынды. Баянғалидің драматургиядағы дебюті ойдағыдай шыққан деуге болады. Драматизм мен көрініс жетіп артылады. Монологтар мен диалогтар орын орнында. Халық жаңа туындыны ықыласпен қабылдады.

Көпшілік Баянғали Әлімжановты айтыс ақыны есебінде білетін, бүгін драматург есебінде танылып отыр. Ал, драматургия ең қиын жанр. Спектакль диалогтарындағы сәттілікке танданбаймыз. Себебі, айтыстағы кезек өлеңнің өзі драматизмге, қайшылықтарға толы болуы шарт. О жағы айтыс ақынына о бастан мәлім. Диалогтың сәттілігі сонымен түсіндіріледі. Диалогтар мен монологтар бұл жолы басқа спектакльдердегідей емес, автордың рупорына

айналмаған, яғни персонаж автордың атынан сөйлемейді – өз ойын, өз сөзін айтады. Соңғы кезеңдегі қазақ драматургиясын мендеген кесел де сол емес пе еді? Б. Әлімжановтың басты табысының бірі – осы олқылықты айналып өте білуінде.

Нарық заманында сахна декорациясы қандай болу керек деген сауалдың жауабын да Көшетау театрының ұжымы оңтайлы береді. Сахна жабдығы, безендірілуі нақты өмір шындығына жақын әрі қаржы тапшылығы жағдайында ұтымды. Аталмыш театр құрылған күнінен бастап режиссерге жарымай келеді. Алайда бұл жолғы спектакль «шын жылдаса, соқыр көзден жас шығады» дегеннің мәртебесі асқан тұс болды. Директор әрі көркемдік жетекшісі Мұратбек Оспанов режиссураға бар күшін салғаны аңғарылып тұр.

Жалпы, театрдағы режиссура турасында сөз қозғай қалсақ, актер М. Оспановтың жаңада оянып, күн санап күш алып келе жатқан қабілетін айта кету керек. Түбі Мұратбек Оспанов режиссер болып шығатын түрі бар. Бұл да «Құдалықтың» жаңалығы. Спектакльдегі финал М. Оспановтың қиялының жемісі. Әрі ұтымды көрініс те сол.

Сонымен Б. Әлімжановтың драмадағы дебюті сәтті өтті. Жас театрға керегі де осындай спектакль.

«Көкшетау» газеті. 1998 ж.

Бекен Қайрат

Қазақ, қайда барасың?

(Баянғали Әлімжановтың «Құдалық» комедиясынан кейінгі ойлар)

Адам өзі өмір сүріп жүрген ортаның қилы құбылыстарын аңғара бермейді екен-ау! Бұл комедияны көріп отырып осылай ой түйдім. Автордың туындысына арқау етіп алған тақырыбы бүгінгі тыныс-тіршілігіміз. Соның ішінде, құдалық ғұрыптың «ассимиляцияланған» болмысын көрсетеді.

Сахна. Дөңгелек үстелде жағалай қоныстанған құдалар үшін жас отаудың қамынан гөрі, дүние жайы қымбат. Жаңа құдалықтың алғашқы «саудасынан» қайтсек ұтыс табамыз деп жанталасқан жандар. Қыз берген жақтың ойы ұтыста. Жігіт жағы, кезекті дауылдан хабар алған бақташылардай жанталасуда. Бірін-бірі өтірік сыйлап, аяушылық мінез танытқысы келеді-ақ. Дүние деген доңыздың өңешін жабуға әттең дәрменсіз...

Оқиғаның осылай басталуының өзі-ақ бүгінгі ұсақталуымыздың көріксіз көрінісін көлденең тартады. Адам ұят үшін өмір сүруін тоқтатқан. Өйткені ұяттың жоғалтып алған. Дүниеқоңыздылық жайлаған жерде иман тұрмайды. Демек, автор мен режиссердің оқиғаны өрбіту әдісі біз айтқандай «комедия» болғанымен, оның негізінде трагедия жатыр. Адам санасын арақ улаған соң не қайыр?! Сезінген жанға көріністегі себеп-салдардың астарындағы жүз жылдық алжасудан соң, ақыл-есінен айырылып аман қалған тобыристік қауымның тірлігі тым күлкілі, әрі аянышты.

Сахна. Құдалардың көңілді отырысы күрделеніп келеді. Арақтың арқасында әркімнің жан дүниесіндегі жасырынып жатқан сыры жарылып жатыр. Анық әңгіме барысында жігіт жақтың салған киті құдалардың көңілінен шықпаған

екен. Айықпас дауға қалған құдаекендер құрақ ұшып, Құдай берген «самопалмен» суарып жатыр. Арақ басына теуіп, жыны қозған Дөкей құданың «тектілігі» есіне түсіп кетіп, дүр сілкінді. Жігіт жағы да «дайындықсыз» емес екен. Тамада Тапал табанда жауап беріп, «төбелеске» әзір екенін білдіріп, кезекті сойқанды бастап жіберді.

Мүмкін таңданатын не бар дерсіз, оқырман! Жамағат жалпылама «жынданған» тұста, ақылға шақырып зар илеген Лөктірдің өзі ақыры арақ ішумен көптің көңілінен шықты.

Сахна. Лөктір айтады:

– Құдалар, қойыңыздар, дүние кімді жеткізген, одан да екі жастың жарқын болашағы, баянды махаббаты үшін қуана білейік – деп. Мынадай ақылдың өзі құдаларға ұнамады. Арасындағы жалғыз «сау» адамды көргенде таңырқаған көпшілік, арақ алып ұмтылды.

– Сен екі жастың бақытын ойласаң, арақ іш.

– Жоқ, мен ішпеуші едім.

– Қанша рәмке арақ ішесің, екі жас сонша сәбилі болады.

– ?

– Осыдан жастар бұл өмірден сәби сүймей өтсін, сонда саған көрсетеміз.

– ?

Лөктір образы негізінен кісілік, адамгершіліктің синтезі болатын. Оған арақ беру арқылы жеңіске жеткен көпшіліктің кейінгі көріністері, сахнада штрихтер арқылы баяндалуы қойылымның негізгі жүгін көтеріп тұр. Бұл арада Көкшетау қазақ музыка драма театрының директоры әрі көркемдік жетекшісі Мұратбек Оспановтың еңбегі ерекше.

Қойылымды көркемдеу барысында психологиялық тың мәтіндердің күлкілі де, көлеңкелі сұлбасын нанымды жеткізе білген. Артистердің шеберлігі өз алдына бөлек әңгіме.

Бұған дейін Баянғали Әлімжановты прозаик, айтыскер ақын, әрі жыршы деп ел көп білетін болса, енді драматург ретінде де шымыр шығармаларымен шынайы бағасын алары сөзсіз.

Қай дәуірде де, қай қоғамда болмасын, рухани кеңістіктің сұранысын үкімет қаулысы толтыра алмақ емес. Ол өнердің қайта түлеуі, сұрыпталуы нәтижесінде туатын құндылықтардың жемісі. Оны жасау үшін тек қана академик немесе халық жазушысы, қайраткер болу шарт емес. Қазіргі дүниеқоңыздылық көзқарасты жеңетін таза сананың революциялық жолы біреу. Ол – ой өнері мен сөз өнері. Сол арқылы жеткізе білу, һәм көрсете білу. Сонда, қазақ қайда бара жатқанын ұғынар, бәлкім!

«Астана ақишамы», 1998 ж.

Тұрсынбек Кәкішев

Батыр мінезді Баянғали

Жасыратыны не бар, Алматыдан алыс жүрген таланттың қашан болса да көзге түсуі сирек, кібіртіктеп қалатын сәті аз емес. Баянғалиды айтыс біраз биікке көтеріп тастағанмен, ол жазушы ретінде саябырсып қалғандай еді. Рас, Көкшетаудың Ш. Құсайынов атындағы қазақ театрында «Құдалық» пен «Қожанасыр» атты комедиялары біраз жылдардан бері көрермендердің көңілін

шуақты күлкімен көтеріп келе жатыр.

Жалпы сатира мен әзіл-қалжыңға ыңғайы бар Баянғали 2000 жылы Омбы баспасынан Хасен Әбсәләмовтың демеушілігімен «Жынды Қаратайдың қасіреті» дейтін кітап шығарыпты. Қызық болуының екі түрлі себебі бар. Бірі – әдебиеттің бар жанры түгел болмағанымен, бірқыдыруы қамтылыпты. Ақындықтан бұрын азамат ретінде ел жағдайын, халық қамын, ана тілінің зарын айтқанда, «Сүюге, құрметтеуге өз тіліңді, арнайы қоғам керек болғаны ма?» деп толғанады. Тіпті ашынған уақытта «Қазақ тілі» қоғамына ақша сұрап, алдына төрт қайыршы келіп тұрмыз» деп ұлттық намыстың шетін көрсетіп те қояды. Ел қамы, жұрт тілегі әрқашан кермек дәмді ғой.

Өзінің байлығы мен сұлулығы,

Өзінің қалың соры болған елім.

Өзгені шығарып ап өз төріне,

Мекен ғып босағаны алған елім, – дегенде қаншама ащы шындық бой көрсетеді. Осыншама ойлылық танытқан Баянғалидың мына жаңа кітабының атауы болған әңгімеге көз салайықшы.

Өмірде адамның қиялына жететін ештеңе болмаса керек, 61-ге келіп, зейнеткерлікке шықса да өзінің әумесерлігімен қоштаса алмай жүрген пенденің «арманы» да оғаш, ісі де теріс бола береді екен. Райкомдегі күйеу баласын боқтап, бүкіл аудан көлеміне даңқы жайылған Қаратайдың «абыройына» өзі ие бола алмағанына қамкөңіл болған Қаратай құдай-ау күні кеше ғана күллі жындылардың бастығы болып жүргенімді жұрт ұмыта бастаған екен, олай болса, «барлық жұрттан жындылығымды асырып өлейін» деген «арманға» беріледі. Оны жүзеге асыру үшін ұйқы-күлкіден айырылады. «Онша көп ойлана бермейтін кісі ой түбіне бір түссе, шығуы қиын екен» деп автор өз кейіпкеріне жаны ашиды. Бірақ өмір өз дегенін істейді. «Жындылықтан әлем чемпиондығына кандидат» Қаратай қораны тазартып жүргенде, бір жарым жасар ала бұқалақ артқы аяғын сіліккенде, Қаратайдың қара санына тиіп кетеді. Онсыз да ішкүса болып жүрген Қаратай өкіріп-секірген бұқалақтың құлағына салды-ау ауызды бір кезде. Жан беру оңай ма, бұқалақ та жаңадан шығып келе жатқан қос мүйізінің қауқарын байқау үшін «Мен – Қаратаймын! Менен асқан жынды жоқ!» деп әукесіне жармаса бергенде, қағып жібереді. Қаратай естен танып, етпетінен құлайды. Төсек тартып қалғаны елге біраз әңгіме болады. Көңілін сұрау үшін алыстағы ағайындары келгенде ғана Қаратай шын «арманын» айтқанда, жаны ашыған бауыры Қаратайға «қайтсем жұрттан жындылығымды асырамын!» деп жынданып кете жаздағаннан асқан жындылық бола ма? – деп жұбатып, арманыңа жеттің деп қуантыпты.

Осы оқиғаға мән бере қарасақ, ешкімге зияны жоқ жындылықтың өзінен ғибрат алуға болатынын көреміз де, ауылда қой бақпай, ой баққан жазушы Баянғалидың адамгершілік, азаматтық үшін күресіп жатқанын байқаймыз. Осындай қасиет оның шап-шағын сатиралық әңгімелеріне, скетч, интермедияларына өзек болып, еріксіз күлдіре ойландырады.

Ақын, жазушы, өнерпаздардың ханмен де, қарамен де бауырласып кетуіне тапқырлығы, қыбын тауып мәдениетті айта білушілігі сеп болып жатады ғой. Әкім-төрелерді көргенде абдырап қалатындар да аз кездеспейді. Осы тұрғыдан келгенде, Баянғалидың азаматтық қалпына дақ түсірмей, «Сізге балама жоқ» деп жарбандамай-ақ, әзіл-қалжыңмен жол тауып, шығып кететін қасиетін айрықша ұнатқанымды жасырмаймын.

1994 жылы Елбасы Н. Ә. Назарбаев Көкшетауға келгенде облыс басшылары Баянғалиды алдырыпты. Әуелінде кібіртіктеп бастаған ақын еті үйрене келе әзіл-қалжың араластырып, ел тілегін жеткізіп тастап отырыпты.

Ақынмын алдыңызда әнге басқан,
Атынан туған елдің шашу шашқан.
Көп сәлем әкеп тұрмын ауылдағы
Қаракөз, қандас бауыр, қарындастан.
Асығып тұра шаптым Сіз келді деп,
Қойдың да кезегіне қарамастан.

Жағдайын жақсартсаңыз ауылдардың,
Жалғанда хан болмайды Сізден асқан! – дегенді өзі ауылда, ел ішінде тұрып жатқан ақынның жанайқайы, жұрт мұңы деп қабылдайсың. Болар-болмас әзілге ащы шындықты қосақтап жіберуі Баянғалидың тапқырлығын көрсетеді.

1996 жылы Бурабайда:

Қазақ, қырғыз, өзбегім – туған бауыр
Бөтен бе сіздің қышлақ, біздің ауыл?!
Тұтасып, бір-біріңе пана болып,
Тұрындар, аннан-мыннан соқса дауыл.
Ұрпағым, бөлінбе деп жатқан шығар,
Ташкенде Төле би мен Шайхантауыр.
Қол ұстасып жасай бер,

Қазақ, қырғыз, өзбегім! – дегенде, Ислам Каримовтың «Тәшкенге кел» деп Баянғалиды құшақтауы өрелі ойдың парасатын танытқаны ғой. Осылардың бәрі де әлдеқалай ауызға келген сөздер емес. Жазушы Баянғали Әлімжановтың шын ақын, әрі айтыс, әрі жазба поэзияның өкілі екендігін айнытпай танытады. Және шындықты қасқая тұрып айтудан тайынбайтын өткір де айбарлы сөз жүйрігі екені әр тұста шаң беріп отырады.

Пенде жазған тарихта алалық көп,

Жазатын шын тарихты Құдай ғана! – деген шумақтары да санаға от тастайтыны айдан-анық.

Абайдың 150 жылдығындағы айтыста екі жеңіске жетіп, финалға шыға алмай қалғанда:

Үкімет списоктан сызса дағы

Халқымның сызылмайын тізімінен! – деп өзіне демеу іздеуі, не болмаса:

Ағалар Көкшетауды жауып тастап,

Ұялмай Бурабайды дамылдайды.

Тұрғанда Ақан, Біржан асқақ әні,

Көкшетау ешқашанда жабылмайды! – деп буырқануы Баянғалидың әлеуметшіл азаматтығын танытады.

Құнарлы қаламның проза мен драматургия саласындағылары өз алдына әңгімелеуге тұрарлық дүние болғандықтан, шет пұшпақтап жатудың орайын былай қойғанда:

Кейде тоқ, кейде болдым жүдеу-жадау,

Керек пе, сөз көбейтіп, бәрін санау?

Шіркін-ай, мен де сондай болсам дейтін,

Тұлға көп адамзатта қадау-қадау.

Ешкімнің биігіне таласпаймын,

Өзімнің жолым жатыр тарау-тарау! – дегеніне имандай сенеміз. Баянғали

шығармасынан шынайы сезім, адал көңіл, өмірдің өзіндей сөз бояуы тартымды образ көрінген уақытта Ғафу Қайырбековтің елге жіберуге «Сендей жанды көз қия ма?» деп қиналғанын түсінеміз де, өмірден өрнек, даладан үлгі, ауылдан ой жинап жүргеніне қуанамыз. Біржан ауданында бағар қойың, еліңе тартар ойың көп бола берсін.

«Егемен Қазақстан», 2001 ж. 2 наурыз.

Төлеген Қажыбаев

Тектілік болсын тұғырың

*Аңсаған адамдардың жарасымын,
Арнаған туған елге бар асылын.
Қиялы көп болғанмен зияны жоқ,
Қазақтың мен де ақкөңіл баласымын.*

Баянғали Әлімжанов.

Сонау бір жылы «Көкшетау» мейманханасының кішіректеу бөлмесінде отырмыз. Жай отырғанымыз жоқ, ән тыңдап отырмыз. Ән емес, кәдімгі «Батыр Баян» дастанын тыңдап отырмыз. Тыңдаушылар бір топ журналистер де, дастанды тоғыта толғаушы өзіміздің Баянғали Әлімжанов.

Шерлі толғауды одан әрі шерлендіре, түрлендіре толғаған сайын Мағжан ақынның жан-мұңын, жүрек сырын тереңірек танып, сергек сезіне түскендей боламыз.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да, –

деп басталған жыр, салған жерден сананды шабақтап, жан дүниенді адақтай ақтарып кетеді екен.

Ақында азаматтан дос болмайды,

Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына, – деген тұста күйікті көрініс алқымыңа кептеліп, нарқы бөлек, наласы мол сезім селімен суарғандай болады. Суарылған сайын аңқаң кеуіп, тілің таңдайға жабысып, ерекше бір шөл одан әрі сусын тілеп, ақын жырына деген іңкәрлі сезімің арта түседі.

Баянғали толғауында Баян мен Ноян арасындағы жалын шарпысын, қалмақ сұлуына деген көңіл сұғының сұрқия сипаттарын суреттеу сәттеріндегі сезім қақтығыстарын аша түсерде ашына әндетіп, ерекше күйге түседі. Біз де жыршының жан сезіміне өз түйсік сезімімізді қосақтай өріп, ерекше толғанысқа түсеміз. Күйзелеміз, күйінеміз, сүйінеміз, ах ұрып ашынамыз.

«Батыр Баян» аяқталды.

Сең соққан көксеркедей біз де мәңгіріп, отырып қалыппыз. Ғажап туындының болмыс бітімін сол қалпында жеткізген Баянғалиға сүйсіне қараймыз. Мағжан есімі қайта тіріліп, шығармалары енді-енді ел кәдесіне аса бастаған сол жылдарда «Батыр Баян» есту, сөз жоқ, ұмытылмас ұлы құбылыс еді.

Баянғалиды қолқалап «Манасқа» ойыстырдық. Бұл қай тілде ырлар екен деп отырмыз. Төрт томдық қазақша басылымын білгендіктен, қазақша жырлар деп

отырған мен Баянғалидың қырғызша ырлай жөнелгенін естігенде, таң-тамаша қалып, аңырғанымды жасыра алмасам керек.

Ұлы туындының әр тұсынан ойып алып толғағанда біздің бөлмемізге ғаламат манасшы Саяқбайдың өзі кіріп келіп, өнерін өрімдей өріп, терімдей төгіп отырғандай әсерге бөлендік.

– Баянғали, сен феноменсің!

– Баянжан, сен уникалсың! – дестік.

Дестік те бетінен өптік. Ғажап өнерің үшін, заңғар зерделілігің үшін деп тост көтердік. Алматыдан елге, бір қиырдағы шағын ауылы Кеңашыға келген беті. Алақандай ауыл аясына сыймай, асып-төгіліп жүрген кезі ғой, думандылау Көкшетау қаласына жиі келгіштейді.

Әр келгені ән, әр кездескеніміз шалқып төгілген әңгіме. Алматы әсерлерінен арыла қоймаған елгезек ақын көңілдің көл-көсір шуағына шомылдырып, қым-қуыт қызықтарына кенелтіп кетеді.

«Жұлдыз» журналында жүріп, елдегі қарт ата-анасының ауырлай түскен тірлік тізгінін өз қолына алуды жөн санаған Баянғали жары Әлиясын жетектеп ауылға бір-ақ тартқан ғой.

Сонда ақиық ақын аға Ғафу Қайырбеков:

Шабьттың шын перзенті, қолбаласы,

Ежелгі жүйріктердің олжаласы.

Қызметке туған жерге шектің сапар,

Қолдасын жолдың пірі, жол данасы!

Әрине, сендей жанды көз қия ма,

Ұқсаған бойы биік боз қияға.

Махаббат, шапағатты қатар жинап,

Қайтарсың аман-есен өз ұяңа, –

деп шығарып салды ғой. Дәм тартса, Алматыға, «Жұлдызға» қайра оралармын, – дегені де есте. Бірақ анасы Бәтима, әкесі Тақан қария о дүниеге озып, ақ арулап өз қолымен жөнелтті де, туған жерге кіндігі байланып қалғандай Көкшетауын тастап кете алмады. Туған елде қалып қойды.

Елге келгенше Баянғали Әлімжанов есімін сыншы, сықақшы ретінде тани бастаған едік. Оның «Қиқыматтың қиссасы», «Ұя» атты сатиралық кітаптары әдебиетімізге өзіндік беті, әуезді үні бар қаламгердің келгендігін аңдатқан. Бірақ Әлімжанов ампуласы айтыскер ақындығымен республика жұртшылығын өзіне жалт қаратқандай еді.

Өз басым айтыс өнерін халқымыздың басқа бірде-бір ұлт пен ұлыста жоқ, табиғат сыйға тартқан ғажап олжасы деп түсінемін. Сонау Шөже мен Орынбай, Арыстанбай мен Кемпірбай, Құлтума мен Жанақ, Сүйінбай мен Тезек, Жамбыл мен Құлмамбет, берісі Нұрхан мен Ғалия, Үмбетәлі мен Ұрқия, Төребай мен Саралар салған даңғыл жол бұл күнде кәсіпкерлер қолжаулығына айналып, тиын сауудың көзі болып, құндылығы кете бастағанымен Баянғали, Әсия, Аманжол, Мұқаметжан, Құдайберді тәрізді шын таланттар әлі де болса айтыс беделінің биіктен түспеуіне жігер жұмсап қайрат көрсетуде. Соңғы он-он бес жылдың әлетінде ел айтыстың неше атасын көріп, тыңдап, табысты тұстарына шаттанып, саудаға түскен сиықсыз тұстарына күйініп келеді.

Талай дүбірлі сайыстарда Баянғали Әлімжановтың олжа салмаған кезі кемде-кем. Республика бойынша өтіп келген ірілі-ұсақты бірде-бір сөз сайысынан шет қалмаған оның топ жарып үздік шыққан тұстары аз емес.

Тізбелеп айту мұрат емес. Мәселе, сол айтыстарда сөз қадірін қанаттандыру, айтыс беделіне кінәрат қоспау. Осы тұста Баянғали талай рет екі езуінен көбік шашып, айтыстың жөні осы екен деп еліре түсер тексіздікке бармай, нарлығын да, арлығын да танытқан.

Бір ғана мысал.

Жас шамасы өз қызындай жамбылдық Айнұр Тұрсынбаевамен айтыста:

Қызымдай ғана Айнұрмен

Айтысып жұртым нетермін?

Әкесіндей өңкендеп,

Баланың жолын ұялмай,

Қалай қиып өтермін?

Не мұратқа жетермін?

Жолын кессем қызымның,

Күпір болып кетермін.

Айналайын Айнұрға,

Таласпай-ақ мен бүгін

«Жолың болсын, қалқам» деп,

Батамды беріп кетермін! –

деуі қай ақынның да үлгі алар, үлкенге құрмет, жасқа ізет сұлулығы емес пе? Өкініштісі, ақындарда осынау сырлы сипаттар жетіспейді, айтыс мәдениетінің көбіне көп тым төмен шығып жататыны да сондықтан. Арзан сөз, жеңіл күлкіні көздеуден айтыс құндылықтан айырылады. Қазіргі айтыстың девальвацияға ұшырап, құнсыздана түсуінің тоқетер түйінді тұсы да осында жатыр. Баянғали Өлімжанов творчествосын бір сапарда сарқып айту, қазбалай жеткізу мүмкін емес. Мен драматургиядағы сәтті қадамын «Құдалық» спектаклімен орайлас деп кесіп айтсам, дау тумасы ақиқат. Өйткені автордың улы сатирамен өріп берген спектаклі өзінің актуальдығымен, өткірлігімен, қазақи өмірдің өз ортасынан ойып алған өміршендігімен құнды. Таяуда Баянғалидың «Жынды Қаратайдың қасіреті» кітабы қолға тиіп, көп игілігіне айналып кетті. Кітап аты шағын бір фельетон жүгін көтерерлік әлсіздеу шыққанымен, автордың ұзақ жылғы шығармашылығының түйінді тұсын танытады. Ауыл өмірінен алып жазылған сатиралық пландағы әңгімелері езу тартқызады. Дәлірек айтсақ, көз жасының астынан себездеген ащы күлкі шақырады. Айтыстардан үзінділер, «Деген екен» топтамаларынан Баянғалидың айтқырлығы, ондыққа дөп тиер сөз мергендігі мен мұндалайды.

Тыңдап көріңіз.

Бір бастық; «Осы сен бір-екі ауыз өлең айтып, ат мініп, дүние алып келесің. Елден алып жатсың» депті. Баянғали: «Иә, аға, екеуіміз де халықтан аламыз. Бірақ мен жырлап аламын, сіз ұрлап аласыз» депті. Өткір ме, өткір. Ащы ма, шындығы сол!

Жездесі Талғат қолындағы сағатын бергенде Баянғали:

Мынауың сағат емес күтім көрген,

Байқаймын талай жерде бүтінделген.

Жездеке, берер болсаң бүтінін бер,

Мен саған апайымды бүтін бергем, –

депті. Күлесіз бе, күлесіз. Бірақ, зілі жоқ, әдемі күлкі, жарасты күлкі.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге болғанда Елбасы сөз ретіне қарай «Бір кезде арақты өкірткесің ғой» десе керек. Сонда ақын:

Арактан бұрын ептеп алатынбыз,
Қиялмен әр нәрсеге баратынбыз.
Ол кезде генералға қол жетпейтін,
Қолында сержанттардың болатынбыз.
Далада жатып қалған жеріміз жоқ,
Күнара КПЗ-ға қонатынбыз! – деп әзілге әзіл жауап беріпті. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген сол.

Жуырда Президент Жарлығымен Баянғали Әлімжанов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Бұл Көкше елінің өнерпаз ұлына берілген баға, дүйім ел өнеріне көрсетілген құрмет деп қабылдадық. Ендеше сол өнердің өркенді де өрісті қанат жаюына қажыр-қайраты мен талант қуатын қатар жұмсап жүрген Баян-бауырға тек игі тілектен басқа айтарымыз жоқ. Биіктік пен кеңдік, тереңдік пен тектілік тұғырың болғай, Баянжан дейміз.

«Арқа ажары», 2000 ж.

Серік Негимов

Баянғали әлемі

Елдігіміздің, ерлігіміздің, киелі қасиеттеріміздің жыршысы, топырағымыздың, табиғатымыздың дара туған жарық жұлдызы, сәулетті, бейнетті күндеріміздің шынайы шежіресі, көсемсөздің көкжалы, ән мен сөздің еркесі – теңіздей буырқанған бал көмей сал-серілер, әнші ақындар, ақпа-төкпе жыраулар ғой. Біржан сал туған топырақтан қанат қаққан, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ сынды дүлдүлдердің өнерпаздық өнегесін өрге өрлеткен, өркендеткен Баянғали әлемі өзгеше кесек бітімді кемел сұлу әлем, өрі-қыры бірдей бірегей тұлға. Ол жазу өнерін, сыншылық, жыршылық, импровизаторлық өнерді мүмкіндігінше еркін меңгерген. Сөздің бұлағындай, жырдың шырағындай, хас тұлпардың өзіндей, бабалардың көзіндей десек те жарасымды.

Талантты қаламгер «Қиқыматтың хикаялары», «Ұя», «Қиқыматтың қиссасы», «Ауылдың ақ самалы», «Әзіл шуағы», «Жынды Қаратайдың қасіреті», «Алаш және Манас» тәрізді шығармаларды туындатты.

Өлең жырдың көк нөсері, Көгілдір Көкшенің от ауызды орақ тілді айтқышы Баянғали қырғыз халқының «Манас» эпосын жатқа заулатып, асқан шеберлікпен, асқақ шабытпен құлшына, шалқыта орындайды. Жыр өрнегін көркемдік мазмұнын жыға түсініп, жұтынтып, мөлдірете жеткізеді. Бір өзі бір театр іспетті. Баянғали эпос табиғатын терең ұғынып, нәзік қабылдағаны сондай – оның өң-әлпетінің құбыластары, көзқарасы, дауыс мәнері, сарыны таңғажайып бір сұлулыққа бөленіп, құбылып, түрленіп отырады. Бұл тұрғыдан келгенде, ол – айтулы манасшы. Осынау шығармашылық еңбегіне орай Қырғыз Республикасы тағайындаған Абдылас Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты атанды.

Бір заманда ұлы шығарманың бір бөлімін хатқа түсірген Шоқан, арашалаған Әуезов, талдаған Марғұлан болса, тәуелсіздік тұсында жырлау Баянғалиға бұйырған.

Көкше елінде Арыстанбай Тобылбайұлынан бастап, Көкен Шәкеевке дейін үздік саңлақ жыршылар өткен ғой. Сондай сұңқарлардың қияғы Баянғали да «Арқалық батыр», «Батыр Баян», «Сүйінбай мен Тезек төре», «Жанақ пен

Рүстем төре», «Бақтыбай мен Тезек төре», «Әсет пен Кемпірбай», «Қобыланды батыр» секілді эпикалық жырлар мен айтыстарды толқындата орындайды, сөйтіп бойынды балқытады.

Баянғали қазіргі айтыс өнерінің көрнекті өкілі. 1984 жылдан бері Алаш арыстары мен жауына арыстанша атылған даңқты батырларының, жыршы-жыраулары мен ақындарының өміртарихы мен өнернамасына арналған айтыстарға қатысып келеді. 215 мәрте жыр майданында өнер көрсеткен. Қыранның желге қарсы ұшатыны секілді я болмаса жайынның алапат ағысқа қарсы жүзетіні тәрізді, айтыс ақынының сөз сайысында ой, сөз, пікір тапқырлығын таныту жеңіл-желпі нәрсе емес. Айтыскердің қимыл-әрекеті қан майдан қаһарманының іс-әрекетіндей, жүрегі жанартаудай, жігері қабыландікіндей, көкірегі телегей болу ләзім.

Ол өзінің айтыстарында қоғамдық-әлеуметтік көкейкесті мәселелерді көтереді, атап айтқанда, қандастардың тағдыры, Ел мен Жер тағдыры, Арал-Балқаш мәселесі жырланады.

Мәселен, Дәулеткерей Кәпұлымен айтысында:

Елің жүдеп жатқанда тоқ жүрсің бе?

Тойғаныңа мез-мәйрам боп жүрсің бе?

Қолда барын купон мен кулар құртқан

Жұмыссызға көз қырын сап жүрсің бе?

Болмаса ұрылармен әмпей болған

Ұлықтай өз жұртыңды жеп жүрсің бе? – дейді.

Немесе, Айбек Қалиевпен сайысқанда:

Біз жерді қалай ғана сатпақшымыз,

Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан? – деген лебізінде азаматтық лебі еседі.

Баянғали тұрмыс-тіршіліктегі, қоғам өміріндегі қайшылықтарды біздей өткір тілімен түйрейді. Сонымен бірге айтыскер ақынның сөзінің сұлулығы мен сыршылдығына, сәні мен мәніне сүйсінеміз. Бұл орайда Ақжолтай Ағыбай батырдың тойында шабыт қанатында шарықтап, былайша толғанады:

Кенекен кемеңгерің елдің басы,

Ағакең ақжолтайың қолдың басы.

Жасындай жарқылдаса жас Наурызбай,

Тербелген жердің беті, таудың басы.

Бұқарбай, Иман, Жәуке, Бұғыбайлар

Көненің көбе бұзған көк найзасы.

Көкшетау атынан дүр сілкініп сөйлегенде, сөз меруерттерін тізіп, бәйге атындай көсіледі-ау дерсің.

Тойында Қабанбайдың ұлым, енді,

Жырла деп атам Біржан жырын берді.

Көкшенің тау-даласы дүр сілкініп,

Сексен көл тереңінен тебіренді.

Оқжетпес, Жұмбақтастар қолын бұлғап,

Қарағай, қызыл қайың бүрін берді.

Бурасы Абылайдың буырқанып,

Үңгірі Кенесары күңіренді.

«Ел-ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны» деген халық даналығын ары сабақтастыра айтсақ, ақын – ақыл-ойдың бағбаны, ендеше, көңіл бақшасында Көкшенің жасыл ормандай жыр егінін жайқалтып өсіре бер!

Ел бақытының тілеуқоры

Драматург Баянғали Әлімжановтың қаламынан шыққан сахналық туындылар ел тағдырындағы қасіретті кеселдерді емдеп жазуға арналған десе болады. Оның пьесаларының бәрінде де әлеуметтік терең мән, рухани зардаптарды ажуамен әшкерелейтін өткір ой бар. Әлімжановтың бір ғана «Құдалық» атты комедиясы, Құдайға шүкір, міне, жеті жыл бойы ылғи аншлаппен жүріп жатыр. Театр көрермендері Баянғали спектакльдеріне үлкен ықыласпен келіп, одан ойға қуат, дәтке серпін мен серпіліс алып, желпініп шығады. Осы «Құдалық» пьесасын жазуға өзім түрткі болған едім. Баянғали мұны әр жерде айтып жүретін көрінеді. Қазір ел ішінде қыз ұзату, келін түсіру сынды көптен күткен ұлы қызық, тілекті той ырду-дырдуға толы берекесіздікке айналып бара жатқаны шын ғой. Басқа ұлттарды қарасаңыз, өмірге тілек қосып бірге аттанғалы отырған екі жастың болашағына қамқорлық жасайды. Ал біздің қазақ бәзбіреулерден асамын деп, болмаса өзгелерден қалып қоймаймын деп жалған намысқа басып, босқа шашатын қаржыны өзгелер отау тіккелі отырған екі жасқа үй әперуге болмаса, оқытуға жұмсайды. Біздің ағайындар не балаларына, не өзіне түк пайдасы жоқ құдалық өткізіп, одан кейін қу тақырға отыратынын бәріміз де білеміз. Осынау дәстүрсымақты мүлдем терең тартып кетпей тұрғанда өзгертуіміз керек сияқты. Сол жөнінде Баянғали екеуміз талай әңгімелескен едік. Кейін драматург, сол әңгіме-сұхбаттар түрткі болып, ойды ой қозғап, «Құдалық» пьесасын жазған-ды.

Актёрлер үшін ең маңыздысы – драматургиялық туындының тілі. Осы тұрғыдан алғанда Баянғалидың тілі ұшқыр да жатық, көрерменнің қабылдауына жеңіл. Терең ойды қарапайым әрі шұрайлы тілмен де жеткізуге болады емес пе? Бұған Баянғалидың алмастай өткір, жеңіл де қарапайым тілі дәлел бола алады.

Баянғалидың қаламынан туған драматургиялық шығармалардың тағы бір ұтымды жері сол – оның кейіпкерлері – өзіміздің күнде көріп жүрген замандастарымыз. Баянғали өзінің өмірдегі болашақ кейіпкерлерін бар жақсылық-жамандығымен, артықшылығымен, кемшілігімен, алаламай, тұтас қабылдайды және соған сәйкес сахналық бейне сомдайды. Сондықтан оның комедияларындағы образдарды ашу үстінде біз оларды әрдайым осы тұрғыдан қарастыруға ұмтыламыз. Мәселен, ішкіш, маскүнем немесе дарақы деп адамдарды қоғамнан мүлдем аластатуға болмайды ғой. Тек ең өкініштісі сол – тірі пенде осынау жағымсыз қылығын, теріс мінезін, осалдығын көбіне ішкенде көрсетіп қояды емес пе? Драматург Әлімжанов осы тұсты дөп басқан.

Қазақ зиялыларының дені ауылдан шыққан. Бәріміз де ауыл баласымыз. Қазір ауылдың жағдайы тіпті де қиындап кеткені шындық. «Ауыл жылы» деп оң өзгерістер күткелі, міне, екі жыл болды. Бірақ көп жерлерде тіпті сол оң нышан әлі де байқалмайтын сияқты. Өз басым «қазақ жалқау халық» дегенге қосылмаймын. Ауыл халқының төзімділігінің, еңбексүйгіштігінің, тынымсыз тырбануының, көнбістігінің, момындығының арқасында ғана ел болып отырғанымыз ақиқат. Қандай кесел, қандай қасірет тезіне түссе де ауыл халқы мойымай келеді. Сол қиындық, ауыртпалық атаулының барлығына юмормен қараудың өзі – халқымыздың рухани мықтылығының белгісі. Баянғалидың драматургиялық туындылары осынысымен құнды.

Б. Әлімжановтың «Отыз тістен шыққан сөз» атты комедиясы да ауыл

өміріне арналған. Бұл туындыға халқымыздың ұлттығының кепілі ана тіліміздің тағдыры арқау болған. Сонымен бірге Баянғали скетчтер де жазады, кейде оны арнаулы тапсырыс беріп жаздыртамыз. Бүтін бір концерттік бағдарламаны тұтастай осы Баянғали скетчтеріне арнадық.

Баянғали – астарлы сөздің хас шебері. Бұл актерлердің сахналық шығармалармен жұмыс істеуіне де өте қолайлы.

Ал өмірде Баянғали ұсақ-түйекке жоқ, адалын айтатын азамат. Артық сөзге бармайды, менменсіп көкірек кермейді, сонысымен де қадірлі. Осы қасиеттері үшін актерлер қауымы Баянғали туындыларымен әркез ықылас қоя жұмыс істейді.

«Көкшетау» г. 2004 ж.

Райхан Сейіт

Сұңқардай саңқылдаған ақын

Көкшенің дара тумасы Баянғали Әлімжанов – қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны бар қаламгер. Тамаша дарын иесі Баянғалидың тума таланты ерекше сыйпатымен көзге түседі. Оның сегіз қырлы дарыны – құз басынан құлап аққан сұрапыл қуатты, кең арналы өзен сынды. Оның дауысы қияда саңқылдаған қыранды елестетеді. Баянғалиды ойлағанда «Ерекше құбылыс» деген ұғым тілге оралады. Сондайда: «Егер Баянғалидың болмысы ерекше құбылыс болмаса, неге Арқаның алақандай бір ауылында туып өскен, қырғыз халқымен етене араласпаған ол қалайша әп-сәтте осы бір бауырлас халықтың ана тілін бар шұрайлы қалпымен қабылдап, «Манас» сынды әлемдік әдебиеттегі ұлы эпосты жаттап алды және оны жырлап жүр?! – деген ой келеді.

Баянғали – сегіз қырлы ақын дегенде, алдымен оның айтыстың ерен жүйрік хас тұлпары сынды қабілет қарымын айтар еді. Одан соң замананың кемеңгер қаламгері, ұлы жазушы Шыңғыс Айтматовтан шоң алғыс алған манасшы бейнесі жүректердің төрінен орын алар еді. Баянғали – сонымен бірге қазақ әдебиетіндегі тұңғыш рет сатира жанрында повесть тудырған қаламгер. Мұнысына қоса белгілі драматург. Оның сахналық туындылары Алматының, Астананың және басқа да облыстық театрлардың репертуарларынан орын алуда. Сондай-ақ, Баянғали Әлімжанов жазба ақын, сыншы, журналист ретінде де әдебиетсүйгіш қауымға және жұртшылыққа кеңінен танымал әрі ардақты.

«Көкшетау» газеті, 2004 ж.

Қайырбай Төреғожа

Алаштың алтын көпір жыр жүйрігі

Баянғали ақынның ауылы Кеңашыны «бір білсем, мен білемін» деуіме болатындай екен. Енді ше, екі бірдей жездем мен екі бірдей туған апам көп жыл сонда тұрса, ар жағы белгілі ғой. Тағдырдың жазуымен төртеуі де бүгінде бұл өмірден ерте өтіп кеткен сол апа-жезделерімнің арқасында қазақтың осы бір кең қолтық бауырмал ауылынан аузын ашса, көмейі көрінетін қаншама тілегі мен ниеті бір туыс таптық десеңші. Ол әңгіме әлбетте, осы елдегі Байекеңнің өз қарашаңырағына да қатысты. Кеңашыға келіп жүрген бастапқы кездерімнің

бірінде апам Шәйкеннің іргедегі тап-тұйнақтай, етек-жеңі ұқыпты ақшанқан үйді нұсқап:

– Мына үйде бізбен осы ауылдың Тақан, Бәтима деген үлкен бір сыйлы кісілері көрші тұрады. Өздері сондай бір жөн білетін жақсы жандар. Атай соғысқа қатысқан адам. Баянғали деген балалары Алматыда үлкен жазушы дейді. Ылғи телевизордан көрсетіп жатады. Үлкендерге барып сәлем бер, – дегені бар-ды. Осы әңгімеден көп өтпей-ақ апа-жеземнің үйіне аңқылдап Бәтима апаның өзі де келе қалғаны. Мән-жайға қаныққан соң «е-е, бауырыңды іздеп келген бала екенсің ғой» деп қоярда-қоймай мені қымызға алып кетсін. Көкшесінің, елінің елеулісі Баянғали ақынның анасының қолынан ойламаған жерден алғашқы дәмді солай татып, кісілік шапағатын солай көрген едім. Кеудесінде шүпілдеп тұнып тұрған перзентіне деген ыстық сағынышы қойсын ба, екі сөзінің бірінде сырттай еміреніп Баянжанын айтады. «Сен де менің Баянғалиымдай баламсың ғой, же, же» деп зорлайды дастархандағы сары май, таба наннан. «Бұл қымыз шіркін дәру ғой. Құй тағы балаға», – деп қояды жылы, сұлу жүзіне мейірім ұялаған Тақан ата. Бүгінде есімін дүйім ел білетін Баянғали ақын менің өміріме солай енді, әдебиетке, өнерге құштар көңілімді солай баурады.

Ақыры, осы бір жағдай, үй іші, туған топырағына дейін көріп, біліп жүрген інкәрлігім Алматыда қоярда-қоймай бір күні сол Бай-ағанды іздеттіріп алып барды. ҚазГУ-дің журфагында сырттай оқитын күндер сөйтіп мен үшін тағы бір естен кетпес өзгеше әсерге барып ұласты. Осы күнгі шексіз ақкөңілділігі, оған туған жерден жырақтағы сағынышы қосылған, «елден келген інім екенсің ғой», деп қапсыра құшақтап, кеудесіне басқан сол жүздесудің бар әдемі суреті әлі көз алдымда. Бір-біріне түйістірген екі үлкен үстелдің бір жағында кәдімгі қазақтың арқалы ақыны Жарасқан Әбдірашев, екінші жағында Байекен. Ойнап-күліп, қоян-қолтық отырған екеуі де ол кезде мыңдаған таралыммен әр үйдің сүйікті басылымына айналған республикалық «Жұлдыз» журналының бір-бір бетке ұстар қызметкері екен. Талант десе таланты, мәрттік десе мәрттігімен тас жарған сегіз қырлы, бір сырлы сол Баянғалиды Ғабен, Олжастардан бастап, бүкіл Жазушылар одағы жақсы көріп, алақандарында ұстаған ғой. Мұның бәрінен бұл күнде алтынға бергісіз сөз, кіршіксіз әзіл қалған. Атақты Ғафаң, Ғафу Қайырбеков ағамыз да байқап отырсақ:

«Жұлдыздың» кенжетайы, сүйкімдісі,

Мың күнге азық болған бір күнгі ісі.

Жан-жағын дауылдатқан, дабыл қаққан,

Келгенде қыранға ұқсап сілкінгісі, – деп шабыттана, төгілте басталатын жүрекжарды тамаша жырын кезінде Алматыға табан тіреген көп қаламгер інілерінің ішінде өз ұлы Бақытынан кем көрмеген осы Баян інісіне ғана арнамап па еді!

Бұған дейін біз ептеп ақынның шығармашылығын шет жағаласақ, енді осы арада, бұл өлең оның азаматтық асыл қыры, биік болмысына да барынша қатысты болып келетінін айналып өту мүмкін еместей. Иә, сол сексенінші жылдардың соңына таман Баянғали ару Алматыдағы қаншама жыл орнығып қалған жылы орнын суытып, аяулы анасының сырқаттануына орай елге оралды.

Бір сәтте қайта ауылдың баласы болып шыға келіп, қаланың қыры сынбаған кәстөм-шалбарын түздің, қора -қопсының жұмыс киіміне ауыстырған Байекен үшін бұл жылдар жеңгіміз Әлиямен бірге, ананың ақ сүтін ақтаумен қатар,

шығармашылық жағынан да пайдасыз болмағанын кейін жарық көрген еңбектерінің өзі-ақ жақсы байқатқандай. Жазудың адамы, әрі Баянғалидай жүрегі жыр төгіп, қаламы жанр-жанрға жүйткіп отыратын тума талант «ауылға көшіп келдім» деп ол жағынан жылы жауып қойсын ба? Жоқ, әрине.

Сол мен білетін Кеңашыда Молдабай атты мінезге бай, момын, бір басында аңқаулығы да жоқ емес ғажап бір тамаша ағамыз бар болатын. Ауыл суретін, оның кеңпейіл, аңғал адамдарының қызық-шыжығын, көз алдыңнан келбендеп өтетін өмірдің жақсы-жаманы мен түйткіл тұстарын күлдіре отырып, көкейіңе астарлап құйып беретін жанды-жанды әңгімелердің бір парасында оқысам, сол Молдабай ағаның да ашық-жарқын, тартымды образы, өзіміз көргендегідей табиғи таза қылықтары жүр. Осыдан кейін ауылда тұрып, оны одан ары зерттеуден, айналасын жіті аңғарудан талмай, өміршең талай дүниелер тудыра білген қаламгердің «Жынды Қаратайдың қасіреті» атты қалың келген бұл кітабы, сөз жоқ, көбіне-көп оның елдегі еңбегінің, елдегі қалам қарымының жемісі екенін бағамдау да қиын емес.

Баянғали Әлімжановтың біз айтып өтпеуге болмайтын бір мықтылығы – сонау астанадан ауылға көшіп келіп, өзін өмірдің, шығармашылықтың қиыр-шиыр жолында еш босаңсытып алмай, қайта одан сайын бабына келе түскен тұлпардай, міне, қанша жыл тек діттеген биіктен табылуында дер едік. Мұның өзі ең алдымен, оның өз жеке басынан да сол сан алуан дүбірге үкілеп қосқан туған елі үшін абырой болып келе жатқанын несіне бүгіп қалайық.

Мәселен, әріге бармай-ақ бертінді алғанның өзінде атақты Мұса Асайынов, Көкен Шәкеев ағаларымыздан Көкшедей көркем елдегі осы заманғы айтыстың тұтас бір дәуірі мен мұндалайды. Одан соң күні бүгінге дейін ана айтыс, мына айтыста да есе жібермей, жолымен, Құдай берген талантының зорымен олардың ізін ала өз тұғырына қонған басты ақынымыз кім десек, әрине, Баянғали Әлімжанов. Ол дегенде көз алдымыздан қазіргі бүкіл айтыс өнері қылаң беріп өтетіні, осындай дарындарымыз барында тіпті, ұялатын жеріміздің жоқтығының өзі содан. Айталық, осы елдің, тіпті бүкіл қазақтың осынау жолдағы бүгінгі қол жеткен айшықты жетістіктері, өркеш-өркеш биіктерін өзгелермен бірге, Баянғали ақынсыз да бөліп алып қарау мүмкін бе?!

Күні бүгінге дейін қазақтың басы Әселхан Қалыбекова, Қонысбай Әбілов, Әсия Беркенова, Мұхаметжан Тазабеков сияқты үлкенді-кішілі барлық бетке ұстар ақындарымен, одан қалды, туысқан қырғыздың да осы аруақты өнерді ту көтерушілерімен ұзын-ырғасы 215 рет жыр додасына түсіп, жиырма екі айтыста бас жүлдені жеңіп алған, талай мәрте жүлдегер атанған ақынның жоталы шығармашылығының өзі соны меңзеп тұрған жоқ па? Мұның сыртында әне-міне қолға тиіп тұрып, кейде қазылардың «сарандығы» кимаған, не болмаса «сұңқар шашып жейді» демекші, өзі соны құп көріп, басқаға ұстатып кеткен жеңістерінің тізгіні қаншама. Реті келгенде Байекең туралы кез келгенде кездесе бермейтін мұндай тектілік пен мәрттіктің де жиі естіліп жататыны осы тұла бойғы ерекше жаратылысы мен өзгеше бір қасиетінен болуы керек. Кешегі ащы қазасы алты алашты күнірентіп жіберген марқұм Оразалы Досбосыновқа да осынау киелі өнерде жаңа көрініп жүрген бір айтыста тігулі тұрған жеңіл көлікке қарамай, жолын беріп, нағыз азаматтық танытқан да осы Баянғали ғой. Бұл жөнінде өзі де Қонысбаймен бір сөз қағысында:

– Халықтан біз мінер ат сұрамайық,

Жетеді ықылас пен алақаны, – демеп пе еді! Арқалы ақынға кезінде қай

жағынан алғанда да лайық бола тұра, тиісті орындар екі-үш рет ұсынған «Қазақстанның Халық ақыны» атағының берілмей қалуының өзі өкінтпей қоймағанмен, өнері ел жүрегінен мықтап орын алған мұндай асылдың сол атак бұйырмаса да, бәрібір болашаққа сондай құрмет, сондай сүйіспеншілікпен қадам басары тағы әмбеге аян ғой дейміз. Орыс халқында өте бір айрықша жағдайда ғана тандай қағып айтылатын феномен деген сөз бар. Ерен, өзгеше деген ұғымды білдіреді. Солай демекші, бір өзі айтыскер ақындығынан басқа, әрі жазба ақын, сатирик, жазушы, кезінде «Қазақфильмде» шыққан үш бірдей деректі фильмнің сценарийін жазған киносценарийші, сағаттап жырлайтын ұзақ-сонар ондаған жырларды жатқа білетін жыршы-жырау, бірнеше сәтті пьесалары бар драматург, шешендік сөздерді зерделеумен айналысқан әдебиет зерттеушісі, табан аузында-ақ айтып салып, қарап отыратын ондаған шұрайлы «Деген екендердің» авторы, талай газет-журналдардың сынынан өткен шебер жорналшы, қойшы, санамаласаң, екі қолдың саусағы әзер жететін осынша тума қабілеттің иесі Бай-ағанды біз де осы феномен, ұлтының бағына біткен айрықша құбылысқа теңесек, ақиқаттан әрі аттамағанымыз. Осыдан кейін көбіне өзі киіп суретке түсіп қалатын қазақтың зерлі, мол шапанындай жаны да, жүрегі де кең, халқының бар даласы, бар баласын бірдей көретін, қарапайым да алтын аға, бар бола беріңіз, өзіңіз сыйынатын алаштың ардақтыларының, Біржан сал бабаңыздың аруағы әрі қарай да қолдап, желеп-жебеп жүрсін демеске сірә, хақымыз жоқ. Жуырда облыстық «Арқа ажары» газетінің бас редакторы, кимас ағамыз Жомарт Сафиұлы Әбдіхалықтың 60 жасқа толған мерейтойына келгенінде жан досы, үлкен әдебиетші ғалым Ақселеу Сейдімбек те өзіңізді көре салып:

– Әй, Баяшым-ай, сен жарқ етіп алдымнан осылай шыға келгенде менің де жаным бір марқайып, көңілім кең жайлау бола қалады-ау, – дегенін құлағымыз шалып қалып еді. Осының өзі-ақ көп жәйтті айтып тұрған жоқ па?!

Әрине, әрқашан ақ алмастай ақиқатты тіліп түсетін, жылуы, шуағы да, көтерер жүгі, ойы мен ойнақылығы да мол ақынның тамаша айтыстарын, жалпы, бар еңбегін жеріне жеткізе терең сөз ету үшін оған үлкен өре де керек екені ақиқат. Бұл енді әдебиетші ғалымдардың еншісінде. Ал, біздің білетініміз, алаштың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармалары әлі жарық көрмей тұрған сексенінші жылдардың өзінде оның «Батыр Баян» поэмасын тұңғыш рет теледидар мен радиодан жырлаған Байекең, қырғыздың әйгілі «Манас» жырын да мүдірмей жатқа айту арқылы туысқан екі халықтың арасында алтын көпір болып келе жатқан Байекең әлі де сол шабысынан танар емес, бұйырса, танбайды да!...

Сұлушаш Тақанқызы

Бауырым туралы бір үзік сыр

*Елу деген ер жасына енді келдің,
Қуаныш пен бақытқа сен кенелдің.
Жас көңілің мәңгілік қартаймасын,*

Жас қосылып жасыңа марқайғайсың... деген өлең шумақтары Степняк қаласында, яғни «Бұлақ басы» деп аталатын өлкеде туған бауырым Баянғалиға арналады. Баянғалидың ана құрсағынан шыр етіп дүниеге келгеніне 50 жыл

толыпты. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, өмірде талай өзгерістер өтіп жатыр. Баянғали екеуміз тетелес өстік. Ол – ер баланың еркесі, мен қыз баланың еркесі болдым. Ол қияңқылау болып өсті, бірақ менен жеңіліп қалатын, өйткені маған анам болысатын.

Ол аяғын апыл-тапыл басқаннан кейін доп құшақтап өсті. Жер қарада қатар балалармен бірге тынымсыз доп қуалайтын. Күнге қақталған қайыс қаралар допқа таласып, доп үшін төбелесіп, доп үстінде татуласатын. Ауылда телевизор жоқ кез, жаман радионың құлағына жармасып, «Қайраттың» ойыны жайында репортаж тындайды. Сөйтіп жүріп, футболдың дүниежүзілік ойын екендігін, оған да адамдардың өз өмірін арнайтындығын біртіндеп ұғынған. Футбол десе, ұйқы-күлкіні ұмытатын жанкүйерге айналды. Ойын болатын күні радионың қасынан шықпайтын. «Қайрат» ойнайтын күні ең бақытты күн болып саналатын. Есейе келе кім боласың деп сұрағандарға ойланбастан «футболшы боламын» деп сарт еткізетін. Әуелде оның «Футболшы боламын» дегеніне күле қарайтын ана мінезінде біртіндеп өзгеріс пайда болды. «Ботам, ботбөлшік боламын дегенді қой. «Доп ойнаған азар» деген аталарың. Ботбөлшік болып мұратына жетті дегенді туғалы естіген емеспін. Сен де бізді ондай атқа қалдырма!» Анамыз қарсылық білдірсе де ойынға қашып шығатын. Жетінші класс бітіргеннен кейін балалар спорт мектебіне жазылды. Ақыры анасы да ризашылығын білдірді.

Бірақ сол жылы Алматыдағы ағамыз қайтыс болып, алға қойған «футболшы болам» деген арманы үзілді, ана тілегін орындады. Тірі тірлігін істеп, өмір жалғасты. 11-сыныпты Абай атындағы №2 қазақ орта мектебінен бітірді. Мектепте оқып жүргенде әртүрлі тақырыптарға арналған шығармаларды өте жақсы жазып жүрді, төменгі кластарда оқығанда эпостық жырларды «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», т. б. жатқа айтып жүретін. Ал ән айту, домбыра тартудың иісі де болмады. Ешкімнен қорықпай өжет болып өсті. Алматыға оқуға жалғыз өзі кетті. Ол кезде институттарда емтихан тапсыратын. Екі емтиханды тапсырған соң, үшінші емтиханнан «5» деген баға алсам, оқуға түсем, ал «5» ала алмасам, осы қалада қалам, жұмыс істеймін деп үйге телеграмма жіберді. Әкеміз-анамыз «аман-есен үйге кел» деген хабар жіберді. Комиссия мүшелері үшінші емтиханға «4» деген баға қояйын деп жатқанын көрген Баянғали: «Маған 4 керегі жоқ», «5» керек, – деп алақанымен емтихан парағын жапқан. Содан қосымша сұрақтар қойыпты, өз білімінің, өжеттілігінің арқасында сол жылы КазГУ-дің филология факультетіне түсті. Сонымен «футболшы болам» деп армандаған азамат журналист, жазушы, ақын болды. Міне, өмір қандай қызық!

Баянғали Алматы қаласында журналистика, әдеби сын, әдеби зерттеу (шешендік сөздер) саласында еңбек етіп жатты. 1987 жылы анамыз қатты ауырып, ауруханаға түсті. Осы хабарды естісімен Баянғали ананы күту міндетіміз деген мақсатпен қаладан ауылға көшіп келді. Сол кезде Баянғалидың қалада жүргеніне 16 жыл болған екен. Бұл әркімнің қолынан келе бермейтін адамгершілік қасиеті мол азаматтың ісі деп ойлаймын. Өнер ортасынан, қаламдас достарынан кету үлкен батырлық. Жолдасы Әлияға, әке-шешемді күтетін болсаң, ауылға кеттік дегенде, қарсылық жасамай артынан ерген болатын. Әлия келініміз әке-шешемізді баладай сыйлады. Жаны таза, инабатты жан. Жазушылар, қаламдас достары, өнер адамдары: уақыт өтер, өз ортана қайта оралар кез келер, құшағымызды айқара ашып, әр уақытта қарсы аламыз, –

деген еді. Анамыз қайтыс болды, 8 жылдан кейін әкеміз көз жұмды. Міне, осылай әке-шешеміздің ақ батасын алып, өнер ортасына қайта оралып, Көкшетау қаласында өмір сүріп жатқан жайы бар. Дарындылық – табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Адамның бойындағы дарындылық өмірге, әртүрлі оқиғаларға байланысты жүре ашылуы мүмкін. Міне, ән айту, домбыра тарту білмейтін Баянғали жүре үйреніп, ішінде бұғып жатқан дарындылығы ашылып, 1984 жылы ең бірінші рет Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығына арналған айтыста Әселханмен айтысып, жеңіске жетті. Содан бері 215 рет айтысқа шығып, тәуелсіз Қазақстанның елдігі мен теңдігін, азаттық жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін, ұрпақ сабақтастығы мен дәстүрі жалғастығын, имандылықты, бүгінгі өміріміздің сан алуан қырлары мен сырларын жырлап келеді. Баянғали бауырым, мерейтойың құтты болсын, аспаның ашық, жұлдызың жарқырай берсін! Ойыңнан жақсылық пен сыйластық, бойыңнан жылылық пен мейірімділік кетпесін. Осылай қанатың талмай, өнер әлеміне қалықтап ұша бер демекпін. Бауырымның осындай дәрежеде жүргеніне мен өте қуаныштымын.

Иран Тасқара

Баянғали

(Жаңа ән)

*Көкшенің шарықтатқан атын бүгін,
Кешегі Біржан салдай ақындығың.
Құттықтап мерейтоймен, Баянғали,
Әндетсем білінеді жақындығым.*

Қайырмасы:

*Алдында топтың алқалы,
Төге бер жырды арқалы.
Туған елім Көкшетау,
Біздерге сенім артады.
Көршімсің, інімдейсің Құдай қосқан,
Ақ ниет сыйластықпен араласқан.
Сенен жыр, менен әндер шалқи берсін,
Еркіндік алған елдің көңілін ашқан.
Қайырмасы.*

*Өнерді серік қылып бала жастан,
Тарихта қалады енді ізің басқан.
Кешегі сал-серілер жалғасысың,
Бүгінгі ұрпақтарға нұрын шашқан.
Қайырмасы.*

*Жазушы, драматург ұшқыр қалам,
Белгілі Қазақстан елге баған,
Өнерің өрістеген өрден түспей,
Ұрпаққа мұра болсын тілегі аған.
Қайырмасы.*

Біржан сал бабасына тартып туған

Аңсаған адамдардың жарасымын.

Арнаған туған елге бар асылын.

Қиялы көп болғанмен, зияны жоқ,

Қазақтың мен де ақкөңіл баласымын, – деп ауылдың қара домалақ балаларына тән аңқылдаған ақ пейілімен өзінің ойын бүкпесіз, ашық айтып салатын Баянғали ақын да текті жердің тумасы. «Ат аунаған жерде түк қалады» демекші, «аспандағы аққуға үнін қосқан» сал Біржанның туған ауылында дүниеге келіп, Көкше елінің жігіттеріне тән өнер мен азаматтықты қатар алып жүрген Баянғалиды тағы бір қырынан танып қуанып қалдық. Осы Баян ағамыз пьеса жазып жүр ме екен, әлде кітап жазуды қолға алды ма екен деген ойдың ұшығында жүргенде, Баянғали ағамыздың киностудия ашып, оның директоры әрі көркемдік жетекшісі ретінде қазақы кино түсіре бастағанын сүйінші хабар ретінде қабылдадық. Қазақтың рухын көтеретін, салт-дәстүрі арқылы жастарды имандылыққа, үлкендерді сыйлауға, қартайғанда күте білуге баулитын туындылар өте керек-ақ. Әйтпесе, теледидардан қай киноны көрсең де атысшабыс, кісі өлтіру мен ауыз жаласып сүйісуден көз ашпайсың. Тіпті, отбасыңмен отырып көру мүмкін емес. Кино да идеология, сондықтан, Баян ағамыздың алғашқы қадамдары исі қазақты, қала берді, барша қазақстандықтарды қуантады деп сенемін. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, ердің жасы – елуден енді аса бере киностудия ашуының өзін ерлікке пара-пар әрекет деп бағалауға тұрады. Мұндай қадамға бару үшін өнермен қатар, үлкен тәуекел керек екені айтпаса да түсінікті. Бір жағынан алып қарасаң, өжеттігі мен тентектігі, екінші жағынан Бұқар жыраудай ханға да тік айтатын әділеттілігі, ақжарқындығы мен мәрттігі, тауып айтатын әзілқойлылығы басым ақынның әлі талай биікті бағындыратынына шүбә келтірмесек керек-ті. Өзіне, өзінің білімі мен өнеріне сенген жанның ғана осындай қадамға баратыны анық. Осы жерде Көкшенің қазіргі Біржаны атанып жүрген Баян ағамызға өзінің бабасы әрі жерлесі Біржан сал туралы кино түсіруді неге қолға алмасқа деген тілегімді жеткізгім келеді. Бұрындары 90-жылдың бас кезінде Біржан туралы кітап жазса деген де тілек айтқан болатынбыз. Марқұм Сәкен сері Жүнісов Ақан серіні халқына таныта білді, ол туралы кітап та жазылды, кино да шығарылды. Ақанға әншілік-серілікті мұрат қылуға ұстаз болған Біржанды халқына тереңірек таныта білетін бір азамат біздің жақтан шықпағаны ма деп те налысың. Ал, Баянғалидың бойында әншілік, суырыпсалмалық, ақындық, салдық, серілік, жазушылық, әрі сценарий жазатын дарын бар. Ақан серіні жазғанда Сәкен Жүнісов Ақанның әндерін өзі домбыраға қосып айтып отырып, толғанып, Ақан да осылай тебіренген шығар деп сол әсерді кітап бетіне түсірген екен.

Ендеше:

Біздің ел Біржан елі аталады,

Біржанның атынан ел от алады.

Бізді ешкім жеңе алмайды, ұмытпасақ,

Бір Алла, пайғамбар мен аталарды, – деп өзі жырлағандай, бабамызды ұмытпай, мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуді ел аманаты деп мойнына алатын адам болса, ол Баянғали демей кім дейміз!

Баян ағамыздың Манас жырын жырлағанын алғаш естіп көруім де қызықты оқиға болды. Ол былай болған еді. Дәл қай жыл екені есімде жоқ, Кеңес өкіметінің іргесі шайқала бастаған 80-жылдың аяғы мен 90-жылдың бас кезіндегі көктемнің кезі болатын. Қырғыз елінің азаматы, түрколог, тарихшы Жанбай Ниязалиев Орта Азия елдерін аралап, салт-дәстүрі, тарихы, экономикалық-әлеуметтік жағдайы туралы еңбек жинап, енді Қазақстанды зерттеп жүр екен, жол бойы біздің ауылға да екі күн аялдап, этнографиялық әңгімелер жинады. Соның екінші күні ауыл халқымен кездесуге Баянғали келе қалсын. Әдейілеп шақырса, бұлай келтіре алмайтын ғалымның Қырғызстаннан екенін білген Баянғали «Манас» жырын төгіп жібергенде, ғалым таңғалғанынан, көпке дейін сөз таба алмай тұрып қалды. Сәлден кейін көпшіліктің көзінше «Манас» эпосын жатқа айтатын манастанушы ақынды өз қазақ елінде тұңғыш кездестіріп тұрғанын мойындады. Әрі Манасты жатқа айту қырғыздың өзінде де сирек екенін айтып өтті. Сол жылы Қырғыз елінде ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілген қырғыздың халық эпосы Манастың 1000 жылдық тойына аттанбақшы болған жерлесімізге аудандық газетке мақала беріп, ақ жол тілей отырып, екі-үш шумақ ән жолдаған едім.

*Арқаның ақыығы Баян аға,
Жәйіңіз бәрімізге аян, аға.
Жоқтатпай өз еліне Біржан салды,
Домбырамен әніне салған аға.
Ақ басты Алатауға басыңды иіп,
Сәлемін жеткізерсің елді жиып.
Қырғыз-қазақ егіздің сыңарындай,
Ақ қалпағын бөлмеген бірге киіп.*

Сол тойдан жүлделі оралған Баянғали ағамыздың былтыр әлем халықтары эпостарының бірінші дүниежүзілік фестиваліне қатысқанын да газет бетінен оқып, біліп жатырмыз. Алдымызда сал-серілердің сарқытындай болып жүрген Баянғали ағамызға халыққа қызмет етуде шығармашылық табыс тілей отырып, өнердің биік шыңдарынан көріне бер деген тілегімізді қоса жолдаймыз.

*Құдықағаш ауылы,
Еңбекшілдер ауданы.*

Елубай Жәкенов

Біржан салдың ұрпағы – Баянғали

(Әйгілі айтыс ақыны Баянғали Әлімжановқа)

Біржан салдың ұрпағы – Баянғали,
Ақындығың ел-жұртқа аянғали.
Көгілдір экраннан сені іздейді,
Таңертең ұйқысынан оянған ел.

Сен бізге Біржан салдың көзіндейсің,
Айтыста сол бабамның өзіндейсің.
Айтыс десе құрыстап аруағың,
Түн ұйқыңды төрт бөліп көз ілмейсің.

Айтыстың жеке біткен бір дарағы,
Қырғызға сен бармасаң, кім барады?
Ақ қалпақпен шыққанда сахнаға,
Алатауға асылып күн қарады.

Манас жыры телегей-теңіз дейді,
Манасшы деп қырғыздар сені іздейді.
Қазақ-қырғыз екі елің еркелетіп,
Баянғали екі айтсын дегізбейді.

Өлеңнің суырып сап алдаспанын,
Көрсеткенде өнердің жалғасқанын,
Орнынан тұра келіп қол соғады,
Өзіңнің көкшетаулық қандастарың.

Айтысты салып жұрттың күнде есіне,
Сан шықтың айтыстардың мінбесіне,
Біз түгіл өзге жұрт та елендейді,
Сенің қазақ тілінді білмесе де.

Шын ақынды тыңдаушы қостамай ма,
Айтысуға бардың сен Қостанайға.
Ұшқын атқан сондағы сөздерінді,
Естігендер аузынан тастамайды.

Жыр арнап жаңа дәуір, өскен елге,
Бардың сен Керекуге, Өскеменге.
Барып сен Шымкентте де шарықтадың,
Бой бермей құрбыласқа, өз теңіңе.

Жолында көктей өтіп Көктөбені,
Аралап Ақмола мен Ақтөбені.
Жүресің Біржан жолын жалғастырып,
Өнердің осы емес пе көктегені.

Айтыста соны әуенді бастай келдің,
Саған сыйы арнаған бас бәйге елдің.
Бірақ сен дандайсымай тура жүріп,
Қисық жолға бір қадам баспай келдің.

Айтысқа жиналған ел астанаға,
Төрінде мемлекеттің бас қалада.
Айың туып оңыңнан, Баянғали,
Жол аштың өнегелі бастамаға.

Кейбіреу қолдан жасап жоқ кезекті,
Кейбіреу бақастықпен оқ кезепті.
Нелер қинап салса да қиындыққа,

Тайсалмай қабыл алдың жекпе-жекті.

Беталды білмегенің күле бер деп,
Айтысты таңдадың сен шын өнер деп.
Бәйгені күш асырып жеңіп алған,
Өзіңді бағалар ел Құлагер деп.

Шыңындай Оқжетпестің дара тұрған,
Ақындық қасиеттен жаратылған.
Өз теңіңнен талантың өзгешелеу,
Өзгешелеу көрінер және тұлған.

Қандастардың тағдырын қатты ойладың,
Елге кел деп жазбаған хат қоймадың.
Монғолдан көшіп келген қазақтарға,
Ерулікке соям деп ат байладың.

Дабылдатып Көксеңгір алабында,
Тау менен көл, өзенді, даланы да.
Атажұртта қарсы алдың қандастарды,
Ақ сақалды атаны, баланы да.

Бір өзің рулы ел ұлыстайсың,
Қырықта қиып түсер қылыштайсың.
Тірілтіп айтыстарда Біржан салды,
Көкше даңқын көтеріп ту ұстайсың.

«Бұқпа!» газеті, 2008 ж. 24 шілде.

Зейнолла Әкімжанов

Ел мен ер қасіреті бейнеленген

«Батыр Баян» қойылымы көңілден шықты

Мағжанның мерейтойына дүйім ел елең етіп, жыр пайғамбарының есімін ардақтауға арналған әрбір құтты қадам қуаныш болып, көңілімізге нұр құйып тұрады. Ақынның «Батыр Баян» дастанына негізделіп, спектакль қойылатынын естігенімізде осындай қуанышқа берілгеніміз рас.

– Біз ұлы ақынның тойына осындай тарту жасауды ұйғардық. Бұл бастаманы алдымен қозғалған өңіріміздің басшысы Серік Сұлтанғазыұлы Білалов болды. Осындай бастаудан соң біз «Батыр Баян» дастанына негіздеп пьеса жазатын адамды да таптық. Аталған ұсынысты ұйғарған соң көкшетаулық белгілі айтыскер ақын, жазушы-драматург Баянғали Әлімжановқа хабарласқанбыз. Шабыттың адамы зой, шаттанып кетті. Көп ұзатпай пьесаны ұсынды. Енді соның арқасында ұлы ақынның поэтикалық шығармасының желісінде драмалық туынды өмірге келді, – деді Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театрының директоры Қуандық Қасымов.

Театр труппасы мамырдың 10-жұлдызынан бастап сахна төрінде нақышта-

ған жаңа бір туынды тап-тұйнақтай, жонған оқтай даяр болып, өткен сәрсенбі күні көрермендердің көзайымына айналып шыға келді.

*Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты зой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп, жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар,
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,
Сұм өмір күшті уын аяды ма?!*

Сахнада Мағжан толғанып тұр. Айнала түнек. Қараңғылық тұмшалап алған күйкі көрініс. Қара жамылған адамдар сұлбасының ішінен ақ киімді ақын жырын толғайды.

Бұл – Баянғали Әлімжановтың идеялық шешімі. Дастанның авторын пьесаның кейіпкеріне айналдырған. Мағжан әрі ақын, әрі кейіпкер, оқиғалардың өн ортасында байыппен баяндайтын шежіре іспетті.

– Мен өзіме жасалған осы ұсынысты қуана қарсы алып, шабыт құшағына еніп кетсем де, кейін қатты толқыдым. Ұлы ақынның ұлы шығармасын көңілімде қайта-қайта жырлап, домбыраммен сырласып, өзгеше бір күй кештім. «Батыр Баян» дастанын осыдан отыз жыл бұрын жаттап алған едім. Әр сөзі ағындай тасып, толқындай тулап құйылды да тұрды. Мен бұл шығарманы поэмалық спектакль деп шештім. Бас кейіпкерінің бірі Мағжанның өзі болуы керек деп ұйғардым.

Осы ойымды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ақмола облыстық драма театрының қоюшы режиссері Мұратбек Оспановқа айтқанымда, ол шабыттанып кетті. Құп көрді. Пьесаны алып оқып: «Бұдан зор туынды шығару парыз» деп өзіне-өзі серт бергендей болды, – деді менімен әңгімесінде Баянғали Әлімжанов.

Ақынның аталған дастанын оқыған адам ондағы оқиғалардың ел тарихының бір кезеңін қамтитынын біледі. Абылай хан бастаған қазақ ұлтының елдігімізді сақтаудағы ерлік кезеңін ойға алады. Ақын Баян батыр тұлғасы арқылы алаш жұртының қасіретін ұқтырады. Бірақ, ұлы Мағжан ежелгі жырлардағы көне сүрлеуге түспей, әлемдік әдебиетте алтын таққа отырғызғандай асыл туынды жасап, қасіреттің өзінен шеңгел ішіндегі гүлдей етіп, махаббат тақырыбын жырлайды. Махаббат пен қасірет, ерлік пен ел мұны, ер қайғысы астасып, астарласып кететін туынды жасаған. Мұның өзі сахнаға сұранып тұрған шығарманың сипаты.

Баянғали осыны дөп басып, өзінің шығармасына алтын арқау ете білген. Оқиға желісі дастанға негізделгенімен, драматург пен режиссер тың дүние жасай білген. Дастанның өлең жолдарына иек арта бермей, кейіпкерлердің сұхбатына авторлық өң берген. Әсіресе, Баян батырдың ішкі көңіл күйін ұқтыратын ұтымды тіркестер, шешен оралымдар – Баянғалидың тіл байлығымен өрілген өрнектер.

Дастан желісін сақтай отырып, адамзат атаулыға тән махаббат пен қызғаныштың мәңгілік күресін бір адамның – осы ретте Баянның бойынан тауып береді. Нанымды сурет, тапқыр шешім. Мағжан пафосындағы негізгі

арқау да осы.

– Одан қаша алмадым. Тіпті, керегі осы болды. Ноянның қазасын махаббат пен қызғаныштың арпалысынан туған қасірет қылып көрсеткім келді, – деді Б. Әлімжанов.

Авторлық осындай мұраттарды бейнелейтін сахнагерлер сайдың тасындай іріктелгенде, жүзیکтей сұлу, жанбаурар дүние туары сөзсіз. Қоюшы-режиссер Мұратбек Оспанов біздің театрдың артистерімен таныса келе, олардың үлкен жүкті көтеретін нардай күш-қуатын танығанын тілге тиек етті. Мәселен, Мағжан бейнесін Біржан Жалғасбаевқа жүктеуге болатынын бір көргеннен-ақ сезген. Батыр Баянның тұлғасын дене бітімі де соған лайық Нартай Сәрсебаевқа тапсырған. Тұтқын қыз, қалмақ аруы Лағданың бейнесін мүсіндейтін адамды іздеуге тура келіпті. Бұл ретте ол жаңа бір өскінді қызғалдақтай баулап шығарғанын қуанышпен айтқым келеді.

– Мен 16-17 жасар аруды бейнелейтін адамды театр труппасынан іздегім келмеді. Соған лайық жас ару осы Қызылжарда жоқ емес қой деп ойладым. Осы мақсатпен қала мектептеріне барып, ұстаздармен сөйлестім. Өзім байқау ұйымдастырдым. Сонда классикалық гимназияның сегізінші сыныбында оқитын жас ару, тілі өте жатық, зейіні күшті, өнерге бейім, әнші Әсел Сыздықова көзіме түсті. Тандауым олқы емес деп ойлаймын, – деген еді қойылым басталар алдында Мұратбек Оспанов.

Айтса айтқандай, жап-жас Әсел Баянның жан жарасына айналған қалмақ аруын тамаша мүсіндеп, өзінің өнер әлеміне тұңғыш қанат қағуымен жұртты тамсандырды.

Бәрінен де, қойылымның жүгін нардай арқалаған Нартайға керемет разы болдық. Нартай сахнада өзі жылады, залда көрермен жылады. Әйелдер ғана емес, ер азаматтар егіліп отырды. Баянғали айтқан қасіреттер тоғысуы Баянның – Нартайдың жүрегі арқылы ел жүрегіне құйылды. «Көкелеп» жүрген бауыры Ноянды махаббаттың уы үшін жайлаған қызғанышпен өлтірген ұлы батыр күнәсін өзінің қанымен жууға серт еткені Мағжан дастанының да ұлы желісі еді ғой.

Махаббаттың бесігінде тербелген екі жасты жайратып салған батырдың кейінгі өкінішін іштен шыққан улы зарды Нартай жырмен бейнелейді:

Қайғыдан жарылғанда қайран жүрек,

«Уһ-уһ!» – деп үзілгендей есіл өзек.

Қасіреті қара түндей ер Баянның,

Алдында бүлдіргендей екі бөбек.

Аузынан уызы шыққан екі жасты

Ер Баян сүйді құшып кезек-кезек.

Жапанда жапа-жалғыз еңіретті ерді,

Әлгіде ойды улаған ашу кезек.

Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл,

Күбірлей бастады енді: «Мұның не?» деп.

Баян күңіренісі осындай. Қалмақтың қалың қолы кері шегініп, Абылайдан бітім сұрағанда хан жарлығына қарамастан жауға жалғыз аттанған Баян соңғы сапарына жол тартып еді. Күнәсін қанмен жууға бет қойды. Жаудың да, өзінің де қанын майдан үстінде төгуге ниеттенді.

Драматургтің де, режиссердің де шешімі тоғысқан халық қасіреті жеке адамдардың басындағы қайғы-мұңмен астарласып, санамызға екі ғасыр

бұрынғы ел болмысындағы өлім мен өмір айқасын ұялатты. Спектакльдегі бейнелер шоғыры шар болаттай нығыз, сүттей ұйыған тұтастығымен баурайды. Авторлық түсініктеме іспетті Мағжан бейнесі оқтын-оқтын оралып, Біржан Жалғасбаев ақын жырын санада серпілтеді. Ноян бейнесін мүсіндеген Дәурен Тойбазаров, Абылай ханды сомдаған Болат Мамытбеков, тілдің жорғасы Қанай биді кейіптеген Ербол Шүкіров, қалмақ қонтайшысы Ұсаны көз алдымызға әкелген Мұрат Құсайынов, жаудың бас батыры Серенді бейнелеген Талғат Сыдықов, қалмақ елшісі кейпінде ойнаған Мұхамедәлі Испанов қойылымның көркем туынды дәрежесіне жетуіне сахналық күш-қуатын аямай жұмсағаны сүйсіндіреді.

Сүйсіндіргені сол – әрбір оқиға алмасулары арасындағы сәл үзілістерде көрермендердің қол шапалақтап, көңіл лептерін сездіріп отырғанына куә болдық.

Екі ғасырдың оқиғасын екі сағат уақытта көз алдымызға бейнелеп берген «Батыр Баян» қойылымынан соң көңіліміз көркейіп, жанымыз сергіп шықтық. Алайда, оқиғалардың желісі жүрегімізде көпке дейін сейілмей, ұлы Мағжанның ақындық қуатының пәрменімен жасалған жауһар шығарманың шындығы бойды баурай берді. Осы аталған жаңа туындының тұсаукесері тамаша өтіп, театр репертуарына өміршең бір шығарманың қосылғаны қуантты.

Спектакльдің премьерасында облыс әкімінің бірінші орынбасары Мәлік Кеңесбайұлы Мырзалин болды.

Қойылым аяқталған соң түрегеп тұрып қол соққан халайықтың алдына көкшетаулық айтыскер ақын, есімін ел таныған өнер иесі, осы шығарманың авторы, әйгілі жазушы-драматург Баянғали Әлімжанов шығып, көрермендерге алғыс арнады. Сахнагерлерге облыс әкімі Серік Біләлов сыйлаған гүл шоғы табыс етілді. Ел атынан шыққан ақсақал, Баян батырдың ұрпағы Зейнолла Олжабаев Мағжан мерейтойы қарсаңында оның дарынына бас иген жұртшылыққа осындай өнер тартуын жасаған драматургке, режиссерге, театр сахнагерлеріне, өңір басшысына өзінің ризашылық шынайы ілтипатын жеткізді.

«Солтүстік Қазақстан», 2008 ж.

Серік Ақсұңқарұлы

Алаш пен Манастың баласы

Мен Баянғалимен өткен ғасырдың сексенінші жылдары Қазақстан Жазушылар үйінде танысқан едім. Онда ол «Жұлдыз» журналының сын бөлімінде қызмет атқарады. Әлі тезге түсе қоймаған тентек кезі. Сөйлеген сөзінен ұлттық әдебиеттің төрт құбыласын түгел білетіні көрініп тұр. Осы жігіт кейін келе көмейінен қырғыздың «Манас» жырын төгіп-төгіп жібереді деп ол кезде кім ойлаған...

Әлкей Марғұлан «Манас» жырының бүкіл жұлын-жүйесінде Алаш рухының атойлап тұратынын айтып кетіп еді. Жырдағы геройлардың көпшілігі кейінде қазақ ұлысына қосылған тайпалардың өкілдері немесе сол тайпалардың өздері екенін қадап айтқан (Әлкей Марғұлан, Ежелгі жыр-аңыздар, Алматы. «Жазушы» баспасы, 108 бет.) Мәселен, Ажыбай — қазақтағы арғындардың бір руы. Алеке, Баубек, Мәжік — Арғынның ру атаулары. Ер Көкше, Ер Қосай,

Бейімбет (Майымбет) — қазақтың Уақ тайпасынан. Ер Үрбі — Бағаналы Найманның Ақтаз руынан. «Манас» жырының оқиғаларына қазақ тайпалары тегіс қатысады дейді Әлкей Марғұлан. Ұлы жүзден — Үйсін, Жалайыр, Қаңлы. Орта жүзден — Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Уақ, Керей. Манасты таңнан-таңға жырлайтын біздің Баянғали да осы Керей руынан. Кіші жүзден — Алшын, Тама, Төлеу, Кереит, Шеркеш, Күрдері. Бұлардың бәрі де монғол дәуірінен әлдеқашан бұрын жасаған тайпалар.

«Манас» жырында қырғыздың өз руларының аттары, қырғызға басшы болған тарихи адамдар есімдері Ахскенди, Барысбек, Орыс-Инал еш жерде кездеспейді. Мұнда қазақ, Орта Азия халықтарына ортақ тайпалар немесе олардың сан түрлі тарихи дәуірлерінде жасаған адам аттары көбірек ұшырасады. Памир, Шоң-Алай тауларын мекендейтін, Ош өлкесін қоныстанған қазақтағыдай ру аттары жиі кездеседі. Бірақ бұлардың тарихи шежіресі ерте заманда Енесей мен Алатау арасында көшіп жүрген Оң-хал қырғыздарынан біраз өзгеше. Абдылдаевтың зерттеуіне қарағанда, ішкі қырғыздар рухани, мәдени тіршілігі жағынан қазақтарға көбірек ұқсайды. Олардың тайпа құрамында қазақтың Арғын, Алшын, Үйсін рулары өріп жүр. Бұлар қырғызда кездесе қоймайтын 11-12 буынды жырды «өлең» деп атайды. Мұндағы қырғыздар жырлайтын «Ер Қосайдың» мазмұны қазақтың «Ер Көкше», «Ер Қосайына» өте ұқсас.

Абылдаевтың зерттеуінде «Манас» жырын жатқа айтатындар Ыстықкөл, Алатау, Нарын қырғыздары. Түстікке қарай қадам басқан сайын манасшылар саны азая береді. Ішкі ел арасында бұл эпос жоққа тән десе болады. Соған қарағанда, ішкі ел XVI ғасырда Тайырхан мен Хақ-Назар кезінде қырғызға қосылған қазақтар емес пе екен деп ой толғайды Әлкей Марғұлан.

Қазақ халқының құрамында да ерте заманда Арғынға сіңген қырғыздар аз емес. Олар XVIII ғасырдағы Абылайға еріп келген қырғыздардан мүлде басқа. Арғынға қосылған қырғыздар Шерік, Доит, Құшшы, Жүнді қырғыз деп аталады. Олар осы күнгі Қарағанды облысының Қызылжар, Бегазы таулары Ақтау, Атасу, Нұра, Бұғылы маңына қоныстанған. Олар Ішкі Сібірден Арқаға ауып келген деседі. Шіліктен Ұбай, Ноғай, Орыс деген ағайынды үш жігіт тараған екен. Арқаға ауып келгені — Орыс пен Ұбай. Олар Ертіс өзенінен бір атқа мінгесіп өтеді. Арқаға бұлардан көп бұрын атасы Шерік келіп, қазақ (қыпшақ) ханның биі болған. Ол Арқаға қол басқарып, қырық шорасымен келген. Ақтоғай, Тоқырауын қазақтарының айтуына қарағанда, Ер Манас – Ер Көкшенің баласы-мыс. Оның Ақ құла атының жайылған жері – Бегазы тауының бөктері. Менің де кіндік қаным осы жерде тамған. Бізді осындағы қазақтар әлі күнге дейін «қырғыз» деп атайды. Мұхтар Мағауиннің «Шыңғыс хан» романында Арқадағы қырғыздар хақында егжейлі-тегжейлі айтылған. Манастың Ақ құласы күндіз Бегазы тауының іргесінде жайылып, түнге қарай шыңына шығып, Тас-ақырдан шөп жейтін болған-мыс. Осы өңірдегі кеудесі алтын сандық ақ сақалдардың айтуына қарағанда, оның су ішкен тас қазаны Бегазы тауының басында әлі күнге дейін сақтаулы тұрған көрінеді. Сол жерде Манас тұлпарының тұяғының таңбасы да бар көрінеді. Оны осындағы көнекөздер Манастың Ақ құласының тұяғынан түскен таңба деп дәріптейді. Осыларға қарағанда, «Манас» жыры қазақ-қырғыздың бір-бірінен енші алып, екіге бөлінбей тұрған кезінде туған жыр ма деген ой келеді. Мәселен, Күлтегін

жырында: «Төбеде – Көк Тәңірі, Астында – қара жер болғанда» делінсе, «Манаста»: «Жер – жер болғанда, су – болғанда» – деген шумақтар кездеседі.

Қазақ пен қырғыз туу атам заманнан еншісі бөлінбеген екі ел, ел болғанда ішкен-жегеніне мәз, езуінен көбік аққан тексіз тайпа емес, көрген-білгенін көркем оймен өрнектеген, адамзат тарихындағы саусақпен санарлықтай эпос елі! ХХ ғасырдың екінші жартысында ел алдына Баянғали Әлімжанов шыға келіп, көмейінен «Манас» жырын төгіп-төгіп жібергенде бұған таң-тамаша қалмаған қазақ, қырғыз жоқ десе болады. Қырғызбен екі арасы екі аттам Талас қазағы емес, Бішкектен таң ата салт атпен шығатын болсаң, Көкшетауға бір-екі күн қонып, әзер жететін жер; былайша айтқанда ит арқасы қияндағы Сарыарқаның баласы арада бірнеше ғасыр өткенде манасша боздап қоя береді. Бұл не?! Ғафуша айтқанда, қазақ феномені – бұл! Дүниеге «Манас» жыры келгелі қаншама жыл өтті? Сондан бері қаншама тарихи оқиғалар дүниені дүр сілкінтті?! Евразияда үш мың жылдай патшалық құрған түрік дүниесі өзі ел қылған орман жұртының тепкісіне түскелі қашан? Қырғыздан – қазақ, қазақтан – ноғай айырылды. Қанқұйлы революциялар репрессияларға ұласып, ХХ ғасырдағы екі дүниежүзілік қырғын түрікті түп-тамырынан айырып, ата жаумен ассимиляциялап жіберді! Кенет Көкшетауда туған қазақтың бір ұлы атамзаманғы «Манас» жырын есіне түсіріп, қазақша емес, қырғызша сайрай жөнеледі. Бұл не өзі?! Қырғыздың қай баласы біздің «Қозы Көрпеш пен Баян сұлуымызды» жырлап жатыр?! Өзбектің қай ұлы Мағжанның өлеңін оқып, тебіреніп жүр?! Түріктің бүкіл болмыс-бітімі, дәстүр-салты, рухы, жыры да қазақтың қанында, жадында қалған! Соның бір көрінісі осы – Баянғали Әлімжанов! Мағжанның «Түріктің қара шаңырағы – қазақ!» дейтіні міне осыдан шыққан!

Академик Радлов 1868 жылдары Сахараны аралап, «Манас» жырының «Алмамбет», «Жолай» тарауларын жазып алады. Сол жолы ол миллион жолдай жырды жатқа айтатын манасшыларды көріп, аң-таң қалған. «Осыншама өлеңді қалай жаттап алғансыз?!» дегенде, олар: «Бұл жырларды Тәңірі менің көкірегіме құйып, аузыма салған! Мен оны жаттап алмаймын, ол менің өзегімді жарып, өзі шығады!» деген. Меніңше, Баянғали да оны кітаптан жаттап алмаған, жыр оның түрік қанында ойнап, түп-тамырында қайнаған! Содан жадында жатталып қалған! Сонау Шоқаннан бастап, кешегі Әуезов, Марғұландардың «Манас» жырын көзмайын тауысып зерттеуі кездейсоқтық деп кім айтады?! «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген міне осы!

Баянғалидің бойында көне түрік жыршысы Ұзанға тәннің бәрі бар. Ұлы дала жырының уызына жарыған! Ол бір кезде Абай тезге салып, еуропалық поэзияның мәдениетін жан-тәніне сіңірген қазақтың жазба жырының жағасына жармасып, біздерше өлеңді өрнектеп, түзеп-күзеп, оған осы заманғы поэтикалық күрделі иірімдерді күштеп, тықпалап жатпайды! Абайды аттап өтіп, бірнеше ғасырлық дәстүрі бар ауыз әдебиетінің інжу-маржанына кенеліп, ХХ ғасырдың Гомері Жамбылдың Темірқазығын мандайға алып келеді! Жасандылықтан, мүлде, ада! Тәңірі аузына не салса, соны айтады! Ол өлеңді оқырманға емес, тындарманға айтады! Қазақ пен қырғызға ғана тән өлеңді суырып салу өнері деген міне – осы! Сүйінбай, Кемпірбай, Әсет, Шөже, Біржан салдардың аламан айтысы көзден ұшқалы қашан? Сол суырып салу өнері біздің Жамбыл, Исалармен ХХ ғасырдың 50-жылдарына дейін жетіп еді. Солардың

XX-XXI ғасырлардағы көзге шалынар жалғыз қарасы, соңғы тұяғы осы Баянғали Әлімжанов десе болады!

Бүгінгі айтыс ақындарының тыңдарманын ұйыта алмай жүргендігінің түп-төркіні неде жатыр? Олар өлеңді көрерменге емес, оқырманға арнап айтқысы келеді! Пушкин мен Абайды, Мағжан мен Қасымды, Жүмекен мен Өтежанды, Андрей Вознесенский мен Евгений Евтушенконы қанына, жан-дүниесіне сіңіріп алған оқырманды селт еткізуге олардың шама-шарқы жете қояр ма екен?!

Баянғалиға қараңыз, оны тыңдағанда Баян жыраудан бастап, Асан-қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Сүйінбайлардың жан-дүниенді балқытар көне де, көркем мақамы алдыңнан атойлап шығады: «Байтақ әлем бұл күнде, қырғыз десе, Манас дейд, Манас десе, қырғыз дейд, дәл Манастай қырғыздың қасиетін ешкім де бұл жалғанда білгізбейд!»

Талант өлеңді тудырады. Дәлдүріш жасайды! Табиғи гүлдің иісі бұрқырап тұрады. Жасанды гүл – гүлден аумаса да, оның хош иісі жоқ қой! Мұны оқырман да, тыңдарман да біліп қойғалы қашан?!

Мынау Сәкен серінің 60 жылдығындағы суырып салып айтқаны: «Ұлылар Көкшетауда аз тумады, Дұрыс қой соған лайық сөз туғаны. Тойында Сәкен аға сөйле деді, Төлеген – жазушы, ақын Қажыбаев, Көкшенің қарға бойлы Қазтуғаны! Аман ба Қызылтудың заңғар елі, Сәкеннің кіндік қаны тамған жері. Ақ шаңды аспанға атып жалаңаяқ, Тасында балаң ізі қалған жері!» Кәкімбек Салықовтың 60 жылдығында айтқанына қараңыз: «Ел-жұртың тілеуінді тілеуде, аға, Әніңмен ажарлансын жүдеу дала. Оқжетпес жер бетінде біреу болса, Кәкімбек Салықов та – біреу ғана!» Бір айтыста Әселхан ақын бүгінгі ел байлығын тонап алған ұры-қарыларға қарата, сырттай қарасаң, бәрі әдемі, галстук тағып, сып-сыпайы болып жүреді. Ал құлқындарын ойлағанда, алдарына жан салмайды деп ашына жырлайды. Сонда сөзді іліп әкеткен Баянғали былай деген: «Ұрының ең жаманы сыпайысы, Болмайды ондайлардың Құдайда ісі. Ұрының қолын шауып тастайтұғын, Бәрінен жақсы екен ғой Қытай ісі. Билікке аз ғана күн кетсе жолап, Алады ел байлығын түгел тонап. Қытайдың заңын егер бізге енгізсе, Болады пысықтардың көбі – шолақ!» Бейімбет Майлиннің 100 жылдығындағы айтыста: «Азамат алдыменен жұртын ойлар, Өз басын күйттегендер мұртын майлар, Заманда нарық қысқан не болады, Елдегі қара табан Мырқымбайлар? Жағдайын Мырқымбайдың не қылады, Қолында билігі бар Қыртымбайлар?! Туған ел түгі қалмай тоналыпты, Ар-ұят әділеттік жоғалыпты. Кешегі тыр жалаңаш коммунистер, Мыңғырған капиталист боп алыпты!» деген! Өзін «Мен – Сары тентекпін» деп, өзін-өзі жарнамалаған бір әріптесіне: «Қалайша мақтанады мына сары, Өзіне бұлай деген жарасады. Бір кезде сары болу мода болған, Ұмтылған сарылыққа жұрттың бәрі. Мақтанып керегі не, сарымын деп, Дариға-ай, болмаған соң Кенесары!» депті! Александр Солженицын ұлыдержавалық уағызын сарнатқан тұста: «Қазаққа бәле боп тұр Александр, Қатыны күнде үйінде әлек салғыр! Орыстың парасатты әділ жұрты, Іргесін бұл бәледен бөлек салғыр!» дейді!

«Бөлексің, Талғар, тамаша, Тұрсың көкпен таласа. Әттең сенің бауырында, Адамдар бар аласа!» дегенді Қасым Талғардың қарлы шыңдарына қарап тұрып, суырып салып, айтқан! Қасым өлім аузында жатқанда оның бір топ қаламдас-қатарласы хал-жағдайыңды білуге қолымыз бүгін тиді деп келеді. Сонда Қасым: «Кеттің келмей, шіркін достар, Жазып роман, жасап жоспар, Қалмаған-ау қолы

бостар. Қайдан болсын қолы бостар, Қолдарында толы тост бар. Қайтіп босар қайран достар?!» депті. Ақынның аузы – дуалы. Ол аузына Алла не салса, соны айтуға тиіс. Пенденің айтқанын айтпауы керек! Алтын айдарлы ақынның жұмыр басты пендеден айырмасы – осы. Осы ғана!

1995 жылдың тамызында Президент Көкшетаудың Еңбекшілдер ауданына келеді. Ол кісіні қарсы алуға дайындық жүріп жатқанда аудан басшылары ақыннан «Президентке не айтасың?» деп сұрапты. Сонда Баянғали: ««Сіз келеді дегелі біздің елге көп болды, Күте-күте өзінді Елдің көзі төрт болды. Сізге сойған жылқыны, әкімдер өзі жеп болды!» – десем қайтеді?!» – дейді. Сонда әлгілердің зәре-құты қалмаған!

Содан елге келсе, аудан атқамінерлері Президент ауылға келіп қала ма екен деп күтіп отыр екен. Ақынның әңгімесін тыңдап, мән-жайға қаныққаннан кейін, аудан әкімі: «Бізге де бір нәрсе айтсаңшы» дейді. Сонда Баянғали: «Айтайын әкімдерің құлақ қойса, Жиналып отыр екен жағып монша. Патшаға өлең айтып келгеннен соң, Әкімге көңілім жоқ менің онша!» дейді! Бұдан патшадан да айылын жимаған қазақ ақынының һас тұлғасы көзге ұрып тұр! Мансаптан бәрін жоғары қоятын шолақбелсенділерге жасаған қыры! Тура Баянғалидің өз мінезі! Ол біреуге бодан болған, маңдайдағы соры бес елі елдің баласы! Бірақ өзін қор сезінбеген! Ұлы Тұран империясын құрған ата-бабасының аруағы алқап, зор сезінген! Оның ақындық қуатының алапат болып тұрғаны сондықтан!

«Манас» жыры – күллі түркі дүниесіне ортақ ұлы жыр. Оның оқиғалары мен сондағы геройлардың бәрі де осы екі жұртқа етене тән, типтік дүниелер. Осындағы Көзқаман (көзқамандар) Жақыптың қандас туғандары. Бір қанды қырғында Қытай әскерінің қолына түсіп, сонда тұтқын болып қалып қояды. Кіндік кесіп, кір жуған ел-жұртын ұмытқан! Ата дәстүр-салтын тәрк еткен! Тұла бойында түріктік қасиеттен түк қалмаған! Ділі де, тілі де, діні де бөтен. Кейін Манас ат жалын тартып мініп, азамат болып, қол бастап шыққанда сол көзқамандарды жау қолынан босатып, еліне алып келеді. Түрі – қырғыз, түбі – шүршітке айналып, көлгірлік пен күн көрудің қамына түскен күйкі көзқамандар Ежен ханның жансызына айналып, қырғыз жұртын қырықпышақ қылады. «Манастың» Саяқбай Қаралаев нұсқасында ежелгі жау Қоңырбай ел ішінде бүлік салу үшін көзқамандарды Таласқа жібереді. Ақыры олар басқыншылармен жемтіктес болып, Манасты улап өлтіреді!

Арада бірнеше ғасыр өткенде сол оқиғалар тарихта қайта қайталанды! Қасиет болып қайталанса бір сәрі, қасірет болып қайталанып отыр ғой! Қырғызстанға қараңыз: Совет өкіметі кезіндегі қасіретін қайта қозғамай-ақ қояйық. Тәуелсіз ел болғалы қырғыздың көңілі көншіп, көсегесі көгеріп кетті ме?! Бұған кім кінәлі?! Кешегі көзқамандар, бүгінгі мәнгүрттер кінәлі! Басқа ешкім де емес! Ал енді қазаққа қараңыз: қазақтың ұлттық тәуелсіздігінің қадір-қасиетіне жете алмай, орман ұлысына қарап ұлып отырған – кім? Тағы да – осылар! Ұлттық байлықты бұрынғы қожайындарымен қоса бөлісіп алып, мұртын майлап, мыңғырып отырғандар – кімдер? Тағы да – осылар! Өзінің ана тілінің мемлекеттік мәртебесіне ата жауындай аттандап қарсы шығып отырғандар кімдер? Осылар – «Манастағы» көзқамандар, бүгінгі мәнгүрттер әулеті!

Көк Тәңірі қазақтың басына күн туған кезеңде Арқаның бір баласының аузына «Манасты» салды! Бізге Баянғалиды жіберді ғой! Алла тағала Алашты

қауіп-қатерден, зұлматтан сақтап, әлі қорғаштап тұр! Алланың көңілі – Алашта. Ал Алаштың көңілінің қайда екенін бір сайтан білмесе, әлі ешкім білмейді...

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Көкшетау көшесіне Жүсіпбек Аймауытовтың аты беріліп, соны бір-екі орыс таба алмай, Баянғалидан жөн көрсетуді сұрайды. Сонда Баянғали: «Аймауытов – репрессированный великий казахский писатель. Шестьдесят лет предавали его имя забвению, теперь можно шесть часов поискать его улицу!» – деген екен! Бұл өлеңге бергісіз, жатқа есесі кеткен жампоздың жан дауысы, азалы өксігі, ақынның аузынан шыққан айыптау актісі!

Ол алақанына қан уыстаған совет өкіметінің кезінде Мағжанның «Батыр Баянын» жырлап жүрген жігіт болатын!

Талантты адам – қанатты құс секілді, көкке көтерілмесе көңілі көншімейді. Аспанға ұшса, өзімен бірге Алашын да ала кетеді. Біз қазақтан шыққан кез келген қанатты, талантты адамға ерекше ілтипатпен қарауымыз керек. Олардың қай-қайсысының болсын түбінде таудай бір-бір тұлға тұрады. Баянғалидың да әр жағы түпсіз терең – Керей Жәнібек, бергі жағында – Батыр Баян, Біржан сал, Ақан сері, Мағжан тұр ғой! Арада қаншама ғасыр өткенде атам заманғы «Манас» жыры осы баланың жадына оралды. XX – XXI ғасырлардың көш керуенінде Алаш пен Манас осы баланың жұдырықтай жүрегінде келіп, қайта тоғысты!

Баянғали – Ақын! Ақын болғанда да ұлы дала төсін бірнеше мың ғасыр дүбірлеткен көшпенділер өркениетінің тірі қалған бір өкілі! Біз барлық болмыс-бітімімізбен Абайға, Мағжан, Қасым, Мұқағали, Жүмекендерге жақын болсақ, ол бізден гөрі Бұқар жырау, Сүйінбай, Орынбай, Исаларға жақындау, көрінгенге бас имеген Көк Түріктің – өр заманның өкілі, бір кезде бай-бағлан, шынжыр балақ, шұбартөс болған ата-бабаларымыздың аузынан түскендей жыршы-жырау, бүгінгі біздің күйкі тіршілігімізге мүлде кереғар, көне заман, көшкен мәдениеттің перзенті! Сондықтан біз оны аялап сақтап, ардақтап ұстауымыз керек! Ұлы дала жырының уызына жарыған, одан айырылсақ, онымен бірге ұлтымыздың бүтіндей бір ұлы мәдениеті көзімізден бір ұшуы мүмкін. Тәңірі Баянғалидің ғұмыр жасын баянды қылып, Алаш пен Манастың арасын айыра көрмегей! *(Бұл эссеімді Арқадағы айтулы айтыс ақыны, айтыстан докторлық диссертация қорғаған Қойлыбай Асанға арнадым. Неге арнағанымды Қойлыбай да, Баянғали да ішінен жақсы біледі...)*

«Жас Алаш», 2013 ж. қараша.

Кейбір ақпараттар

Сөйлесін жырау, сөйлесін....

Таяуда қазақ теледидарының әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясының ұйымдастыруымен көне поэзиямыздың «БЕС ҒАСЫР ЖЫРЛАЙДЫ» атты үш томдық антологиясына байланысты халық жырының кеші болып өтті. Қазақтың халық аспаптары музейінде болған бұл кешке белгілі ақын-жазушылар мен ғалымдар, жас қаламгерлер, әдебиетшілер, соғыс және еңбек ардагерлері, жырқұмар қауым қатысты.

Үш бөлімнен тұратын бұл хабарды жүргізген Баянғали Әлімжанов асыл мұраның әдебиетіміз бен тіліміздің мәңгілік мөлдір бастауы екендігіне, советтік өмір салтына шынайы үйлесетіндігіне ерекше тоқталды. Ол осы антологияға енген ақын-жыраулар шығармаларының қай-қайсысы болмасын бүгінгі жыршылардың назарына ілігіп, көкірегіне ұялап, репертуарларында берік орнығуы тиіс екендігін атап өтті. Сонымен қатар Б. Әлімжанов қазіргі жыр орындаушылардың көне дәуір поэзиясын – Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Марғасқа, Жиёмбет, Үмбетей, Ақтамберді жыраулардың, Тәтіқара, Көтеш, Жанақ ақындардың жырларын жүрегіне сіңіріп, қалың көпшілікке қайта жаңғыртып жеткізуге құлшына кіріспей отырғандарына, келешекте көне жырлардың күміс көмейлерде қайта күмбірлеуі тиіс екеніне баса назар аударды. Бұдан кейін ол Қазтуған, Доспамбет шығармаларын жырлап берді.

Хабарға қатысушы, өнерлерімен көпшілікке танылып қалған жыршылар мен жас талапкерлер «Бес ғасыр жырлайды» антологиясына кірген ақын-жыраулар шығармаларын орындады. Тыңдаушы қауым Қали Шыңғысов, Науат Ойнарова, Қаламқас Орашева, Алмас Алматыев, Жақсылық Сәрсенғалиев, Хасен Төпеев, Бағлан Сәрсенова, Нұрберген Тастаев, Шәрібек Алдашев, Бекболат Тілеуханов, Ержан Қосбармақов, Сәуле Жанпейсова сияқты өнер иелеріне сүйсіне қол соқты.

Республикамыздың әр түкпірінен келген, әртүрлі жыршылық мектептің, әрқилы жыраулық дәстүрдің бір жерде тоқайласып, өнерлерінің үндесіп, үйлесіп жатуы бүкіл қазақ даласының жыраулық өнерінің бас қосып, бір арнада тоғысқандай әсер етті.

Бабалар мұрасын бүгінгі жас ұрпақтың қалай қабылдап, қалай түйсінетіндігі жөнінде әңгімелеген жазушы, сыншы Тұрсын Жұртбаев дәстүр сабақтастығы, рухани тіршілігіміздегі әдебиетіміздің классикалық туындыларының алатын орны туралы ойларын ортаға салды. Ақын Ұлықбек Есдәулетов осынау қазақ халық жырының кешіне арнап шығарған жаңа өлеңін оқыды. Ақын, педагог Қанафия Асқаров көне жыраулардың жас ұрпақты тәрбиелеудегі мән-маңызына тоқталды.

Алдағы уақытта да теледидар арқылы берілетін осынау жыр кешін қорытындылай келіп, академик Мұхаметжан Қаратаев «Бес ғасыр жырлайды» антологиясының кітап дүкендерінде жатып қалмай, тез таралып кеткендігіне, көпшілікке жетпей қалғандығына, болашақта бұндай антологияның назардан тыс қалған басқа ақын-жыраулар шығармаларымен толықтырылып, көп тиражбен қайта басылуы кезек күттірмейтін іс екендігіне айрықша назар аударды.

Жарылғасын ӘБІШЕВ

«Қазақ әдебиеті» газеті, қаңтар, 1986 ж.

Батыр Баян

«Батыр Баян» дастаны – акын Мағжан Жұмабаевтың шоқтығы биік шығармаларының бірі... Жетпісінші жылдардың орта тұсында ҚазМУ-де оқитын студенттер арасында, қазіргі белгілі айтыс акыны, көкшетаулық Баянғали Әлімжанов осы дастанды ұзақ толғайтын, жатқа соғатын еді. Онда Мағжанның атын еміс-еміс қана еститінбіз. Осындай ғажап дастан жазған ақынның аты неге аталмайды деп аң-таң қалушы едік...»

*Әділғазы Қайырбеков,
«Халық кеңесі», 1993 ж.*

Башканы қоюп, «Манасты» айт...

19-20-октябрда «Манас - 2007» - улуттун улуу дөөлөтү» урааны астында айтылуу Талас жергесінде Алтай элдеринин эпикалык мурасын жана «Манасты» сактап, өнүктүрүү, келечек муунга мурастоо максатында илимий конференция жана манасчы-дастанчылардын улуттук фестивалы өттү. Бу эки күндүк иште сыртынан билинбегени менен көп иштин пайдубалы түптөлгөндөй болду.

Убагында ММК аркылуу азыноолак айтылчуусу айтылды. Тактап кетчү жагдай: биз «Манас» эпосу менен дүйнөгө таанылган элбиз, сыймыктанабыз. Бирок канчалык деңгээлде?.. Ошентсе да сөз кезеги келгенде тил учунан «кыргыздын үрп-адаты, каада-салты, нарк-насили «Манаста» камтылган, биз ошону билбей атабыз деп какшап келебиз. Ким кимге билдирип, ким кимдин көзүн ачыш керек? Мына ушундай олуттуу суроолор ачык калды.

Көкөтөйдүн ашы

Боордош Казак республикасынан манасчы Баянғали Алимжанов да бул жакка ат тезегин кургатпай келип турат.

– Сиз «Манасты» башын казакча баштап, аягын кыргызча улап кеттиңиз окшойт...

– Ой-бай, шону байкадыңбы?.. Ал деген казакча варианты, Чокан Валихановдун Ысыккөл жергесинде манасчыдан жазып алган жери. Ал эми уландысы кыргызча, «Манас» кыргызча айтылышы керек. Манас - кыргыздын кулуну, баатыры, эпосу. Мында эч талаш жок.

Фестивалдын жүрүшүндө өлкөнүн аркай жерлеринен келген манасчылардын манас айткандарына купулубуз толуп, сугарылдык. Учубуз кур эмес экенин байкадым.

Сурап ЖЫЛКЫЧИЕВ

«Агым». Коомдук-саясий газит. №64, 30. 10. 07 ж.

Баткен Шерниязов, «Манас-Мурас» коомдук фондунун негиздөөчүсү:

– «Манас» эпосу жандуу болгон үчүн азыркы илим, технологияга карабай жашап келатат».

– ... Алдыда ЭлТР телекомпаниясы менен бирдикте эл аралык Манас күндөрүн өткөргөнү жаткан экенсиздер...

– ... Айрыкча ЭлТРдин жетекчиси Шайырбек Абдыракмановго жана бул телеканалдын жамаатына чоң ыраазычылык билдирем. Шайырбек ЭлТРге баргандан баштап «Манас күнү» деп 2011-жылы, 2012-жылы өткөргөн экен, эми алдыда дагы өткөргөнү жатат. Чынында бул жигит кыргыз эли үчүн опол тоодой эмгек кылып, улуттун жүрөгүн, дилин ойготуп жатат. Шакеге айтып ЭлТРде бул жылы өтө турган «Манас күнүнө» мен да кошулдум. 18-майда ЭлТРде таңдан баштап түнү менен манас айтылып, эртеси улуттук филармонияда жыйынтыкталат. Кирүү акысыз. Түз эфирге манасчылар Оштон, Таластан, Бишкектен чыгат. Байге фонду 1 млн. сом. Бул манас айтуу боюнча биринчи эл аралык фестиваль.

– Эл аралык сынак болуп жатканда ошондо кандай болуп калат, манасты башка элден келгендер да айтат бекен?

– Буга чейин «Манас» эпосу боюнча конкурстар өтүп жатты. Бирок сырттан эч ким келип катышкан эмес. Бул жолу кытайлык кыргыздардан беш манасчы, Казакстандан бир манасчы келет. Казакстандан келген Баянгали деген манасчынын өзү казак, бирок манасты кыргызча айтат.

– Ал кантип кыргызча айтып калган?

– Эми бир кызык, мен кечээ жакында уктум. Баянгали аксакалдын өзүнүн айтымында, ал башында манасты казакча айтып, казактар «бизден манасчы чыкты, Манас деле казактыкы окшойт» дей баштаган экен. Бирок кийин Баянгали аксакал түш көрүп, түшүндө жер дүңгүрөп келип, манасты кыргызча айт деген аян болуптур. Ошондон бери ал киши кыргызча манас айтып калган дешет.

Зайырбек АЖЫМАТОВ
«Агым» газети, 10 май 2013 ж.

Баянгали Әлімжанов:

Иса Байзақовтың 100 жылдыгында айтылган бір сөз:

Айтыс – казактың бірден-бір ерекше өнөрү, рухани азығы. Керек десеніз, қоғамдық шындык айтылатын үлкен трибуна, үлкен арена. Сондықтан ол халыққа ауадай қажет өнер. Бұл ешбір елде жоқ, нағыз ұлттық байлығымыз десек те артық емес. Ал, айтыстың рухани мән-мазмұны, бағыт-бағдары ертеден келе жатыр. Ол – зор қазына. Осынысымен айтыс халықтың сүйікті, өршіл өнөрү болып табылады. Ол – атадан балаға мұра болар мәдениет. Талай-талай от ауызды, орақ тілді ақындарымыз болғанын білеміз. Солардың арасында Иса ақынның орны ерекше. Иса Байзақов, жазушы Сәбит Мұқанов айтқандай: «Алла тағаланың адамдарды бір таңдай қақтырып, таңғалдыру үшін жіберген кісісі.» Ол – ұлан-ғайыр ұлы ақын. Біздің көбіміз Иса мектебін рухани «азық» қылдық. Төкпелікте оған теңесер ақын жоғы айтпаса да белгілі.

Жалпы, Иса туралы алдағы айтыстарда терең сөз болары сөзсіз.

Сондықтан мен сөзімді осыдан он жыл бұрын, яғни Исаның 90 жылдығындағы айтыста айтқан бір ауыз жырыммен сабақтасам деймін:

Өр Иса, асқақ Иса, байтақ Иса,

Жырлаған дәйім басын шайқап Иса.

Бір Иса шығар ма екен, кім біледі,
Бүгінгі айтыскердің бәрін жинап,
Ерітіп, бір адам ғып қайта құйса!?

*Жазып алған Асыл Әбішев.
«Сарыарқа самалы» газеті, 29 қыркүйек, 2000 жыл.*

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ, жыршы-жырау:

– Арғы тарихқа көз жүгіртсек, ата-бабаларымыз батырлар жырына, ауыз әдебиетіне қатты мән берген. Осы жырлардан халықтың жауынгерлік рухы, соғыс жүргізу, қару-жарақты қолдану әдіс-тәсілдері, батырдың астындағы атының сипатына дейін кездестіруге болады. Мұнда соғыс тәжірибесі жинақталған. Жырлар арқылы жас баланың санасына «не үшін соғысамын?» деген ұғымдардың жауабын сіңіретін болған. Ата-бабаларымыз біреудің жерін тартып алмаған, жауламаған. Ондай соғыстар сәтсіз аяқталып отырған. Шапқыншылардан өз жерін азат етуге келгенде батырларымыз ерліктің шыңына шыққан. Өзінің жанын да аямайтын батырлықтың арқасында жауын жеңіп отырған. Осының бәрі батырлар жырында, жорық жырларында көрініс табады. Жырларымыз арқылы ел қорғайтын жүректі батырлар тәрбиеленген. Әскерилеріміз Терминаторды емес, Қобыландыны, Алпамысты, Қаракерей Қабанбайды, Қанжығалы Бөгенбайды, Ақжолтай Ағыбайды, Олжабай батырды үлгі етуі керек. Қан майдан кезінде Керей ер Жәнібек батыр Абылай ханға астындағы атын түсіп берген. Абылай хан: «Жолдасын жауға тастаған хан атанбаймын, сені тастап кетпеймін» дегенде, Жәнібек: «Мен өлсем, бір қатыннан тағы батыр ұл туар, халыққа қиындықта жол табатын хан керек», – депті. Ханнан пайда табайын деп емес, хан халыққа керек екенін сезініп, басын бәйгеге тіккен. Ахиллестің өкшесінен оқ өтеді, Алпамыстың оқ өтетін бірде-бір жері жоқ. Отқа салса – жанбайды, суға салса – батпайды. Қобыланды батыр Қараманға еріп, Көбіктінің жылқысын аламын деп барғанда жеңіліс тапты. Әділетсіздіктен күш беріп тұрған аруағы айнып кеткен. Өз елін қорғаған кезде күші қайтып келеді. Жырларымызда осындай ұлы ойлар, ірі образдар, кесек мінездер тұнып тұр.

*«Алаш айнасы» газеті,
2012 ж.*

Ақсұңқар ағамыз туралы деректі фильм түсірілуде

Жақында Шұқыркөл ауылының құнарлы топырағынан шыққан, сыншы, филология ғылымдарының кандидаты, зерттеуші Айқын Нұрқатовтың шығармашылығына арналған деректі фильм түсіру үшін Алматы қаласынан «Тұлға» деректі фильмдер киностудиясының түсіру тобы Шұқыркөл ауылына атбасын тіреді.

Түсіру тобын тұлғалар киностудиясының бас директоры, тұлға фильмінің негізін салушы, белгілі айтыс ақыны Баянғали Әлімжанов өзі бастап келді. Бұл киностудияның негізгі мақсаты тарихи тұлғалар туралы деректі фильм

түсіру. Шұқыркөл орта мектебіндегі Айқын Нұрқатовтың мұражайын, тұрған үйін, балалық шағы өткен ауылды, табиғатты түсірді. Шұқыркөл ауылынан ғұлама, сыншы, зерттеуші шыққанын халыққа таныстыру болатын. Өздерімен бірге Айқын Нұрқатовтың 4 томдық шығармалар жинағын сыйға тартты. Мұражайымыз жаңа құнды дүниелермен толды. Бұл үлкен сый тәуелсіздіктің 20 жылдығына ерекше тарту болды.

Айқын Нұрқатовтың мұражайында, Шұқыркөл орта мектебінің оқушылары, Байсарина Айжан, Айқын Нұрқатовтың өмірбаянын толық баяндап берді. Әнуарбекова Гүлжанат шығармаларын, жазба деректерін ортаға салды, Әбілқайырова Әйгерім Шұқыркөл ауылынан шыққан дарынды тұлғалар жайлы баяндады, Жәнібек Балшекер Айқын атаның отбасы, туған-туысқандары жайлы таныстырып өтті.

Көкшетау қаласында бастау алған, әдебиетші-ғалым Айқын Нұрқатов туралы түсірілген деректі фильм Шұқыркөл ауылында жалғасты. Біз, осындай талантты тұлғалардың ауылымызда туып өскенін әр уақытта мақтан етеміз.

Катренова Салтанат.

9-сынып оқушысы

Шұқыркөл орта мектебі.

«Есіл өңірі», 12 желтоқсан 2011 ж.

Тұрсынбек Кәкішев туралы деректі фильм түсірілді

Кейінгі кезде «Ән мен анаша», «Аран», «Айқан» тәрізді көркем фильмдерімен кино саласында бағын сынап жүрген жыршы-жырау, айтыскер ақын Баянғали Әлімжановтың бастамасымен «Паң Нұрмағанбет» киностудиясы «Ұлы даланың қырандары» сериясы бойынша сәкентанушы, әдебиет сыншысы, көрнекті ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев туралы «Ғұлама ғалым» атты деректі фильм түсірді.

Сценарийдің авторы әрі режиссері Баянғали Әлімжановтың айтуынша, деректі фильмде кейіпкердің өзі өз өмірі туралы баяндайды. Әсіресе мұнда жас Тұрсынбектің азамат ретінде қалыптасу кезеңіне айрықша назар аударылады. Тұлғаның өз өмірі туралы айтқан әңгімесі болашақ ұрпақ үшін қажет-ақ. Одан кейін ақсақалдың сәкентанудағы, әдебиеттегі, қайраткерлік өмірдегі кесек келбеті турасында белгілі тұлғалардың аузымен айтылады.

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ, «Ғұлама ғалым» деректі фильмінің режиссері:

– Бұл фильмде қайраткер ғалым туралы медицина ғылымының докторы, профессор, академик, Халықаралық стоматологтар қауымдастығының вице-президенті Мақсұт Темірбаев; Түрсекеңнің туған інісі Жақия; шәкірті, әдебиетші Жарылқасын Әбішев; белгілі танымал ақындар Әбубәкір Қайран, Қорғанбек Аманжолдар сүбелі пікір білдіреді. Мұнда кітаптарын оқып алып, сырттай айтылған әңгіме емес, ол кісімен тікелей, қоян-қолтық араласқан адамдардың ойлары көрермендерге ұсынылады. Деректі фильмінің ұзақтығы 1 сағат 20 минутты құрайды. Мұның алдында аса көрнекті ғалым, әдебиетші,

жазушы Айқын Нұрқатов жайында бір сағаттық деректі фильм түсірген едік.

Арман СЕРІКҰЛЫ
«Алаш айнасы»

Ер Манасты жырлады

Қырғыз елінде I Халықаралық манасшылар фестивалі өтті. Шараға 18 манасшы қатысып, қырғыз халқының ұлттық эпопеясын екі күн жырлады.

Бұл бас қосуға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, айтыскер ақын, драматург-жазушы, Қырғызстанның А. Малдыбаев атындағы халықаралық сыйлығының лауреаты Баянғали Әлімжанов арнайы шақырылды. Қырғыз манасшысы, «Манас» қоғамдық қорының басшысы Рысбай Исақов отандасымызға «Қырғыз елін айтпағанда, қалған жер бетіндегі 6 млрд адамнан шыққан жалғыз манасшы» деп баға берсе, қырғыз драматургі Бексұлтан Жәкиев «Тұтас жырды нақышына келтіре орындап, бір мүдірмеді» деп еріксіз мойындағанын қалай мақтана айтпасқа? Айырқалпақты ағайындар төл жырын қазақ туғанының тебірене жырлағанына таңдай қағып, телеарнадан қайта беруін өтінсе, жергілікті журналистер Баянғали Әлімжановтан «бұл фестивальдің жаңалығы сіз болдыңыз» деп сұхбат алып, ерекше ілтипаттарын білдіріпті. Ең бастысы, «Манас» және «Айтыс» қоғамдық қорларының, «ЕлТР» Республикалық телерадио корпорациясының ұйымдастыруымен өткен бұл фестивальді республика тұрғындары телеарнадан 14 сағат бойы тікелей тамашалауға мүмкіндік алды. Бішкек, Ош, Талас қалаларынан телекөпірге шыққан. Ал Тоқтағұл Сатылғанов атындағы мемлекеттік филармонияда болған қорытынды кеште Қырғызстанның Мәдениет министрі Сұлтан Райов Баянғали Әлімжановқа «Мәдениеттің мықты қызметкері» төсбелгісін тақты.

Баянғали Әлімжанов Манастың аруағын құрметтеп, елінің ұлттық дәстүрін сақтап, енді ғана бой түзеп келе жатқан жас манасшыларға әрі қызыға, әрі сүйсіне қарағанын жасырмады.

– Таңғы сағат 10-нан түнгі 12-ге дейін жыр төгілді. Оны телеарналар тікелей эфирден көрсетіп, халықтың құлақ құрышын қандырды. Біздің елдің жыршылары да «Алпамысты», «Қыз Жібекті», «Ер Тарғынды» және тағы басқа жырларды таңнан-таңға жырлап жүр. Бірақ, оларға осындай насихат жұмыстары жетпейді. Көршілеріміз манасшыларын қалай құрметтейтінін, дәріптейтінін көрсетті. Сондықтан қырғыз елінен әрі қуанып, әрі мұңайып қайттым. Тиісті орындар біздің жыршыларға да осындай колдау көрсетсе деген игі тілегім бар, – дейді Баянғали Әлімжанов.

*Ақшиет БАЛТАНОВА,
ҚазМУ-дың студенті, «Айқын», 28. 05. 2013*

Кино

«Ән мен анаша» фильмінің премьерасы

Жерлесіміз Баянғали Әлімжановтың сценарийі бойынша түсірілген музыкалық-лирикалық комедияның ауданымызда өткен премьерасын Балуан Шолақ атындағы орта мектебінің ұстаздары мен шәкірттері бірінші болып көрді. Содан соң қала мектептері мен Алтынды, Қараөзек ауылдарында көрсетіліп, аудандық мәдениет Үйінде ересектерге арналған сеанс қойылды. Киноны көргендер оны төл мәдениетіміздің, әсіресе отандық кино өнерінің даму тарихында өзіндік ерекше орын алатынын атап өтті. Премьера алдында сөз алған аудан әкімі Е. Б. Нұғыманов шетелдік арзанқол, қатыгездік пен күш көрсетуді көп насихаттайтын, өзге елдің мәдениетін санамызға тықпалайтын кинолар басымдылық көрсетіп отырғанда, отандық киностудияның ұлттық менталитет пен мәдениетімізге жақын кино түсіруі айтулы оқиға деп атап өтті. Киностудия директоры, киноның сценарийін жазған ақын, жазушы, драматург, манасшы Б. Әлімжанов Паң Нұрмағамбет киностудиясының құрылуы мен киноның түсірілу тарихын қызықты әңгімелеп берді. Өлең шығарса, ұтымды сөздерімен, ұшқыр ойларымен тындарманын баурап алатын Баянғали Әлімжановтың әңгімесін тыңдау бір қызық. Бұл жолы да солай болды.

«Ән мен анаша» фильмі алғашқы көркемсуретті туынды. Фильмнің желісі жеңіл табыс көзін қуып, адамгершілік, бауырмалдық, сыйластық сияқты адами қасиеттерден айырылып қалмайық деген ойға жетелей отырып, бақыт пен байлықты шетелде іздемей, өз елінде, туған өлкеңде, сүйгеніңмен бірге жүріп табуға болатынын баяндайды. Тәуелсіз елдің еркін азаматы болып бойыңдағы дарыныңды аша білсең алынбайтын қамал жоқ екенін, туған еліңнің адал ұлы мен қызы болу, ана тілін құрметтеу қажет екенін аллегория мен пародияны жымдастырып отырып көрсетеді. Бір қарағанда күлкілі қылықтарымен езу тартқызатын фильм кейіпкерлері күлдіре отырып ойландырады. Фильм өзіміздің туған өлкеміз Бурабай, Көкшетау өңірінде түсіріліп, фильмнің өзегі Б. Әлімжановтың сөзіне жазылған жаңа әндерімен көрерменді өзіне тартып отырады. Сондықтан да болар, жайшылықта салғырттық танытып, көрермен залында ойнап отыратын оқушы балалар кең экранды плазмалық теледидардан сексен минут бойы көздерін алмастан көрді. (Фильм DVD қондырғысы арқылы диагоналы бір метрден артық теледидар арқылы көрсетілді). Сеанс аяқталғаннан кейін Балуан Шолақ атындағы мектептің мұғалімі А. Изахметова, зейнетақы төлеу орталығының меңгерушісі Б. Тұртанова киноның бүгінгі өмір шындығына жақын тақырыпты қозғап, әдемі де әуезді әнімен адам жанын тербейтінін атай отырып, авторға көрермендер атынан алғыс айтып, жаңа шығармашылық табыс тіледі.

Фильмнің тағы бір ерекшелігі – оның Көкшетау, жалпы Солтүстік Қазақстан аймағында алғаш құрылған Паң Нұрмағамбет атындағы киностудияда түсірілуінде. Фильмнің продюсері әрі демеушісі белгілі кәсіпкер Марат Нәбиев. Сценарийін жазған киностудия директоры әрі көркемдік жетекшісі, жазушы, драматург, ақын, манасшы Баянғали Әлімжанов. Қоюшы операторлары – Борис Трошев, Мұхтар Ержанов. Басты рөлдерде Нұрлан Әлімжанов, Жансая Байдарбекова, Сафуан Шаймерденов және облыстық қазақ театрының әртістері. Соңғылар үшін бұл фильм киноактерлікке жолдама болып табылуда.

– Жалпы кино түсірудің қиындығы мен қатар шығыны көп іс екені белгілі. Солай десек те, ұлттық мәдениетімізге жақын кино түсіруді батыстық мәдениеттің кино өнеріндегі экспансиясына жауап ретінде қолға алуды мақсат тұттым. Ел төл мәдениетімізді арқау қылып түсірілген фильмді көптен күткеніне бүгінгі премьерараға келген көрермендер лебізі дәлел. Кинопрокат ісінің ел ішінде жоқ екенін ескерсек, фильмнің өзін-өзі ақтау жолын табу тағы оңай шаруа емес. Бірінші өзім туып-өскен Еңбекшілдер ауданында, содан соң көрші Бұланды ауданында фильмнің премьерасын көрсетуіміздің себебі де осы аудандардағы қазақ киносы мен өнерінің жанашырларының көмегінің арқасында болып отыр – дейді фильмді қоюшы режиссер Б. Әлімжанов.

Сонымен, Көкшетаудың төрінде отау құрған Паң Нұрмағамбет киностудиясы өзінің алғашқы қадамын жасап, көрермендер жүрегіне жол тартты. Бір кездері ел қызыға көрген «Қыз Жібек» тәрізді ұлттық нақышта, төл мәдениетімізді асқақтататын кинолар түсіру киностудияның болашақта көтерер жүгі болмақ. Халқымыздың басына қайғы мен қасірет әкелген отызыншы жылдары болған аштық жайлы кино түсіру келесі жылдың жоспарында. Оның сценарийі жазылып, рольдерді ойнайтын актерлары белгіленген. Қиыны мен қызығы мол қазақ киносын дамыту жолында өзіндік орны бар көкшелік киностудияға шығармашылық табыс тілейміз.

Төлеу Дүйсенбай
«Бұланды таңы», 2007 жыл.

Фильмге түскен соң Нұрлан мен Жансая отау құрды

Жуырда ұлттық экранымызда «Өн мен анаша» атты жаңа музыкалы-лирикалық кинокомедия жолдама алды. Бұл фильмнің сценарийінің авторы әрі қоюшы режиссері – Көкшетау қаласындағы Паң Нұрмағамбет атындағы киностудияның директоры, жазушы, айтыскер ақын, драматург, белгілі манасшы Баянғали Әлімжанов.

Фильмнің оқиға желісінде нарық заманындағы адам психологиясындағы өзгеріс, өнердің өлмес өміршеңдігі, Саян мен Айым секілді қос ғашықтың махаббат сүйіспеншілігі терең суреттеліп, әдемі әзіл-қалжың, юмор еріксіз езу тартқызады. Бас кейіпкер Саянды Ғ. Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрының талантты актеры Нұрлан Баянғалиұлы Әлімжанов сомдаған. Нұрлан Баянғалиұлы өзі сазгер, әнші, Қазақстан ұлттық телеарнасындағы «Оян, қазақ», «Қымызхана» телебағдарламаларының жүргізушісі. Айымдай көркем, сұлу аруды Т. Жүргенов атындағы өнер академиясының студенті Жансая Ахметқызы Байдарбекова бейнелеген. Жансая біздің Мақтаралдың түлегі. Осыдан үш жыл бұрын Асықата кентінде «Қайнар» көпсалалы гимназия мектебін бітірген. Анасы Гуля Асықата кентінде тұрады, мамандығы шаштараз. Ал, әкесі, Ахмет Сағындықұлы қылқалам шебері, суретші еді. Өткен жылы ауыр науқастан көз жұмды. Фильмнің өн бойында жер жәннаты Бурабайдай табиғат аясында жаныңды баурайтын әсем әндер шырқалап, көңілің бір серпіліп қалады. Әнші, сері жігіт Саянды сегіз қырлы, бір сырлы Нұрлан шебер сомдай білген. Ал Саянның ғашығы Айым Америкаға кетпек болып жүрген ерке, шолжаң қыз болғанымен, жаны пәк, жүрегі таза. Ол өзінің қателігін шынайы махаббат арқылы түсініп, сүйгенімен қосылады.

Бір қызығы, фильмдегі осынау ғашықтық сезімге бөленген жастар образы өмірде өзінің шын көрінісін тапты. Фильмді түсіру аяқталғаннан соң Нұрлан мен Жансая отау құрып, шаңырақ көтерді. Сонымен, көкшетаулық айтыскер ақын, жыршы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Баянғали Әлімжановпен қасиетті мырзашөлдіктер құда болдық. Жастар бақытты, баянды болсын дейміз.

*Сәбит Қалдыбаев
Жетісай, 2007 ж.*

Актер Нұрлан Әлімжан

Арман балалық шақтан басталады...

Нұрлан Әлімжан. Өнерсүйер қауымға танымал болып келе жатқан жаңа есім. Өнер атты әлемнің есігін ашқан сәттен алдына үлкен мақсат қойған жас өнерпаз бүгінде театр актері ғана емес, әнші, сазгер ретінде де көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Төменде ұсынылып отырған материалда жас өнер иесінің шығармашылығы жайында кеңінен сөз етіледі.

Арман балалық шақтан басталады емес пе?.. Балалық дәурен Нұрланды да өзге құрбы-құрдастары тәрізді бірде көкте самғатса, енді бірде қырагер жауынгер сапында ұстады. Бала қиял қайда самғамады десеңізші. Өйтсе де Нұрланның өнерге деген махаббаты көлеңкеде бұғып жатқандай еді. Жасөспірім дәурен өзінің ғажайыптарымен таңғалдырмай қоймайды. Алғаш жүрегін жарып шыққан «Сен менің Жұлдызымсың» әні мектеп қабырғасындағы алғашқы махаббаттың самалындай екені шындық.

Алматыда туғанмен, балалық шағы Көкшетау өңірінің Кеңашысында өткен Нұрлан нағыз өнерлі отбасынан шықты. Әкесі айтыскер ақын, елге сыйлы азамат – Баянғали Әлімжанов. Нұрланды өнерге баулыған да әкесі екені сөзсіз. Әлімжановтар отбасы қонақтан кенде болған жоқ. Ақын Баянғалидың үзеңгілес достары, серіктері үнемі үйге ере келетін. Әдемі қалжың, ертегі-аңыз, көмейден төгілген қоңыр үн Нұрланның жүрегін шымырлатпай қоймады. Үлкендердің тағылымды сөздерін, жыр, дастанын тыңдап өскен ол әкесіне еліктеуді шығарды. Ерік Асқаров, Құдайберлі Мырзабеков қонаққа келгенде айтыстың шумақтарын әжептәуір шырмалтқан кезде әкесі «Әй, балам-ау, бір үйге бір ақын да жетеді ғой» дегеніне Нұрлан жылы жымыиып қоятын.

«Алғашқы ән. Бұл мен үшін керемет жаңалық еді. Достарымды жинап, бұл жаңалығымды жеткізгенімде бірі сенсе, бірі сенбеді. Уақыт өте келе жанымды мазалағанның не екеніне нақты көз жеткіздім. Он бірінші сыныпта «Ай - Көкше» деген әнім өмірге келді. Сөзі әрине әкемдікі», – деп еске алады Нұрлан.

«Ай, ай Көкше, ай Көкше,

Көгілдірім, күн Көкше.

Ай, күнім деп әлемді,

Аялайық, тіл жетсе», деп шырқалатын Нұрланның бұл әні Көкшетау өңіріне жақсы таныс.

«Әке, бір әдемі ән туды, сөзін жазып берші» деген бала өтінішіне әкесі: «Балам, сен қызықсың, өзің ғашықтықтың әсерінен ән жазасың. Ал менен сырлы сезімге толы әннің сөзін талап етесің. Одан да ғашық болған қызыңды көрсет, мен де ұнатайын. Сонда әні мен сөзі керемет әсерлі болады» деп жауап

қатқан кездер кешегі күннің еншісінде. Ал, бүгінде әкелі-балалы Әлімжановтар өнердегі әріптестер, әрі бірі ұстаз, бірі шәкірт.

Бертін келе Нұрланның өзі де өлең жаза бастады. Қазір елуге жуық әні бар. «Азия» тобы орындап жүрген Баянғали Әлімжановтың сөзіне жазылған, көпшілік сүйіп тыңдап жүрген «Ғажайып күй» әні, Исрайыл Сапарбайдың сөзіне жазылған «Бағынды бағала» бейнеклипі – көрген жанға ой салатын, сәтті шыққан туындылар. Нұрланның жазған әндері – әбден ой елегінен өткен, мағыналы, мәнді, әні мен сөзі қабыса өмірге келетін туынды десек, артық айтқандық емес. Қазір не көп, әнші де, сазгер де, ақын да жетіп артылады. Жеңіл-желпі ұйқас қуған мағынасыз әндер сахнаны жаулап алғаны жасырын емес. Нұрланның айтуынша, өнерге қиянат жасайтын осындай мәнсіз әндер. Қазақ сахнасының киелі де, құдіретті төрінен орындалатын ән тыңдарман жүрегіне де үлкен сезіммен құйылу керек.

Нұрланның балалық шағы өткен Кеңашы ауылы шағын ғана еді. Ауыл балаларымен қоян-қолтық араласып өсуі Нұрланды қарапайымдылыққа, қазакилыққа, имандылыққа үйретті. Атасы Тақан мен апасы Бәтиманың мейірім шапағатынан, тәрбиесінен алған өнегесін әлі күнге дейін өміріне азық етіп келеді. «Сағындым әжемді, атамды» бейнеклипінің ата-әжесіне деген сағыныштан, құрметтен туындағаны шындық.

Ауылдағы ата-әжесін сағынған немерені көз алдыға әкелетін бұл әнді үлкен де, кіші де ыстық ықыласпен қабылдағаны рас.

Нұрлан – киноға да жол тартқан өнерлі жас. Нұрлан Әлімжанның сәтті сомдаған рөлдерінің бірі – М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» шығармасы бойынша қойылған Б. Шәріповтың «Күнә» фильміндегі Әзімбай.

Бұдан кейінгі қатысқан үлкен жобаның бірі – «Көшпенділер» фильмі. Сондай-ақ авторы және режиссері Баянғали Әлімжановтың «Ән мен анаша» музыкалық-лирикалық комедиясындағы басты рөл – әнші, сазгер Саян да сәтті шыққан бейнелердің бірі.

Ресейлік Сергей Бодров пен қазақстандық режиссер Гүлшат Омарова бірлесіп түсірген «Бақсы» атты атыс-шабысқа толы кинода жаңа қазақ, көкесіне сенген Арман атты бандының рөлі Нұрланды жаңа бір қырынан танытты. Бұл фильм жуық арада Қазақстан кинотеатрларынан көрсетілетін болады.

«Отандық кино заманға сай дамып келеді. Мысалы, «Кек», «Күнә», «Махамбеттің қылышы» сынды фильмдерден жаңашыл идеялар мен позициялардың лебі еседі. Отандық киноиндустрияны ақсатып тұрған жалғыз-ақ әттеген-ай – техника. Қымбат техникаға ұрынбай, барымен кино түсіріп жүрген ағалардың ісі ерлікке пара-пар. Бұл ретте «Көшпенділердің» түсірілуі көп пайдасын тигізеді. Олай дейтінім, «Қазақфильм» студиясы біраз әмбебап техникаларға ие болды. Соның арқасында «Күнә» фильмі де түсірілді», – дейді ойымен бөліскен Нұрлан.

Алғаш Көкшетау театрында әкесінің шығармасы бойынша Мұратбек Оспанов қойған «Құдалық» спектаклі оның театрға деген құлшынысын оятты.

Тоғызыншы сыныпта оқып жүрген кезі. Қойылымнан ғажайып әсер алған Нұрлан таңға кірпік қақпады. Сахна қол жетпес үлкен арманға айналғандай. Осылайша «Қайтсем актер болам?» деген ойдың жетегіне кетті. Бұдан кейін театрдан шықпайтын әдет тапты. Сұрақтарын актерлерге жаудырудан да жалыққан жоқ. М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев, Ф. Оңғарсынова сияқты танымал ақындардың өлеңдерін жаттау жан дүниесінің бір бөлшегіне айналды. Арман

алға жетелемей қоймады. Мектеп бітірісімен-ақ Т. Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясының студенті атанды.

«Бұл менің өмірімдегі үлкен қуаныш еді. Марқұм Жайлау Жабағинның класына оқуға түскенімде ол кісі: «О – о, Арқаның жігіті келді!» – деп ыстық ықыласпен қабылдады. Өкінішке орай, ол кісі екінші курста дүниеден озды. Одан кейін танымал Жанат Хаджиев, Айдос Бектеміров ағаларымыздан дәрісімді жалғастырдым. Әншілікті ҚР Еңбек сіңірген әнші Амангелді Сембин ағамыздың курсынан бітірдім. Актерлік өмірім 2003 жылы сахнадан басталды. Үшінші курста жүргенімде қазір өзім қызмет ететін Ғ. Мүсірепов атындағы театрға «Қыз Жібек» қойылымына жас Төлегенге байқау жарияланды. Өнердегі жолым осылай әрби береді», – дейді Нұрлан...

Нұрлан бүгінде отбасылы. Ғабидолла есімді ұлдың әкесі. Сүйікті жары Жансаямен бақыттымен деп біледі. Жүзі нұрлы, қарапайым да, сабырлы қалпынан бір танбайтын Нұрланға біз тек өркенің өсе берсін, шығармашылық жұлдызың биіктей берсін деген тілектеміз.

Жұлдыз Бағашарова

«Президент және халық», 2007 жыл

Байқал Байәділов

Маңгілік майдан

Картина кәдімгі мамыражай тіршіліктен басталады. Сүттей ұйыған тыныштықты шыр еткен телефон қоңырауы бұзады. Қашан да болсын солай емес пе? Оқиғаның желісі спорт бөлімін басқаратын Нартай – Баянғалидың сала басшысының бұйрығымен қаржыны мақсатсыз жұмсауы және оны қаржы бақылау мекемесінің қызметкері Тұрғынбек – Төлеубектің біліп қалуынан басталады. Өмірде де солай. Көп ретте, қаржының мақсатсыз жұмсалыуы балық басынан шіриді дегендей, дөкір биліктің ықпалынан болып жатады емес пе? Бұл жолы да солай. Нартай заңды бұзайын деп ойлаған жоқ, бұздырған бастық. Бірақ, түптің түбінде жауап беретін құжатқа қол қойған өзі. Қаржы бақылау мекемесінің қызметкері Тұрғынбек 10 мың доллар талап етеді. Бұл жалғыз жалақымен жан баққан Нартай үшін тым көп қаржы. Тіпті қолына ұстап көрмеген, жуыр маңайда ұстауы да мүмкін емес. Жанұшырған Нартай балашағасын абыройсыз оқиғадан аулақтатып, нағашыларына жібереді. Әу баста көрермен ретінде осы шешімді ұқпағанымыз да рас. Қазір 37-жыл емес қой. Автор неліктен мұндай шешім қабылдады? Мақсатсыз жұмсалған қаржы үшін Нартайдың әйел, баласын қудалайтын немесе итжеккенге айдайтын репрессия төніп тұрған жоқ. Сөйтсек, әу бастан ар-намысын кіршіксіз таза ұстаған Нартай өз атына жағылар қара күйені балаларым көрмесе екен, естімесе екен, білмесе екен деген-ау!

Басты кейіпкердің алдында екі жол тұр. Бірі – жемқор Тұрғынбекке 10 мың доллар тауып беру. Екіншісі – әлдебір тұйықтан шығар жол тауып, әділдікке қол жеткізу. Санасын сарғайтып, күні-түні жанын жегідей жегізіп, ойланып-толғанғанымен, екінші жол ұшпаққа шығаратын емес. Амал жоқ, 10 мың доллар тауып беру керек. Бірақ, қайдан, кім бермек сонша қаржыны? Шарқ ұрып құдаға да барды. Көзтаныс дос-жаран, ауыл аймақтағы сөзі өтетін жанның бәрін

шарлады. Табылмады, қайдан табылсын. Ауғанстанда әскери қызмет өтеп келген, осы әділетсіздікті естігенде әбден қаны қарайған, осындай жемқорлар маған Ауған даласында кездеспеді-ау деп өкінетін Жаскеннің айтуына қарағанда, 10 мың доллар ауылдағы адам үшін 15 жылқы, 30 сиыр. Оқиға шиеленісе дами келе Нартайдың бұл күні белгілі кәсіпкерге, қалталы азаматқа айналған құрдасының қылығы еріксіз жеркендірсе, әпкесінің сықсима шаммен шай ішіп отырып, жұмыссыз, табыссыз жүріп, сауып отырған сиырын сатып, бауырына жәрдем ретінде 60 мың теңге ұсынуы, қолындағы іске татитын жалғыз жәдігері алтын сақинасын саусағынан жұлып алып, бауырына ұсынуы көрерменнің көзіне жас үйіріп, ет бауырын езіп жіберетін көріністер.

Жүгірмек жиеннің жұрттың нағашылары жиендеріне беруші еді, біздікі өзімізден сұрайды. Бүйтіп жұртты әуре қылмай, түрмеге тура тарта бермейсіз бе деуі – нағашы мен жиеннің арасында дәл осындай жағдайда да бет-жүзге қарамай айтыла беретін қазақы қалжың. Бала болса да нағашысының жай-күйін кейін ұққан қалжыңқой жиеннің мүйізді қара қошқарын берейін деуі де ағайынның ағайынгершілігін ұқтыратын тамаша деталь.

Кейін анықталғандай, картинадағы жағымсыз кейіпкердің бірі – бастықтың қаржы бақылау қызметкеріне ақшаны өз бұйрығы бойынша бөлінгендігін мойындауы. Бірақ, өз қолымен жасаған қылмысын өз мойнына алуына ерлігі жетпейді және бұл жағдай Нартайдың басына түскен ауыртпалықты бір мысқал да жеңілдетіп тұрған жоқ. Амалы құрыған, өлімнен ұят күшті принципін ұстанған Нартай асылып өлмек те болады. Бұл фильмдегі қайшыласқан оқиғалардың ең шарықтау шегі.

Фильмдегі образдар шынайы сомдалған, ашық, айқын. Жемқор Тұрғынбек тасқа жығылып, талқаны шығып жатса да, көкейін тескен тек ақша. Нартай екі ортадағы келісімді анықтап, қайталап сұрап, қалта телефонға жазып алғаннан кейін, заң өз жағында екеніне көз жеткізген соң күшіне мінеді. Тұрғынбек сонда да өз талабынан жаңылмайды. Жүз пайыз жеңіліп тұрып, пара құнын 7500-ге, 7 мыңға, 6 мыңға түсіреді. Тура базардағыдай. Осының өзі жемқордың кескін-кейпі, оның көкірегіндегі тек дүниеқұмарлық, өзінің жанын қинамай ақша табуға деген құштарлық мен мұңдалап көзге ұрып тұрады. 8 мың доллар берсең болды, қалғанын кештім дейді ол. Нақ бір әкесінің құнын саудалап тұрғандай. Ал, әйелі Нарзангүл болса, мертігіп жатқан жұбайының хал-жағдайында, денінің саулығында ешбір шаруасы жоқ. Оған керегі тек ақша, ақша, ақша.

Жалпақ жұрт болып жемқорлық дейтін қоғамның әзірге айықпай тұрған кеселді індетімен күресу туралы биік мәртебелі мінбелерден сан қайтара айтылды. Қаншама қаулы, қарар қабылданды, уәде, ант берілді. Бірақ қоғамды жайлаған жеті басты айдаһар тәрізді жұқпалы дерт өршіп тұр. Фильмнің жай айтылған сөзден гөрі, көрерменнің көзін жеткізетін жемқор Тұрғынбек сияқты кескін-кейпінен, ниет-пиғылынан жан шошырлық образдарды сомдау арқылы жаңа ұрпақты адалдыққа тәрбиелеуге, адамгершілікке баулуға ететін әсері ұшан-теңіз десек, артық айтқандық емес. Жалғыз-ақ бір штрих сәл-пәл артықтау кеткендігін айта кеткеніміз жөн шығар. Нартай қаржы бақылау қызметкерінің қыспағына ұшырағаннан кейін шарқ ұрып, тұйықтан шығар жол іздейді. Сол кезде бойын буған ашу-ызасын баяғы балаң кезіндегі айналысқан спортын есіне түсіріп, тақтай, кірпіш сындыратыны бар. Қытайдың мазмұнсыз кинофильмдерінде жапа шеккен жағымды кейіпкер жан аяғы баспаған тау ішінен өмірден баз кешкен әлдебір монахты тауып алып, шығыс жекпе-жегінің

құпия сырын үйренетін, сонан соң барып өш алатын. Мұнда да осындай көрініс артықтау шығар деп ойладық. Тұтастай алғанда жазушы Баянғали Әлімжановтың алдына қойған мақсаты айқын. Сол мақсат үдесінен шыға білген. Фильмнің барысында оператордың кәсіби біліктілігі көрініп тұр. Түсірілім заңдылығы бойынша солдан оңға қарай оралатын ашық панорама, қатты ой үстіндегі жағымды кейіпкердің жан-дүниесін көрсету үшін, оның дидагындағы әжім, шиыршық атқан терең толғаныс, жанталасқан тебіреніс бейнекамералар арқылы жымдасып өріледі. Түсірілім барысында микрокадрлар да кездеспейді. Кейіпкердің жан-дүниесінің лүпіліне орай ғасырлар бойы мүлгіген қойтастар да, кешкі күн шапағымен кіреукеленіп мүлгіген маң дала да сырға батып тұрады.

Фильмнің сценарийін жазған, әрі қоюшы режиссері, сондай-ақ басты рөлді сомдаған Баянғали Әлімжановтың бұл осы саладағы екінші туындысы. Алғашқы тырнақалдысы «Ән мен анаша» фильмі де күрделі тақырыпты қозғаған толымды туынды болатын. Жерлесіміздің жетістігіне қуандық та қызықтық. Сөз жоқ, «Аран» фильмі – жалпақ жұрт, талғампаз көрермен үшін мерей болатын мәнді де, маңызды фильм.

«Арқа ажары», 2011 ж.

Серік Жетпісқалиев

Қазақы ойдың салмағы

(Б. Әлімжановтың «Аран» атты жаңа фильмі туралы)

Айтыскер ақын, жыршы, манасшы, жазушы-драматург, режиссер, сценарий түзуші... Осының бәрі белгілі өнерпаз Баянғали Әлімжановтың бір басының атақтары. Қай атағына да дау жоқ-ты. Онысын он қайыра дәлелдеген. «Өнер – егіз» деген осы болса керек. Алла тағала мейірімі түсіп, бір берген адамына өнерді үйіп-төгіп бере салады дағы. Өйткені Байекеңнің жана түсіріп шығарған «Аран» атты фильмін көріп, оның өзіндік өрнегі бар, тамаша актер екендігіне де көзіміз жетті. Бұдан бұрынғы «Ән мен анашасы» сияқты ол бұл фильмін де «Паң Нұрмағамбет» киностудиясында түсірген. Жалпы, үлкен бір ойды аз шығын жұмсап, шағын актерлік құраммен, жедел түсіріп, көрермен назарына ұсына кою – бұл күнде бар әдіс. Баянғали Әлімжанов та осыған ұмтылған және ұмтылған мақсатына жеткен де.

Біз бүгін қолға қалам алғанда фильмнің оқиға желісі, мазмұны емес, өзімізді елең еткізген өзге бір қырларына тоқталмақпыз. Біріншіден, фильмнің өне бойында оқиғамен ілесе, көрерменмен іштей пікірлесіп, мақұлдасып-ақылдасып жүріп отыратын ой бар. Айқай-ұйқай, сөзталас аз. Көп мәніс сөзбен емес, оймен беріледі. Ой актердің кейпінде тұр...

Әңгіменің иірімін осы арадан бастасақ деймін. Ой – ата-бабамыздан қалған, әспеттеп аялаған асыл мұрамыздың бірі. Айтқан сөзге құлақ түріп, пікірдің мәнісіне ой жүгіртетін қазақ, күйге ұйып, ойға бөгетін қазақ, қыран қалықтаған құла дүзге, батқан күнге, жағасы көбіктенген күміс көлге қарап тұрып, ойға

берілетін қазақ. Ат үстінде желе жортып келе жатып ой кезетін қазақ. Біз осындай ойшыл халық емес пе, едік?! Не болып, кім болып кеттік, дүние-ай!

Б. Әлімжановтың жаңа фильмінде басы артық сөз, алқын-жұлқын қимыл жоқ. Ауылдың қоңыр тірлік, алаңсыз өмірі. Көлденең киліккен кикілжің. Жала жабылып, басына іс түскен арыстай азаматтың күйзелісі. Қолұшын берерге қауқары жоқ ағайын. Жомарттың қолын жоқшылық байлаған заман. Зарлаған қобыз үні... Қазақты Құдай жаратқан тәубешіл қалпына шақырған қыл қобыз үні. Азған адам, жігіттік, мәрттіктен ада болып, дүние қуған құрдас. Айдың күннің аманында пәлеге душар боп дағдарған жанға дөң басында отырып күйші тартқан күй сүйеу, өзінің домбыраға қосылып айтқан Біржанның «Теміртасы» сүйеу... Азаматтың осы күйзелісін, ішінен тынған қиналысын актер Баянғали шынайы сомдайды. Шынайы дегенде, кез болған қасіретті қазақы, салмақты, көнбіс қалыпта қабылдап, қазақша күйініп, қазақша бас шайқайды-ау. Ұнжырғаны түсіріп, иінді еңкейткен мұң, шарасыздың жүріс-тұрысы, көзқарасынан айна-қатесіз көрініп тұр. Кейіпкермен бірге қиналмауға лажың жоқ. Нартай — өмірдің өзінен ойып алынған бейне.

Шынайы дегеннен шығады, фильмде бас кейіпкер Нартай (Б. Әлімжанов) ауыр ой теңселтіп, «Теміртасқа» салып отырғанда, үйге жанашыр жолдасының кіретін тұсы бар. Тығыз шаруамен келсе де ол әнді бұзбай, бас изеп қана амандасады да ән тындап отыра кетеді. Бұл — бүгінгі жастар естен шығарып алған әдеп. Қазақы әдеп. Оны білмеген біреу сәлем берудің жөні сол екен деп, «Ассалауға...» басар еді. Сөйтіп, әнді ғана емес, ойды бұзар еді. Кейіпкердің дөң басындағы күй тындап отыруы да осындай өзімізге өзіміздің жақындауымыздың бір кілті. Немесе сауып отырған сиырын сатып, соның пұлын, құлағындағы сырғасы мен қолындағы жүзігін бауырына ұсынған әпке. Мұны қызыл сөзге салып, майын тамызып емес, қиналған әпке де үнсіз ұсынады. Бар сыр да осы үнсіздіктердің астарында. Ойдың салмағы ауыр.

Актердің өз дауысымен аһ ұра ән салуы, кара жудырықпен қалыңдығы төрт елі қарағайды қақ жаратын, дұшпанымен қолма-қол айкасқа кіретін тұстары да бар. Демек, актер көп қырлы, небір күрделі рөлдерді, әсіресе, қазақы мінезді, ойлы образдарды сомдауға мүмкіндігі молдығы көрініп тұр. Ойыны — ойлы, сенімді. Бәлкім, қазақтың басқа да режиссерлері мынадай мүмкіндікті көзден таса қылмас...

Енді негізгі айтпағымызды алға тартайық. Сөзі аз, қарапайым іс-әрекетпен-ақ көп ой ұсынатын психологиялық фильмдер түсіруге жапондықтар шебер. Бізде жоқтың қасы. «Келін» фильмін айтқымыз келмей отырғанын жасырмайық. Ал Б. Әлімжановтың мына туындысы сол табиғатымызға жақын, психологиялық фильмдерді дамытуға бастап тұрғандай. «Аран» айқай-ұйқайсыз қазақтың басындағы бүгінгі қасірет, дендеген кеселден аулақ болуды санаға сіңіретін психологиялық, ойлы фильм болып шығыпты. Өлдеқайдан қиғаштап, ойды алыстан орағытып, өтірік-шыны аралас оқиға, әрекеттермен жарыстырып, жасандылыққа бой алдыратын, миллиондаған қаражат шығындататын әлдебір «күрделі» фильмдерге қарағанда, осындай шығыны аз, ойы көп фильмдер тиімді екені сөзсіз. Әрине, әлемдік талғам-түйсікке, әлем-жәлемге ұмтылыс тоқтамас. Оның өз жолы бар. Алайда «Аран» психологиялық фильмдердің қазақтың жанына жақын екенін, басқаға емес, қазаққа керек екенін еске салғандай.

Қысқасы, бойына он сан өнер біткен Баянғали бұл жолы да ізденіс үстінде екенін көрсетіп, тағы да өз биігінен көріне біліпті. «Аранды» көріп, осындай ой түйдік.

*«Айқын» газеті.
23 ақпан, 2011 ж.*

Қайырбай Төреғожин

Айхан

«Айхан» көркем фильмі. 2011 жылы «Паң Нұрмағамбет» киностудиясы түсірген. Құрылтайшысы – Марат Нәбиев. Сценарийдің авторы және қоюшы режиссері – Баянғали Әлімжанов. Қоюшы операторы – Әділ Түркбенбаев. Дыбыс операторы – Валерий Балаков. Оператордың көмекшісі – Дархан Мүжсібаев.

Бүгін өз басым бір жасап қалдым. Баянғали Әлімжанов ағамыздың «Айхан» кинофильмін көреміз деп теледидардың алдына үй ішімізбен алқа-қотан бірге жайғасқанбыз. Әрине, солай да солай деп дискіден бұл көрсетілімді ұйымдастырған мен. Оным зая кетпеген сияқты. Бәріміз 73 минуттық киноның соңғы нүктесі қойылғанда бірге тұрдық. Жұбайым «қалай?» деген сауалыма «жақсы екен» деді. Балаларым да құптап, бастарын изеп жатыр. Ал, өзіме келсем, соңғы кадрларға жүрегім біртүрлі елжіреп кеткені анық еді. Сол сәтте Айханның төргі бөлмедегі баяғы шалқалаған жатысын көріп, шәкіртінің жеңісінен кейін ескі әдетін қайта бастап алды ма деп иланып қалғам. Сөйтсем, әйелін қорқытпақшы болған ойыны екен. Міне, экранда ауыр күндері артта қалған бақытты жұбайлар. Сәтті аяқталған кино осылай бәрімізді қуанып барып, бір адам өмірінің алмағайып бір кезеңін «ақылға сал, салмақта» деп алдына жайып салғандай еді.

Біз білетін Баянғали Әлімжанов – сан қырлы өнер иесі. Алла тағала одан өнердің түр-түрін көпсінбеген. Соған тағы бірі, актерлік өнер қосылғанына, әрі ол бойында туа біткен қасиет екендігіне де біз енді еш шүбә келтірмейміз. Өйткені, мұның бәрін соңғы жылдары кинода өзі ойнаған басты рөлдері артығымен дәлелдеп отыр. Бізге тау қозғалса қозғала қоймайтын ұлттық ерекшелігімізді ескерсек, байыпты, тәрбиелік мәні бар осындай кинофильмдер керек. Шетелдің атыс-шабысы, түріктің ащы ішектей шұбатылған «ертегісінен» бас алмайтын көрермен бір уақыт осы Баянғали ағамыздың «Айханы» сияқты ұлттық мәнерде түсірілген киноларды көрсе, содан тағылым алса артық болмас еді.

Неге десеніз, бұл туындыда батпандай салмақ, адам жанын толғанысқа салатын шынайы өмір күресі, адамгершілік, ар-ұят безбені, бәрі бар. Кешегі кеңестік дәуір қазақтың жүрегінің түгі, білегінің күші жетіп артылатын небір саңлақтарын одақтық жарыстан әрі асырмағаны белгілі. Бұл арада біз спорт, соның ішінде бокс өнері туралы айтып отырмыз. Алысқа бармай-ақ, Әбдісалан Нұрмахановтың өзін алсақ та, осы сөзіміздің жаны бардай.

Кинодағы Баянғали Әлімжановтың өзі сомдайтын Айхан да спорттық жолында бағы жанбаған сондай алаштың намысшыл, ақ адал жігіттерінің бірі.

Одақта тең келер қарсылас табылмай, Олимпиадаға «жол менікі» деп жүргенде, бәрін Мәскеуден шешетін ұрда-жық саясат тізімнен сыздыртып, орнына басқа біреуді алға тартқызады. Сөйтіп, бұлай болары үш ұйықтаса түсінде жоқ, бабында лыпып тұрған азаматтың әділетсіздік пен қиянат сағын сындырғанын айтасыз-ау, бәрін жеңіп ораламын, солай қазағыма олжа саламын деген бекем сенімін белінен қияды, асыл арманын таптап тынады.

Фильм ә деп басталғанда, сол орны толмас ауыр күйіктің өшін ащы судан алып жүрген Айханды көреміз. Бір байқалатыны, өз алтын басын осы осалдыққа жығып берсе де, бәзбіреулердей арақтың жетегінде әбден азып-тозып кетуден ада. Сана-сезімі, кісілік келбеті орнында, күнде айналып келіп табатыны құтты мешіт өз үйі, Құдай қосқан өз қосағы. «Осыны қояйын» деп іштей бір теке-тірес те жолдың бергі бетіне алып шыққандай болады, бірақ сол баяғы көрген зобалаң өзегін өртей түскенде, қарсы тұрар дәрмені жоқ...

Осының бәрін өмірлік даярлығы мен көрген-түйгені мол, диапазоны кең, сезімтал актер көрерменіне нанымды, байсалды жеткізеді. Көп жайды бас кейіпкерлердің көзқарастарынан, ой құшағындағы жүріс-тұрыстары мен отырыстарынан, ишараларынан жазбай ұғынуға болатын бұл фильм психологиялық драма десе дегендей. Бұған екінші бір басты рөлге дәл таңдалып алынған Жанар Құсайынованың актерлік жоғары шеберлігі де өз үлесін молынан қосқаны анық. Жанар – Нәзияның ежелден қазақ әйеліне тән үлкен көнтерілікпен сол бір озбырлықтан әлі іш құса болып жүрген жан жарын өмірінің сын сағатында әрі итермей, бері тартып, жанына сүйеу, арына жалау бола білуі фильмнің негізгі бір лейтмотиві ретінде Айханның тағдыр-талайымен қатар өріліп отырады.

Осы орайда, адал махаббат пен шексіз сүйіспеншілікті жырлайтын қазақтың бұрын-соңды бір шоғыр кинотуындыларының қатарына тағы бір фильм – «Айхан» фильмі қосылды деуге де толық негіз бар сияқты. Өйткені, түптің түбінде кешегі чемпион жігіттің кіруін кіріп алып, шыға алмай қойған арақтың қыспағынан кездейсоқ кездескен досы Тоқсанның (актер Қайрат Мырзаболатов) бір ауыз жанашыр сөзі мен Нәзияның жүрек жылуы алып шығады. Бұл екеуара өзгеше сезімге ащы суға қанша жақын жүрсін мейлі, Айхан да адал. Ол үшін саяжайдағы бір ғана эпизодқа тоқталсақ та жеткілікті. Қайтсін-ай, жалғызбастылық жанын жүдетіп, өмірдің теперішін еркектермен қосылып ішкен арақпен жуып-шайғандай болған әйел көңілі жігіттердің қолындағы өзіне емес, өзгеге ұсынылар алқызыл бір шок гүлді көргенде алабөтен күй кешуі де табиғаттың заңы. Сұрап алмақшы еді, Айхан әйеліме деп маңайлатар емес. Содан ала қашып, үйінің табалдырығында Оралға (актер Айбек Құсайынов) ұсталуы да фильмдегі бүгінгі күннің шындығымен өрілген ойландыратын сәтті көріністердің бірі дер едік. Бәлкім, көрерменге драманың ішіндегі езу тартқызар жеңіл сюжет сияқты көрінгенімен, трагедиясы, жанайқайы әр жағында... Соның бәрін комедиялық рөлдерде ысылған, бұл жағынан сахнадағы жетістігін жақсы білетін Гүлмира Жакилина жақсы игеріп шыққан.

Фильмде бас кейіпкерлерге қоса, жиірек көрінетін рөлдердің бірі – Айханның қиналған, жанына сүйеніш іздеген сәттерінде үнемі қасынан табылып, рухани інісі болып жүретін Орал. Бұл да рас, «жан дауасын» арақтан тапқанымен, жағымды образ. Шектен тыс ақкөңілділігі, ағасына керек болса, қоң етін кесіп беруге даяр тұратындығы нанымды түрде бірден көрерменін баурап алады. Сол себепті, фильмнің өн бойы Айханмен бірге осы Оралдың да

тағдырына кет әрі еместей күй кешерің бар. Әрине, бұл іш тарту осы рөлдің жүгін оңтайын өте сәтті келтіре білген актер ізденісінің де арқасы болса керек. Осы ретте, фильмге толықтай Шахмет Құсайынов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының актерлер труппасы тартылғандықтан, оларға да айтылар алғыс өз-өзінен сұранып тұр. Біріншіден, Көкше жерінде түсірілген фильмге осы бір көмек-қолдаулары үшін, екіншіден, бәрінің де өз эпизодтық рөлдерін бір деммен өте ширақ ойнап шыққандары үшін дер едік.

Бұл – сөз жоқ, көрерменге олжа саларлық фильмнің сценарийін өзі жазып, режиссер ретінде де оны өзі қойған Баянғали Әлімжановтың кинодағы бір бүгінгі ғана табысы емес. Осының алдындағы фильмінде де осы қырынан көрінген. Ал, мұның бәрінің негізі сонау сексенінші жылдары «Қазақфильмде» үш бірдей деректі фильмнің сценарийін жазған тұсында қалыптасқан деуге әбден хақылымыз. Ешкімге дабыра қылмай-ақ, аз қаржымен осындай көркем дүние жасауының әрі оның ауыр бір жүгін актер ретінде тағы да қайыспай өзі көтеруінің астарында үлкен еңбекқорлық пен шын дарынның жатқандығы анық. Олай болса, оқиғасы өмірден өріліп, шындықпен өрнектелген мұндай фильмнің үлкен экранға, кең аудиторияға сұранып-ақ тұрғаны айтпаса да түсінікті.

«Арқа ажары», 2011 ж.

Төлеу Дүйсенбай

Әділдік іздеп, әлсіздік көрсеткендер аз ба?

Осы заман не болып барады? Жоқ, әлде уақыт жылжығанымен, санамыздың дамуы бір орында байланып қалды ма? «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген дана Абайдың сөзі осы күнге дейін өз мағынасын жоймапты. Бұрын қазақты руға бөлінеді деп жазғырушы едік, енді орыстілді мен қазақтілді қазақ, қаланың қазағы мен ауылдың қазағы, жергілікті қазақ пен оралман қазақ деп мың бөлеміз. Ол аз десеңіз, қазақ енді бірін- бірі мәмбет пен мәңгүрт деп бөле бастағанын оқып та, көріп те жүрміз. Жай ғана бөлінбейміз, іштарлық пен қызғаншақтық бойымызды билеп, біріміздің аяғымыздан біріміз шалып, қолынан іс келетін қандасымызды «жегенше» асығамыз. Біріміздің атымыз жақсы жағынан шыға бастаса, қызғаныштан ішіміз күйе ме, міндетті түрде оның атына күйе жағудың айласын іздей бастаймыз. Осындай әділетсіздікті басынан кешкен жаны таза азамат іштегі күйікті ащы сумен басамын деп жүріп, құрдымға қалай құлағанын білмей қалады. Жанашыр жолдасың болып, қол ұшын беріп жатса жақсы, ал болмаса ше? Ақша мен мансап қуғандар әділетті белінен басып өз діттегеніне жету үшін талай асыл азаматты құрбандыққа шалып жатқан сұм заман. Ал іш құса болғандықтан, шөлмекке байланып, өзінің әлсіздігін көрсеткендер аз ба?

Паң Нұрмағамбет атындағы киностудия түсірген «Айхан» фильмін көріп отырып осындай ойға келесің. Фильмнің негізгі лейтмотиві Кеңес үкіметі кезінде дарынды спортшының, Олимпиадалық ойындарда бокстан чемпион болуды армандаған Айхан атты жігіттің жоғарыда отырған шенеуніктердің қиянат жасауы салдарынан Олимпиадаға баратын спортшылар тізімінен шығып

калып, арманына жете алмай, жан күйзелісіне ұшырауы, іштегі күйікті басамын деп жүріп от баса жаздағаны, бірақ жолдасының кездейсоқта көшеде кездесіп, жаттықтырушы ретінде спорт мектебіне қайта келуі туралы. Картинаның соңында ұрланған арманының шәкірті арқылы қайта оралып арманына жеткен спортшы жарын құшақтап отырып, өткеніне тәубе қылса, болашағына үлкен үміт артқандай ойға шомады, көрермендерін де қиындықты жеңе білуге шақырады. Нарықтың ауыр жүгін арқалаған бүгінгі күннің адамдарына фильмнің ой салар тұстары мен жүрек тебіренер сюжеттері жетерлік.

Сценарийін жазған және режиссері, жерлесіміз ақын, драматург, жазушы Баянғали Әлімжанов. Продюсері және демеушісі – кәсіпкер Марат Нәбиев. Басты кейіпкерді сомдаған – Баянғали Әлімжанов, рольдерде ойнағандар – Ш. Құсайынов атындағы Көкшетау драма театрының актерлері. Фильм өзінің көтерген тақырыбы жағынан психологиялық драма жанрына жақын. Бұл фильм – аталған киностудияның Көкшетауда түсірген үшінші туындысы. Фильм Алматыда монтаждалып, «Меломан» фирмасында компакт дискіге жазылып, сауда жүйесіне таратылған.

Күні кеше ғана Көкшетау қаласының Ш. Құсайынов атындағы қазақ драма театрында фильмнің тұсаукесері өтті. Фильмде ойнаған актерлерді сахна төріне шақырып, фильмді қоюшы режисер Баянғали Әлімжанов кинокартинаны түсіру барысында болған қилы оқиғалар мен қиындықтары туралы сыр шертті. Тұсаукесерге қатысқан өнерсүйер қауым «Паң Нұрмағанбет» киностудиясының Көкшетауда түсірілген үшінші туындысының тақырыптық мазмұнын талдай отырып, киностудияға жетекшілік жасап отырған кәсіби киногер емес, ақын, драматург екенін, оның шығарған фильмдерінде өзіндік қазақи болмыс, ұлттық нақыш, өзгеше стиль, ел арасында өз көрермендерін таба алатын кино екенін атап өтті. Жалпы Баянғали Әлімжановтың қай шығармасын алсаңыз да оларда тереңге бойлаған философиялық ой жатады. Оны бойлай тереңге бара білуге қабылеті бар оқырман мен көрерменнің табылуы қуантады. Яғни батыстың шоу бизнеске негізделген, философиялық ұғымдарға атүсті қарайтын өнері жаппай санамызды билеп алса, мұндай шығармаларды түсініп қабылдау қиындай түсетіні жасырын емес.

– Фильм 14 күн ішінде түсірілді. Ешқандай да арнайы эффектілер қолданылған жоқ. Актерлердің кәсіби шеберлігіне сендік, сонымен қатар актерлік мамандығы жоқ қарапайым көкшетаулықтардың фильмде өз ролін шынайы ойнауы, Көкше жерінің сұлу табиғаты киноның қысқа мерзімде түсірілуіне өз көмегін тигізді, – деп, ақтарыла сөйлеген Баянғали ағамыз кинода ойнаған актерлер қауымы мен оған қолғабыс көрсеткен бір топ азаматтарға өз алғысын білдірді.

«Арқа ажары» газетінің бас редакторы Қайырбай Төреғожа: «Паң Нұрмағанбет атындағы киностудия мен оның жетекшісі Б. Әлімжановтың арқасында Көкшетау қаласы еліміздегі кино шығаратын үшінші қалаға айналып отыр. Біз мұны мақтаныш тұтамыз», – деп жүрекжарды ақ лебізін білдірді.

Баянғали ағамыздың кино саласындағы ізденістері мен шығармашылығы жайлы газетімізде жариялаған болатынбыз. Есімі елге елеулі азаматтар туралы кино шығаруды қолға алған киностудия сол кинолардың бірін Бұланды ауданында түсіруді жоспарлап отыр.

*«Бұланды таңы»,
2011 ж.*

Көрікті Көкшеде түсірілген көркем фильм

Күтпеген жерден ішкі саясат бөлімінен Көкшетау қаласына делегациямен баруымыз керек екендігін хабарлады. Қазақ драма театрында өтетін «Айхан» көркем фильмінің тұсаукесер рәсімі өткелі жатыр екен. Адамға рухани байлық қашан да керек қой, аудандық әкімдіктің алдынан 12 адам көлікке отырып, жол алдық.

Біз қалаға келгенде тұсаукесер рәсімі басталып кетіпті, театрдың көрермендер залына кіргенімізде «айыпкерлер» сахнада тұр екен. Ақмола облысының өңіріне танымал айтыскер ақын Баянғали Әлімжановтың бұрын да газет беттерінен «Ән мен анаша», «Құдалық» атты спектакльдерінен хабардар болатынбыз, өзі сценарийін жазып, өзі режиссерлық етіп, өзі басты рөлде ойнаған ағаны көзімізбен көрудің осы жолы сәті түсті. Бұл жолы осы жылы «Паң Нұрмағамбет» киностудиясында түсірілген «Айхан» көркем фильмінің тұсаукесері өтіп жатыр. Сахнада автор.

Фильмді қысқаша таныстырған Баянғали Әлімжанов көрерменді киноны тамашалауға шақырды, талқылауды соңына қалдырды. Қарапайым көрерменге түсінікті етіп, көрнекті көрсете білген шағын фильм қысқа да нұсқа екен. Қысқа ғана киноның ішіне бір спортшының өмірі сыйып кеткен, кісінің көңілінен шығатындай етіп түсіріліпті.

Фильм аяқталғаннан кейін автор өзімен бірге фильмді түсіруге көмектескен Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрының актерлерін, барлық қолдаушыларды, көмекшілерді сахнаға шақырып, көрерменге таныстырып, өзінің алғысын білдірді.

Баянғали Әлімжановтың өзі сомдайтын Айхан мықты спортшы, одақта тең келер қарсылас табылмай, Олимпиадаға жол алайын деп жүргенінде, Мәскеуде бекітілетін тізімнен оны сыздыртып, жоғарыдағылар оның орнына басқа біреуді жібереді. Осылай өзіне деген сенімі мол, өз бабында тұрған жастың әділетсіздік пен қиянат сағын сындырады. Автор өзі сомдаған кейіпкері туралы «Өзінің өмірлік арманын тартып алған, өмірі бос қалған, спортты жан тәнімен жақсы көретін азамат. Босап қалған көңілін немен толтырарын білмеген, сонымен арақпен толтырмақшы болған», – дейді.

Көрермендер өздерін қызықтырған сұрақтарын беріп, актерлерден қызықты жауап алды. Зиялы қауым өз ойларын айтып, пікір білдірді. Олардың ішінде филология ғылымдарының кандидаты Нұртас Ахат сөз сөйлеп, бабы келіп тұрса да, бағын кескен талай спортшылардың Көкшетауда болған жай екенін, өзімізде киноға түсіріліп, Айханның өмірі арқылы көпшілікке келіп отырғанын, фильмнің детальдарына дейін жақсы түзілгенін атап өтті.

«Арқа ажары» газетінің бас редакторы Қайырбай Төреғожа өз сөзінде алдыңғы фильмге қарағанда ілгерілеу, өсу барын ризашылықпен жеткізді. «Ақындығыңызбен де, драматургітіңізбен де, «Деген екеніңізбен» де жүре берсеңіз болар еді, Сіздің нарлығыңызға тоқталғым келеді», – деген ол, Алматыдан, Астанадан кейінгі көрікті Көкшетауымыз көркем фильм түсіріліп жатқан 3-қала, соған қуануымыз керек. Талай жігіттер Айханның тағдырын құшты, кинода аяғынан тұрып кетті, ал сынып кеткені қаншама, сол тұрғыда бұл фильм көпшілікке сабақ, – деп сөзін аяқтап, авторға игі тілегін білдірді.

Расында кейде спортта, кейде өнерде, жалпы өмірде кездесетін осы жағдай көзіқарақты көрермен қауымды ойландыратыны сөзсіз.

Кеш өте тартымды өтті. Зерендіге қайтып келе жатып, Сатыбай Ғабдуллин, Тоқтар Шалабаев, Ботагөз Жолымбаева, Ақерке Қабылова, тағы басқалар фильмнен алған әсерімізбен өзара бөлісіп, пікір алмастық.

Бостангүл Ерманова.

Зеренді, 2011 ж.

Баянғалидың «Асау толқыны»

Өскелең ұрпақтың шалыс баспай, жамандыққа ұрынбай жетілуіне, адамгершілік, ізгілік сияқты адами қасиеттерді бойына сіңіріп, қалыптасуына шақыратын фильмнің тағылымды тұстары көп. Фильмнің өн бойы көріп, көз қанықты білмей, өмірдің ағысын оң жолға бұратын ықпалды хәм ұлағатты күш болмағаннан кейін жаңсақ арнада жастықтың желкенін керген асау толқынның бетін қалай түзеу керек? Бала тәрбиесіндегі олқылық қай тұстан кетті, мектепте ме әлде орта және арнаулы оқу орнында ма? Кінәлі кім? Ата-ана ма, жоқ әлде ұстаз ба? Жауабын ешкім тап басып айта алмайтын күрделі де қиын сұрақ. Қазіргі жастардың барлығы дәл осындай дей алмаймыз.

Көркем фильмде жақсы ісімен сүйсіндіретін жағымды кейіпкердің де, әрекетінің әрі сұрықсыздау жағымсыз кейіпкердің де бейнесі кескінделген. Көрермен жақсыдан үйренетінін, жаманнан жиренетінін топшылап, айқын аңғара алады. Сценарийдің авторы және фильмнің қоюшы режиссері – «Паң Нұрмағамбет» киностудиясының көркемдік жетекшісі, белгілі ақын Баянғали Әлімжанов. Фильмнің продюсерлері – қазақтың белгілі азаматтары Марат Нәбиев пен Арнұр Нұрқатов. Қоюшы операторлары – Мұхтар Ержанов пен Виктор Пузырников. Басты рөлдерді Баянғали Әлімжанов, Данияр Тұранов, Гүлнұр Қожанова, Данияр Құлмағанов, Жансая Сейітқалиева және басқалар сомдаған.

Айта кету керек, бұл фильм Көкшетау қаласындағы Жанайдар Мусин атындағы қазақ педагогикалық колледжінде түсірілді. Біз басты рөлдерді сомдаған Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжінің студенттерімен арнайы кездесіп, оларды сөзге тарттық. Манар рөлін сомдаған Жансая Сейітқалиева бүгінде «Асау толқын» жастарға ой саларлық туындыда өзінің де үлесі бар екендігін зор мақтаныш санайды. Ал, Данияр Тұранов болса, теориялық алған білімдерін тәжірибе жүзінде жүзеге асыру мүмкіндігін тудырған «Паң Нұрмағамбет» киностудиясына зор алғысын білдірді.

Айтулы ұстаз Айжан Оспанованың айтуынша, бұл студенттер бұған дейін өнерлі додаларда талай рет топ жарып, жеңіс тұғырынан көрініп жүрген. Таланттыларды танып, қабілетін шыңдай түскен ақын Баянғали Әлімжанов бастаған «Паң Нұрмағамбет» киностудиясының осы бір бастамасы құптарлық іс екендігін атап өткен ләзім.

Жастарға тәлім-тәрбие беруде олқылықтар орын алған деген сөзді жиі айтамыз. Сол олқылықтың орнын толтыратын көрерменнің көңілінде жақсылығы жатталып қалар жақсы туынды – «Асау толқын». Өнер ордасынан шалғайдағы Көкшетауда осындай көркем фильм түсіріліп, оған жергілікті оқу орындарының оқушыларының қатысуы үлкен оқиға. Қазіргі күні атағы дардай киностудиялардың бюджеттің қыруар қаржысын жұмсап, бірақ, нәтижелі іс

тындыра алмай жатқандығын көріп жүрміз. Алғашқы күнгі тұсаукесерге жиналған қалың ел «Мың рахмет, саған, Баянғали!» деп тарқасты.

*«Арқа ажары» газеті,
2012 ж.*

Сананы сілкінткен «Асау толқын»

Қаладағы зәулім «Көкшетау» мәдениет сарайында, оның үлкен залында кино болады екен дегенді естігенде, кәдімгідей таңырқағанбыз. Сол кино болды, бір емес, үш күн қатарынан көрсетілді. Көрермен бір сәт те толастаған жоқ. «Сіз кешіктіңіз, орын жоқ», дегенді есіттік. Алдын ала жар салып, жарнамалап жатқан әрекетті де байқамаппыз. Сонда бұл қандай құштарлық! Осынау «Асау толқын» аталатын көркем фильмнің астарында оның сценарийін жазып, күллі қызық-шыжығын қолда ұстаған әрі өзі басты рөлде ойнаған жазушы, айтысшы, манасшы Баянғали Әлімжановтың беделінен де биік тұрған тартылыс бар сияқты. Қайырып айтсақ, ол – дәл бүгінгі күнгі өмірден алынған, қоғамда болып жатқан жағдайлардан туындаған жанайқай.

Залдың үш күн бойы босамауының тағы бір себебі – ондағы басты, қосалқы рөлдердің барлығын көкшеліктер орындаған, көріністер қазақ педагогикалық колледжінің сынып бөлмелерінде, Көкшетаудың көшелерінде, қорқынышты бұралаң-сұраланында түсірілген. Кино тарихында мұндай батыл шешім болмаған, ешкім жамағаттың өзі түсірген киносын өзі қол соғып тамашалағанын көрмеген. Екінші, үшінші күні қалалықтардың ауылда тұратын ағайындары, олардың көрші-қоландары келе бастаған.

Сонда, «Асау толқын» нені айтпак? Оқиға қарапайым. Жастар тақырыбын қаузаиды. Негізінен қиындығы мен қызығы мол студенттік өмірді қамтиды. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен мейірім арпалысқан өмір соқпағында өскелең ұрпақтың шалыс баспай, жамандыққа ұрынбай жетілуіне, адамгершілік, ізгілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп, қалыптасуына шақыратын фильмнің тағылымды тұстары көп.

Жастықтың жалынды күшін қайда сыйғызарын білмей, өмірдің ағысын оң жолға бұратын ықпалды хәм ұлағатты күш болмағаннан кейін жансақ арнадағы асау толқынның бетін қалай түзеу керек? Бала тәрбиесіндегі олқылық қай тұстан кетті, мектепте ме әлде орта немесе жоғары оқу орнында ма? Кінәлі кім? Ата-ана ма, жоқ әлде ұстаз ба? Жауабын ешкім тап басып айта алмайтын күрделі де қиын сұрақ. Көркем фильмде жақсы ісімен сүйсіндіретін жағымды кейіпкердің де, жағымсыз кейіпкердің де бейнесі шынайы кескінделген. Көрермен жақсыдан үйренетінін, жаманнан жиренетінін топшылап, айқын аңғара алады.

Фильм жастарды ғана емес, жанымыздағы бәрімізді тәрбиелейді. Колледждегі айғай-шулы ата-аналар жиналысы дәл өз басымызда бар жағдаяттар. Әртістің аты әртіс. Әншейінде жанымызда жарқылдап жүретін опералық солист, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Шолпан Дүкембаеваның «өзгеше мінез» танытып, мұғалімдерді орысша-қазақша жазғырып жатқанына жылы жымисақ, оны кейбіреудің өреки қолдай жөнелгенінен өзімізді көріп жерге қарадық. Ақан сері атындағы мәдениет колледжінің оқушылары Данияр Тұранов, Жансая Сейітқалиева, Данияр Құлмағанов, Гүлнұр Қожанованың

тырнақалды рөліндегі қаһармандарының қылықтары жүрек қарып, көпшілік үйлеріндегі балаларын ойлай бастағаны, «мұндайдан Құдай сақтасын» дегені күбір-күбірден байқалды. Сондай-ақ, киноға кешегі Сенатор, бүгінгі бас дәрігер Серік Аяғановтың, облыс әкімінің бұрынғы орынбасары, ардагер ағамыз Болат Жанәділовтің түсуі, олардың өз қаһармандары арқылы жастар тәрбиесіндегі қоғамдық ықпалды бейнелеуі толғантпай қоймайды.

Киноның таныстыру рәсімінде бұл кісілер сөйледі, әртіс болып жеткізе алмағандарын ұлағатты сөздерімен жеткізді. Ақмола облысы әкімінің орынбасары Асхат Қайнарбеков осы фильмді түсірген Паң Нұрмағамбет атындағы киностудия ұжымына алғысын білдірді. Ж. Мусин атындағы Көкшетау қазақ педагогикалық колледжінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты Нұртас Ахат уақыт запыраны, өзгенің өзімізге жұқпас ғадет салдарларынан таратып біраз әңгіме айтты. Шығарма дүйім жұртқа ой салды, сананы сілкітті. Киноның нәрі осында деді.

Әрине, фильмге қатысты әрқилы пікірлер де айтылып жатты. Оған қуану керек. Мұны сана қозғалысындағы жақсылық деуге болады.

*Бақберген АМАЛБЕК, «Егемен Қазақстан».
Көкшетау, 7 қыркүйек, 2012 жыл.*

20 мың долларға фильм түсіруге болады

Жақында Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері айтыскер-ақын, жазушы Баянғали Әлімжановтың сценарийі бойынша түсірілген «Асау толқын» фильмін тамашалады. Жалынды жастық кезінде адамның асау толқынға мініп, кейде жаман мен жақсыны ажырата алмай кететіні рас. Ондай кезде сабырға шақыратын ақылдың болғаны дұрыс. Ал оның негізі қайда? Әрине, ұлттық тәрбиеде. Осы философияны арқау еткен фильмнің Астанадағы көрсетілімі кезінде кинозал жастарға лық толды.

Бұған дейін «Асау толқын» фильмі Көкшетау қаласында алғаш рет көрсетілген кезде де залда инешаншар жер болмады. Сол кезде аталған кино бір күн емес, үш күн қатарынан көрсетілді. Көрермен бір сәтке де толастамады. Себебі «Асау толқын» фильмінде бүгінгі жастардың өмірі, мәдениеті мен тәрбиесі ашық көрсетілді. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен мейірім арпалысқан өмір соқпағында өскелең ұрпақтың шалыс баспай, жамандыққа ұрынбай жетілуіне, адамгершілік пен ізгілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп, қалыптасуына шақыратын фильмнің тағылымды тұстары көп. Автор оның бәрін жастардың студенттік өмірі арқылы шебер көрсете білді. Фильм жастарға тікелей тіл қатып, сауал қоя отырып жақсылық пен жамандық, таңдаған өмір жолының мағынасы туралы ойларын оятуға тырысады. Бұл үлкендердің жастарға: «Қайда барасыңдар? Кім болып бара жатырсыңдар?» деген жанайқайы іспетті. Негізгі әңгіме – қатыгездік, рэкетирлік жолға түскен колледж студенттері мен олардың зорлығына қарсы шыққан жас ғашықтар туралы. Әртүрлі өмір жолын таңдаған жастардың бітіспес қақтығысы ауыр жағдайларға әкеліп соғады. Әйтеуір, үзілмей қалған нәзік үміт қана көңілге медеу болады. «Көркем фильмде жақсы ісімен сүйсіндіретін жағымды кейіпкердің де, жағымсыз кейіпкердің де бейнесі шынайы кескінделген. Көрермен жақсыдан

үйренетінін, жаманнан жиренетінін топшылап, айқын аңғара алады. Ақан сері атындағы мәдениет колледжінің оқушылары Данияр Тұранов, Жансая Сейітқалиева, Данияр Құлмағанов, Гүлнұр Қожанованың тырнақалды рөліндегі қаһармандарының қылықтары жүрек қарып, көпшілік үйлеріндегі балаларын ойлай бастағаны, «мұндайдан Құдай сақтасын» дегені залдағы күбір-күбірден байқалды. Сондай-ақ киноға кешегі Сенатор, бүгінгі бас дәрігер Серік Аяғановтың, облыс әкімінің бұрынғы орынбасары, ардагер ағамыз Болат Жанәділовтің түсуі, олардың өз кейіпкерлері арқылы жастар тәрбиесіндегі қоғамдық ықпалды бейнелеуі толғантпай қоймайды», – дейді журналист Бақберген Амалбек.

«Паң Нұрмағамбет» киностудиясы түсірген «Асау толқынның» сценарийі авторы әрі қоюшы режиссері ақын, драматург, киностудияның көркемдік жетекшісі Баянғали Әлімжанов болса, продюсерлері – Марат Нәбиев және Арнұр Нұрқатов. Қоюшы операторлары – Мұхтар Ержанов пен Виктор Пузырников. 2006 жылы құрылған киностудия бұған дейін «Ән мен анаша», «Аран», «Айхан» және тағы басқа фильмдерді түсірді. Шыны керек, ол шығармалар қарапайым техниканың негізінде түсірілсе де, халқымыздың бүгінгі өмірін боямасыз түрде көрсетуімен құнды. Осы орайда «Паң Нұрмағамбет» киностудиясының ашылуына қолдау көрсеткен ақын Өскен Нәбиевтің баласы Марат Нәбиевтің еңбегін ерекше атап өткен жөн. Киностудияны ашқан кезде, кәсіпкер М. Нәбиев былай деп айтқан көрінеді: «Шығармашылық жұмысты өнер азаматтары басқаруы тиіс. Оған саясат пен ақша араласпауы қажет. Себебі ақша болған жерде өнер өспейді. Қалаған шығармаңызды түсіріңіз, ал қаржы жағын мен өзім қамтамасыз етемін».

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ, «Асау толқын» фильмі сценарийінің авторы әрі қоюшы режиссері:

– «Асау толқын» – бұл студент-жастар туралы фильм. Әрине, бір кино жастардың барлық өмірін қамтиды деп айтқан қате болар. Себебі бір шығармамен тұтас бір өмірді қамту мүмкін емес. «Асау толқын» – бүгінгі жастар өмірінің бір қыры. Ол фильм арқылы біз теріс кетіп бара жатқан жастарға «Әй, бұларың қалай?» дегендей болдық. «Асау толқын» фильмі – Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжі студенттерінің дебюті, олар алғаш рет фильмге түсіп отыр. Балалар оған қатты қуанды. Әрине, біз «Қазақфильм» емеспіз. Ондай техникалық мүмкіндіктеріміз жоқ. Екі камерамыз бар. Соның шопыры, есепшісі, режиссері, сценарисі – бәрі-бәрі жалғыз өзім (күлді). Осы фильм он төрт күннің ішінде бас-аяғы 20 мың долларға түсірілді. Бұл – бір клиптің ақшасы. Солай емес пе?

*Арман Асқар,
«Алаш айнасы», 2012 ж.*

«Біз экраннан қатты ұтылған халықпыз...»

«Өнер арзандап кетті» деп жатамыз. Расымен солай ма? Бірдің күйесі мыңға жұғып жататынын да жоққа шығармаймыз. Әсіресе кино саласындағы даудамай ушығып тұр. Қазақ ұлтын мазақ ететін, керек десеңіз, қорлайтын, салт-санаға кереғар, ұрпақтың таным-түсінігін бұзатын «кадрлардан» қоғам әбден шаршады. Арнайы білімі, ұлттық намысы жоқ бәзбір қандастарымыз, камераны

«қару» етіп, ел мен жерін, бауыры мен қарындасын «жалаңаштап», жаһанданудың көзсіз тұманында ескексіз қайықтай адасып, «жаңашыл» кино әлеміне «жүгіріп», жүлдені «таласпай» алып келетінді шығарды.

Жастарды бұзақылыққа, қыздарымызды тәрбиесіздікке баулуға күш жұмылдырып жатқан батыс пен Америка кинолары экранды жаулап алғаны тағы бар. Осындай өлара шақта болашаққа сәуле түсірер қазақы фильмдерге сусап отырған ел-жұрт бары еске түседі. Әсіресе жастарды қоғамдағы келеңсіздіктерден бездіруге, һақ жолмен жүруге, жалған намыспен жаға жыртыспауға тәрбиелейтін, қазақтың жанына жақын, түсінуіне жеңіл, айтар ойы айқын шынайы дүниелер ауадай қажет-ақ. Ақшаға құнықпай, керісінше тағылымды дүниеге сусап отырған ұлтына, қанатымен су сепкен қарлығаштай үйіріліп, болашақ жастарды жамандықтан жирендіруге барын салу, білгенге, ұлтжанды азаматтардың ғана қолынан келер ерлік. Сондай қадамдарға барып, тамырынан қол үзбеген бауырларына жан жылуын төгіп, езіліп жүрген азаматтар, Аллаға шүкір, соңғы жылдары көбейіп келеді.

Соның бірі белгілі айтыс ақыны, драматург, жазушы, әзіл-қалжыңның шебері, «Паң Нұрмағамбет» киностудиясының көркемдік жетекшісі Баянғали Әлімжанов. Зиялы ағаларына ұтымды ойлары мен татымды қағытпалары жаққан азамат, болашақ ұрпақтың да санасына жақсы істерімен қаларына шүбә жоқ. Олай деп отырғанымыз, қазақы тәрбиенің қара қазанында қайнаған Баянғали ағамыз, жастардың өмірінен алынған «Асау толқын» фильмін таяуда Астана студенттеріне, зиялы қауым өкілдеріне ұсынды.

Еуразия университетінің «студенттер үйінің» ішіндегі кино залға нөпір халық жиылды. Бір сағаттан астам уақыт киноны тапжылмай көрген көрермендер, киноны түсірген ұжымға ризашылықтарын ду шапалақтарымен білдіріп жатты. Фильмнің сюжетіне қысқаша ғана көз жүгіртіп өтейік. Фильмнің арқауы қатыгездік. Рәкет жолына түскен колледж студентері мен олардың зорлығына қарсы шыққан жас ғашықтар арасында өрбиді. Мұның бәрі қоғамдағы жастар арасында болып тұратын кикілжіңдер. Шынайы өмір... Оңай жолмен ақша табуға дәнiккен топ. Тасадан тарпа бас салып қорқытып-үркіту. Шағын қалашықтағы тыныштықтың мазасын алған бұзақы жастар. Кек қайтару жолындағы жастардың топ-топқа бөлініп, қырқа басындағы төбелеске баруы. Ақыр аяғында жекпе-жекте таяқ жегеніне қорланған бұзақының, өз намысын қорғау жолында ештеңеден тайынбауға бар жеткіншекті пышаққа жығуы. Жан сақтау бөлмесінде жатқан баланың ата-анасының дәрменсіздігі, полицияның әлсіздігі, бәрі шынайы көрсетіледі. Сенесің. Қорғайды деген полицейдің бишаралығын көргенде күйнесің. Колледждегі айлығы-шайлығына жетпейтін мұғалімнің, кеудесі көріктей ісінген, тепсінген жастың алдындағы қорғансыздығы қаныңды тасытады. О заманда бұ заман ұстазын ұрған жанды көріп пе ең? Ақшаның буына бөккен ата-ананың еркесінің, тап осындай қадамдарға барып жүргенін естігендер бар шығар... Қоғамда кездесетін шарасыздықтармен фильмді көріп отырып жиі-жиі жолығасың.

Сонымен қатар жастар туралы тартысты, қызықты фильмде заманымыздың өзекті адамгершілік мәселелері қозғалады. Фильм жастарға тікелей тіл қатып, сауал қоя отырып, жақсылық пен жамандық итжығыс түсіп жатқан заманда, әділдіктің бар екенін тұспалдайды. Ол үшін күресу керек. Өмірдің мәні мен сәні не деген сауал да ортаға тасталады. Фильмнің өне бойынан үлкендердің «Қарақтарым-ау, қайда бара жатырсындар, кім болып бара жатырсындар?

Андаусыз басып, сүріну оңай, жас ғұмырларына балта шаппандар, абай болындар» деген жанайқай естіледі. Оны тыңдар құлақ пен ұғар сана болса екен жастарда дегіміз келеді.

Фильм 2012 жылы маусымда Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау қазақ педогогикалық колледжінде түсіріліпті. Актерлердің дені Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжінің студенттері. Сценарийдің авторы және қоюшы режиссері Баянғали Әлімжановты сөзге тарттық.

«Студенттер үйіндегі» қойылымға келген киносүйер қауымға айтар алғысым шексіз. Еуразия университетінің басшыларына да қолдап жатқандары үшін рахмет. Біз 2006 жылы «Паң Нұрмағанбет» атындағы киностудия құрдық. Оны құрған себебіміз қазаққа қазақы кино керек қой деген ойдан туды. Біз экраннан қатты ұтылып қалған халықпыз шынына келсек. Біздің экранымызды ұлтымызға жат тілдер мен пасық пиғылдар жаулап барады. Оларға қарсы өз жан-айқайымызды, жансырымызды айтатын уақыт жетті. Осы орайда заманның ығына жығыла бермей, цифровой камераның заманында «Болмасаң да ұқсап бақ» деген Абай атамыздың өсиетімен іс етуге бел шештік. Өте тереңдеп, қиыннан қиыстырмасақ та, студия ашу керек болды. Бір жастың болса да жүрегіне жол тапсақ, киномыздың діттеген жерге жеткені. Өйткені «әр қазақ біздің жалғызымыз». Ойыма қолдау көрсетіп, құрылтайшы болып, барлық қаржылай жағын Марат Нәбиев деген ұлтжанды азамат көтерді. Біздің киностудия осы күнге дейін төрт көркем фильм түсірді. «Ән мен анаша», «Аран», «Айхан». Жаңа фильміміз бүкіл жастардың өмірін қамти алмайды. Киноның Көкшетауда, Павлодарда тұсаукесерін өткіздік. Халық жақсы қабылдады»

*Нағашыбай Қабылбек,
«Қазақстан-Заман», 2012 ж. қараша.*

Деректер

ӘЛІМЖАНОВ БАЯНҒАЛИ ТАҚАНҰЛЫ (16. 10. 1954 ж.) ақын, драматург, жазушы, сатирик, айтыс ақыны, жыршы-жырау, манасшы, кинорежиссер, сценарийші, актер, әдебиет пен өнер зерттеушісі, сыншы, кинодокументалист, тележүргізуші, мәдениет қайраткері.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қырғызстанның А. Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлығының лауреаты, Еңбекшілдер ауданының құрметті азаматы.

Өмірбаяны

Әлімжанов Баянғали Тақанұлы 1954 ж. 16 қазанда Ақмола обл. (бұрынғы Көкшетау) Еңбекшілдер ауд. Степняк қаласында, қарапайым еңбекшілер отбасында дүниеге келген.

Әкесі Әлімжанов Тақан (1921-1996ж.) Ұлы Отан соғысының мүгедегі, соғыстың басынан аяғына дейін қатысқан. Анасы Әбішева Бәтима (1918-1988 ж.). Екеуі де зейнетке шыққанша кеңшарда жұмыс істеген.

Б. Әлімжанов Степняк қаласындағы Абай атындағы орта мектепті (1971 ж.), ҚазМУ-дың қазақ филология факультетін бітірген (1977 ж.). 1987 ж. дейін Алматы қаласында тұрған. Сәбит Мұқановтың мұражайында ғылыми қызметкер, «Лениншіл жас», «Кітап жаршысы», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде тілші, «Қазақфильм» киностудиясында деректі фильмдер мен хроника бөлімінің редакторы, «Балдырған», «Жұлдыз» журналдарында проза, сын бөлімдерінің редакторы болып қызмет істеген.

1987 ж. ата-анасын күту үшін туған ауданының Кеңашы ауылына зайыбымен (Әлия Бақышқызы Әлімжанова, 1962 ж. туған, медицина қызметкері) бірге көшіп келіп, 11 жыл ауылда тұрған Баянғали облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің Еңбекшілдер, Уәлиханов, Щучье аудандары бойынша меншікті тілшісі, Еңбекшілдер аудандық мәдениет бөлімінде төкпе ақын болып жұмыс істеген. Ата-анасы қайтқаннан кейін, 1998 ж. Көкшетау қаласына көшіп, 2001 ж. дейін Шахмет Хұсайынов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрында сахна шебері болып қызмет атқарған.

2006 жылдан бері Паң Нұрмағамбет киностудиясының көркемдік жетекшісі. Астанада тұрады.

Балалары. Құралай – 1973 ж. туған, Ақмарал – 1975ж, Ақкенже 1980 ж. (киноактриса).

Нұрлан – 1984 ж. (әнші, сазгер, киноактер).

Немерелері – Ғабдолла, Нұрмұхамед, Томирис Баянғалиевтар.

Жиен немерелері – Гаухар, Данияр, Асқар, Аружан.

Шығармашылығы

1. Поэзия

Баянғали Әлімжанов лирикалық, философиялық өлеңдер мен елуге тарта поэма, оқиғалы жырлардың авторы. («Таксидегі тағдырлар», «Қиянатқа қарсылық», «Ғарыш қазағы» (Тоқтар Әубәкіров туралы), «Жұмабек батырдың жұлдызы», (Ж. Тәшенов туралы), «Олжабай батырдың өркені», «Гүлбанудың биіктігі», «Бекет атаның үйі», «Марал ишанның аманаты», «Өткеннің өнегесі», «Молда мен НКВД», «Әпшу мен аупартком», «Жел сыбырлаған шындық», т. б. (Оның өлең-жырлары жеке кітап болып басылған). «Ауылдың ақ самалы», «Аңыз бен аспан», «Өмірдің өзі», (тарихи тұлғалар туралы көптеген жинақтарға енген және республикамыздың беделді журналдары) «Аманат», «Жұлдыз», «Таң-Шолпан», «Дарабоз», «Жаңа Сарыарқа», «Көкшетау», «Қазақ тарихы», «География» журналдары, «Жидебай» альманағы мен газеттерінде жарияланған. («Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Заман Қазақстан», «Айқын», «Жас қазақ үні», «Алматы ақшамы», «Арқа ажары», «Жас Арай» т. б.)

Б. Әлімжанов көптеген ән текстерін жазған. «Ғажайып күй» әні (муз. Нұрлан Әлімжанов, орындайтын «Азия» тобы) бүкіл елімізге әйгілі болды.

Б. Әлімжановтың балаларға арналған өлең-жырлары да бар.

2. Драматургия

Баянғали Әлімжанов оннан астам пьесалардың, көптеген шағын сахналық шығармалардың авторы.

Комедиялар – «Құдалық», «Қожанасыр», «Қайран кемпір-шалдар-ай!», «Еркегі бар болғыр», «Қазақы сайлау», «Қаптан шыққан қара қыз», «Суицид алаңынан репортаж».

Драмалар – «Жас қазақ», «Ойран (секта). «Біржан салдың шідері».

Балаларға арналған пьеса – «Жолбарыс пен пони», «Алтын нокта», «Жалмауызды жеңген бала».

Ол Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын сахнаға лайықтап жазған.

Б. Әлімжановтың пьесалары Қазақтың мемлекеттік Ғабит Мүсірепов атындағы академиялық жастар театрында, Ақмола, Павлодар, Семей, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Шымкент облыстық театрларында, Абай (Абай ауд. ШҚО), Қорғалжын (Ақмола обл.), Ақжайық (БҚО), Аралағаш (СҚО), Дәнеш Рақышев атындағы Жаркент (Алматы обл.) халық театрларында сахналанған.

Пьесалардың біразы автордың «Жынды Қаратайдың қасіреті», «Ауылдың ақ самалы» атты кітаптарына енген. Ал, «Қазақы сайлау» «Алаш үні» газетінің бес номеріне жарияланған. «Құдалық» «Сарыарқа» журналына, «Жас қазақ», «Көкшетау» журналына басылған.

«Құдалық» спектаклі Ақмола облыстық театрында 1998 жылдан бастап, үздіксіз он жыл бойы үлкен табыспен жүрген (режиссері Мұратбек Оспанов).

«Қайран кемпір-шалдар-ай!» Ақмола театрында 2002 жылдан (реж. М. Оспанов, «Отыз тістен шыққан сөз» деген атпен), Семей театрында 2005 жылдан бері жүріп жатыр (реж. Қуат Сыздықов). Бұлардың бәрі де ең кассалы қойылым болды.

3. Проза

Баянғали Әлімжанов «Қиқыматтың хикаялары» (1982 ж.), «Қарасай батырдың тұқымының толғауы» («Жұлдыз» журналы, 1983 ж.), «Ұя» кітабы (1985 ж.), «Қиқыматтың киссасы» («Жұлдыз», 1989 ж.) атты сатиралық повестердің, ауыл өмірі туралы әңгімелердің авторы. Ол әңгімелер республикалық, облыстық газет-журналдарда, «Жынды Қаратайдың қасіреті» кітабында жарияланған.

Б. Әлімжанов 1932 жылғы трагедия туралы «Ашаршылық жылғы махаббат» атты киноповестің («Көкшетау» журналы, 2008 ж.), «Жалмауызды жеңген бала» (орыс тіліне аударған автор) атты ертегі мен балаларға арналған әңгімелердің авторы.

Орыс тілінде жазған «Победа чемпиона Айхана» деген киноповесті «Көкшетау» журналында жарияланған (2013 ж. №4). Балалар мен жасөспірімдерге арналған «Аблай хан и его батыры» атты повесть-аңызды да орыс тілінде жазған. /2014 ж./

4. Айтыс

Б. Әлімжанов 1984–2005 ж. арасында 216 рет айтысқан, республикалық, облыстық деңгейлерде өткен айтулы тойлардың бәрінде дерлік өнер көрсетіп, жиырма екі рет бас жүлдеге ие болған; талай дүркін жүлдегер атанған. Қанжығалы Бөгенбай батырдың 300, Шұбыртпалы Ағыбайдың 190 және 200, ақын Сараның 115, Мағжан Жұмабаевтың 100 және 110, Ілияс Омаровтың 80, Көтібар Бәсенұлының 240, Есет Көтібарұлының 190, Тама Есет батырдың 325 жылдығына арналған айтыстардың, Сырым батырдың 250 жылдығына орай Ташкентте өткізілген Қазақстан – Өзбекстан, «Манас» жырының 1000 жылдығына орай Бішкекте өткізілген Қазақстан – Қырғызстан ақындары айтысының, Семей полигонының жабылуына арналған «Невада Семей» қозғалысы аясында өткен Халықаралық акция айтысының жеңімпазы.

Оның айтыстары республикалық, облыстық теледидар мен радиодан үздіксіз беріліп, шетелге дейін таралды, газет, журналдарда, көптеген айтыс жинақтарында жарияланды. («Қазіргі айтыс», 1-том. Астана). «Алаш пен Манас. Қырық айтыс» деген атпен жеке кітап болып шықты (Новосибирск, 2004 ж. 400 бет). Ғалым, әдебиетшілердің зерттеу объектісіне айналды.

Ақынның өмірдің түрлі жағдайларында тауып айтқан өткір сөздері, әзіл өлендері «Әзіл шуағы» (Көкшетау, 2004 ж.), «Деген екен» (Новосибирск, 2005 ж. 10 000 дана) кітаптарына топтастырылып, көптеген республикалық, облыстық, аудандық газет, журналдар көшіріп жариялаған.

5. Жыршы-жырау

Б. Әлімжанов «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Тәуке», «Арқалық батыр», «Жанақ пен Рүстем төре», «Сүйінбай мен Тезек төре», «Бақтыбай мен Тезек төре», «Әсет пен Кемпірбай», «Өзім туралы» (Қасым Аманжолов) т. б. қазақтың ескі жырларын көп жылдардан бері ел ішінде жырлап келеді. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын ең алғаш ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап жырлаған. Сонымен қатар өзінің «Байғозының жебесі», «Балуан Шолақ пен Иманжүсіп», «Керей ер Жәнібектің көңілі мен көк дөнени», т. б. толғау, дастандарын жырлайды. 2001 жылы Қызылорда қаласында өткен

республикалық «Ғасырлар үні» атты жыраулар конкурсының үшінші, 2003 жылы екінші жүлдегері. 2011 ж. Өскеменде өткен республикалық конкурстың бірінші жүлдегері.

Тарақты Байғозы батырдың 300 жылдық (2005 ж. Қарағанды обл.), Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 150 жылдық (Павлодар, 2008 ж.) тойына арналған жыршы-жыраулар конкурсының Бас жүлдегері.

Баянғали орындаған жыр-дастандар Қазақ радиосы мен телеарналардың «Алтын қорына» жазылып, сақталуда. Аудио, видео дискілерге шыққан.

6. Манасшы

Баянғали Әлімжанов қазақтан шыққан бірден-бір манасшы. Манастың мың жылдығына арналған Халықаралық манасшылар (Қырғызстан, Бішкек 1995 ж.) конкурсына қатысып, арнайы жүлдеге ие болды. Әлем халықтары эпостарының Бірінші дүниежүзілік фестиваліне (Бішкек, 2006 ж.), Түркітілдес елдердің Халықаралық «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестиваліне (Қызылорда 2006 ж.),

«Эпикалық мұра – Алтай елдерінің байырғы мәдениеті» атты халықаралық ғылыми-мәдени-творчестволық шараға (Талас, Қырғызстан, 2007 ж.).

«Әлем халықтарының эпосы – Жаңғар ұрпақтарының жерінде» атты III Халықаралық фестивальға (Элиста, Қалмақстан, 2009 ж.), манасшылардың 1-халықаралық фестиваліне (Телекөпір – Бішкек-Талас-Ош, 2013 ж.) қатысушы.

Мәдени шараларда, түрлі жиындарда көпшіліктің алдында, теле, радиодан Манас жырынан үзінділерді жиі айтады. Баянғали айтқан Манастың тараулары қазақ радиосының Алтын қорына, аудио, видеодискілерге жазылған.

Қырғызстанның Композиторлар одағы мен Мәдениет министрлігінің А. Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлығының лауреаты (1995 ж.).

7. Кино

Баянғали Әлімжановтың бастамасымен 2006 жылы Астана-Көкшетауда «Паң Нұрмағамбет» киностудиясы ашылды. Оның идеясын қалтқысыз, құлшына қолдаған белгілі кәсіпкер, қоғам қайраткері Марат Нәбиев киностудияның құрылтайшысы және бас демеушісі болды. Содан бері «Паң Нұрмағамбет» киностудиясында «Ән мен анаша» (2006-2007 ж.), «Аран» (2010 ж.), «Айхан» (2011 ж.), «Асау толқын» (2012 ж.) атты толық метражды төрт көркем фильм,

«Ұлы даланың қырандары» сериясымен алты деректі фильм түсіріліп шығарылды. (Т. Кәкішев, А. Нұрқатов, И. Сауэр, Т. Елубаев, Көкше өнерпаздары туралы). Бұл фильмдердің барлығының да сценарий авторы және қоюшы режиссері – «Паң Нұрмағамбет» киностудиясының көркемдік жетекшісі Баянғали Әлімжанов. Киносценарийлерді қазақ және орыс тілдерінде жазады және субтитрлерді орыс тіліне өзі аударады.

Б. Әлімжанов «Аран», «Айхан», «Асау толқын» фильмдерінде басты рольдерде ойнаған.

Сонымен қатар ол «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген «Жыраулар» (1983 ж. Реж. Ораз Әбішев), «Палуан» (1984 ж. Реж. Георгий Емельянов), «Асылдың сынығы» (1985 жыл, ақын, майдангер Көкен Шәкеев туралы. Реж. Данияр Айманов) деректі фильмдердің сценарийін жазған.

Б. Әлімжановтың шығармалары орыс, түрік және қырғыз тілдеріне аударылған.

8. Әдеби сын, зерттеу

Баянғали Әлімжановтың әдеби сын және зерттеу мақалалары 1970-90 жылдары республикалық баспасөз бен «Уақыт және қаламгер», «Жастар жастар туралы» сияқты жинақтарда жиі жарияланып тұрды. Әсіресе, оның көшпенділердің шешендік өнері мен Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» және Мұқағали Мақатаевтың «Реквием» жырлары жайындағы мақалалары кеңінен танымал болды. Сол жылдары ол журналист ретінде де белсенді еңбек етті. Қазір де Б. Әлімжанов БАҚ өкілдеріне әдебиет пен өнердің, қоғамның сан алуан мәселелері туралы қазақ және орыс тілдерінде жиі сұхбат беріп тұрады.

9. Мәдениет қайраткері

Б. Әлімжанов өткен ғасырдың 80-жылдары республикалық телеарнадан (қазіргі «Қазақстан») «Халық қазынасы», «Бес ғасыр жырлайды» сияқты хабарларды жүргізіп, қазақтың жыршы-жыраулық өнерін насихаттаған. Ол қазақ тілі мерекесіне (Астана), Кенесары ханның 200 жылдығына (Көкшетау, 2002 ж.), Алпамыс батырға (Астана, 2006 ж.), Қобыланды батырға (Ақтөбе, 2008 ж.), Мұрын жырау Сенгірбекұлының 150 жылдығына (Астана, 2009 ж.), Нұрпейіс Байғаниннің 150 жылдығына (Ақтөбе обл. Темір ауданы, 2010 ж.), т. б. арналған республикалық жыршы-жыраулар конкурстарын ұйымдастырушылардың бірі және жүргізушісі болды.

Баянғали Әлімжанов – бір эпосты бірнеше жыршы, әр жастағы, әр мектептің өкілдері бірлесіп, бір-бірін қайталамай, жалғастыра жырлау идеясының авторы. Осы ретпен «Алпамыс батыр» жырын Астанада, Қызылордада бес жыршы (семейлік Дүйсенғазы Нығметжанов, алматылық Ақан Әбдуәлиев, қызылордалық Майра Сәрсенбаева, ақтөбелік Перуза Нарман, қарағандылық Дидар Қамиев) жүргізуші Баянғали Әлімжановтың басшылығымен түгел айтып шыққан. Осыған ұқсас, Ақтөбеде он шақты жыршы «Қобыланды батыр» жырын жырлаған.

10. Кітаптары

Б. Әлімжанов он шақты кітаптың және ондаған ұжымдық жинақтардың авторы. Жеке кітаптары.

«Қиқыматтың хикаялары». («Жалын» баспасы, Алматы, 1982 ж.)

«Ұя». («Жазушы» баспасы, Алматы, 1985 ж.)

«Жынды Қаратайдың қасіреті». (Омбы, 2000 ж.)

«Ауылдың ақ самалы». («Елорда», Астана, 2003 ж.)

«Алаш пен Манас. Қырық айтыс». (Новосибирск, 2004 ж.)

«Өзіл шуағы». (Көкшетау, 2004 ж.)

«Деген екен». (Новосибирск, 2005 ж.)

«Аңыз бен аспан». («Қазақ тарихы», Алматы, 2010 ж.)

«Өмірдің өзі...» («Фолиант», Астана, 2012 ж.)

11. Марапаттары

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. (2006 ж.)

Қырғызстан Композиторлар одағы мен Мәдениет министрлігінің Абдылас Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлығының лауреаты. (1995 ж.)

«Ерен еңбегі үшін» медалі. (2000 ж.)

Еңбекшілдер ауданының құрметті азаматы. (2012 ж.)

«Қызылорда облысына – 70 жыл» медалі. (2009 ж.)

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. (1988 ж.)

«Мәдениеттің мықты қызметкері» Төсбелгі. Қырғызстан Мәдениет министрлігі. (2013 ж.)

«ПАҢ НҰРМАҒАМБЕТ» КИНОСТУДИЯСЫ ЖШС 2006 жылы Астана-Көкшетауда құрылған.

Мақсаты – негізінен, қазақша көркем фильмдер және деректі фильмдер түсіріп шығарып, Қазақстанның кино өнерінің өркендеуіне үлес қосу.

Құрылтайшысы және Бас демеушісі – Марат Нәбиев, кәсіпкер, меценат, қоғам қайраткері, Бұланды және Ерейментау аудандарының құрметті азаматы.

Көркемдік жетекшісі – Баянғали Әлімжанов, ақын, драматург, жазушы, айтыс ақыны, жыршы-жырау, манасшы, кинорежиссер, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қырғызстанның А. Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлығының лауреаты, Еңбекшілдер ауданының құрметті азаматы.

2006-2012 жылдары «Паң Нұрмағамбет» киностудиясында «Ән мен анаша», «Аран», «Айхан», «Асау толқын» атты 4 толық метражды көркем фильм және «Ұлы даланың қырандары» сериясымен 6 деректі фильм (Т. Кәкішев, А. Нұрқатов, Т. Елубаев, И. Сауэр, Көкше өнерпаздары туралы) түсіріліп шығарылды. Бұл фильмдердің барлығының да сценарий авторы және қоюшы режиссері – Баянғали Әлімжанов. Фильмдер видеодискілерге мыңдаған тиражбен шығарылып, «Меломан» дүкендерінде және жеке таратушылар арқылы сатылып, бүкіл республикаға таралды. Интернет пен көптеген телеарналар («Алматы», «Жетісу», Ақмола, Павлодар, Қызылорда, Қарағанды, Қостанай, Жамбыл, Шымкент, Ақтөбе және Қырғызстанның республикалық телеарналары) көркем фильмдерді бірнеше қайталап көрсетуде.

Көркем фильмдер

1. **«Ән мен анаша»**, музыкалық-лирикалық комедия, ұзақтығы 80 минут, Көкшетау қаласында түсірілген, 2006-2007 ж.

Бұл – жастық пен махаббат, өнер мен базар, ашкөздік пен айығу туралы күлдіре отырып ойландыратын фильм.

Сценарийдің авторы және қоюшы режиссері – Баянғали Әлімжанов.

Продюсері – Марат Нәбиев.

Қоюшы операторлары – Борис Трошев, Мұхтар Ержанов.

Дыбыс операторы – Әлиасқар Дәстенов.

Басты рольдерде: Нұрлан Әлімжанов, Жансая Байдарбекова, Сафуан Шәймерденов, Төлеубек Көңбайұлы, Гүлмира Жакилина.

Бюджеті – 15 мың доллар.

2. **«Аран»**, психологиялық драма, ұзақтығы 77 минут, Степняк қаласында түсірілген, 2010 ж.

Бұл – жемқорлықтан зардап шегіп, жан азабын тартып, ақыры оған қарсы шыққан адам туралы өмір шындығын көрсеткен фильм.

Сценарийдің авторы және қоюшы режиссері – Баянғали Әлімжанов.

Продюсері – Ержан Досымбеков.

Қоюшы операторы – Мұхтар Ержанов.

Дыбыс операторы – Валерий Балаков.

Басты рольдерде: Баянғали Әлімжанов, Төлеубек Көңбайұлы, Айбек Құсайынов, Сұлушаш Досымбекова.

Бюджеті – 10 мың доллар.

Интернетте, Ютубтан көруге болады.

3. «Айхан», психологиялық драма, ұзақтығы 73 минут, Көкшетау қаласында түсірілген, 2011 ж.

Бұл – өмірлік арманы – олимпиадаға барар жолы кесіліп, құсалықтан ішіп кеткен боксшының жан жарының сүйеуімен өз биігіне оралуы туралы фильм.

Сценарийдің авторы және қоюшы режиссері – Баянғали Әлімжанов.

Продюсері – Марат Нәбиев.

Қоюшы операторы – Әділ Түркпенбаев.

Дыбыс операторы – Валерий Балаков.
